



**У.Х. ШӘЛЕКЕНОВ**

**ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР**

**Бірінші том**

**V–XIII  
ҒАСЫРЛАРДАҒЫ  
БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ**

АЛМАТЫ  
«ЖІБЕК ЖОЛЫ»  
2014

**У.Х. ШАЛЕКЕНОВ**

**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ**

**Первый том**

**ГОРОД БАЛАСАГУН  
В V–XIII  
ВЕКАХ**

АЛМАТЫ  
«ЖИБЕК ЖОЛЫ»  
2014

УДК 902/904  
ББК 63.4  
Ш 34

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көргі*

Кітаптың мұқабасын көркемдеп, суреттерді өңдеген –  
тарих ғылымдарының докторы, профессор  
**Мұрат Уахитұлы Шәлекенов**

**Шәлекенов У.Х.**

Ш 34 Ғылыми еңбектер. Үш томдық / Уахит Шәлекенов. – Алматы:  
Жібек жолы, 2014.

ISBN 978-601-294-199-9

Т. 1: V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – 584 бет + 16 қосарбет. –  
Қазақ және орыс тілдерінде.

ISBN 978-601-294-200-2

Белгілі археолог-ғалым, профессор У.Х. Шәлекеновтың үш томдық ғылыми еңбектерінің бірінші томына «V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты зерттеу еңбегі еніп отыр.

Кітапта кешенді деректердің, соның ішінде жаңадан қол жеткен құнды археологиялық жәдігерлердің негізінде ертедегі ортағасырлық тарихи қала – Баласағұнның орналасқан жері нақтыланған, оның саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің ірі орталығы болғаны баяндалған. Осы деректердің арқасында ғалымдарды алты ғасырдан бері мазалаған Баласағұнның орналасқан жері туралы жұмбақ шешілді.

УДК 902/904  
ББК 63.4

ISBN 978-601-294-200-2 - (Т. 1)  
ISBN 978-601-294-199-9

© Шәлекенов У.Х., 2014  
© «Жібек жолы» БҰ, 2014



**Жүсіп Баласағұн портретінің эскизі**  
(суретшісі *Е. Байқұлбаев*)



**Қ**азақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Жолдауында егемен елімізді әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарына жеткізуде ғылымның атқаратын рөліне айрықша мән берілген.

Осы бағдарламаның аясында барлық ғылым салаларын, соның ішінде төл тарихымызды қайта жаңғырту жөнінде пәрменді жұмыстар атқарылып жатыр. Ғылым жетістіктеріне негіз қалау басты мәселелердің бірі екені ұзақ жылдар Қазақстан Республикасының алға өрлеуінің айқын жолын көздеген «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында ерекше сөз болған.

Елбасының осы тапсырмасын іске асыру барысында Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, ҚР Гуманитарлық академиясының толық мүшесі Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтың үш томдық ғылыми еңбектерін қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығаруда. Ол – кең мәндегі белгілі тарихшы, этнолог, археолог, 500-ден астам ғылыми еңбектердің (оның 30-дан астамы монографиялар) авторы. Олардың ішінде «Казахи низовьев Амурдари. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII–XX вв.» (1996); «Әлем халықтарының этнологиясы» (1994, 2002); «Түріктердің отырықшы өркениеті» (2003); «История и этнология народов Амударьи и Сырдарьи в XVIII–XX вв.» (2003); «V–XIII ғасырлардағы Баласағұн» (2006, 2007); «Город Баласагун в V–XIII вв.» (2009); «Қазақ өркениеті» (2009); «Орталық Азиядағы арийлердің өркениеті» (2011); «Цивилизация ариев Центральной Азии» (2012); «Шыңғысхан – моңғол мен түрік этностарын біріктіруші» (2014) және т.б. бар. Бұл жерде біз автордың соңғы жылдарда жарық көрген монографияларының ең күрделілерін ғана атап өттік.

Қазақ халқы кеңінен жүргізген азаттық күресінің нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел болып, алға өрлеуі барлық саналы азаматтарды қуанышқа бөледі. Осындай рухани көтеріңкілік У.Х. Шәлекеновтың басында болғаны байқалады. Ол 40 жылдан астам уақыт бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаздық пен ғылыми жұмысты бірге алып келе жатыр. Оның жоғарыда



аттары аталған ғылыми еңбектерінің көпшілігі егемен Қазақстан Республикасымен байланысты.

Жарық көрген ғылыми мақалалары мен монографияларын У.Х. Шәлекенов жеке өзі жазған. Оның еңбектерінде серіктес авторлық өте сирек ұшырасады. Ғалымның жазған ғылыми еңбектері Орталық Азияны мекендеген түркі тілдес этностардың, солардың ішінде қазақ халқының ежелден өркениетті халық болғанын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге арналған. Осы орайда, 1997 жылы қазақ тілінде жарық көрген Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі» кітабының «Жолың болсын, «Жәдігер»! деген алғы сөзіндегі Н.Ә. Назарбаевтың мынадай сөздері еске түседі: «Тәуелсіздік туын көтеріп, егемендік өрісіне өз бағытымен шыққан жас мемлекетіміз үшін тарих – көне дәуірдің куәсі ғана емес, сонымен бірге ол осы жерді мекендеген халықтың ертеңінің бағдары. Ұзақ уақыттар бойы бұрмаланып келген халқымыздың тарихын егемен еліміздің жалпыұлттық мүддесі тұрғысынан қайта жазудың аса маңыздылығы да осында».

Тұңғыш Президентіміздің бұл ой-пікірі қазіргі күннің талабына сай келіп, ол «Қазақстан-2050» стратегиясында да сәулеленді. Елбасының тапсырмасына сәйкес, ұзақ жылдар бойы бұрмаланып келген төл тарихымызды басынан аяғына дейін қайта қарап, шынайы деректерге негіздеп қайта жазып шығу үшін, барлық ғалымдар, солардың ішінде гуманитарлық ғылым өкілдері атсалысып жатыр. Мемлекетіміз бұл мәселені табысты шешу үшін барлық жағдай жасауда. Бұл өзекті мәселені шешуге тарихшы мамандар өздерінің сүбелі үлестерін қосуда. Солардың бірі – У.Х. Шәлекеновтың ғылыми еңбектерінің үш томдығы. Оның бірінші томы «V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» деп аталады.

XIX–XX ғасырларда археология ғылымы жалпы тарихқа тамаша жаңалықтар әкелді. Әсіресе, XX ғасырда Кеңес Одағы аумағында, сондай-ақ Қазақстанда археологиялық зерттеулер кеңінен жүргізіліп, ірі-ірі экспедициялар ұйымдастырылды, алуан санды ескерткіштер ашылды. Олар тарихтың барлық дәуірлеріне – палеолит, қола, темір және ортағасырларға жатады. Осы ескерткіштерді зерттеудің барысында өте құнды жәдігерлер (артефактілер) жиналды. Оған қосымша жазба деректер де шоғырландырылды. Міне, осы деректер негізінде көптеген шиелініскен тарихи мәселелерге жаңаша қарап, оларға ғылыми дұрыс баға беру мүмкіндіктері пайда болды. Осы бай деректердің арқасында «көшпенділік» тұжырымдамасына соққы беріліп, Орталық Азияны, Солтүстік Кавказды және Қара теңіздің солтүстік жағалауын мекендеген автохтонды түрік этностарының шетінен көшпенді өмір сүрмей, қола дәуірінен бастап тұрақты мекендер салғаны айқындалды. Әсіресе халықаралық сауда жолы бойында олардың алғашқы мекендері ірге тепкен, мысалы, Ұлы Жібек жолының бойында ірі-ірі қалалар бой көтерген. Олар саяси, экономикалық және мәдени орталықтарға айналған. Бұндай қалалар Орталық Азияда қола, темір дәуірлерінде және ортағасырларда пайда болған. М. Қашқаридың «Түрік сөздігі»



еңбегіне сүйенсек, түріктер ертеден қала салған, оған ат қойып, сөз соңына «кент» – қала сөзін қосып атаған.

Ж. Баласағұн былай деп жазады:

Болған талай қалалар да, халық та,  
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.  
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,  
Енді соның ізін тауып, байқаңыз...

Осы ғұламалардың жазғандарына қарағанда, Орталық Азияда, Қазақстан жерінде қала мәдениеті көне замандарда пайда болып, үздіксіз дамып отырған. Олардың пайда болғаннан бергі жасы 2000 жылдан асады. Олардың арасында Қашқар, Жаркент, Қойлық, Алматы, Баласағұн, Аспара, Мерке, Құлан, Тараз (Талас), Саудакент, Манкент, Испиджаб, Ташкент, Самарқанд, Бұхара, Балх, Мерв және т.б. бар.

Міне, осы қалалардың ішіндегі Баласағұн (Ақтөбе) қаласын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары У.Х. Шәлекеновтың басшылығымен 1974 жылдан бері зерттеп келеді. Жамбыл облысының Шу ауданында жер қойнауында жатқан бұл ортағасырлық археологиялық ескерткіштің көлемі 150 шаршы шақырым, қала тұрғындарының шоғырланған орталығы 70 шаршы шақырым. Ол түгел 52 шақырым ұзындықтағы қамалмен қоршалған. Осындай үлкен қала жермен-жексен болып, біздің уақытымызға үлкендікішілі сансыз төбе болып жеткен. Ол үш бөліктен құрылған: цитадель, шахристан және рабад. Осы ескерткіш аталмыш университеттің «археологиялық базасына» айналды. Онда тарихшы студенттер, магистранттар әр жылы археологиялық жобалар өткізіп, қазба-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы 40 жылдың ішінде өте бай артефактілер жиналды және жазба, этнографиялық деректер шоғырланды. Осы бай деректерге негізделіп, бұл ескерткіш тарихи қала – Баласағұн екені ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Баласағұн қаласы туралы тарихта көп жазылған. Ол – V–XIII ғасырларда өмір сүрген түргештердің (сарыүйсіндердің), қарлұқтардың, қараханидтердің және қарақытайлықтардың бас астанасы, саяси, экономикалық және мәдени орталығы болған, Ұлы Жібек жолындағы ең үлкен қалалардың бірі.

Осындай қала ортағасырдағы өзара феодалдық соғыстардың нәтижесінде қирап, азып-тозып, жер астында қалған. XIV ғасырдан бастап оның орналасқан жері де, аты да ұмыт болған. Содан бері алты ғасыр бойына шығыстанушы ғалымдар осы қаланы іздеумен келген. Олардың әрқайсысы түрлі пікірлер айтумен шектеліп, қала орнын дәл таба алмаған. Осы көп ғасырлық жұмбақты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары шешті, бізге «Ақтөбе» деген атпен жеткен археологиялық ескерткіштің тарихи Баласағұн қаласы екенін дәлелдеп шықты. Бұл ғылыми тұжырымды осы бірінші томдағы құжаттар кешенді түрде растайды.





«Түріктердің және қазақтардың өркениеті» атты екінші томда У.Х. Шәлекеновтың жарық көрген еңбектері қамтылған. Олар: «Түріктердің отырықшы өркениеті», «Қазақ өркениеті», «Орталық Азиядағы арийлердің өркениеті», «Цивилизация ариев Центральной Азии». Осы еңбектерде Орталық Азияны, Солтүстік Кавказды және Қара теңіздің солтүстік даласын мекендеген түркі тілдес этностар ежелден кешенді отырықшы және жартылай отырықшы тұрмыс құрған этностар екені нақтылы тарихи, археологиялық, этнологиялық деректерге негізделіп суреттелген. Олар өз мекендерінде өркениеттің негізін қола, темір дәуірлері мен ортағасырларда қалап, оны үздіксіз дамытып, өздерінің жақын және алыс көршілеріне өркениеттік ықпалын тигізіп отырған. Ғылыми еңбектерде адам баласының алғашқы өркениеті Шығыстан Батысқа тарағанын дәлелдейтін жәдігерлер мен жазба деректер жеткілікті екені баяндалады.

Үшінші томға У.Х. Шәлекеновтың Орталық Азияның, соның ішінде қазақ халқының өзара және жақындағы, алыстағы көршілерімен саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарына арналған ғылыми еңбектері енген. Бұл – өз алдына айрықша проблема. Себебі осы күнге дейін Түрік әлемінің басқа этностармен ғасырлар бойы жүргізіліп келе жатқан кешенді қарым-қатынастары қазіргі күннің талабына сай зерттелмей жүрген өзекті мәселелер қатарына кіреді. Осы еңбектің авторы, өзінің шәкірттерімен бірге, жалпы түркілердің, қазақтардың өзара және көршілерімен жасаған қарым-қатынастарына көңіл бөліп, ғылыми еңбектерінде нақтылы фактілермен дәлелдейді. Бұл – өзекті мәселе, өйткені жер шарындағы үлкенді-кішілі этностар еш уақытта томағатұйық күн кешпегені шындық. Олардың өмірлері бір-бірімен қарым-қатынаста өткені – тарихи заңдылық. Осындай заңдылық байланыстарды Орталық Азияның автохтондық этностары да бастарынан өткізген және қазіргі кезде де қарым-қатынастары кең өріс алып жатқанына барша оқырман куә.

Құрметті оқырмандар!

Әкеміздің 90 жасқа толған торқалы тойына орай жарық көрмекші үш томдық ғылыми еңбектерінің алғы сөзін жазу арқылы өзіміздің лебізімізді білдірмекпіз. Біздерді азамат болуға тәрбиелеген ұстаздарымыз, өнеге тұтқан зиялыларымыз аз емес. Солардың бірі әкеміз – Уахит Хамзаұлы Шәлекенов, анамыз – Мәдіс Құсанқызы Шәлекенова екенін атап өтпекпіз. Саналы ғұмырларын сүйікті еліне қызмет етуге, ізін басқан өскелең ұрпақты, шәкірттерін тәрбиелеуге арнаған екеуі де адал азаматтар, ғалым-ұстаздар. Олар біздің ғылым жолына түсуімізге ықпал етумен бірге, өмірде де бағыт-бағдар көрсетуін жалғастырып келеді. Осындай ортада ержетіп, елімізге еңбек етудеміз. Біздердің ұстаздыққа және ғылым жолына түсуімізге әкем мен анамыздың ықпалын айтып жатудың қажеті шамалы шығар. Солай болса да, бауыр етінен жаралған ата-анамыз туралы сөз айтудың өзі қиын екен. Олар туралы перзенттік лебізімізді білдіруді парызымыз деп білеміз.



У.Х. Шәлекеновтың үш томдық ғылыми еңбектері Орталық Азияның автохтонды түрік және қазақ этностарының ұзақ жылдар бойы бұрмаланып келген тарихын егемен еліміздің жағдайында қайта жаңғыртуға арналған. Бұл басылымдардан төл тарихымызға зиян келтірген еуроцентристік, шовинистік көзқарастарға соққы беріп, шынайы тарихымызды қайта жазу жайындағы ашық пікірлерді кездестіреміз. Әлем түріктерінің ежелден өркениеттің негізін қалаған, оны үздіксіз дамытып келе жатқан этностар екенін әлемге паш ету өзекті мәселе екені осы ғылыми еңбектерде баяндалады. Автордың ұзақ жылдар атқарып келе жатқан ұстаздық еңбегі мен ғылыми мұралары жеткіншек ұрпақтарға үлгі боларлықтай ескерткіш екеніне сенімдіміз. Қалың оқырман қауым бұл еңбектерге шынайы бағасын бере жатар.

**М.У. ШӘЛЕКЕНОВ,**  
*тарих ғылымдарының докторы, профессор*



**Х**алқымыздың ғасырлар бойы бұрмаланып келген тарихын егемен еліміздің мүддесі тұрғысынан қайта қарап, Қазақстанның шынайы тарихын жазып жатқан шақта еліміздегі алуан санды археологиялық ескерткіштерді «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттеудің маңыздылығы арта түседі. 2003 жылы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің үшінші мәжілісінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс... Тарихи ескерткіштерді жаңғырту жұмысы ерекше ыждаһаттылықты талап етеді. Бұл – құрылыс емес, ғылыми жұмыс. Сондықтан ескерткіштерді қалпына келтіру шаралары дарынды, білікті мамандардың қатысуымен, халықаралық тәжірибелерді пайдалана отырып жүзеге асырылуға тиісті. Сол сияқты қазба жұмыстарында да айрықша жауапкершілік қажет. Ол жұмыстардың біткенінен кейінгі тағдыры қандай болмақ? Отырар сияқты ашық аспан астында ашықшашық қалдырамыз ба? Осы жағын да қадағалап, ойластырған жөн» (Егемен Қазақстан. 2003. 29 қараша), – деп атап көрсетті.

Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасына қалай көңіл бөліп отырғаны осы келтірілген үзіндіден-ақ айқын көрініп тұр. Н.Ә. Назарбаевтың тікелей басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы республика бойынша жоспарлы түрде іске асырылып жатыр. Соның бір айғағы – археолог-этнолог У.Х. Шәлекеновтің «V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» монографиясы. Бұл еңбекте Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) сияқты ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің бас астанасы болған, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқан Баласағұн қаласының тарихы жан-жақты қарастырылған.

**О. СМАҒҰЛҰЛЫ,**  
*тарих ғылымдарының докторы,*  
**ҚР ҰҒА академигі, Болонья (Италия)**  
*Ғылым академиясының корреспондент мүшесі,*  
*антрополог*



**1974** жылы С.М. Киров (қазіргі Әбу Насыр әл-Фараби (қысқаша әл-Фараби) атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің археология және этнология кафедрасының археологтары Жамбыл облысының Шу ауданындағы Шу өзенінің сол жағасында орналасқан ортағасырлық Ақтөбе қаласын зерттеу үшін университеттің археологиялық экспедициясын (УАЭ) ұйымдастырды. Бұл экспедиция өзінің археологиялық зерттеу жұмысын оқу процесімен байланыстырып, Ақтөбені тарих факультеті студенттерінің археологиялық тәжірибе орнына (базасына) айналдырды. Ескерткіштің басына университет жүз орынды тұрақты жатақхана салды, әр жылы болашақ тарихшылар сол жерде тәжірибеден өтіп келе жатыр.

Кафедраның археологтары студенттермен бірге ғасырлар бойы жер қойнауында жатқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының сырын ашып, оның V–XIII ғғ. өмір сүргенін, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасқан түркілердің ең үлкен ортағасырлық қаласы болғанын дәлелдеді. Отыз жылдан астам уақыттың ішінде, Ақтөбенің цитаделі мен шахристанында және рабадында қазба жұмыстары жүргізіліп, ескерткіштің V–VIII ғғ. және IX–XIII ғасырларда Түркеш (Сарыүйсін), Қарлық, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) мемлекеттерінің астанасы болған тарихи орын екені анықталды. Бұл тұжырым тек археологиялық қана емес, сондай-ақ жазба, ономастикалық, этнологиялық деректерге де сүйеніп жасалған тұжырым екеніне монографияның ішінде тоқталамыз.

Ақтөбе ескерткіші бойынша жиналған кешенді деректерді жүйелеп, оларды ғылыми тұрғыдан сараптап, оқырмандарға мәдени мұра дәрежесінде ұсыну – монографияның алдына қойған негізгі мақсаты. Ақтөбе ескерткішіне байланысты жиналған көп салалы деректер Орталық Азия түркілерінің басым көпшілігі ертеден отырықшы болып, тұрақты мекендер мен қалаларды салып, отырықшы мәдениеттің негізінде түркі өркениетін әлемге әкелгенін паш етеді. Бұл аймақта 2000-2500 жылдай тарихы бар қалалар жеткілікті. Бұндай тарихтары мың жылдап саналатын қалаларды Еуропа жерінен табу екіталай.

Осындай саяси, экономикалық және мәдениеттің ірі орталығы болған Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орнын археологиялық жақтан



зерттеуде көптеген азаматтар, солардың ішінде білікті мамандар белсенді түрде қатысты. Алдымен, өткен ғасырдың 70–80 жылдарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болған белгілі ғалым, ұйымдастыру қабілеті зор, адамгершілігі мол Өмірбек Арыстанұлы Жолдасбековты атағым келеді. Осы ескерткіште кешенді археологиялық зерттеу жүргізуде, оны студенттердің тәжірибе алатын орнына айналдыруда әрдайым қамқорлық жасап, қолдан келген жәрдемін аяған жоқ. Ө.А. Жолдасбековтың Ақтөбе қаласын қазуда қолдау көрсеткеніне осы кітаптың тиісті жерінде арнайы тоқталамыз. Ақтөбе ескерткішін археологиялық зерттеуге, онда әр жылы студенттерді тәжірибеден өткізуге көптеген кафедра ғалым-оқытушылары қатысты. Осы жұмыстары арқылы олардың ғылыми дәрежелері де өсіп, алды кандидат және ғылым докторы дәрежелеріне ие болды. Өзіммен бірге көп жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан, Ақтөбедегі қазба жұмысына қатысқан археология және этнология кафедрасындағы қаламдас шәкірттеріме: тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар М.Е. Елеуов, А.Т. Төлеубаев, Ж.Қ. Таймағамбетов, К.Н. Бұрханов, С. Мадуанов, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А.М. Оразбаев мырзаларға жақыннан жәрдемдесіп, зерттеуге қатысқандары үшін шын жүректен алғысымды білдіремін. Аға оқытушы, белгілі археолог Н.О. Алдабергеновке, Е.М. Тұрғанбаевқа, Ғ. Омаровқа өз ризашылығымды білдіріп, олардың ғылым жолындағы жұмыстары жемісті болуын қалаймын.

Егеменді еліміздің белгілі нумизматик-маманы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Р.З. Бурнашеваға айрықша ризашылығымды білдіргім келеді. Ол Ақтөбеден табылған теңгелерді талдап, зерттеп, өзінің «Монетные находки с городища Актобе (Чуйская долина)» атты мақаласын жазып, түркештердің, қарахандардың теңгелері туралы құнды еңбекті жарыққа шығарды. Олардың ішінде, Шу мен Баласағұн қалаларының негізін салған Шу хақанының теңгесі бұл шаһарлардың орнын белгілеуде құнды дерек екенін айрықша атағымыз келеді.

Ақтөбе ескерткішін зерттеуде өздерінің ғылыми тәжірибесімен бөліскен белгілі археологтарды арнайы еске алмақшымын. Алдымен Қазақстан археологиясының негізін салушы, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланды айрықша атамақшымын. Ақтөбе ескерткішін көріп, оны зерттеуді алғаш мақұлдаған, ғылыми кеңес берген, оның зерттелуіне ұдайы көңіл бөліп отырған Ә.Х. Марғұлан болатын. Сондықтан да бұл ғұламаның баға жетпейтін ғылыми басшылығы барлық уақытта есте сақталады. Ақтөбе ескерткішін археологиялық зерттеу кезінде тікелей қатысқан, тілектес болған белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор В.Л. Воронинаға (Мәскеу), Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л.Р. Қызыласовқа (Мәскеу), тарих ғылымдарының докторы, профессор В.А. Лившицке, белгілі аэротәсіл маманы К.В. Шишкинге (Мәскеу), тарих ғылымдарының кандидаты,



Автордан

доцент Ю. Маныловқа зор ризашылығымды білдіремін. Жоғарыдағы аталған мамандардың қатысуымен 30 жылдан астам уақытта тарих факультетінің бірнеше жүздеген студенттері Ақтөбе ескерткішінде тәжірибеден өтіп, Ақтөбе қаласының сырын ашуға азды-көпті үлестерін қосты. Олардың біразы қазірде археология бойынша ғылыми дәрежелі маман болып, республикадағы ескерткіштерді зерттеуде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарып жүр. Оларға археология бойынша жемісті еңбек етулеріне тілектестігімді білдіремін және бұл жас түлектер археологияны жаңа сатыға көтереріне сенімім мол.



**2003** жылдың қарашасының 28 жұлдызында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Кеңесінің үшінші мәжілісінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын жариялап, ол туралы баяндама жасады. Елбасы өз сөзінде «Мәдени мұраны» егеменді еліміздің игілігіне айналдыру мәселесін ашық айтып, оны жүзеге асырудың тиімді жолдарын да көрсете келіп: «Мінеки, сол себепті де «Мәдени мұра» бағдарламасының жасалуына айрықша мән беріп, республикалық бюджеттен мол қаражат бөлінгелі отыр. Шынын айтсақ, дәл мұндай мол қаржы бұрын-соңды мәдени бағдарламаға бөлінген емес. Әйтсе де, осы шаруаның бәрі жоспарлы түрде жасалып отырғанын естеріңізге сала кеткім келеді...

Енді, міне, мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түріп кірісетін кез келді деп есептеймін», – деген болатын («Мәдени мұра» бағдарламасы Мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс». Егемен Қазақстан. 29 қараша 2003 ж.).

Елбасының осы тарихи сөзінде «Мәдени мұраға» айрықша мән беріп, оны мемлекеттік деңгейде іске асырудың қажеттігіне айрықша көңіл бөлінген. Турасын айтқанда, бұрын-соңды мәдени мұраға бұндай көңіл бөлінген жоқ. Қазақ халқының тарихында бірінші рет мәдени мұраны қорғауға, зерттеуге және жаңартуға егеменді еліміздің жағдайында айқын жол ашылып отыр.

Елбасының көтерген осы мәселелерін басшылыққа алып, археологиялық және сәулеттік ескерткіштерді сақтауды, зерттеуді және жаңғыртуды шын мәнінде ғылыми негізде жүргізіп, Кеңес өкіметі кезінде орын алған кемшіліктерге сабақ ретінде сын көзбен қарап, орын алған ақаулықтарды түзетіп, ескерткіштерді ата-бабамыздың бізге қалдырған мұрасы ретінде құрметтей білуіміз қажет.

Елімізде әр дәуірдің тарихынан мағлұмат беретін археологиялық ескерткіштер баршылық. Олар – ТАС, ҚОЛА, ТЕМІР, ОРТАҒАСЫР дәуірлерінің куәгерлері. Оларды шынайы ғылыми тұрғыдан зерттеу – өзекті және жанашырлық мәселелердің бірі. Ғасырлар бойы жердің қойнауында «оқылмай жатқан кітап сияқты» болып кел-



ген ескерткіштер Кеңес өкіметі кезінде ауыл шаруашылығында, құрылыста пайдаланған көптеген техникалардың күшімен қирап, бүлінді, олардың кейбіреулері жермен-жексен болып тегістеліп кетті. Дерек ретінде бір-екі мысал келтірейік: сол кезде әлемге әйгілі Отырар қаласының төңірегі тегістеліп, тек ортасында 20 га аумақты алып жатқан Отырар төбе ғана қалды. Ұлы Жібек жолындағы үлкен қалалар Испиджаб (Сайрам), Тараз, Құлан, Мерке, Алматы қазіргі тұрғын үйлердің, құрылыстардың астында қалды. Ауылдық жерлердегі археологиялық, сәулеттік ескерткіштердің сау қалғандары шамалы. Олардың көпшілігі тың жерді игеру және қолдан суару арқылы егістіктің көлемін кеңейту науқаны кезінде көз алдымызда қирап жатты. Кеңес үкіметі ескерткіштерді зерттеу және қорғау туралы арнайы заң қабылдап, мекемелер ұйымдастырды. Бірақ оны іске асырған жоқ, керісінше, ескерткіштер бұрын болып көрмеген апатқа ұшырады. Осы жайт қазірге дейін жалғасуда. Енді «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес, жоғарыдағы орын алған кемшіліктерді тоқтатып, қалған археологиялық, сәулеттік ескерткіштерге халқымыздың көзімен қарап, оларды ұқыпты, ғылыми тұрғыдан сақтап, зерттеп, қазақтың рухани байлығына айналдыруға жаңа жағдай туды.

Орталық Азияны отанына айналдырған түркілер «евроцентристердің» жасанды пікірлері бойынша: «шетінен көшпенді өмір сүріп, тұрақты мекендерді салмаған». Олардың теріс пікірлері бүгінге дейін жалғасып келеді. Ғылымға негізделмеген осындай қияли пікірлерді әшкерелейтін, отырықшы мәдениеттің орталығы болған Орталық Азия түркілерінің қалалары мен тұрақты мекендері қола дәуірінде пайда болып, ең жайып, тарихтың кейінгі кезеңдерінде ірі қалаларға айналған. Оны айғақтайтын мәдени ескерткіштерді Қазақстанның барлық аймақтарынан археологтар ашып жатыр. Олар әсіресе Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының бойынан ғана емес, Қазақстанның басқа аймақтарынан да табылды. Өйткені Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстан қалаларының үстімен өткен.

Осындай ортағасырлық, аты әлемге әйгілі болған қалалардың бірі – Баласағұн. Ол бізге жердің қойнауына түгелімен енген археологиялық ескерткіш түрінде жеткен. Бұл қаланың орны Жамбыл облысының Шу ауданы, бұрынғы «Калинин» колхозының (қазіргі Баласағұн ауылының) жерінде, Алматы – Тараз тас жолының бойында. Ол Шарғау, Ақсу, Қарабалта және Тоқташ өзендерінің Шу өзеніне құятын төменгі ағыстарындағы тегістікке орналасқан. Сондықтан да бұл аймақта құрғақшылық болмайды. Суы мол, ауа райы тамаша, отырықшылыққа қолайлы табиғи-жағырафиялық өңірде, тамаша жерде салынған қала.

Баласағұнды археологиялық ескерткіш ретінде тұрақты түрде зерттеу 1974 жылдан басталды. Оны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы кешенді зерттеп келеді, оған отыз жылдан астам уақыт өтті. Бұл мерзім археология ғылымына





көп уақыт емес. Солай болса да, осы өткен жылдарда археологиялық зерттеу қаланың цитаделінде, шахристанында және рабадында жүргізілді. Бұған қосымша, Баласағұн қаласының төңірегіндегі тарихи жер атаулары (ономастикалық) қосыла зерттелді. Осы зерттеу жұмыстары кең көлемде жүргізіліп, табылған деректерге негізделе отырып мақалалар мен кітаптар жарық көрді. Нәтижесінде, бұрынғы Ақтөбенің тарихи Баласағұн екені ғылыми негізде дәлелденді. Бұл еңбектерге төмендегі хронологиялық тәртіп бойынша тоқталайық: *Шәлекенов У.Х.* Қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Баласағұн // Вопросы истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане. Алма-Ата, 1978. С. 180–191; *Шәлекенов У.Х., Елеуов М.Е., Алдабергенов Н.О.* Раскопки цитадели городища Ақтөбе // Вопросы истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане. Алма-Ата, 1978. С. 161–179; *Алдабергенов Н.О.* Жилища горожан на рабаде городища Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 39–48; *Елеуов М.Е.* Раскопки средневековой мастерской на городище Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 57–61; *Елеуов М.Е.* Этапы развития крепостной стены шахристана городища Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 48–57; *Воронина В.Л.* Элементы строительной и художественной культуры городища Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 21–24; *Такибаева С.С., Шәлекенов У.Х., Қулахметова С.У., Жанқубаева Т.А., Шұлғабаева Г.И.* Анализ керамического материала Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 71–80; *Шәлекенов У.Х.* Ақтөбе – средневековый памятник // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 13–20; *Шәлекенов У.Х., Оразбаев А.М.* Некоторые данные о водопроводной системе средневекового города Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 24–38; *Елеуов М.Е.* К изучению цитадели Ақтөбе // Материалы республиканской научной конференции молодых ученых и специалистов по общественным наукам, посвященной 110-й годовщине со дня рождения В.И. Ленина (17–18 апреля 1980 г.) Алма-Ата, 1981. С. 142–143; *Алдабергенов Н.О.* Раскопки шахристана на городище Ақтөбе // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 40–53; *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (начало VI–XIII вв.) Алма-Ата, 1986. С. 31, 35, 69, 146, 154; *Бурнашева Р.З.* Монетные находки с городища Ақтөбе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 71–87; *Грошев В.А.* Иригация Ақтөбе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 129–137; *Елеуов М.Е.* К вопросу о системе обороны раннесредневековых городов и поселений Чуйской долины // Раннесредневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 54–70; *Шәлекенов У.Х.* О раскопках на городище Ақтөбе (1979–1983 гг.) // Средневековые



города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 15–39; *Шишкин К.В.* Камеральное обследование городища Ақтобе с помощью аэрометода // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 111–129; 2002 жылы жарық көрген «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы» кітабының 317-бетінде, 806 сан бойынша «Ақтобе – Степнинское қаласының қалдығы» деген атпен Баласағұн ескерткішін берген. Бұл жерде Ақтобе (Баласағұн) туралы қалыптасып қалған ақаулық қайталанған; *Елеуов М.Е.* Шу мен Талас өңірлеріндегі ортағасырлық қалалар. Алматы, 1998; *Шәлекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы мәдениеті. Алматы, 2003. 230–238-бб.; *Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У.* Баласағұнның жұмбағы шешілді. Алматы, 2004; *Шәлекенов У.Х.* Баласағұнның жұмбағы шешілді // Қазақ әдебиеті. 2005. 10 маусым.

Ұзақ жылдар бойы Баласағұнды зерттеуде табылған құнды жәдігерлер Алматыдағы ҚР Орталық мұражайында, Жамбыл облыстық және Шу аудандық өлкетану мұражайларындағы көрмелерге қойылған. 1983 жылы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде ортағасырлық археология мұражайы ашылды. Мұнда Баласағұннан табылған археологиялық заттар көрсетіліп, студенттердің мамандануына өзінің қолайлы ықпалын тигізуде.

Есімі халқымызға мәлім, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шерхан Мұртаза өткен ғасырдың 80-жылдары Ақтобе ескерткішіне арнайы барып, ондағы жүріп жатқан археологиялық зерттеудің барысымен қызыға танысып, өзінің көргендері бойынша терең, құнды пікірін білдірген болатын. Қаламгердің ескерткіш туралы жазғанымен көпшілік оқырман таныс болсын деген мақсатпен «Баласағұн жұмбағы» атты мақаласын (*У. Шәлекенов. Құм басқан қала. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 3–15-бб.*) түгел беруді жөн көрдік.

\* \* \*

«Зерттеушілер қанша іздесе де,  
Баласағұнның орны дәл қай  
жерде екені әлі беймәлім».  
(Қазақ совет энциклопедиясы. I том. 124-б.)

Кімдер жүрмеген ұлы жолдың бойы. Ежелгі заманда түйелі керуендер маң-маң басқан жолменен қазір мотор зуылдайды. Ерсілік-қарсылы ағылған машиналар тізбегі. Заман нышаны. Жылдамдық дәуірі.

Биылғы кенжелеп кеш келген көктемнің көгі енді ентелеп бой жаза бастағандай екен. Егінжайдың реңі жаман емес. Алыс-жақын қырат-қырқалар жасыл қызыл реңмен жайқалады.

Талай рет жүріп өткен жол. Бірақ байқамайтынымыз көп. Соны осы сапарда сездім. Оны сездірген жанымдағы профессор.



– Әне, әне! – дейді ол машинаның терезесінен әрі көсіліп жатқан жап-жазық даланы ұмтыла нұсқап. Мен әуелі ештеңе аңғармаймын.

– Әне, оқылмай жатқан кітаптар!

Абайлап қарасам, жап-жазық деген даланың бедері бар екен. Сағым толқынындай мұнартып, қаз-қатар тізіліп, жеті төбе бұғып жатыр. Жай көзге елене бермейді. Шөгіп қалған. Мүлде шөгіп, жермен-жексен болғаны қашан. Трактормен айдалып, егістікке айналып кеткені қанша...

Алматыдан алпыс шақырым Есік қаласының түбіндегі дәл осындай төбелердің бірінен «Алтын адам» табылған. Дәл осындай қазба байлық Египеттен табылып еді – бүкіл дүние жүзі шулады. Ал біздің «Алтын адам» табылғанда әуелі бір дүрілдедік те, «Осының өзі рас па, өтірік пе?» дегендей саябырси қалдық. Археолог ғалымдарға мың рақмет, олар істерін істеді – әлемде теңдесі сирек қазына тапты. Ал енді сол «Алтын адамды» жұртшылыққа кеңінен танытуға жазушылар, ақындар, суретшілер – жалпы әдебиет пен өнер қайраткерлері онша құлшына қойған жоқ. Ал Египеттен табылған Тутанхамон перғауынның алтын табыты туралы қаншама кітап жазылды.

Мүмкін, біз «Алтын адамның» қадір-қасиетін әлі жете сезініп болмадық па? Кенеттен табыла кеткен бұл неғылған «батпан құйрық» деп әлі ес жия алмай отырмыз ба? Өйткені біз күні кешегі көшпенділер ұрпағымыз ғой. Ал буржуазиялық идеология «көшпенділерде мәдениет жоқ, болған да емес» деп қақсай-қақсай, тіпті, көзі ашық оқығандардың өзінің құлағын бұрап қойған. Мода күнде өзгереді, кешегі күпі киген қазақтың баласы бүгін европаша киініп, галстук тағып жүрсе, ешкім ерсі көрмейді. Сәт-сәтімен сана да өзгерер, ал психологияның жаны сірі, ол «ит жанды».

Әне, ана бір төбені беттей құжынап қой жайылып жүр. Төбенің үстінде, атын ажырыққа оттатып қойып, радиоқабылдағышын құлағына тосып, шопан жантайып жатыр. Радиоқабылдағыштың антеннасы айдаладағы оған әлемнің шартарабынан хабар тартады. Әлемнің түкпір-түкпірінде не болып жатқанынан шопан хабардар. Ал дәл жамбасындағы төбенің қатпарында не жатқанынан хабары бар ма? Қайдан білсін. Дәл табанымыздың астында тау-тау алтын жатса да ашығып жүретін әдетіміз болған баяғыда.

Жіті қарасаң, төбелер көбінесе жетеу, үшеу, не жалғыз болып келеді. Сондықтан да күллі Қазақстанда не көп – Жетітөбе, Үштөбе деген жер аттары көп. Ара-тұра Бестөбе, Қостөбе де кездеседі. Жетілік сан бұрынғылар үшін киелі болғаны белгілі: жеті қат жер асты, жеті қат аспан, «жеті нан құдайы», «жеті теңге қайыр-садақа», т.б.

Ал енді бір жиі кездесетін ат – Ақтөбе. Тек Жамбыл облысының өзінде ғана археологияға байланысты жиырмадан астам Ақтөбе бар екен.

Біздің беттегеніміз – Шу бойындағы Ақтөбе. Айтпақшы, Шу бойының өзінде бірнеше Ақтөбе бар. Дәлірек айтсақ, біздің іздегеніміз



– Ақсу, Қарабалта өзендері Шуға құяр тұстағы Ақтөбе, Тасөткел су қоймасының жоғарғы жағы.

Бұл Ақтөбе – Шу ауданы «Калинин» колхозының жерінде жатыр.

– Әне, біздің Ақтөбе!– дейді профессор алға қол созып. Алыстан, жасыл дүние арасынан елеусіз ғана ағараңдап бір қырат көрінген.

Асфальт жол артта қалды. Қара жолдың тозаңы қаланың адамдарын сағынып қалғандай қойын-қоныш, құлақ-мұрынға дейін лап қойды. Жан-жағын егістік қоршаған, айналасы ат шаптырым жер, бедері ерекше. Әуелі орасан бір қорым, зират екен деп қаласың, жерге сұлай құлаған сансыз обалар. Құмды дауылдан қорғанып, мойындарын соза шөккен мыңдаған түйе жатқандай.

– Сіз ойлағандай, мола емес, осының бәрі бір кездегі үйлердің, ғимараттардың орны,– деп қойды профессор.

Обалардың ортасында жан-жағы текшелене қазылған, бұрынғы кавказдықтардың сакля деп аталатын үйлеріне ұқсас, кертпеш-кертпеш үлкен төбені профессор «цитадель» деп таныстырды.

Цитадельге тұмсығын тірей машина да тоқтады.

Абайлап басып жерге табан тіредік. Өйткені Омар Хайям акынның өлеңі еске түсті. Қазақшаға әлі аударыла қоймаған рубаиды тұспалдап тәржімалағанда былай болып шығады:

Біздерге дейін де тандар атқан!  
Біздерге дейін де жұлдыздар аққан!  
Бір сұлудың жәудір көзі емес пе,  
Түйір кесек табаныңда жатқан?!

Бұдан мың жыл бұрын жазылған рубаидың осыншама өміршендігіне қарап: бәрі де өткінші, бір өлмесе тек асыл өнер, асыл өлең ғана өлмейді демеске лаж жоқ.

Әйтпесе дәл мына біз тұрған жерде бір заманда тіршілік шіркін таудан құлаған Шу толқындарындай бұрк-сарқ қайнап жатқан. Мынау – цитадель, хан ордасы болған. Хан болған соң, ханның ордасы болған соң бағыныштылары, уәзірлері, қызметкерлері, әскері, т.б. толып жатқан қауымы болары белгілі. Соны бәрі тұп-тура осы жерде бірі тайраңдап, бірі бүгежектеп, бірі жайраңдап, бірі ілбіп басып, бірі сайраңдап, бірі қайғырып, бірі шаттана шалқып жүріп жатқан ғой.

Тым-тырыс. Төбенің үстін адыраспан басып кетіпті. Адыраспан ақ гүл ашып, айнала ащылау, кермек жұпар шашқан кез екен. Цитадельдің археологтар қазған қабаттарына шүпірлеген тесіктер пайда болыпты. Соның бәрі құрқылтайдың, көк қарғаның ұясы. Құдды бір баяғы адамдар құрқылтай мен көк қарғаға айналып кеткендей.

– Ал анау жатқан – шахристан. – Профессор етекте бір топ адам жүрген тұсты мегзеді. Менің профессордың айтқанынан түсінгенім: шахристан дегені, сірә, уәзірлер, қазіргі тілмен айтқанда, министрлер тұрған ғимараттар.



Бір топ бала шахристанды қазып жатыр. Төбеден қарағанда, олар ши салып жатқан сияқты. Үйдің қабырғалары белдеуден асып қалған сияқты. Жоқ, олар қазып жатыр. Жерге күректерін абайлап қадайды. Қақырата қазбайды. Археология заңы сондай. Мұндай әрбір сантиметр жерге абай болмасаң, қиын-ақ. Жақынырақ барсақ, тіпті, әлгі балалардың кейбірі жерді бәкімен шұқылап, қыл сыпырғышпен таза-лап отыр. Күйген кірпіш табылған екен.

Балалар дегеніміз – таяудағы «Калинин» колхозындағы орта мектептің оқушылары, қазір каникулда. Бос жүргенше деп осында келіп, ғалымдарға көмектесіп жатқаны. Өте оңды болған дейміз біз. Өйткені осы отыз шақты баланың ішінен кейін жер зерттегіш атақты ғалымдар шығар. Көп балалар космонавт болуды аңсайды. Көбі әлі сол ғарышқа ұшар да. Космостың жұмбағы көп. Зерттеу керек. Ал жер ше? Мына төбенің астында жатқан жұмбақ аз ба? Біз, әуелі, өз қара бесігіміз – жерді танып болдық па? Айта берсе, жұмбақ көп, сұрақ та көп.

Соның бірі – Баласағұн жұмбағы.

\* \* \*

Кеш түсіп, күн батып бара жатты. Біз цитадельдің үстінде тұрмыз. Цитадель биік. Шартарап алақандағыдай анық көрінеді. Терістікте талдаракты аң шаңқан үйлері тізілген «Калинин» колхозының орталық мекенжайы орналасқан. Өлгіде шахристанды қазып, қыбырлап жүрген жеткіншек археологтар енді велосипедтеріне, аттарына, кейбірі, тіпті, есекке мініп орталыққа қарай, сондарынан шаң шұбалтып, атойлап барады. Олардың жұмыс күні бітті. Сонау соғыс жылдарында элеватордан ауылға қарай біз де дәл осылай озаңдатып оралатынбыз.

Күншығыста – осы өлкенің күміс белдігіндей жарқырап Шу ағып жатыр. Бір кезде тұла бойы тұнған қала болған Шуыңыз осы. «Әмудария – мың қаланың елі» деп жазды оқымысты Массон. Ал Шу – ондаған қаланың арқауы.

Күнбатыста – Қарабалта өзені. Жағасында топ-топ өскен сәмбі тал, үкілі қамыс қарауытады. Арқандай созылып, тыраулаған тырна тізбекті көргенде жүрегі түскір кәдімгідей бүлк-бүлк ете қалады. Жақсылықтың нышаны ғой. Үйрегі ұшып, қазы қонып жатқан жердің берекесі бар.

Оңтүстікте – Алатау. Айбынды асқар шыңдар. Осы тұстың бел ортасында Аспара шыңы бар болар. Сәл мұнар тұтқан. Дәл іргеден әлдекімдер тағы бір тау тұрғызбақ болған сыңайлы. Сөйтсек, ол плотина-тоған екен. Бір кезде мына көне қаланы қақ жарып ағып жататын Ақсу өзені енді Шуға жетпей бұғалықталыпты. Ұзындығы екі жүз метрдей сұр бетоннан өрілген тоған-тосқауылдан кәдімгідей көл пайда болыпты. Осы маңның колхозы жерін суаратын көрінеді. Әр ауыл бас-басына көл жасап алып жатқан заман. Дұрыс-ақ қой. Азық-түлік молшылығы үшін өте пайдалы-ақ.



– Байқайсыз ба, қала өте бір қолайлы жерге орналасқан,– деді профессор өлі қала емес, тірі қаланы көріп тұрғандай сеніммен сөйлеп,– жан-жағы өзендер. Бұдан мың жыл бұрын, ал мына қаланың жасы одан да ұзақ. Қарабалта, Ақсу, Шу өзендері, әрине. Қазіргіден гөрі молырақ шалқып аққан. Су мол болған. Шаруашылық үшін де, қорғаныс үшін де мұның мәні зор. Жалпы айтар едім, қалалардың отаны – өзендер. Қай қаланы алмаңыз, өзен бойына орналасқан. Сусыз жерде тұрған қала... некен-саяқ, әй, жоқ-ау. Шу, Талас, Сырдария, Әмудария бойларын болжап көріңізші...

– Сөйтіп, бұл қаланың табиғи қорғандары – өзендері,– деді профессор бұйра бурыл шашын салалы саусақтарымен бір тарап қойып. – Ал енді қолдан тұрғызылған қорғандарды көріп тұрсыз ба?

Әрине, қытай қорғаны көрінбейді. Ал енді зерделеп қараған кісіге киіз үйдің белдеуіндей болып қаланы айнала қоршап жатқан сызықтың орны байқалады.

– Әне, таптым...

– Дұрыс. Бірақ сол ғана ма екен? Әрірекке көз жіберіңіз.

– Иә, екінші белдеу білініп жатыр.

– Одан әріде ештеңе байқамайсыз ба?

Одан әріні байқау қиын. Әлдебір сызық бұлдырап бірде көрінеді, бірде үзіліп кетеді. Сағым сияқты. Оның үстіне аралықта теңіздей толқып, жап-жасыл егістік жатыр.

– Бұл қаланың үш қабат қорғаны бар,– деді профессор. – Үш қабат ор қазылған. Ордың топырағы биік-биік қорған болып тұрған.

– Жарықтық неменеге сонша қымтана берген?

– Соғыс, бауырым, соғыс. Шығыстан – кара қытай, батыстан – парсылар, өзара ру соғыстары, тағысын тағылар. Асылы, бұл қаланы көзге түгел елестету үшін биіктен, самолетпен қараған онды. Тілеуінді бергір, біздің авиаторлар осы қаланың картасын түсіріп берді. Карта бойынша, қаланың сыртқы қорғанының ұзындығы елу километрден асады. Қала көлемі 72 шаршы километр.

Көне заман үшін айналасы елу километр қала, сірә, осал шаһар болмаса керек. Орталық орда – цитадель, цитадельді орай – шахристан. Шахристанды орай – рабат орнайды екен. Шахристан – қала аристократтарының мекені, рабат – құмырашы, етікші, наубайшы, бағбандар, кірекештер, тағы басқа еңбекші елдің мекені. Жау келіп қалса, алдымен оққа кеудесін тосатын да солар.

Шу, Талас алқаптарындағы шаһарлардың: Сұяб, Аспара, Мерке, Құлан, Таластың (Тараз) құрдасы, замандасы, мына біз тұрған төбе түнере қарауытып, көзге көрінбес көрпесін жамылғандай болды.

– Етекке түсейік, не көп – шұңқыр көп, түсіп кетерміз,– деді профессор.

Етекте ұзыннан-ұзақ созылған жалғыз қабат ақ үй тұр. Бұл – Қазақ мемлекеттік университеті археология және этнография кафедрасының



экспедициялық мекені. Ал менің бағанадан бергі серік-жетекшім – осы университеттің кафедра меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекенов.

Қазақстанның ғасырлар бойы қатпар-қатпар болып тас-топыраққа айналған тарихын зерттеу үшін тарихшылар мен археологтар әлі талай тер төгуі керек-ақ. Бұл салада Кемел Ақышев, Карл Байпақов сияқты дарынды ұлдар ел сүйсінер еңбек етіп жүр. Десе де, қазылмаған қорғандар, оқылмаған тас-топырақ кітаптар, нешеме құпия сырлар әлі мұрты бұзылмай жатыр. Соның бірі – Ақтөбе...

– Бұл қаланы біз алғаш 1974 жылдан қаза бастадық, – дейді профессор Уахит Шәлекенов. – Біздің студенттеріміз осында бір-екі ай практикада өтеді. Оларға кафедра мұғалімдері – Нұртаза Алдабергенов пен Мадияр Елеуов жетекшілік етеді. Әуелі қиыншылығы көп болды. Техника, жұмыс қолы жетіспейді. Біздің жұмысымызға қаржыны Қазақ ССР Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы бөледі. Жылына 20-25 мың сом шамасы. Біреуді әке, біреуді көке деп жүріп, электр жүйесін тарттырдық, бір «Беларусь» тракторын, төрт трансформатор сатып алдық... Он бір жылдың ішінде қаланың тек бір пұшпағы ғана қазылды. Соның өзінен табылған бұйымдар, шүкіршілік, талай қазына. Оны қоймадан, университеттің музейінен көрерсіз...

Табылған заттардың құнсызы жоқ: қыш құмыралар, ыдыс-аяқ, жиырма бір килограмм мыс теңге, бірнеше километрге созылған су құбыры... Жер астынан табылған зат аз емес. Сөйтсе де... Сөйтсе де аңсаулы бірдеңе қолға ілікпей-ақ қойды. Ол – қаланың бұрынғы атын таңбалаған белгі. Қаланың бұрынғы аты Ақтөбе емес қой. Ақтөбе беріде шыққан. Не көп – Ақтөбе көп екенін жоғарыда айттық. Шіркін, бір жазуы бар шежіре шыға келсе... Тым болмаса, бір жапырақ қағаз... Қағаз жарықтық ғасырлар бойы топырақ тұтқыны болғысы келмей ме, әйтеуір, табылмайды. Ақтөбе емес. Сонда не?

\* \* \*

Өлі қаланың қарауылы Сейітқұлдың киіз үйінің іргесінде шай ішіп отырғанда әлгі ой мазалай береді. Дәл іргеден плотина салынғалы бері сол бөгеттің бергі жағынан ойдым-ойдым шалшық су пайда болды. Сіреу, бөгет қанша қалың десе де, іші бетонмен қапталса да, су топырақты кеулеп, сызат тауып, аз-аздап сытылып шықса керек. Сол көлшіктердің көк қасқа бақалары мына кеште «қойдай шулайды».

Баласағұнды әйгілі ғалым Бартольд Токпақтың түбіндегі Бурана деген мұнараның орнынан іздеді. «Баласағұн осы» деп қалды да, артынша: жоқ, Ақбешімнен іздеу керек деді. Ақбешім де Токпақтың түбінде. Шу мен Талас бойларын көп зерттеген ғалым Бернштам да Баласағұн осы Ақбешімде деп жорамал ғана айтты. Ал Москва университетінің ғалымы хакас Л.Р. Қызыласов Ақбешімді егжей-тегжейлі зерттеп, Баласағұн мұнда емес деді. Сонда қайда?



Жетінші ғасырда Баласағұнды көзімен көрген қытай саяхатшысы Сюань-Цзянь оны Тоқпақтан батысқа қарай аса алыс емес деп жазады. Қазір біз жұртында шай ішіп отырған үнсіз қала мен Тоқпақтың арасы, шамамен, алпыс-жетпіс километр. Ал біздің Үнсіз қаламыз көлемі жағынан Тоқпақ түбіндегі Бурана мен Ақбешімнен гөрі әлдеқайда үлкен көрінеді. Егер Баласағұн Қарахандар әулетінің (X–XII ғғ.) бір астанасы болғанын ескерсек, астанаға үлкендік тән. Ондай көлем Бурана мен Ақбешімнен табылмай тұр. Сонда...

Осы кезде дастарқан басына археолог Нұртаза Алдабергенов келді. Қолында таяуда табылған тостаған бар. Керамика. Сыры кетпеген.

– Мұндай тостағанмен бектер шарап ішкен, – деп профессор Шәлекенов әлгі қазба олжаны қолына алып, айналдыра қарады.

Қолыма кесені алып қарай бердім,  
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

*(Сұлтанмахмұт)*

Масаңдауымын шараптан. Қыш тостаған.  
Шарап па, әлде ерін бе бүлкілдеген?  
Ернеуінен сүйіп едім... селк еттім:  
Ернімнен біреу сүйгендей болды маған.  
(Кімнің ерні, кімнің күлі?)

*(Омар Хайям)*

Ұлы Омардың бұл ғажайып жолдарын мен орысшадан тұспалдап, өз білгенімше дөрекілеу аударып отырмын. Омардың Қуандық Шаңғытбаев аударған рубаиларында бұл шумақ жоқ. Амалсыздан ақын болуға тура келеді.

Атақты Майлықожа ақынның туған шөбересі Нұртаза Алдабергенов тапқан тостағанды қолға ұстап отырып, Омар Хайямды да, беріде өткен Сұлтанмахмұтты да еріксіз еске аласың.

Бұдан мың жыл бұрын, бәлкім, мың жарым жыл бұрын дәл осы арада бұл тостағанмен кім шарап ішті екен? Баласағұн бегі емес пе екен? Ал Омар айтады: бұл қандай сұлудың тәнінен топыраққа айналды? Сол топырақ қандай сұлудың ерні болды екен? – дейді. Ол, тіпті, әріге мегзейді. Омарды оқи берсең, философияның көкесін көресің. Енді бірде Омар қыш құмыраны жырлап отырып, сенің топырағыңда кедейдің де, байдың да, құлдың да, әміршінің де қабырға сүйектері араласып жатыр-ау – дейді. Ар жағы айтпаса да түсінікті...

Ал енді сол Омар Хайямның тұстасы, замандасы, XI ғасырдың перзенті Жүсіп Баласағұни бір заманда дәл осы біз отырған жерді басып жүрмеді ме екен? Мына тостағанмен Жүсіп ақын Баласағұни, яғни Юсуф Баласагунский шарап ішпеді ме екен?

Әрине, бұл қиял аулының әңгімесі.





Ал шындық не дейді? Шындық айтады: Жүсіп ақын Баласағұн да 1018 жылы туғаны рас дейді. Түркі тілінде тұңғыш рет көркем дүние жазған керемет ақын дейді. «Құтадғу біліг» атты поэзиялық кітап жазып, оны Қарахандар әулетінің екінші астанасы Қашқарда тәмамдап, Қарахандар әулетінің сол кездегі бүкіл шығыс түркілерді билеп тұрған «хандардың ханы» Тавғаш Қара Боғраханға сыйға тартыпты («Боғра» дегені – бура).

«Құтадғу біліг», яғни «Құтты білім» баспаханасы жоқ сол заманда қолдан көшіріліп, дүние әлемге тарапты. Араб әрпімен көшірілген Каир (Мысыр) данасы, Наманган данасы, ұйғыр әрпімен көшірілген Герат данасы деген қолжазбалар бар. Бұл шығарманы орыс тіліне ең алғаш атақты ғалым В.В. Радлов аударды. Тіпті, соңғы он екі жылдың ішінде «Құтты білім» орыс тілінде екі рет басылып шықты. Бірі – Наум Гребневтің аудармасы (1971), соңғысы (1983), яғни тұңғыш толық аудармасы – С.Н. Ивановтікі. Өзбектер әлдеқашан тәржімалап алды.

Айта берсе, «Құтты білімнен» өз ана тілінде ләззат алып жатқандар аз емес. Жайбасар десең – өзіңе тиеді. Айтпайын десең – есең кетіп барады. Есесінен айрылу естілік те емес. Орысша айтқанда: «Богу – богово, кесарю – кесарево». Жүсіп Баласағұн метрлеп, сантиметрлеп есептегенде, дәл қазіргі Қазақстан шекарасында тұмаған күннің өзінде (ал тұмады деп айту қиын), түркі тіліне жататын қазақ халқына да ортақ емес пе?! Ендеше, біз неге аудармаймыз? Әлде ХІ ғасырдан қалған Жүсіптей ақындарға мелдектеп, оқып тауыса алмай жатыр ма едік? Әлде «Құтты білім» біз менсінбейтіндей ортақол дүние ме? Онда неге орыстар қайта-қайта жарысып аударарды? Жүсіп Баласағұни «Құтты білімді» оқырманға таныстыру бөлімінде өз кітабы туралы:

Надан адам түсінбес, назар салмас,  
Дана адам бір оқыса – ажырамас, –

депті.

Академияның Тіл институты, Әдебиет институты! Мемлекеттік баспа комитеті! Бәр-бәріміз болып кешіктірмей қолға алып, осынау асыл қазынаны ортақ игілікке айналдырар кез келген жоқ па?!

Бізде кейбір ғалымдардың үстірт қалқуынан кеткен жаңсақ пікірлер бойынша, Жүсіп Баласағұн ұйғырдың ақыны, шығармасы ұйғырша жазылған-мыс. Қашқар ұйғыр жерінде деген наным орнығып қалған. Түк те олай емес. 1970 жылы «Құтты білімнің» жазылғанына 900 жыл толуына бағышталып Бүкілодақтық конференция өтті. Конференция «Құтты білім» Қарахандар дәуіріндегі кітаби-түркі тілінде жазылған, арғы атасы сонау Орхон жазуларына барып ұласады деген тұжырым жасады. Ал Орхон жазуында «Күлтегін», т.б. туылғаны мәлім. Демек, «Құтты білім» қазіргі қазақтарға да, кыргыздарға да, өзбектерге де, ұйғырларға да, түркі тілдестердің бәріне бірдей ортақ. Ары тарт, бері тарттың реті жоқ.



– Дәм алыңыз.

Әлгі бір түйдек ойлар тым-тырақай болды да, дастарқанға қарадым. Цитадель – төбе жақтан ыңырсып қобыз үні, күмбірлеп керней, сыңғырлап сырнай үні шығып жатқандай. Әлдебір жолаушы ақын сүйген қызға:

Ей, сұлуым, мен саған не сыйлайын,  
Бұхарадан алып қайтқан малым жоқ.  
Жүрегімді жарып берер едім,  
Жансыз, тәнсіз жүрер халім жоқ, –

деп күйзеліп отырғандай. Дәл осы Шудың бойында кеше ғана өткен Сауытбек ақын:

Бес кепені жағалай бес үй отыр,  
Ақбөпе жоқ ішінде, несіне отыр?  
Мал жеткені барады алып кетіп,  
Кедейшілік қолымды кесіп отыр, –

деп еді-ау.

Заманалар бір-бірімен осылай үндеседі. Ақындар бір-бірімен осылай сабақтасады. Жұлдызға жұлдыз тіл қатқандай.

Жұлдыздар... Сейітқұл қарауылдың қараша киіз үйінің іргесінде шалқаннан түсіп жатқаныңызда жұлдыздар бұл арадан ерекше сәулеленіп, әсіре нұрланып көрінеді екен. Аспанның тым-тым алыс түкпірлеріне дейін түріліп, жұлдыздар соншама көбейіп, ине шаншар жер қалмағандай қалың екен.

Әлгіде ана Сейітқұл қарауылдың радиоқабылдағышы: Космосқа ұшырылған «Вега-1», «Вега-2» Шолпанға жетті деп хабарлады. Біз сөйтіп, Шолпанның да сырын ашып жатырмыз. Ал дәл табанымыздың астында жатқан қаланың сыр әлі мәлімсіздеу. Баласағұн осы ма, жоқ па?

Академик Әлкей Марғұлан бұл тілсіз қалаға үш рет келіпті. Профессор Уахит Шәлекеновке:

– Осы болуы керек. Бірақ дәлел керек, – депті. Дәлел. Не дәлел бола алады? Төрткүлден табылған толып жатқан диірмен тастар, толып жатқан тандыр пештер не дейді? Егер қала шағын, елеусіз болса, соншама диірмен тас пен тандыр пеш бір жерге неге үймелеп қалған? Бұл үлкен шаһардың наубайханасы ғой. Шарап ашытатын құмыралар неге тіл қатпайды? Анау цитадель іргесіндегі үңгір сөйлеп-ақ жатқан жоқ па? Қабырғаларына балқыма қатып қалған. Кірпіш күйдірген «завод» сол. Мыс ақшаның көп табылғанына қарағанда, ақша соғатын сарайы да болған ғой. Түйенің жауырын сүйегіне жазылған хат ше? Оны оқып, зерттеу керек...

Иә, табылып жатқан заттардың кемдігі жоқ. Көне Талас (Тараз) қазбаларынан аз емес. Таяуда ғана Нұртаза Алдабергенов пен Мадияр



Елеуов асықтың үлкендігіндей мөр тапты. Мрамордан қашалған мөр арыстан бейнесінде ойылған. Табанында таңба бар. Ол кімдікі? Әлі анықталған жоқ. Мүмкін, Қарахандар әулетінің бір әміршісінің мөрі шығар? Сондай бір беделді «документ» табылса – Баласағұн сыры ашылар да.

Баласағұн – Қарахандар әулеті астаналарының бірі болған. Бірі – Қашқар, Қарахандар дегенде көбінесе кісі атымен шатастырады. Таластағы (Тараз), қазіргі Жамбыл қаласындағы мавзолейді әдетте Қарахан мавзолейі дей салады. Ал Қарахан – кісі аты емес, титул, дәреже белгісі. Қарахан – ұлы хан деген ұғым береді. X–XII ғасырларда өмір сүрген әулеттің ішінен толып жатқан хандар шыққан. Бәрі де қарахан. Әулет басы Бильге Кюль Қадыр хан, Сатук Бугра (Бура) хан абд аль-Керім, оқымыстылардың пікірінше, бұлардың арғы бабасы сонау хұндар заманындағы Тұман ханға, «көк түріктерге» барып тіреледі. Ал кейбір ғалымдар бұл болжамды жоққа шығарады.

Жә, бізге дәл қазір керегі ол да емес. Бізге Баласағұн керек. Бізге Жүсіп Баласағұнидің, оның жерлесі, замандасы Махмұд Қашқаридың туындылары керек. «Махмұд Қашқари» дегеніне қарап, оны көпшілік Қашқарда туған екен деп қалады. Ал қырғыз ғалымы О. Қараевтың бұлталақсыз дәлеліне қарағанда, ол Ыстықкөлдің бойында, Барсхан қаласында туған, «Диуани лұғат-ит түрк» атты құнды шығармасын қазір мәдениеттімін дейтін халықтар өз ана тілінде оқып жатыр. Шығарманың атын қазақшалағанда «Түркі тілінің сөздігі» болып шығады. Өте құнды кітап.

Профессор Шәлекеновтың шамалауынша, Баласағұн қаласы осы заманғы V ғасырда пайда болып, XIII ғасырдың басында қираған. Қиратқан моңғолдар емес. XIII ғасырдың басында Баласағұн қарақытай ханы – Гур ханның қолында болған. Гур хан мен Мұхаммед Хорезмшах Талас түбінде соғысып, Гур хан жеңіліп, кейін шегініп Баласағұнға қайтқан. Қайтып келсе, халық оны қалаға кіргізбей қояды. Жаудан жеңіліп қашқанда үйінің қақпасы жабылып қалса, Гур ханның халыққа қадірі болмағаны ғой. Басқыншы неге сонда бөтендігін істеп, қаланы шауыпты. Он алты күн шабуылдап, қақпаны талқандап кіріп, үш күн бойы тонап, алатынын алып болып, күні кеше өзі тұрған орданы өртке орапты.

Әне, содан қайтып Баласағұн еңсе көтере алмай қалған. Халқы қырылған. Ғимараттар қираған. Араға он шақты жыл салып, моңғолдар келгенде Баласағұнда жауға қарсы бас көтерер хал болмаған. Қарсылықсыз берілген қаланы Шыңғыс хан «Го балық» деп атапты. Онысы «жақсы қала» дегені.

Қазір мына тілсіз қаланың қабат-қабатынан ылғи да күл шығады. Өрттен қалған болар. Оқушы Данияр баланың:

– Табылды! Табылды! – деп күндіз айқай салғаны құлақтан кетпейді. – Не табылды? – деп алқынып жетсек, қыш қабырғаға кадалып қалған жебенің ұшы екен. Жебенің сабы, әрине, шіріп



топырақ болып кеткен. Әбден таттанған темір ұшы бір сүйемдей көлемді. Гур ханмен соғыстың ізі шығар. Мұндай ысқырық жебелер жиі табылады.

Қазақ мемлекеттік университеті археология және этнография кафедрасының игі ісіне көпшілік қауым болып табыс тілесек жарасар. Ұдайы жұлдыздарға көз тігіп жүргеніміз – озғанымыз. Ал жер қабатына да үңіліп, тарихымызды танығанымыз – инабаттылығымыз. Тарихын танымаған – талақ.

Жүсіп Баласағұни бір бәйітінде:

– Сөзің қысқа, өмірің ұзақ болсын! – деген екен.

Біз де сөзді қысқартайық.

Жүсіп Баласағұни бір бәйітінде:

– Өмір қысқа, асыл сөз мәңгілік, – депті.

Баласағұни сөздері мәңгілік.

Шу бойындағы Ақтөбе, бәлкім, Баласағұн.

**Ш. МҰРТАЗА,**  
**жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік**  
**сыйлығының лауреаты**

\* \* \*

Мақалада Ш. Мұртаза ортағасырлық Ақтөбе ескерткішіндегі жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеудің құндылығына айрықша тоқталып, оның Ұлы Жібек жолындағы ірі қалалардың бірі ретінде саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанына көңіл бөлген. Археологтардың күнделікті жүргізіп жатқан жұмыстарына жоғары баға беріп, жеті қабат жер астына көміліп қалған ескерткішті сөйлеткенін әдеби тілмен суреттеген. Бұл қалада дүниеге келген әлемге әйгілі Жүсіп Баласағұнидың мәңгі жасайтын «Құтты білім» шығармасын айрықша терең мазмұнда суреттей келе: «Демек, «Құтты білім» қазіргі қазақтарға да, қырғыздарға да, өзбектерге де, ұйғырларға да, түркі тілдестердің бәріне бірдей ортақ», – деп ғылыми тұжырым жасаған. Бірақ Ақтөбе (Баласағұн) қазақ жерінде орналасқандықтан, ол ескерткіш қазақтарға айрықша ыстық көрінетіні тілге тиек етілген. Ш. Мұртаза «Шу бойындағы Ақтөбе, бәлкім, Баласағұн» – деп сөзін аяқтаған. Жазушының бұл пікірі ғылыми деректерге негізделіп, Ақтөбенің тарихи Баласағұн екені дәлелденді.

2003 жылы Елбасының тікелей басшылығымен «Мәдени мұра» бағдарламасын талқыланған кезде, ҚР Парламентінің депутаты Ш. Мұртаза Ақтөбе (Баласағұн) ескерткішінің ғылыми тұрғыдан құнды тарихи орын екенін орынды деректермен дәлелдеп, оны 2003–2006 жж. Бағдарламаға кіргізу қажеттілігін айтқан болатын. Оны Елбасы іждағатпен тыңдап, осы бағдарламаға енгізу жөнінде тапсырма



берсе де, кейінгі шенеуніктер әртүрлі себептермен бұл тапсырманы орындамады. Сөйтіп, Ақтөбе ескерткішіне қаражат бөлінбеген соң, ол жерде археологиялық зерттеу тоқталып қалды. Солай болса да, Ш. Мұртазаның Ақтөбе ескерткішіне айрықша мән беріп, оны зерттеу мәселесін көтергеніне алғыс сезімімізді білдіреміз.

Жоғарыда аттары мен еңбектері аталған мамандардың көпшілігі ұзақ жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясында қызмет етіп, Баласағұн ескерткішін археологиялық тұрғыдан зерттеуге атсалысқан ғалымдар. Солардың қажырлы еңбектерінің арқасында, ғасырлар бойы жердің койнауында сырын жасырып жатқан Баласағұн қаласын «сөйлетіп», оның түркі халықтарының ортағасырдағы ірі саяси, экономикалық және рухани орталықтарының бірі болғандығы анықталды. Осындай табыстарға жетуде қажырлы еңбек еткен мамандарға шексіз ризашылығымды білдіремін. Олардың жарық көрген және қолжазба еңбектерін бұл кітапты жазуда кеңінен пайдаландық. Өйткені бәріміз білімімізді, тәжірибемізді қосып, жемісті еңбек еттік.

Ақтөбе (Баласағұн) ескерткішінде ұзақ жылдар бойы жүргізілген кешенді зерттеулердің нәтижелерін осы «V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты монографияда сәулелендіруге тырыстық.



*I тарау.*

## **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ**

**А**рхеология тарих ғылымының бір саласы болып, алғашқы қоғамнан және ортағасырдан қалған заттай ескерткіштерді зерттеу арқылы адам қоғамының тарихын жазады. Ескерткіштерді зерттегенде, археологтар еңбек құралдарына, қару-жарақ түрлеріне, ою-өрнектерге, үй бұйымдарына, мекен-жайларға, қоныстарға, қала бекіністерінің құрылымдарына, киім-кешектеріне және алуан санды адамдардың ой-өрісінің, физикалық еңбегінің нәтижесінде пайда болған заттарға айрықша көңіл бөледі. Осындай деректерге сүйеніп, біз ертедегі өткен бабаларымыздың қоғамдық даму деңгейін ғылыми тұрғыдан ұғынамыз. Бұндай ғылыми тұжырымға келу үшін, археологтар басқа да гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін қосымша пайдаланады.

Археологиялық атау б.з.д. IV ғасырда Грекияда пайда болғанымен, оның өз алдына ғылымға айналу тарихы өте ұзаққа созылды. Антикалық дәуірде археологияға қызығушылық біршама болғанымен, ортағасырда ол төмендеді. XV–XVI ғғ. Ұлы жағырафиялық ашу жылдарында археологияға деген көзқарас қайта жанданды. Бірақ XVII ғасырға дейін археологиялық зерттеулер кездескен тарихи деректерді жинаумен шектелді. XVIII ғасырдан бастап, Еуропада жиналған деректерге ғылыми мән беретін еңбектер шыға бастады [1]. Ресейде Петр I көне заманның қазбадан табылған бұйымдарын жинау, сақтауға ерекше мән беріп, 1718 жылы сол туралы арнайы бұйрық шығарып, табылған тарихи мәні бар заттарды, қолжазбаларды жинайтын мұражай ұйымдастырды [2]. Осы жылдардан бастап, Ресей империясында археологиялық зерттеулер бірте-бірте ен жайып, антикалық дәуірлердегі ескерткіштерді қазба түрінде зерттеу жұмыстары жүре бастады. Бірақ Ресей империясында, оның бір бөлігі Орталық Азияда археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары жоғары дәрежеге жете алмай, көпшілік жағдайда тек археологияға қызығатын ғалымдар айналысты. Мемлекет тарапынан ешбір



жәрдем көрсетілмеді. Осы жағдай Ұлы Қазан төңкерісіне дейін жалғасты.

Орталық Азия – алғашқы адамдар өрбіген Жер шарының бір бөлігі. Бұл аймақта алуан санды археологиялық ескерткіштер сақталған: тас, қола, темір және ортағасыр. Бұл ескерткіштер айтарлықтай зерттелмегендіктен, олардың таралу аймақтары, мазмұндары туралы ғылыми түсініктердің айтарлықтай болмауы себепті, отаршылық жылдарындағы ғалымдар жергілікті халықтардың тарихына дұрыс баға бере алмаған. Тарихымызды көпшілік жағдайда болжам арқылы қарап, Орталық Азияны ежелден мекен еткен түркілердің тарихын ақтаңдақтарға толтырды.

Ұлы Қазан төңкерісінен кейін археологиялық зерттеуге айрықша көңіл бөлінді. Енді бұл жұмыстар мемлекет көлемінде ұйымдастырылды. Осы жағдайда, Ресей академиясы мен жоғары оқу орындарының ғалымдары Орталық Азия жеріндегі археологиялық ескерткіштерді зерттей бастады. Олардың ішінде Ресей империясы кезінде осы жұмыспен айналысып жүрген ғалымдар да болатын. Олар өздерінің бұрын бастаған археологиялық зерттеулерін жалғастырған. Сондықтан, бұл археологиялық шолуда, сол ғалымдардың XIX ғ. соңғы жылдарында жарық көрген еңбектерінен бастап, Кеңес өкіметі жылдарындағы көлемді жүргізілген археологиялық зерттеу деректеріне шолу жасамақшымыз. Өйткені біздің арнайы тоқталып отырған монографиямыз осы зерттеулердің бір бөлшегіне кіреді.

1889 жылы белгілі орыс шығыстанушысы Н.М. Ядринцевтің бастауымен және түрлі мамандардың қатысуымен Моңғолияның көне астанасы Қарақорымда қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын [3]. Осы зерттеу барысында бұл қаладан өте құнды мәдени деректер табылды. Олар туралы жан-жақты мәлімет Н.М. Ядринцев еңбектерінде сәулеленген. Сондай-ақ Моңғолияны, Оңтүстік Сібір және Орталық Азияның шығыс бөліктерін зерттеген кеңес-монғол археологиялық экспедициясы болды. Бұл зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы аймақтардан алғашқы адамдардың палеолит және неолит дәуірлерінде жасаған қоныстары ашылды [4]. Осы экспедиция мүшелерінің жариялаған еңбектеріндегі палеолит пен неолит дәуірлеріне жататын деректер Оңтүстік Сібір, Моңғолия жерлерінен мол көлемде табылды. Әсіресе, С.В. Киселев басқарған археологтар Моңғолиядан 50-60-қа жуық қақпатаc (шиточные) молаларды, жартасқа салынған адамдардың, хайуанаттардың суреттерін тапты [5]. Осы деректерге қарағанда, Орталық Азияның шығысында тас, қола мәдениеттерінің кең көлемде болғаны байқалады.



Сібірдің және Моңғолияның археологтары хұндардың ескерткіштерін зерттеді. 1924 жылы хұн кезеңіне жататын Ноин-ула ескерткішін П.К. Козлов қазды. Оның нәтижесінде хұндардың тұрмысын жан-жақты көрсететін құнды деректер табылды [6]. 1954 жылдан бастап Моңғолия археологтары Ноин-ула, Хуннуй-голе және басқа хұндардың ескерткіштерін зерттеуді кең көлемде жүргізді. Бұрын-соңды бізге белгісіз болып келген хұндардың мәдени өркениеті туралы көптеген мағлұматтарға қол жеткізді.

Археологтар Бурят пен Хакасия жерлерінде зерттеу жұмыстарын С.В. Киселев, А.П. Окладниковтардың басшылығымен жүргізіп, хұндардың және түркілердің ескерткіштерін ашты. Нәтижесінде, олардың әлеуметтік құрылымын, шаруашылығын, мәдениетін сәулелендіретін жаңа деректерді қолға түсірді. Археологтардың осындай ғылымға қосқан үлкен үлестерінің бірі – Оңтүстік Сібір және Моңғолия жерінен отырықшылық мәдени өркениет орындарын ашуы. Олар бұл аймақтардан ертедегі тұрақты мекендердің, ортағасырлық қалалардың болғанын айқындады. Бұрыннан «еуроцентристер» Орталық Азия түркілерін және моңғолдарды «шетінен көшпелі халықтар» деп келген пікірлеріне жаңалық әкеліп, Орталық Азияның шығысында да ертеден отырықшылықтың болғанын дәлелдеді. Бұл аймақтың аборигендері де отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі болғанын сәулелендіретін деректерді ғылыми айналымға қосты.

Мысалы, С.В. Киселев «Древнемонгольские города» [7] атты өз еңбегінде Орталық Азияның шығысында да ертеден отырықшы өркениеттің болғанын жаңа археологиялық деректермен дәлелдеген. Хұндар мен түркілердің тарихын кешенді сәулелендіретін археологиялық деректер Бурят, Хакас, Тува жерлерінен кең көлемде ашылды. Олардың ішінде ертедегі ортағасырлық тұрақты мекендер мен қалалар бар [8]. Осы жаңа деректерге сүйене отырып, Моңғолия тарихшылары: «В свете новых материалов роль оседлости в истории кочевничества в Монголии выглядит более значительной, чем это предполагалось ранее» [9] – деген тұжырымға келген.

Археологиялық зерттеулердің осы жаңалықтарына негізделіп, Моңғолия, Бурят, Хакас, Тува халықтары өздерінің тарихтарын қайта қарап, отырықшылықтың белгілі дәрежеде дамығандарын жазуда. Ертеден осы жерді мекендеген түркі тайпаларының, халықтарының тарихына тиісті ескерткіштер мол сақталған. Олардың ірілері тасқа қашалып жазылған, мысалы, Орхон-Енисей жазуы. Атышулы ескерткішті көптеген Еуропа елдерінің шығыстанушылары: Н.М. Ядринцев, В.В. Радлов, В. Томсен, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов және тағы басқа ғалымдар зерт-





теген. Олардың жүргізген зерттеулерін жергілікті түркітанушылар жалғастырды. Олардың көп жылдық жүргізген жұмыстары Қаржаубай Сартқожаның арнайы жазылған «Орхон мұралары» [10] атты монографиясында егжей-тегжейлі сәулеленгендіктен, біз жоғарыдағы түркітанушылардың еңбектеріне тоқталмадық. Осыларды түркітанушылар, солардың ішінде археологтар зерттеп, түркі, қырғыз, ұйғыр, моңғолдардың араларында отырықшылық өркениеттің белгілі орын алғанын бекерге шығара алмайтын деңгейде дәлелдеді [11].

Орталық Азияның шығысын мекендеген түркілердің, моңғолдардың тарихы жөнінде мағлұмат беретін жазба деректер де мол. Олар түрлі тарихи оқиғаларға қатысқан немесе оның куәгері болған адамдардың жазып қалдырған деректері, моңғолдардың үстемдік еткен кездерінде шығарылған заңдар мен қарарлары, мемлекетаралық өзара келісім шарттары түрінде кездеседі. Әсіресе, құнды дерек ретінде Моңғол империясының күнделіктерін ерекше атауға болады. Соның бірі 1240 жылы жазылған «Сокровенное сказание» және Шыңғыс ханның рулық, нәсілдік құпия «Алтын дәптер» («Царственная книга») деректері. Бұл құнды жазбалар орыс, моңғол тілдеріне аударылып, олардың мазмұндарымен ғалымдар кең көлемде танысуға мүмкіндіктер алды. Оның арқасында Еуропа ғалымдарының «көшпелілер» туралы қалыптасқан орынсыз пікірлері әшкереленді.

Жалпы түркілерде, моңғолдарда жазу-сызудың ерте замандардан болуы, сол арқылы өз тұрмыстарының, тарихтарының келелі беттерін сомдауының өзі де өркениетті мәдениеттің болуының бірден-бір дәлелі.

Алайда XIX–XX ғғ. Моңғолия және Шығыс Түркістанды зерттеген орыс тарихшылары талай құнды деректер тапса да, өздерінің бұрыннан қалыптасқан «көшпелі» деген пікірлерінен қайтпаған. Бұл пікір отарластырылған халықтардың мәдени даму дәрежесі төмен екенін «дәлелдейтін» құрал ретінде ойдан шығарылған. Жергілікті тұрғындардың өмірлерінде кездесетін жақсы қасиеттерді басқа халықтардан қабылдаған деп көрсетуге тырысқан. Бұрыннан қалыптасып қалған ғылыми дәлелденбеген бұл пікірге қазірде де ғалымдардың басым көпшілігі күдікпен қарайды. Алайда, зерттеулердің отырықшы мәдениеттің ескерткіштерін ашқанына қарамастан, моңғолдарды, түркілерді көшпелі деп жазуларын тоқтатпай келе жатыр. Бұндай көзқарастағы ғалымдардың пікірлері бір-біріне қайшы келіп отырады.

Енді Орталық Азияның оңтүстігі мен батысында, орталығында жүргізілген археологиялық зерттеулерге назар аударалық. Азияның бұл бөлігінің қақ ортасында Қазақстан Республика-



сы орналасқан. Еліміздің ұлан-байтақ жеріндегі ғасырлар бойы қалыптасып, кейін археологиялық, сәулет ескерткіштеріне айналған орындар жеткілікті. Олардың қойнауында түркілердің, қазақтардың тарихына қатысты мол деректер сақталған. Ғасырлар бойы зерттелмей келген ескерткіштер көптеген ізденушілердің назарынан тыс қалмаған. Қазақстан археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер ортағасырдағы ғалымдар мен тарихшылар, жағырафияшылар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Өздері тікелей көзімен көрген, немесе естіген әдеттен тыс заттарды, бейнелерді, өз замандарынан бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды баяндап кеткен.

Қазақстанда археологиялық жұмыстың басталуы Ресейдің отарлау саясатымен тікелей байланысты. Ол өзінің сағасын І Петр кезінен алады. Ол көне мұраларды жинауға және ұқыпты сақтауға зор мән бергені туралы жоғарыда тоқталғанбыз. Осы жылдарда Қазақстанға келген Ресей ғалымдары, саяхатшылары өздерінің жүрген жерінде кездескен ескі мұраларды жинаған. 1707 жылы С. Ремезов «Сібірдің жазба кітабы» деген еңбегінде Қазақстанның солтүстік бөлігіндегі кейбір археологиялық ескерткіштерді көрсеткен [12].

Бұдан кейін, Батыс Қазақстан Ресей қарамағына кіргеннен соңақ, Ресейдің саясатшылары мен зерттеушілері, саудагерлері бірінен соң бірі келе бастаған. Олар қазақ жерінен көрген-білгендерін қағаз бетіне түсірген. Олардың арасынан археологиялық ескерткіштер туралы мағлұматтар кездесіп отырады. Олардың ішінен 1862 жылы Қазақстанда археологиялық жұмысты бастаған В.В. Радловты айтуға болады. Қазақстанның солтүстік-шығыс және Сібір жерлерінен зерттеуші кейбір қола, темір дәуірінің ескерткіштерін қазып, бұл мәдениет беттерін алғашқы рет ашты. Оларды қола, темір, ортағасыр деп үш кезеңге бөлген [13]. В.В. Радловтың жүргізген археологиялық қазба жұмыстары кең көлемде болмаса да, оның алғашқы рет археологиялық ғылыми негізде бастауының маңызы айтарлықтай.

Қазақ Алтайының төріне жайғасқан Үлкен Берел обасын В.В. Радлов 1865 жылы бастап қазса, оны 1959 жылы С.С. Сококин жалғастырған. Қазу кезінде жақсы сақталған, сол кездегі жерленген адамның заттары шыққан: киімі, құрал-саймандары, ең бастысы адамның мүрделері, жылқының еті мен сүйектерінің қалдықтары күні бүгінге дейін сақталып келген [14]. Бұдан кейін 1866 жылы ол Семипалатинский қаласынан бес обаны, Павлодарға жақын жерлерден үш обаны қазса, 1869 жылы Іле бойында кезекті археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген [15]. 1867 жылы археологиялық комиссияның тапсырмасы бойынша



Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерін, Жанкент, Жент, Сауран, Сығанақ қалаларын аралаған. Олардың ішінде Жанкент қаласында аздап қазба жұмысын жүргізген.

В.В. Радловтың бұндай археологиялық жұмыстарын бағасы жоқ шынайы зерттеу деп айту қиын. Ол кезде бұл ғылым Ресей империясында жаңадан қалыптасу кезеңінде болатын. Бұл шығыстанушымен талай кездесіп, пікір алысқан Мұстафа Шоқайдың айтқанын келтірейік: «Радловтың ірі түркітанушы екенінде шүбә жоқ еді... Радлов қай жағынан қарағанда да, орыс емес. 21 жастағы неміс жігіті. Вильгельм Радлов 1858 жылы Ресейге келіп, Ресей азаматтығына кіреді. Орыс академиясының академигіне дейін көтерілді. Алайда ол өмірінің ең соңғы сәтіне дейін (1918) неміс болып қалды... Радловты түркілердің де кереметтей жанашыры етіп көрсету артық. Радлов халықтарды күшті және әлсіз деп екі топқа бөлетін. Осы арқылы ол орыстардың бізді билеп-төстеуін заңды құбылыс деп көретін» [16]. Шығыстанушы В.В. Радловтың ғылыми еңбегіне М. Шоқай сын көзбен қарап, оның ғылыми мұраларында ақаулықтардың бар екенін ашық айтқан. Біздіңше, ондай кемшіліктер Ресейден келген зерттеушілердің басым көпшілігіне тән екенін естен шығармаған жөн.

Бұдан кейінгі жылдары археологиялық комиссия өзінің зерттеу жұмысын кеңейтіп, 1887 жылы Ф.Д. Нефедов Торғай кеңістігінде, 1889 жылы Э.Ю. Петрей мен С.Н. Назаров Қостанай облысында, А.Н. Харузин Батыс Қазақстанда, Н.Н. Пантусов Жетісу өлкесінде, Е.Ф. Коль Әулиеата өлкесінде, 1894 жылы А.В. Селеванов Ақмола, Көкшетау облыстарында азын-аулақ қазба жұмыстарын жүргізген.

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, Ресей үкіметі ұйымдастырған «Археологиялық комиссияның» жылма-жыл ен жайып, археологиялық зерттеу көлемін кеңейте бастағанын байқаймыз. ХІХ ғасырдың 60-жылдарында комиссия мүшелері археологиялық ескерткіштерді барлауға көңіл бөлсе, ал 80-жылдарда қазба жұмыстарын жүргізілгені байқалады. Зерттеу барысында жиналған деректер бойынша бүкіл Ресейлік ХІІ археологиялық съезінде баяндама жасалды [17].

Бірақ бұл Қазақстан жеріндегі ескерткіштерді алғашқы ғылыми негізде зерттей бастаған кезең болатын. Археологтар өздерінің қолдарына түсірген деректеріне сүйенетіндей дәрежеге жетпеген. Олар отырықшы мәдениеттің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларға, қонысты мекендерге кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізе алмаған. Орталық Азияның жерінен отырықшы мәдениеттің қалдықтарының кездесуі оларды ойландырған. Тек, ХІХ ғасырдың 90 жылдары-



нан бастап, тұрақты мекендерге қазба жұмыстарын жүргізуге көңіл аударған.

Бұл жылдарда археологиямен айналысушылар бірлесіп, археологиямен қызығушылардың «Түркістан үйірмесін» ұйымдастырып, оған В.А. Коллаур, Н.Н. Пантусов, Н.П. Остроумов, Ә.А. Диваев, И.В. Аничков, А.А. Семенов және т.б. қатысқан. Олардың қатары жылма-жыл көбейіп отырған. Бірақ бұлардың көпшілігі Түркістан жеріндегі көп санды археологиялық ескерткіштерді тек сырт көзбен болжаумен, олар туралы өз пікірлерін айтумен шектелген. Өйткені ол кезеңде бүгінгі дәрежедегі археологиялық экспедициялар мен ғалым мамандар болмаған. Мысалы, А. Кларе және А. Черкасовтар Отырар қаласында бірнеше жерден шұңқырлар қазумен-ақ шектелген. «Түркістан үйірмесінің» мүшелері осы сияқты тиіп-қашпа зерттеу жүргізген және олардың археологиялық зерттеу жұмыстары ғылыми деңгейден алшақ болған. Белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд өзінің «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг.» атты жұмысын археологиялық зерттеуге арнаған. Ол қазіргі Оңтүстік Қазақстан және Ыстықкөл атыраптарындағы кейбір ортағасырлық қалалардың орындарын көріп, кездескен археологиялық деректерді жинап, сол ескерткіштер туралы әдеби деректер негізінде өзінің осы ғылыми еңбегін жариялаған [18]. Ғұлама өзінің көрген ескерткіштерін археологиялық зерттеу деген айдармен жариялағанымен, ол шын мәнінде ешбір қазба жұмысын жүргізбеген. Солай болғанмен де, В.В. Бартольдтың бұл еңбегін «археологиялық» деп танып жүрміз. Осы сияқты пікірді өзге де зерттеушілерге қатысты айтуға болады. Олар біздің жеріміздегі ескерткіштерді ғылыми археологиялық жағынан зерттей алмаған. Өздерінің барған ескерткіштері туралы жазып қалдырған сипаттамаларын, пікірлерін Орталық Азияны мекендеген түркілер тарихына қосқан азды-көпті үлестері екенін еске алып, қажетті жерлерін өзіміздің шынайы тарихымызды жазуға пайдалануымыз керек. Сол кездегі археологтардың жинаған заттары бір жерде сақталмаған. Олардың көпшілігі зерттеушілер қолында, ал біразы түрлі мұражайларға тапсырылған. Оларды қазіргі күнде жинақтауымызға көп күш қажет.

Отаршылық жылдарында басталған археологиялық зерттеулер Кеңес Одағы кезінде мемлекеттің ұйымдастыруымен жалғасты. Солай, 1919 жылы Кеңес үкіметі «Заттай тарихи мәдениет академиясын» құрды. Соның бір бөлімшесі ретінде 1920 жылы мұражайлар және өнер, табиғат, көне ескерткіштерді қорғауға бағытталған Түркістан комитеті құрылды. Бұл ұйым ежелгі ескерткіштерді есепке алуға, зерттеуге, сақтауға көңіл бөлді. Бұл



зерттеулер кейінгі кездегі археология ғылымының Орта Азияда ғылыми негізде қалыптасып, дамуына үлкен әсерін тигізді.

Түркістан Республикасындағы зерттеу жұмыстарына Түркістан комитеті басшылық жасап, археология мамандарын ұйымдастырды, кейбір ескерткіштерді ғылыми негізде зерттей бастады. П.П. Иванов Сайрамда (Испиджабта), В.Д. Городецкий Жетісуда, М.Е. Массон Сайрам мен Ахмет Йассауиде, М.П. Грязнов Батыс Қазақстанда археологиялық зерттеулерін жалғастырды [19].

Аттары аталған зерттеушілердің археологиядан хабары бар, тарихтың бұл саласымен қызығатын білікті мамандар еді. Бірақ олар бытыраңқылық жолмен, өз бетінше өте шағын адамдармен жұмыс атқарған. Әлде де бұл археологтар бірлескен экспедициялар құрып, күштерін топтап, көлемді түрде қазба жұмыстарын ілгері алып баратын дәрежеге жетпеген.

Археологиялық жұмысты Кеңес Одағында, сондай-ақ Орталық Азияда жандандыруда МЗМАИ\* үлкен қызмет атқарып, XX ғасырдың 30-жылдарынан археологиялық экспедициялар ұйымдастырды. Сол жылдардан бастап бірқатар орыс археологтары Қазақстанда зерттеу жұмыстарын жүргізді. Олар: П.С. Рыков, М.П. Грязнов, М.Е. Массон және т.б. Бұлар Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, тарихи ескерткіштерді есепке алып, ал кейбіреулерінде қазба жұмыстарын жүргізді. Жүргізген жұмыс нәтижелерін ғылыми есептер, мақалалар күйінде түрлі басылымдарда жариялаған. Оларды «Археологическая карта Казахстана» (АКК) сияқты басылымдардан кездестіруге болады [20].

Осы жылдарда Мәскеу, Ленинградтан археология мамандары Қазақстанға келіп, ұзақ жылдар бойы қазба жұмыстарын жүргізді. Олар КСРО Ғылым академиясы Заттық мәдениет тарихы институтының (ЗМТИ) ғалымдары: С.С. Черников, А.Н. Бернштам сияқты мамандар болды. Сол кездегі салт бойынша олар зерттеу кезінде қолға түскен деректердің біразын өздерімен бірге Мәскеу мен Ленинградқа алып кетіп, оларды сол жақта сақтады [21]. Ол деректер сол ғылыми мекемелердің қорларында сақталуы мүмкін. Анығын айтқанда, экспедициялық зерттеудің нәтижесінде қолға түсірілген құнды деректер қазіргі Ресей Академиясы Археологиялық институтының немесе оның бөлімшелерінің қорларында сақталса керек. Және де олардың қатарында ғылымға енбегендері де болуы мүмкін. Алдағы уақытта ол деректерді өз отанына қайтару кезеңі келетін шығар. Өйткені олар қазақ халқының мұрасы.

\* МЗМАИ – Мемлекеттік заттық мәдениет академиялық институты.



Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, Ресейге бодан болған жылдарда, Ұлы Отан соғысына дейінгі уақытта Қазақстандағы ескерткіштерді азды-көпті зерттеген орыс ғалымдары болған. Жергілікті халықтан шыққан археолог мамандар жоқтың қасы еді. Олардың арасында қазақ халқының өкілдері бірен-саран ғана болған. Ол кездегі археологиялық экспедициялар шағын болуы және көлемді, тұрақты қазба жұмыстарын жүргізе алмауы себепті, оларға басқа ғылым өкілдері қатыса алмаған. Сондықтан зерттелу көбінде тек тарихи жазба деректерге негізделіп жүргізілген. Шеттен келген археологтар жергілікті халық тілін білмеген. Сол себепті ескерткіштер туралы халық арасынан этнографиялық деректер жиналмаған. Ал, біздің білуімізше, қазба кезінде табылған деректер сол мекендердің жергілікті тұрғындарының алуан санды тұрмыс, өмірінен берер хабары мол. Археологтар оны естерінде сақтауы керек.

Қазақстанда археология ғылымының ең жайған кезеңі Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарға тура келді. 1945 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандағы филиалының Тарих институтында археология бөлімі ашылды. 1946 жылы Қазақ КСР-нің Ғылым академиясы алғашқы рет шаңырақ көтеріп, бұрынғы Тарих институты енді Тарих, археология және этнология институты болып қайта ұйымдасты. Міне, осындай ұлттық Академияның Алматыда ашылуы барлық ғылым салаларының дамуына өзінің жағымды әсерін тигізді. Алғашқы жылдардан-ақ, Қазақ Академиясы археологиялық зерттеулерге көңіл аудара бастады. 1946 жылы тұңғыш рет Ә.Х. Марғұланның басшылығымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. 2006 жылы оған 60 жыл толғанын арнайы атап өтті. Белгілі қазақ ғалымы, археология ғылымының Қазақстандағы негізін қалаушы, академик Ә.Х. Марғұлан тарихтың бұл саласын дамытуға, осы салада білікті мамандар тәрбиелеуге орасан зор үлес қосты. Ол Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын ұзақ жылдар бойына өмірінің соңына дейін басқарды. Осы экспедиция Орталық Қазақстанды археологиялық тұрғыдан кең көлемде зерттеп, алғашқы ортағасырға, әсіресе қола мәдениетіне жататын қыруар ескерткіштерді ашты. Оның қорытындылары көптеген ғылыми еңбектерде жарық көрді [22].

Бірақ осы уақытқа дейін академик Ә.Х. Марғұланның (45-беттегі сурет) ұзақ жылдар бойына жинаған археологиялық, сәулеттік, этнологиялық, фольклорлық өте бай деректерінің барлығы жарық көрді деу қиын. Ғұламаның бір ерекшелігі, жиналған деректер бойынша өзінің ғылыми тұжырымын жазып, текшелеп, қағаз папкаларына салып қоя беретін. Мен Әлкей



Хақанұлының үйіне бір барғанда: «Сіз осы еңбектерді күнбе-күн тынымсыз жазып, оны папкаға сала бергенше, оларды бастырмайсыз ба?» – дегенімде, ғұлама көп кідірмей-ақ: «Менің мақсатым, жинаған деректерді ғылыми негізде жазып қалдыруым керек. Менің қолжазбамды кейін шығарып аласыздар ғой», – дегені есімнен кетпейді. Ұлы адамның бұл сөзінен халқына соншалықты сенгенін байқаймыз. 1998–2006 жылдарда ұлы ғұламаның 4 томы жарық көрді. Бұл еңбектерді баспаға дайындауда, оны шығаруда Дәнел Хақанқызы Марғұлан қыруар жұмыс атқаруда. Сонымен, Ә.Х. Марғұланның ғылыми мұрасын халқына жеткізудегі Дәнелдің атқарған жұмысы көпшілікке үлгі боларлықтай. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиясының академигі Әлкей Хақанұлы шығармаларын басып шығару туралы арнайы қаулы шығарылған еді. Осы күрделі жұмыстарды іске асыру үшін «Академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан атындағы халықаралық қор құрылды». 1998 жылы ғұлама еңбектерінің I томы «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» деген атпен жарық көрді. Оның бірінші бетінде «Дорогие читатели» деген алғы сөзді Елбасымыз Н. Назарбаев жазған. Онда Ә.Х. Марғұланның еңбегіне жоғары баға берген: «Колоссальная эрудиция, неустанный творческий поиск, пронизательный ум, огромное трудолюбие и любовь к своему народу позволили ученому представить историю материальной и духовной культуры кочевников и их преемников казахов в энциклопедическом объеме» [23].

Бұл үзіндіде Ә.Х. Марғұланның бойынан табылатын тамаша қасиеттерді жоғары бағалаған.

Ә.Х. Марғұлан өзінің шығармаларында түркілерді, соның ішінде қазақтарды көшпелі өмір сүрген деген пікірді жаза да, айта да бермейтін. Ол кезде жиі айтылатын бұл сөздерді ғұлама өз еңбектерінде өте сирек қолданатын және қазақтардың өмірі кешенді шаруашылыққа негізделгенін жиі-жиі жазған. Өйткені өзіміз ғұламаның қасында болып, көптеген өнеге боларлық үлгілердің куәгері болғанбыз. Ә.Х. Марғұланды ұстаз тұтып, жақын араластым және менің өміріме қолайлы әсерін тигізгенінен бірлі-жарым жағдайды айтуды жөн көремін. Мысалы, 1973 жылы Ә.Х. Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан экспедициясына қатысып, халық арасында аса құрметпен аталатын Сарыарқаны, Ұлытауды аралап, көптеген тарих ескерткіштерін көріп, археологиялық қазба жұмыстарына араласып қайтқаным есімнен әлі кетпейді. Оған қоса, ғұламамен Алматыда жиі-жиі кездесіп, пікірлесіп жүргеннің өзі бір ғанибет болатын. 1974 жылы Жамбыл облысының Шу ауданындағы Ақтөбе қонысын бастап қазған



кезде арнайы күтпеген жерден келіп, ескерткішпен жан-жақты танысып, оның тарихи Баласағұн болуын болжап айтқан болатын. Одан кейін бұл жерге екі рет келіп, ескерткіштен шыққан бұйымдармен танысып, өзінің Ақтөбе туралы бұрынғы пікірін қайталаған болатын. Ендігі жерде, жоғарыда аталған Ә. Марғұлан атындағы халықаралық қордың жұмысы оң болып, ғалымның жарық көрмеген мұраларын қазақ халқына жеткізсе, қазақтың шынайы тарихын тану мен жазуға қосқан үлкен үлес болар еді.

Осы жылдарда археологиялық экспедиция зерттеулері Отырар оазисіндегі, Шу-Талас өзендерінің аралығындағы, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Сырдария алқабындағы қалалар мен қоныс орындарын зерттеп, оларды картаға түсірді. Қала орындары мен керамиканы топтау түйінді тарихи мәдени кезеңдер туралы, колөнер мен сауданың даму деңгейі туралы ғылыми пікір айтуға мүмкіндік тудырды [24].

Бұл айтылғандардан аңғаруға болатыны, Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы көп санды отырықшы мәдениеттің куәгері болатын үлкенді-кішілі қалалар мен тұрақты мекендерді зерттеген. Осыған дейін бұл ескерткіштер туралы үстірт археологиялық мағлұматтар болғанымен, олардың нақтылы сырларын ашатын археологиялық қазбалар жүргізілмеген. Бұл кемшілікті түзетуге археология мамандары А.Н. Бернштам мен Е.И. Агеевалар белгілі үлестерін қосқанын атап өткеніміз дұрыс. Зерттеу барысында Оңтүстік Қазақстан жерінде де отырықшы мәдениеттің басым болғанын дәлелдейтін бірқатар жаңалықтар жарық көрді [25]. Алайда бұл экспедиция археологтары белгілі ортағасырлық қалалардың орнында ұзаққа созылған қазба жұмыстарын жүргізбеген десе де болады. Олар аздап Тараз қаласын, Баба-Ата ескерткіштерін қазып, оны Қазақстанның оңтүстігінде, Қырғызстанның Шу өзені бойындағы қалаларда жалғастырғанымен, оларды ізбе-із ұзақ мерзімде зерттей алмады. Соғыстан кейінгі жылдарда С.С. Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы Өскемен және Бұқтырма атырабында жұмыс жасап, жаңа тас (неолит) және басқа дәуірлердің ескерткішін зерттеді.

1954 жылдан бастап К.А.Ақышев бастаған Іле археологиялық экспедициясы көп жылдар бойына Жетісу өңіріндегі қола мен темір дәуірлеріне жататын қыруар ескерткіштердің сырын ашты. Олардың әсіресе көңіл аударғаны тарихтың алғашқы қоғамына тиісті обалар болды. Соның нәтижесінде, қола мен темір кезеңдеріне жататын ескерткіштерден шыққан деректерге негізделіп жазылған еңбектер баршылық [26].





Осындай жетістіктерге қарамастан, Жетісу өңірінде көп сақталған обаларды зерттей келе, ол ескерткіштерді орнатқан тұрғындардың қоныстарын қарауға көңіл аударылмаған. Обалардан табылған құнды деректер сол кездегі тұрғындардың салт-санасына байланысты мәлімет береді. Бұл мәліметтер бар білім қорын аса кеңейте қоймады. Көпшілік обалардан аттардың қаңқалары, ер-тұрманның қалдықтары, қару-жарақ сияқты бұйымдар көбірек кездескеннен кейін археологтар бұл жерде ертеде «көшпелілер» мекендеген деген пікірге келеді. Бұл пікір тарихтың осы саласынан тұрақты орын алып, күні бүгінге дейін үстемдік етуде. Шын мәнінде, бұл деректерге сүйеніп қола мен темір дәуірлеріне жататын обаларды «көшпелілердің» ескерткіші деп қарау ақиқатқа келіңкіремейді. Себебі жылқыны жергілікті жердің тұрғындарының бәрі де көлік ретінде ертеден пайдаланған. Әрине, олардың ішінде отырықшылар да, көшпенділер де болған. Обаларды қазу барысында отырықшыларға тән түрлі құмыралар, темірден жасалған бұйымдар да кездесті. Соған қарағанда, бұл обаларда отырықшы тұрғындар да жерленген болуы керек. Сондықтан қазіргі кейбір археологтарымыздың айтып та, жазып та жүрген қола дәуіріндегі «көшпелілер», «ертедегі көшпелілер» сияқты тұжырымдары ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген демекшіміз.

Кейінгі жылдарда қазақ археологтары Жетісу бойынан қола және темір, ертедегі ортағасырлық қоныстарды тауып жатыр. Олардан табылған деректер бұл пікірлердің ғылымға жатпайтынын әшкерелеуде.

Қазақстанның оңтүстігіндегі ертедегі ортағасырлық ірі қалалар тұрақты қазылуда. 1969 (1971) жылдары ұйымдасқан, К.А. Ақышев басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы алуан жұмыстарды атқарды. Ол экспедиция 30 жылға жуық Отырар шаһарын, оның атыраптарындағы ортағасырлық ескерткіштерді зерттеді. Олардың ішінде Отырар шаһарын қазуға айрықша көңіл бөлінді [27].

«Қалалар мен қоныстардың орындарына қоса, экспедиция мүшелері түрлі дәуірлердің обаларын, соның ішінде белгілі және бұрын зерттелген Бөріжар обасын, Шағаны, Көк-Марданды зерттеді. Отырар төбе қаласының орнында кең көлемді қазу жұмысы ұйымдастырылды. XVI–XVIII ғасырлар қабаттарының деңгейінде көптеген қыш және кірпіш күйдіру шеберханалары, қоғамдық құрылыстар – мешіттер, кесенелер, моншалар қазылып, ашылды. Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың 1-жартысындағы қоныс Көк-Марданға ауқымды қазба жұмыстары жүргізілді. Онда да тұрғын үйлер мен ғибадатханалар ашылды» [28].



Келтірілген үзінді – Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жүргізген зерттеу жұмысынан шолу. 30 жылдай уақыт ішінде көптеген ортағасырлық ескерткіштер ашылып, Қазақстан жерінде ертеден пайда болған отырықшы мәдениеттің болғанын дәлелдейтін қыруар деректер топталып, олардың біршамасы ғылыми еңбек ретінде жарық көрді [29].

Алғашқы қоғам тарихы тас дәуірінен басталса, бұл Қазақстан тарихында кейінірек зерттелді. XX ғасырдың 60-жылдарында Қазақстан жерінен тас ғасыр ескерткіштері: Бөріқазған, Кемер, Қызылтау, Тоқалы, Дарбаза, Қосқорған, Шоқтас (Оңтүстік Қазақстан), Құдайқол, Семіз-Шақпақты, Өнежек (Батыс Қазақстан) [30] тұрақтары ашылды. Бұл дәуірдің ескерткіштерін кейінгі кездерде кең көлемде зерттеп жүрген Ж.Қ. Таймағамбетов [31]. Ол Ресей археологтарымен бірлесіп, Орталық, Оңтүстік және Батыс Қазақстан жерлерінен көптеген тас дәуіріне жататын ескерткіштерді ашты және бұл жұмысты қарқынды жүргізуде.

1991 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтынан Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты енші алып шықты. Археолог мамандардың басым көпшілігі осында шоғырланған. Қайта құру кезінде бұрынғыдай үкіметтен қаржы бөлінбегендіктен, археологтар әртүрлі жолдармен қаражат тауып, бірнеше топтарға бөлініп зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Олардың жұмыстары Қазақстанның көпшілік жеріне таралған [32]. Дегенмен осындай шашыраңқы түрде жүргізілген археологиялық зерттеулер бұрынғы Кеңес кезіндегідей қайдан болсын?! Сондықтан да бұл археологиялық зерттеулер ірі кешенді экспедициялар болмай, шағын-шағын топтарға бөлініп, өз жұмыстарын жүргізіп келеді. Олардың қолға түсірген деректері Археология институтында топтала бергені жөн, тек шашырап кетуден сақтану керек.

Өткен ғасырдың 60–70-жылдарынан бастап, Қазақстандағы ірі жоғары оқу орындарында білікті археолог мамандар даярлау ісі басталды. 1971 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде археология және этнология кафедрасы ашылып, 1974 жылы археологтар тәжірибеден ортағасырлық Ақтөбеде (Баласағұн) өтетін болды. Осы ескерткіште университеттің археолог мамандары студенттермен бірлесіп қазба жұмыстарын жүргізіп келе жатыр. Баласағұн жердің қойнауына кіріп қалған өте ірі шаһарлардың бірі. Оның орталығының көлемі 70 шаршы [33]. Кейінгі жылдары Қазақстанның басқа да жоғары оқу орындарында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Көп жылдардан бері археологиялық тұрғыдан зерттеліп келе жатқан ортағасырлық



Ақтөбе (Баласағұн) ескерткішін ғалымдардың көп ғасырдан бері іздеп келген Баласағұн шаһары екенін пайымдаймыз.

Сөйтіп, Қазақстандағы археологиялық зерттеулер қарқынды жүре бастады. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысынан кейін олар Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан жерлерінде кең көлемде жүргізілді. Олардың жұмыстары біз үшін құнды. Өйткені біздің бабаларымыздың, халқымыздың тарихы ең алдымен Орталық Азия халықтарымен тығыз байланысты. Олардың ішіндегі жер көлемі жағынан ең ірісі Өзбекстан Республикасы. Ол осы аймақтағы қос өзеннің (Әмудария және Сырдария) көпшілік жерін алып жатыр. Әмудария және Сырдарияның орта ағысынан бастап, олардың төменіне дейінгі және орталықтарындағы шөлдік-шөлейттік жерлердегі археологиялық ескерткіштерді зерттеу үшін 1937 жылы КСРО Ғылым академиясының Хорезм археологиялық экспедициясы ұйымдасты [34]. Бұл экспедиция әйгілі шығыстанушы С.П. Толстовтың тікелей басшылығымен жүргізілді. Ұлы Отан соғысынан кейін де (1945) Хорезм кешенді археология экспедициясы өз жұмысын кең көлемде жалғастырды. Біздіңше, ол XX ғасырдағы Кеңес Одағындағы ең ірі археологиялық экспедиция болатын. Оның жүргізген зерттеу жұмысына көптеген ғылым саласының мамандары қатысатын: археологтар, сәулетшілер, этнологтар, жағырафия мамандары, тілшілер, геологтар, биологтар және т.б. Экспедиция сол заманның техникасымен, әртүрлі ауыр машиналар, самолеттермен (АН-2, ЯК) жабдықталды. Сондықтан Хорезм экспедициясы әсіресе шөлдік-шөлейттік аймақтарда болған Қызылқұм, Қаракұм (Ингуш), Үстірт жерлеріндегі ескерткіштерді зерттеуге айрықша көңіл бөлген. С.П. Толстов: «Хорезм археологиялық экспедициясының мүмкіндігі болғандықтан, шөлдік жерлердегі ескерткіштерді зерттеуге күш салып жатырмыз, ойпаттағы ескерткіштерді жергілікті мамандар зерттей береді ғой» – дейтін. Сондай-ақ С.П. Толстов: «...изменился характер технической вооруженности экспедиции. Например, Хорезмская экспедиция, до войны передвигавшаяся на верблюдах, теперь использует автомашины новейших марок. Проводится механизация земляных работ...» [35] – деп жазды. 1937–1969 жылдар бойына бұл экспедиция С.П. Толстовтың басқаруымен жүргізілді.

Ұзаққа созылған зерттеу жұмысында Хорезм археологиялық экспедициясы тарих ғылымына баға жетпейтін үлесін қосты. Зерттеу кезінде археологиялық, антропологиялық және т.б. ғылымның тарауларына жататын өте бай деректер табылды. Ежелгі заманнан-ақ тарихтың әр кезеңдерінде аборигендердің мәдени өркениетке жеткендері айқындалды. Алғашқы қоғамға жататын



Тазабагъяб, Суярган, Амирабад мәдениеттері болса, антикалық дәуірді сәулелендіретін Гюзели-ғыр, Қолалы-ғыр, Қойқырылған-кала, Топырақ-кала ескерткіштерінде күрделі қазба жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ ортағасырлық және жаңа заманға жататын үлкен көлемді, көп санды ескерткіштер зерттелуде [36].

«Советская историческая энциклопедияда» бұл экспедиция туралы былай тұжырымдалған: «Большие масштабы приобрела археологическая экспедиция в Средней Азии. Хорезмская экспедиция под руководством С.П. Толстова открыла в низовьях Амударьи совершенно новую для науки древнюю цивилизацию» (М., 1961. 834-б.). Бұл келтірілген үзіндіде аталмыш экспедицияның тарих ғылымына қосқан үлесінің зор екені айтылған. Осы жаңалықтардың негізінде Орталық Азия аборигендерінің алғашқы, антикалық және ортағасырлар кезеңдеріндегі тарихы қайта қаралды.

Хорезм археология және этнология экспедициясының қорытындылары жарияланған ғылыми мұралар ұшан-теңіз [37]. Бұл рухани байлық Орталық Азияны мекендеген түркілердің шынайы тарихын жазуда сүйенетін құнды деректер. Бұл байлық Орталық Азияның барлық аборигендеріне ортақ. Хорезм археология және этнология экспедициясы мүшелерінің жарық көрген еңбектері алуан санды. 1952 жылдан бастап шыққан «Труды Хорезмской экспедиции» көп томдық еңбекте біздің тарихқа қатысты қыруар деректер бар.

Ұлы Отан соғысынан кейін Хорезм экспедициясынан басқа да, М.Е. Массон басқарған Оңтүстік Түрікменстан археологиялық экспедициясы, Тәжік Ғылым академиясының археологиялық экспедициясы және тағы басқа экспедициялар Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан жерлеріндегі археологиялық бағасы бар ескерткіштерді зерттеуге кеңінен кірісті. Олардың нәтижесінде орасан зор археологиялық, антропологиялық, этнологиялық және Орталық Азияның табиғи-жағрафиялық жағдайына қатысты деректер жиналып, жергілікті халықтардың тарихына мол жаңалықтар енгізілді.

Орталық Азия – жалпы түркі тілдес халықтардың ежелгі отаны. Олар осы жерде туып-өсіп, Жер шарындағы басқа да көптеген халықтар сияқты, талай тарихи дәуірлерді басынан кешіргенін табылған археологиялық деректер дәлелдейді. Тілге тиек болатын мағлұматтар тас дәуірінен басталып, соңғы ортағасырға жалғасады. Алғашқысында терімшілікпен, жинаушылықпен өмір сүрген аборигендер кейіннен, мезолит кезінде өзара еңбек бөлісуге қол жеткізіп, мал шаруашылығымен айналысқан. Эволюциялық



дамудың нәтижесінде олар қоршаған табиғи-жағырафиялық жағдайға икемделіп, отырықшы, жартылай отырықшы шаруашылықпен, ал шөлдік аймақтарда мал шаруашылығымен айналысқан. Осындай өмірді барлық аймақтағы түркілер бастарынан өткеріп жатқан. Орталық Азияда Тұран ойпаты сияқты жерлерде отырықшылар ежелден басым болып, отырықшы мәдениеттің негізін салған. Ол мәдениетті өркениетті дәрежеге жеткізу үшін жартылай отырықшылар мен көшпелілер де өз үлестерін қосып отырған. Жартылай отырықшылардың тұрақты баспаналары қыстайтын жерлерінде және жайлауында да болған. Қазіргі кезде тұрақты қоныстардың қалдықтарын археологтар Қазақстанның барлық жерінен тауып жатыр. Өйткені таза көшпелі халықтар, тайпалар, рулар болмаған. Олардың басым көпшілігі кешенді шаруашылықты дамытқан.

Сөйтіп, жалпы түркілер, оның бір үлкен бөлігі қазақтар шетінен көшпелі тіршілік кешпеген. Олардың тұрмысында отырықшылық басым болған, ертеден бастап қалалар, тұрақты мекендер салған [38]. Бұл мекендер жергілікті халықтардың салған отырықшы мәдениетінің орталықтары. Ертедегі Орталық Азиядағы салынған ірі шаһарлардың көпшілігінің жасы 2 мың жылдан асады: Семізкент (Самарқанд), Бұқара, Ташкент, Отырар, Түркістан, Испиджаб (Сайрам), Тараз, Мерке, Баласағұн және т.б.

Сөйтіп, XX ғасырда тарих ғылымының, оның ажырамас тармағы археологияның қолға түсірген тамаша жаңалығы айтарлықтай. Осы табыстарымен археология тарих ғылымында төңкеріс жасады. Жиналған археологиялық, тарихи деректер жеткілікті. Соған негізделіп, ғасырлар бойы көпшілік тарихшылардың «жалпы түркілер, соның ішінде қазақтар «көшпелі болып келді» деген пікірін қайта қарайтын уақыт жетті. Біздіңше, қазіргі қазақ халқының мәдени өркениеті даму сағасын ертеден алатын, түркі халықтарының отырықшы мәдениетінің негізінде қалыптасқан және ол үздіксіз эволюциялық заңдылықпен дамып келе жатыр.

## Әдебиеттер

1. Советская историческая энциклопедия (СИЭ). Т. I. М., 1961. С. 828.
2. Сонда. 831-б.
3. Труды Орхонской археологической экспедиции. Т. 1, 3–5, 9, 11. СПб., 1892–1899.
4. Киселев С.В. Монголия в древности //Изв. АН СССР. Серия истории и философии. Т.4. 1947; Новое в изучении древнейших культур Монголии //Советская этнография. 1962. №1; О начале земледелия за



- Байкалом и в Монголии // Древний мир. М., 1962; Дорж. Д. Неолит Восточной Монголии. Улан-Батор, 1971.
5. Киселев С.В. Монголия в древности // Изв. АН СССР. Серия истории и философии. Т.4. 1947. №4.
6. Краткие отчеты экспедиции по исследованию Северной Монголии в связи с Монголо-Тибетской экспедицией П.К. Козлова. Л., 1925.
7. Киселев С.В. Древние города. М., 1971.
8. Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. М., 1969.
9. История Монгольской Народной Республики. М., 1983. С. 23.
10. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. Астана, 2003. 7–36-б.
11. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951; Он же. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.-Л., 1959; Кляшторный С. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964.
12. Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1701 г. СПб., 1882.
13. Радлов В.В. Сообщение о раскопках. Отчеты археологической комиссии (ОАК) за 1866 г. СПб., 1867. С. XXII–XXIV.
14. Самашов З., Базарова Г., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берел. Алматы, 2000. С. 14.
15. Археологическая карта Казахстана (АКК). Алма-Ата, 1960. С. 10.
16. Мұстафа Ш. Шығармалары. 2-т. Алматы, 1999. 132–134-бб.
17. Пантусов Н.Н. Археологические памятники в Семиречье и Кульджинском крае // Туркестанские ведомости. 1879. №43; Труды XII археологического съезда. Харьков, 1902.
18. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II. М., 1966. С. 21–94.
19. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. С. 12–17; Лунин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. Ташкент, 1958.
20. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. С. 10–26.; Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 16–31-бб.
21. Черников С.С. Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая. М., 1949; Бернштам А.Н. Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алтая // Материалы исследования по археологии СССР МИА. М.,–Л., 1952; Список основных печатных работ А.Н. Бернштама // Краткие сообщения Института ист. матер. культуры. Т. 80. М., 1960.
22. Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 г.) // Известия АН КазССР. Сер.ист. 1948. Вып. №4; Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года // Известия АН КазССР. Сер. археологическая. 1949. Вып.2; Кызласов Л.Р., Маргулан А.Х. Плиточные ограды могильника Бегазы // КСИИМ. 1950. Вып. 32; Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алматы, 1966; Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Соч. Т.1. Алматы, 1998.



23. Назарбаев Н.А. Дорогие читатели // Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Т.1. Алматы, 1998. С. 5.

24. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 9-б.

25. Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана //Изв. АН КазССР. №67. Сер.археологическая. Вып. 2. Алматы, 1950; Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана //Труды ИИАЭ. Т.30. Алматы, 1958; Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972.

26. Акишев К.А. Памятники старины Северного Казахстана // ТИИАЭ АН КазССР. 1959. Т.7; Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963; Акишев К.А. Памятники старины Северного Казахстана //ТИИАЭ АН КазССР; Акишев К.А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. М., 1978; Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские //Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973.; Агеева Е.И. Курганские могильники ранних кочевников северо-восточной части Алма-Атинской области //Изв. АН КазССР. Сер. ист., архелог., этногр. 1959. Вып. 3 (11); Мартынов Г.С. Иссыкские находки //Краткие сообщения ИИМК. Вып. 59. 1955.

27. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 22–23-бб.

28. Сонда. 22-б.

29. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986; По следам древних городов Казахстана. Алматы, 1990; Байпаков К.М., Ерзакович А.Б. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1974; Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отырар. Алма-Ата, 1981; Их же. Отырар в XIII–XV вв. Алма-Ата, 1987; Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, 2005; Сямашев З., Григорьев Ф., Жумабекова Г. Древности. Алматы, 2005.

30. Алпысбаев Х.А. Находки нижнего палеолита в Южном Казахстане //ТИИАЭ АН КазССР. 1959. Т.7; Находки памятников каменного века в хребте Каратау //ТИИАЭ АН КазССР. 1962. Т.14; Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, 1979.

31. Таймагамбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч. Валиханова. Алматы, 1990.

32. Самашев З. Наскальные изображения верхнего Прииртышья. Алматы, 1992; Самашев З., Базарбаев Г., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берел. Алматы, 2000.

33. Шәлекенов У.Х. Құм басқан қала. Алматы, 1992; Шәлекенов У.Х. Библиографиялық көрсеткіш. Алматы, 1998; Соныкі. Түріктердің отырықшы өркениеті. Алматы, 2003; Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У. Баласағұнның жұмбағы шешілді. Алматы, 2004; Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI–XIII ғғ. басы). Алматы, 1998.

34. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 5.

35. Сонда. 8-б.



36. Сонда.

37. *Толстов С.П.* Древний Хорезм. М., 1948; По следам древнехорезмской цивилизации. М., 1948; По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962; *Толстов С.П., Андрианов Б.В.* Новые материалы по истории развития ирригации в Хорезме //КСИЭ, XXVI. 1957; *Толстов С.П.* Приаральские скифы Хорезма (к истории заселения и освоения древней дельты Сырдарьи) //Советская этнография. 1961. №4; *Толстов С.П., Кесь А.С., Жданко Т.А.* История географии и палеографии Азии. М., 1955; *Андрианов Б.В.* Древние оросительные системы Приаралья. М., 1969; Неоседлое население мира. М., 1985 және т.б.

38. *Шәлекенов У.Х.* Ертедегі және ортағасырлардағы қалалар //ҚазМУ. Хабаршы. Тарих сериясы. 1999. №12; Ертедегі және ортағасырлардағы Әмудария мен Сырдарияның алқаптарындағы түрік қалалары //Ақиқат. 1999. №6; Ұлы Жібек жолының дамуына ирандықтардың қосқан үлесі. ҚазМУ. Хабаршы. 1999. №15; Орталық Азия түрік әлемінің ежелгі отаны //ҚазМУ. Хабаршы. Тарих сериясы. 2000. №3; Орталық Азия шығысындағы түріктердің ерекшеліктері // ҚазМУ. Хабаршы. Тарих сериясы. 2001. №1 (20); Орталық Азияның шығысындағы түріктердің ерекшеліктері //ҚазМУ. Хабаршы. Тарих сериясы. 2001. №1 (20).





*II тарау.*

## **БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ СӘУЛЕЛЕНУІ**



### **2.1. Ертедегі ортағасырдағы Баласағұн**

**Қ**азақстан жері ерте замандардан бері отырықшы мәдениеттің пайда болған және оның дамыған аймағы. Оның дәлелі болатын үлкенді-кішілі ортағасырлық шаһарлардың қалдықтары мен қоныстардың көп екеніне жоғарыда тоқталып өттік. Олардың ішінде дүниеге әйгілі Ұлы Жібек жолындағы бірнеше түркі мемлекеттерінің астанасы болған Афрасиаб (Самарқанд), Бұқара, Өзкенд, Сужаб және Баласағұн қалалары. Өкінішке қарай, бұл қалалардың көпшілігінің орналасқан жерін анықтау өте қиынға соғып жүр. Ескі қалалардың, бекіністердің орындары Шу, Талас өзендерінің алқаптарында археологиялық ескерткіштер күйінде сақталып келген. Мезгіл ағымымен олардың көпшілігі өздерінің алғашқы атауларынан айырылған. Бізге ол қалалар құм, саз, топырақ басқан үлкенді-кішілі төбелер күйінде, сыры ашылмаған күйінде келіп жеткен.

Сондай жер астында қалғандардың бірі – әлемге әйгілі тарихи Баласағұн қаласы. Оның қай жерде орналасқанын анықтаумен шығыстанушы ғалымдар XIV ғасырдың басынан бері айналысуда. Баласағұн Батыс Түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің орталығы болғаны тарихи деректерден белгілі. Сондықтан да Баласағұнның тұрған жерін анықтаудың тарихи да, ғылыми да зор мәні бар екенін есте сақтап, оны іздеуге көп көңіл бөлінген. Бірақ әзірге дейін бұл қаланың орналасуы жөнінде әртүрлі пікірлер айтылумен ғана шектелуде. Сондықтан бұл болжам ғана, ол ғылыми тұрғыдан осы күнге дейін дәлелденген жоқ. Енді Баласағұн қаласы туралы ғалымдардың жазып қалдырған деректерінен мәліметтер келтірейік.

Баласағұн қаласы туралы азды-көпті тарихи деректер ортағасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген жерлесіміз, Хорезм жерінде дүниеге келген Мұхаммед



Ибн-Мұса әл-Хорезми (IX) өзінің дүние жүзілік жағырафиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түркі қалалары туралы сөз қозғаған және де оларды картаға түсіріп, координаттарын белгілеген. Солардың ішінде Баласағұнды да дәл көрсеткен [1]. X ғасыр аяғы мен XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің жағырафиялық картасында Баласағұнды  $91^{\circ} 30'$  бойлықта,  $44^{\circ} 40'$  ендікте орналастырған, Таластың  $89^{\circ} 50'$  бойлықта,  $43^{\circ} 5'$  ендікте жатқанын көрсеткен [2].

VII ғ. екінші жартысында Араб халифаты Орталық Азияға кіріп, өздерінің қол астына өткен жерлердегі автохтондық түркі халықтарының арасында үстемдігін жүргізіп, ислам дінін таратты. Сонымен бірге Орталық Азияның табиғи-жағырафиялық, этникалық, экономикалық және мәдени жағдайларымен тереңірек танысу үшін ел арасынан деректер жинады. Бұл тарихи заңдылық. Отарлаушылар қол астына өткен жерлерде бекемденіп, ол жерді ұзақ билеп тұру үшін, алдымен осындай жұмыстарды жүргізген. Осы мақсатпен түркілердің жеріне Арабия, Иран, Ауғанстаннан ғалымдар, саяхатшылар, саудагерлер Ұлы Жібек жолымен келіп жатқан. Олардың Орталық Азия халықтары туралы жинаған кешенді деректері кітап, қолжазба ретінде сақталған. Зерттеушілердің еңбектерінен Ұлы Жібек жолындағы әлемге әйгілі Баласағұн қаласы туралы азды-көпті деректерді кездестіреміз. Енді, олардың ішінен бізге белгілі ғалымдарының еңбектеріне тоқталайық.

820 жылы туылған арабтың жағырафия танушысы Убейдаллак Ибн-Абдаллах Ибн-Хордадбек өзінің 846–847 жж. жазылған «Китаб ал-масалик ал-мамалик» атты еңбегінде Орталық Азиядан өтетін Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы ірі-ірі қалалардың аттарын атап, олардың арақашықтығын фарсах (бір фарсах 6 км. – *У.Ш.*) арқылы көрсеткен. Ғалым еңбегінде Самарқанд (Темір қақпа – ертеде бұл қаланы осылай атаған), Шаш (Ташкент), Испиджаб (Сайрам), Шараба (Шарапхана. – *У.Ш.*), Түркеш қаласы (Баласағұн. – *У.Ш.*), Барсхан, Навакет (Набакент. – *У.Ш.*), Кубала, Жоғарғы Барсхан қалаларының аты аталған. Осы қалалардың арақашықтықтары берілген. Біздіңше, ғалым қалалардың бір-бірінен қанша қашықтықта орналасқандарын дәл көрсетуге тырысқаны байқалады. Мысалы, Шаш және Испиджабтың арасы 13 фарсах десе, қазіргі Сайрам мен Ташкенттің арақашықтығы 78 км болып шығады. Тараздан шығысқа қарай, Түркеш (Баласағұн. – *У.Ш.*) қаласына дейінгі Ұлы Жібек жолындағы ірі қалалар мен үлкен тұрақты мекендердің арақашықтығын фарсахпен белгілеп, сол екі қаланың арасындағы жазылған қашықтықтарды қосқанда



48 фарсах болады. Оны 6-ға көбейткенде 288 км болып шығады. Қазіргі Тараздан Алматыға қарай тартылған тас жолдың да ұзақтығы Баласағұнға дейін сол көрсетілген қашықтықтан аспайды [3]. Ғұламаның атаған қалалары Ұлы Жібек жолының солтүстік желісінің Тасөткелден өтетін бойлауында орналасқан.

X ғ. басындағы арабтың жағырафия танушысы, тарихшысы Ибн ал-Факиха ал-Хамадани өзінің «Китаб ахбар ал-булдан» атты еңбегінде біздің жоғарыдағы тоқталған Ибн-Хордадбектің жазғанын қайталаған. Бірақ Тараздан Кимақ еліне атты адамның 80 күнде бара алатынын айтқан [4].

X ғ. арабтың ұлы жағырафиятанушысы, Иерусалимде дүниеге келген ғалым Мұхаммед Ибн-Ахмед ал-Макдиси барлық мұсылман елдерін, соның ішінде Орталық Азияны да түгел аралаған. Нәтижесінде бай деректерді топтап, өзінің «Ахсан ат-такасим фима'рифат ал-акалим» туындысын жазған. Орталық Азия түркілерінің көптеген тұрақты мекендері мен қалаларын ғұлама осы еңбегінде келтірген. Солардың ішінде үлкен қалалардың қатарында Баласағұнды екі жерде айта келіп: «Баласағұн халқы көп, суы мол қала. Оның төңірегінде бір-біріне жақын көлемді және тұрғындары көп қалалар орналасқан» [5] дейді. Ал-Макдиси Испиджаб қаласының сонша үлкен аймақтық қала екеніне айрықша көңіл бөліп, оның рабады мен мединасының үлкен көлемді алып жатқанына, оның дарбазасы (қақпасы) бар екеніне тоқталған: Нуджакет, Фархана, Шафан, Бұхара. Оның базарының бір айлық кірісі 7000 дирхем екені айтылған [6].

Жоғарыда біз тоқтаған Таяу Шығыс елдерінің ғұламалары Баласағұн қаласы жөнінде күрделі мағлұмат бере алмағанын байқаймыз. Олардың көпшілігі Ұлы Жібек жолындағы және жалпы Орталық Азия қалалары туралы жазғанда, Баласағұнға да тоқтап, оның үлкен шаһар екенін тілге тиек еткен.

Ертедегі ортағасырдағы ғұламалардың ішінде Баласағұн туралы жан-жақты мағлұмат берген Махмұд Қашқари. Ол түркі халқының ішінен шыққан ұлы ғұлама және жерлесіміз. X ғ. бірінші жартысында Шу және Талас өңірлерінен шыққан ғұламаның еңбегін зерттеуші, қазіргі қазақ тіліне аударушы Асқар Егеубай: «Махмұд Қашқаридың толық аты-тегі Махмұд Құсайынұлы, бабасы Мұхаммед. Ата-бабасы Барсғанда туған. Яғни ата-тегінің шыққан жері, өзінің өсіп-өнген жері осы көне түрік шаһарларының аумағы, Баласағұн, Барсған жері. Өзі де осы құнарлы Талас, Шу топырағында, Барсған қаласында дүниеге келген» [7] дейді. Барсған (Барсхан) Шу өзенінің жоғарғы ағысында, осы күнгі Қырғызстанның Тоқпақ қаласының жоғарғы жағында, Ыстықкөлге баратын тас жолдың бойындағы ортағасырлық



ескерткіш. «Барсған – Афрасиаб ұлының есімі. Барсған қаласын салдырған сол. Бұл Махмұдтың атасының шаһары» [8], – деп жазды.

Бұл келтірілген деректер М. Қашқаридің Талас, Шу өлкелерінің перзенті екенін дәлелдейді. Ол есейгеннен кейін, Шығыс Түркістанның орталығы Қашқарға барып оқып, тәрбиеленіп, ержеткен соң, сол қаланы өзіне лақап аты ретінде қабылдаған [9].

Ғұлама өзі туралы қысқаша мағлұмат береді: «Сонымен, мен сол түркілердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым... Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас, түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сиынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат ит-түрк – Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім» [10].

М. Қашқаридың өзіне берген мінездемесінен оның әйгілі түркі тайпаларынан шыққанын, білімді ғұлама, көп салалы тәлім-тәрбие алған, елінің бір сырлы, сегіз қырлы азаматы екенін байқау қиын емес. Ол ғылым жолына түсіп, түркі елдерін бастан-аяқ аралап, өзінің халқының тарихын, мәдениетін жетік иеленіп, ел арасынан құнды деректер жинап, соның негізінде мәңгі жасайтын ғылыми еңбек қалдырған ғалым. М. Қашқаридың бұл еңбегінде түркілердің үлкенді-кішілі қалалары мен тұрақты мекендері туралы құнды мағлұматтар баршылық. Оларды аталмыш еңбегінде өзі жасаған әлемдік дөңгелек картада көрсеткен. Ертедегі ортағасырда Баласағұн қаласы туралы ол мол мағлұмат қалдырған. Біз осы еңбегімізде, М. Қашқари бабамыздың сызған дөңгелек картасына және «Диуани лұғат ит-түрк» ғылыми мұрасына сүйендік. Мүмкіндігімізше, Баласағұн туралы жазылған деректерінен кең пайдалануға тырыстық. Енді сол деректерден мәліметтер келтірейік.

М. Қашқари өзінің дөңгелек картасында Баласағұн қаласы жетінші климатта орналасқанын көрсетіп, Талас (Тараз) қаласының шығыс-солтүстігінде орналасқанын жазған. Ертедегі ортағасырда, мұсылман дүниесінде карта сызғанда, Меккені орталығы етіп алып келген болса, ал М. Қашқари өзінің картасында Қашқар қаласын орталық етіп алып, картаның Батыс Түркістан жағының орталығын Баласағұн қаласы етіп белгілеген. Кейінгі кездегі шығыстанушы кейбір ғалымдар М. Қашқаридың карта-



сын сызудағы кіргізген жаңалығы заңды құбылыс екенін атаған [11]. Ғалымның картада Баласағұнды көрсеткен орны жоғарыдағы айтылған әл-Бирунидің пікіріне сәйкес келеді.

М. Қашқари «Түрік сөздігінде» Ұлы Жібек жолының солтүстік желісінің бойындағы қалалар мен тұрақты мекендер, асулар сияқты орындарға сондай-ақ Баласағұн туралы мағлұмат бере келіп: «Арғу: екі таудың арасы. Тараз (Талас) пен Баласағұн арасындағы шаһарларды «Арғу» дейді. Өйткені ол жерлер екі тау арасында жатыр» [12], – дейді. Қазірдің өзінде де, Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орны екі таудың арасына орналасқаны байқалып тұр. Оның солтүстік-шығысында Жайсан тауы, оңтүстігінде Қырғыз Алатауы жайласқан. Бұл ғұламаның ерекшелігі, өзінің еңбегінде табиғи-жағырафиялық жағдайды да еске алған.


Баласағұн шаһарының атамалары мен оның келіп шығуына М. Қашқари айрықша көңіл бөлген. Ғұламаның сол пікірлерін толығырақ келтіруді жөн көрдік: «Ұлұш: қала, қыстақ (Шігілше – ол рудың аты – *У.Ш.*). Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтар тілінде «uluo» сөзін «шаһар» дейді. Содан барып Баласағұн шаһарын «Kuz uluш – Күз ұлұш» деп атаған [13]. Тағы да бұл қаланы «Күз орда», яғни хан қаласы деп атаған [14]. Осы деректер халықтың «сүйген құлдың аты көп» – деген қанатты сөзін еске түсіреді. Өйткені ол түркілердің ірі қаласы болғандықтан, өздерінің сүйікті қаласына әртүрлі атамалар бергенге ұқсайды.

Баласағұн қаласының этимологиясы мен оның келіп шығуына М. Қашқари құнды деректерді береді. Қаланың аты екі сөзден құрылғанын былайша түсіндіреді: Бала + сағұн. Бірінші сөз «жас» дегенді білдірсе, екінші сөз жоғарғы дәрежелі адамдарға беретін құрметті атақ, лақап екені айтылған. Ғұламаның сөзі: «Сағұн: Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түркі тәуіптеріне: «Ата сағұн» дейді» [15]. Осыдан Баласағұн қаласының этимологиясы «Жас хақан», яғни Баласағұн деген атамадан шығады.

Тарихта белгілі, бұл қала түркештер мен қарлұқтардың астанасы болған. Оның негізін салушы жергілікті түркеш тайпалары. Сондықтан да, жоғарыда келтіргендей, оны түркештердің қаласы деп атаған. Бұл пікірді қуаттайтын М. Қашқаридың жазған мынандай хикаясын толық келтірейік:

«TÜRKMEN – ТҮРКМЕН: түркмен. Бұлар оғыздар.

Олардың «түркмен» деп аталуы хақында мынадай хикая бар: Зұлқарнайын Самарқандтан асып, түрк қалаларына қарай беттеген кезде, түркілердің «\*\*\* – Шу» есімді бір жас хақаны болған екен. Ол үлкен қосынның иесі болған. Баласағұн жанындағы



Академик Ә.Х. Марғұлан

«\*\*\* – Шу» қаласын (осы. – *А.Е.*) Шу басып алған да, өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған. Батыр хақан Шуға Зұлқарнайынның жақындап қалғандығы жөнінде хабар жеткізіп: «Зұлқарнайын жақындап келіп қалыпты. Онымен соғысамыз ба, не істейміз?» – деп сұрапты.



Хақан Шу Хожанд дариясының бойына қарауыл қойып, әрі Зұлқарнайынның өзеннен өткенін хабарлау үшін сол өзен жаққа таңдаулы қырық тарханнан шолғыншы жіберіп отырса керек. Олар жасырын жөнелтілген. Шолғыншылардың кеткендігінен хан қосынындағылардың бәрі бейхабар, ешкім білмейді екен. Оларға қарағанда хақанның көңілі жай, жүрегі орнықты екен. Хақанның жорыққа, сапарға шыққанда қоса алып жүретін күмістен құйылған хауызы бар көрінеді. Оған су толтырғаннан кейін қаз, үйрек жүзіп, сүңгіп ойнайды екен. «Зұлқарнайынмен соғысамыз ба, қайтеміз?» – деп сұрағандарға хауызын көрсетіп: «Қаз, үйректерді қараңдаршы, қалай сүңгиді екен?» – деп жауап береді. Хақанның жауап орнына айтқан сөзі адамдарды ойлантып тастайды. Олар бұдан «Хақан Зұлқарнайынмен ұрыспақшы да емес, өзі бір жаққа шегінбекші де емес» деген дүдәмал ойға қалады. Зұлқарнайын дариядан өтеді. Шолғыншылар оның дариядан өткенін хақанға түнделетіп келіп хабарлайды. Хақан сол түнде дабыл қақтырып, Шығысқа қарай жолға шығыпты. Хақанның әзірліксіз жолға шыққандығынан халық ішінде алаңдау туып, әбігер болады. Үлау тапқандары асығып-аптығып, мінгесіп-ұштасып хақанның соңынан еріпті. Әбдірегендіктен, сасқандықтан бірі-бірінің ылауына мінісіпті. Таң атқанда үлкен бір сайға келіп кіреді. Ол кезде Тараз, Ісбіжап, Баласағұн (жоғарыда Баласағұндағы сарайының алдында дабыл соғылатыны айтылған... Не жаңылыс кеткен, не екі Баласағұн туралы болжамның жаны бар. – *А.Е.*) қалалары салынбаған уақыт. Бұлардың бәрі кейін салынған. Ол жерлерде киіз үйлерде тұратын көшпенділер өмір сүретін. Хақан өзінің қосынымен түнделетіп аттанғанда, жиырма екі адам олармен бірге кетуге ылау таба алмай, бала-шағаларымен сол жерде қалып қояды. Мен олардың есімдерін кітаптың басында көрсеткенмін, малдарына басатын таңбаларына дейін сонда айттып көрсетіп өткен болатынмын. Мәселен: «\*\*\* қыпық: қынық», «\*\*\* – салғұ: салғұр», тағы басқалары. Осы жиырма екі ауыл осы жерде тұра берсек деп кеңесіп тұрғанда, олардың қасына екі кісі келіп қосылады. Олардың бала-шағалары да қастарында бірге екен. Жүктерін арқаларына артып алып, қосынның соңынан кетіп бара жатқан беттері болса керек. Арып-ашып, шаршаған, қиналған, жүк артып терге малшынған. Осы екі ауыл қалып қойған жиырма екі ауылға қосылып, тілдеседі. Екі түтін оларға: «Ай, адамдар! Зұлқарнайын да бір жолаушы, ол бір жерде тұрмайды, біздің жерде де тұрып қалмай өтіп кетеді. Біз бәрібір өз жерімізде өзіміз қаламыз», – деседі. Олар екі ауылға: «\*\*\* Қал ач: Қал ач – Осы жерде қалыңдар, осы жерде тұрып қалыңдар» – депті. Кейін



олар «\*\*\* Қалач: Қалач» – деп аталып кеткен. Қалачтардың түп негізі солар. Олар екі тайпа жұрт.

Зұлқарнайын келгенде олардың ұзын шаштарын, түркітерге тән қасиет белгілерін көріп, жөн сұратып сөйлеспестен-ақ «\*\*\*\*\* – түрк мәпенд: түрк мәненд» дейді. «Түркітерге ұқсайды» дегені екен. Содан кейін осы атау солардың аты болып қалған. Негізінде олар жиырма төрт рулы жұрт. Әйтсе де, ежелгі әдетпен жиырма екі ата қалған екеуінен өздерін бөлек санайды. Сол себепті олар оғыз деп есептелмейді. Бұл сөздің жөні де солай.

Хақан Шу Шынға өтіп кетеді. Зұлқарнайын оның соңына түседі. Ұйғырларға жақын жердің бірінде Шу хақан Зұлқарнайынға бір бөлек қосын жібереді. Зұлқарнайын қарсы қол салады.

Бұл шайқас «\*\*\*\* Altun қап: Алтұн қап» деген бір тауда болған еді. Қазір ол тау «\*\*\*\* Altun хан: Алтұн хан» деп аталады. Зұлқарнайын мен хақан Шу сол жерде бітімге келеді. Одан кейін Зұлқарнайын ұйғыр қалаларын салдырды; сол жерде біраз тұрып қалды. Зұлқарнайын қайтып кеткеннен кейін Шу хан қайтып келеді де, Баласағұнға қарай ілгері басады. Содан соң өзінің атымен аталып кеткен Шу қаласын салдырады. Сол жерді ырымдап тылсымдатады. Күні бүгінге дейін ләйлектер сол тылсым сиқырлы қала маңынан асып кете алмайды. Шахар тұсына келіп тоқтап тұрып қалады. Әрі қарай өте алмайды. Сол тылсым күні бүгінге дейін бұзылмай сақталып келеді» [16].

М. Қашқаридың жазған хикаясын сол қалпында түгел келтірдік. Өйткені оның ішінде аксиома және теорема мәніндегі деректер баршылық. Хикаяның мұндай мағынада болуы – оның табиғи қасиеті. Түрікмендер, эзербайжандар және оспан түріктері өгіз тайпаларының ұрпақтары екенін өз тарихтарында мойындайды. Шу есімді жас түріктің хақаны Баласағұнға жақын қала салып, оған өзінің атын беруі де шындықтан алшақ емес. Қазірдің өзінде де бұл екі қаланың арасы жақын. Хақан Шу осы екі қаланы да өзінің атымен атағанға ұқсайды. Біреуін өзінің шынайы есімі Шу десе, екіншісін Баласағұн, яғни жас хақанның қаласы (Баласағұн) деудің жөні келіп тұр. Билеушінің даңқы шыққан, елінің ізет-құрметіне бөленгенін білдіретін жәйт. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұратыны соның айғағы болып көрінеді. Ғұламаның бұл келтірген деректері бойынша Баласағұн осы жас батыр, елбасшы Шудың атына арнайы қойылған қала деуге әбден болады.

Александр Македонский (арабша Ескендір Зұлқарнайын) б.з.б. 356–323 жылдарда жасаған тарихи тұлға. 329 ж. Орталық Азияға келіп, Марақанды (Самарқанды) алып, Сырдария өңіріндегі қалаларға аяқ басқан. Жергілікті тұрғындар Ескендірдің әскері-





мен айқаса күресіп, оларды Сырдарияның оң жағасына өткізбеген. А. Македонский бұл жерде үш жылға жақын болып, б.з.б. 327 ж. көктемінде Батыс Үндістанға өткен. Әлбетте, бұл маңға Ескендір әскерінің келуі жергілікті тұрғындарды дүрліктіргені шындыққа келеді. Соның салдарынан кейбір тайпалар Шығыс Түркістанға қоныс аударып, бағзы біреулері көшпей қалып қойғандарын М. Қашқари атап көрсетеді. Бірақ бұл кезде хақан Шудың осы оқиғаға қатысканының қисыны келіңкіремейді. Хикаяда баяндалған Александр Македонский мен хақан Шу екеуінің жасаған хронологиялық кезеңдері тура келмейді. Шу Батыс Түрік қағанатында VI–VII ғғ. жасаған атакты хақандардың бірі болған көрінеді. Солай болса да, бұл хикая Баласағұн мәселесін шешуде бірқанша құнды деректердің бірі.

Махмұд Қашқари Баласағұнға жақын жатқан жерлердің, қалалардың атын атайды. Олардың кейбіреулері Баласағұнмен тіпті іргелес жатқан. Солардың бірі – Қырықкүй, Қарақыршын, Тасқала (Тасөткел), Тоқтали. Бұлардың бәрі осы күнгі Ақтөбенің (Баласағұнның) солтүстігіндегі жалғасып жатқан қалалардың орындары болса, қаланың оңтүстігіндегі осы күнгі Қырғыстанға қарайтын жерлерде ортағасырлық қалалар жеткілікті. Осы көптеген қалалар мен отырықшы мекендердің ортасында Баласағұн орналасқан. Осынша көп санды мекендердің кейбіреулері М. Қашқаридың еңбегінде аталған: «Шу – Баласағұнға жақын шаһар; Бақырлығ – Баласағұнға жақын жер; Бадаларт – Ош пен Баласағұн шаһарларының арасындағы жолы қиын асу» [17].

Сонымен бірге, Баласағұн шаһарының төңірегіндегі сол кездегі белгілі тарихи жер атамаларын ғұлама өзінің еңбегінде жазып қалдырған. Бұл деректердің қаланың орнын анықтауда тілге тиек болғаны себепті, оларды атауды жөн көрдік. Олар: Баласағұн тауы (Әулиетау); Бақырлықтау және Юн-Арық. Аттары аталған тарихи орындар М. Қашқаридың еңбегінде былай берілген: «Құлбақ. Түріктердің үлкен діндар, әулие адамдарының біреуінің есімі. Ол Баласағұн тауларында тіршілік етті. Айтылғандарға қарағанда, ол қара тасқа «Тәңірі құлы Құлбақ – Тәңірдің құлы Құлбақ» деп жазса, ақ жазумен жазылып шығады екен, ал ақ тасқа жазса, қара жазумен жазылып шығады екен. Оның іздері күні бүгінге дейін сақталған деседі» [18]. Енді Бақырлықтау туралы: «Баласағұнға жақын бір жердің атауы. Бақырлығ – мысты. Бақырлығ тағ – мысты тау; мысы көп тау» [19] – деп жаза келіп, Баласағұнға жақын жерде Юн-Арық деп аталатын бұл қаланың тұрғындарының жайлауы бар екені айтылған. Бұл аттары аталған тарихи жерлердің біз зерттеген Баласағұн (Ақтөбе) шаһарының



төңірегінде орналасқандары анықталды. Сондықтан ол жерлерге жұмыстың кейінгі тарауларында тоқталамыз.

М. Қашқаридың замандасы, XI ғ. Баласағұн қаласында дүниеге келген Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» (1069–1070 жж.) шығармасында кіндік қаны тамған қаласы туралы мағлұмат береді. «Құтты білікті» көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған жазушы, ғалым А. Егеубаев былай дейді: «Қазір бүкіл шығыс зерттеушісі ғалымдардың назарын күн санап өзіне аудара түскен «Құтты білік» 1069–1070 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы – Жетісу өңірінің Шу өзені бойындағы тарихқа ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі Баласағұнда (Күзорда деп те атаған) туып-өскен. Жүсіп бұл қоғамдық әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахмати Араттың жобалауы бойыншы) жазған. Ежелгі Баласағұн қаласында бастап, Қашқарда аяқтап, Караханидтер мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан оның еңбегін жоғары бағалап, «Хас Хажыб» деген атақ берген. Сөйтіп, Жүсіптің Хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған...» [20].

«Құтты білік» поэмасынан айқын байқалып тұрғандай, Жүсіп Баласағұн өз заманының озық ойлы энциклопедист ғалымы, философы, адам жанын нәзік сезінген ақыны, шығыс поэзиясы мен мәдениетін, қоғамдық-әлеуметтік диалектиканы кемел біліп түсінген ойшыл, білімді қайраткері болған. Астрономия, математика, жаратылыс, қоғамдық қарым-қатынастар заңдылығын жетік білген.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасында автордың Құлық әулиеге сиынғаны былай жазылған:

«Елік айтты: – Ұқтым енді сөзінді,  
Қуант мені; ықтият бол өзің де.  
Мен айтайын, жаманатты білгейсің,  
Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.  
Жақтырмаймын: жалғандықты жалғанда,  
Зорлық етіп, қара күшке салғанды...  
Ісі – олақ, өсек-өтірік тергені,  
Өзі ұшқалақ, көзі ұятсыз пендені.  
Дөрекелік, қызбалық та – ағаттық –  
Құлы болса қу құлқын мен шараптың,  
Ондай жандар шығыса алмас менімен,  
Айттым ашық: тең ғой әркім теңімен.  
Адал қызмет еткің келсе, кел, біліп...»



Мұндайлардан тый өзіңді, ей, Күлік!  
Жақын тартып, бұл көңілің тоғаяр,  
Менің де ізет, ықыласым молаяр!» [21]

Бұл келтірілген шумақтан, ғұламаның өмір сүрген кезінде, Құлық әулиенің дүниеден өткені байқалады. Бірақ ол түркілердің арасында әйгілі әулие адам болған, халықтар оның аруағын дәріптеп, сиынған. Ж. Баласағұн адамдардың арасындағы болатын жағымсыз істерге, мінездерге, жалпы күнәлі қылмыстарға тоқталып, солардан сақтану үшін Құлық әулиеге сиынғанын байқаймыз. Ол өзінің кіндік қаны тамған Баласағұн қаласының қасындағы тауда өмір сүргеніне жоғарыда тоқталдық.

Бұл сөздерден Жүсіп Баласағұн бабамыздың кемеңгер ғалым екенін, оның есімі мәңгі құрметпен аталатын жерлесіміз екенін мақтаныш етуіміз керек. «Құтты білік» поэмасын адамгершілікке талпынған ұрпақтардың баршасы, оның ішінде ел басқарушы азаматтар оқып, көңілге тоқып алулары керек. Сөйтіп, біздің іздеп жүрген Баласағұн қаласы тек Жібек жолындағы сауда-саттық қаласы деп қана емес, ол біздің ертедегі бабаларымыздың, рухани мәдениетіміздің ірі орталығының бірі деп түсінуіміз керек. Бұл қаладан тек қана Жүсіп хас-Хаджиб Баласағұн ғана емес, басқа да көптеген ғұлама ғалымдар шыққан.

Ортағасырлық ұлы ғалым, біздің жерлесіміз Жүсіп Баласағұн өзінің «Құтты білік» поэмасында бұрынғы өткен өмірден хабар береді:

«Болған талай қалалар да, халық та,  
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.  
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,  
Енді соның ізін тауып байқаңыз.  
Бұл жалғанды билеймін деп ойлаған,  
Қайда қалды ханың қанға тоймаған?!  
Көз суалды, түнді-түнге жалғадым,  
Сөзді жазып, баршаңызға арнадым.  
Менің зілдей еңбегімді білсін деп,  
Келер ұрпақ есте тұтып жүрсін деп» [22].

Ұлы ғұлама адам баласының тарихына диалектикалық тұрғыдан қарап, әр түрлі себептермен отырықшы мәдениеттің орталықтары болған көптеген қалалардың жермен-жексен болып кеткенін баяндайды. Сол мәдениетті өрбіткен, оны дамытқан халықтардың тегіне көз жібереді. Сондай қалаларды, халықтарды, ауыл мен тайпаларды іздеудің ғылыми мәні зор екенін арнайы



өсиет ретінде айтып, сөзімнің шындығына көз жіберіңдер, мені естеріңде сақтаңдар деген өсиетін жазып қалдырған.

М. Қашқари мен Ж. Баласағұнилерден кейінгі ертедегі ортағасырда жасаған басқа да ғалымдар Баласағұн шаһары туралы мағлұматтарды өздерінің еңбектерінде қалдырған. Солардың бірі, жерлесіміз Абу Са'д Абд-ал-Керім ас-Сам'ани (1113–1169) Мерв қаласында дүниеге келген. Ол өзінің «Китаб ал-ансаб» атты еңбегінде «Баласағұн қаласы – түріктердің аудандарымен шекаралас орналасқан қала. Ол Сырдарияның арғы жағында, Қашқарға жақын» деген пікір айтқан [23].

Баласағұн шаһары туралы құнды деректерді Мосул қаласының тұрғыны Изз-ад-дин Али Ибн-Мұхаммед Ибн ал-Асир (1160–1234) қалдырған. Ол өзінің «Ал-Камиль фи-т-тарих» еңбегінде барлық мұсылман елдерінің тарихын хронологиялық тәртіп бойынша беріп, моңғолдардың Орталық Азияға басып кіргендеріне тоқталған. Орталық Азиядағы Қарахан мемлекеті туралы құнды деректерді қалдырған. Солардың арасынан Баласағұн шаһарына байланысты мағлұматтарға тоқталайық. 992–993 жылдары Қарахан мемлекетінің ханы Богра-хан Илек Бұхара хандығына шабуыл жасады, нәтижесінде Бұхара әмірі Ибн-Мансур Богра-ханның әскерін қиратқан соң, ол қалған қолымен өзінің астанасы Баласағұнға қайтқаны айтылған. Бір жылдан кейін, яғни 994 жылы Богра-хан Бұхараны жаулап алып, өзінің мемлекетіне қосып, Баласағұн және Қашқар жеріне, яғни Батыс және Шығыс Түркістанда өз үстемдігін жүргізген. Қарахан мемлекетінің бас астанасы Баласағұнда Богра-хан Илек, оның ұрпақтарынан шыққан билеушілердің тұрғаны айтылған [24].

Сирияның Хама қаласының басқарушысы Абу-л-Феда Исмаил Ибн ал-Али ал-Айюби 1273–1331 жылдарда өмір сүрген. Ол өзінің жағырафиялық «Китаб таквим ал-булдан» кітабын жазылған әдебиеттерге негіздеп жазған. Бұл шығармада Орталық Азияның бірқанша бас қалаларының координаттарын беріп, Баласағұнның 91° 35', 91° 50' ендікте, жетінші климатта орналасқанын көрсеткен. Бұл қаланың Сырдарияның ар жағында, түріктермен шекаралас Қашқарияға жақын мұсылман елі екенін жазған. Бірақ қазір моңғолдардың қол астына қарайды деген [25].

Дамаскі шаһарының тұрғыны, Шихаб-ад-дин Ахмед Ибн-Фадлаллах әл-Омари (1348–1349 ж. қайтыс болған) өзінің «Масалик ал-абсар фи-мамалик ал-абсар» еңбегінде Түркістан өңіріндегі көптеген ортағасырлық қалалардың арасында Баласағұнды да атайды [26]. Араб ғалымы Мұхаммед Ибн-Мансур Мерверруди «Тарихи Мүбәракшах» кітабында түркі елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі Гога даласына дейін,



оңтүстігі Үндістанға дейінгі жерлерді алып жатыр деген [27]. Бұл ғалым түркі елдерінің кең-байтақ жерді алып жатқанын баян етумен бірге, түркілердің рухани мәдениеті жөнінде де хабар береді. «Араб тілінен кейінгі түркі тілі өте жақсы және жағымды тіл. Түркілердің жазуы болған. Олар жаратылыстағы құбылыстардың заңдылығын ертеден білген. Балаларын оқытып, сауатын аштырған. Олардың жазуы екі түрлі болған: біреуі соғдыларша, екіншісі оғұз-гузектерше. Түркілер қасида және рубаих жазған. Бізге олардың мағынасы өте зор рубаилары жеткен» [28].

Мұхаммед Ибн-Мансұр Мерверруди түркі халықтарын, олардың мекенін және рухани мәдениетін жетік білгендігі көрініп тұр. Олардың мәдениеті ерте заманнан дамыған. Өте бай, тарихи мәдениетке ие болғандығын баяндап, олардың арасынан ғұлама адамдардың шыққанына да айрықша көңіл бөлген. Бұл пікірді арабтың белгілі ғалымы, энциклопедисі, саяхатшысы Иакут Ибн-Абуллах Ар-Руми әл-Хамава да айтады (1179–1229 жж.). Баласағұн туралы былай дейді: «Баласағұн түріктермен шекаралас қала... Бұл қаладан бір топ ғұламалар шыққан. Олардың ортасынан Әбу-Абдаллах Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Баласағұни шыққан. Ол кісі Ат-Түрік деген ныспымен елге белгілі. Ол Бағдаттағы Әбу Абдаллах ад-Дамагани кади Халифта оқыған. Онан кейін ол Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-әл-Мукаддас кади қызметін атқарған. Онан соң, ол Дамаскіде қызмет еткен» [29].

Арабтың ғалымы Махмұд Ибн-Вали өзінің «Бахр әл-Асрар» атты еңбегінде Баласағұн қорғанының ені 2,5 гяза (біздіңше, 5-6 м. – УШ) болғанын айтады [30]. Бұл ғұлама Баласағұн туралы төмендегі мағлұматтарды береді: «Моңғолдар келгенде дейін Баласағұн жақсы сақталған, гүлденген қала болатын. Онан кейін қирап, азып-тозып, қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маған Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар айтты: Қашқардың қолбасшысы әскерімен Батыс түркі жеріндегі қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираған қалаға келдік. Айналасын құм басқан, биіктігі 4-5 зира (бір зира – 40-45 см), сақталған үлкен-үлкен үйлердің қабырғаларын көрдік. 4 фарсақ (бір фарсақ – 6 шақырым) қашықтықтан мұнаралар, сарайлар, медреселер сарайып анық көрінеді. Осы қаланың қасында қалмақтарға жетіп, екі арада шайқас болды. Оларды жеңіп, Қарабалта өзенінен кейін қайырып, жаңағы қираған қалаға алып келдік. Содан кейін қолға түскен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Біздер қаланы аралағанда, бұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселерді көрдік:



казандар, қыштан жасалған әртүрлі ыдыстар, құмыралар, алашалар, т.б. бұйымдарды кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың мүрделері жатыр. Бұрын ең жақсы, үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шыққан» [31].

Бұл келтірілген деректерден қашқарлықтардың келген қаласы бүлікшілікке ұшыраған, қирап қалған қала күйінде сақталған. Қашқан қалмақтарды Қарабалта өзенінің қасынан қайырып, жаңағы бұзылған қалаға айдап келуі осы күнгі Ақтөбеге (Баласағұнға) дәл келеді. Қарабалта өзені Ақтөбе қаласының батыс бөлігінің үстінен кесіп өтіп, Ақсу өзеніне құяды. Ендеше, қашқарлықтардың келген қаласы апатқа ұшыраған, бүлінген Баласағұн болып отыр. Сөйтіп, қазіргі Ақтөбе бұрынғы Баласағұн деп айтуға бұл да бір тілге тиек болатын дәлел.

Махмұд Ибн-Валидің айтуынша, «Баласағұнда діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіті, 20 ханқа және 10 медресе болған» [32]. Махмұд Ибн-Валидің айтқаны шындыққа келіп, Баласағұн қаласының үлкен мәдени орталық екенін айқындай түседі. Махмұд Қашқаридың айтуынша, Шу, Талас өңірінің тұрғындары IX ғасырдың бірінші жартысында ислам дінін қабылдаған, Баласағұнды билеушілердің ішінде бірінші ислам дініне енген, 955–956 жылдар шамасында қайтыс болған Сатух Бограхан Абдал-Карим [33]. Махмұд Қашқари өзінің жұртшылыққа белгілі «Диуани лұғат ит-түрк» деген еңбегінде: «Баласағұнның тұрғындары соғдыларша және түркілерше сөйлейді ... Испиджаб пен Баласағұн арасындағы қала Харгудың тұрғындарының тілдері жұмсақ келеді» [34] деген.

Жоғарыда біз тоқталған, ертедегі ортағасырда жасаған ғұламалар Ұлы Жібек жолындағы, 704–766 жылдарда үстемдік еткен Түркеш қағанатының, 766–940 жылдардағы Қарлұқ қағанатының, 940–1130 жылдардағы Қарахан мемлекетінің, 1130–1211 жылдардағы Қарақытай (Қарақидан) және 1211–1218 жж. Найманнан шыққан Кушлук (Кучлук) мемлекеттерінің 6 ғасырдан астам астанасы Баласағұн қаласында болғанын айтқан, ал кейбіреулері жазылған әдебиеттерден білген құнды деректерді жазып қалдырған. Солардың деректері, тарихи сахнадан түсіп, аты да, орналасқан жері де бейтаныс болып қалған Баласағұнды табуға, онығылыми тұрғыдан дәлелдеуге жәрдемдеседі. Жоғарыда айтылған 1210 жылы Мұхаммед Хорезмшах пен Қарақытай (Қарақидан) мемлекетінің билеушісі Гурхан (астанасы Баласағұн) арасында Талас өзенінің жағасында, Тараз шаһарының қасында болған шайқаста, Хорезм билеушілігі жеңіске жетіп, Баласағұннан келген Гурхан жеңілген. Жеңіске жеткенмен Мұхаммед Хорезм-



шах Баласағұнға бармай, елдегі жағдайға байланысты Самарқандқа қайтып оралған.

Бұл жағдайдан кейін, Гурхан қалған әскерлерімен өзінің астанасы Баласағұнға қайтып, жолындағы елдерін тонап, ойрандап, Баласағұнға жеткен. Бірақ қала тұрғындары мықты бекініп, Гурханды қалаға жібермеген. Билеуші өзінің тұрғындарымен 16 күн соғысып, ақырында, қаланың батыс дарбазасын сындырып, қаланың тұрғындарын қанға батырып, Баласағұнды үш күн өртеуге жөндеттеріне бұйрық берген. Сол қырғынның нәтижесінде, бас көтеретін қаланың азаматтарынан 47 мың адам өлтірілген және қала негізінен қираған. Тұрғындардың тірі қалғандары бас сауғалап жан-жаққа босып кеткен. Баласағұн қаңырап бүлінген күйінде қайта тұрғызылмай қала берген. Арада бір жыл өтпей-ақ, 1211 жылы Найманнан шыққан Кушлук (Кучлук) Гурханды тұтқынға алып, оның мемлекетін 1218 жылға дейін билеген. Осы жылы Баласағұнды Шыңғыс ханның қолбасшысы Жебе-ноян соғыссыз алып, оған «гобалық» (жақсы қала) деген ат берген [35]. Соған қарағанда, моңғолдар келгенде азып-тозып, тек атын әлі жоймаған қала күйінде сақталса керек. Сөйтіп, Баласағұн қаласы тарихи сахнадан түсіп, уақыттың өтуімен аты да, орналасқан жері де XIV ғасырда белгісіз болып, кейін жергілікті тұрғындар шаһардың ортасында сақталып қалған биік төбенің атымен Ақтөбе деп атап кете берген.

XVI ғасырдың орта шамасында жасаған жерлесіміз Мұхаммед Хайдардың еңбектерінде Баласағұн (Қаралиг) қаласы тек кітаптар арқылы жазылғаны, олардың қай жерде орналасқаны қазіргідей сол кезде де белгісіз болғаны айтылған.

Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің белгілі «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде: «Қарақытайлықтар келгенге дейін Баласағұн Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасына айналдырған. Тоқсан бес жыл бойына Баласағұн Қарақытайлардың астанасы болған. Джахунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға салықтарын (харадж) төлеп тұрған. Моголлар Баласағұнды Қаралиг деп атаған... Менің әкем Баласағұндағы Хафиздардан шыққан. Ол өзінің «Мулхакат-и сурах» (Дополнения к «Ясности языка») деген еңбегінде әр қалалардан шыққан ғалымдардың аттарын келтірген. Ол Самарқандтан шыққан ғалымдардың аттарын оңға жеткере алмады, ал Баласағұннан шыққан көптеген ұлы адамдар мен ғалымдарды атады және олардың кейбіреулері туралы сөйлеп берді. Осынша көп ғалымдардың бір уақытта және бір қалада



болғанына адамның ақыл-ойы жетпейді. Қазір Баласағұн туралы ешнәрсе жоқ. Мен Қаралиг деп аталған қоныстар туралы ешнәрсе естімедім» [36], – деп жазды.

Ғалымның пікірі бойынша, Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі көптеген қалалар, соның ішінде Баласағұн да бұрынғы тарихи мәнінен айырылып, уақыттың өтуімен қирап, олардың аттары да және орналасқан жерлері де жергілікті тұрғындардың естерінен шығып қала берген. Тек, олардың жер бетінде болғандығы туралы азды-көпті деректер ғана сақталған.

## 2.2. Жаңа дәуірдегі Баласағұн

Ертедегі тарихи деректерде Баласағұн бірнеше түркі феодалдық мемлекеттердің астанасы, саяси, экономикалық және мәдени ірі орталық болғанымен, тарихи сахнадан түсіп, орналасқан жері де белгісіз болып қалған. Баласағұн шаһарының орнын табу күрделі мәселелердің біріне айналып, кейбір ғалымдар айрықша мән бере бастаған. Солардың бірі – әйгілі шығыстанушы, академик В.В. Бартольд. Ол Баласағұн қаласының тарихына және оның қай жерде орналасқанына айрықша көңіл бөлген. XIV ғасырдың бірінші онжылдығында Баласағұн өзінің ежелгі атымен аталғаны белгілі. Алайда Ақсақ Темірдің жорықтарын жазғанда Баласағұнның аты аталмайды. Олай болса, Шу, Іле және Талас қалалары сияқты, XIV ғасырдан бұрын үздіксіз болып жатқан тақ үшін өзара күрестердің нәтижесінде қираған болуы керек деген пікірді айтқан [37].

1893 жылдың мамырында жазба деректерден алған мағлұматтарды толықтыру үшін В.В. Бартольд ғылыми командировкаға шығып, Шу және Іле алқаптарындағы археологиялық және сәулеттік ескерткіштермен танысқан. Оны Шымкенттен Әулиеатаға (Таразға) дейін жалғастырып, жолдағы ескерткіштерді көріп, олар туралы ел арасынан мәліметтер жинап, қолға түскен заттарды (экспонаттарды) топтаған. Талас өңіріндегі ескерткіштермен танысып жүргенде аяғы сынып, Ташкентке қайтуға тура келген. Келесі жылы бұл ғылыми жұмыстарды жалғастырып, Талас, Шу, Іле, Нарын өңірлеріндегі және Ыстықкөл төңірегіндегі ескерткіштерді аралап, «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг.» [38] атты көлемді еңбек жазған.

Осы еңбегінде Ақтөбе қаласының орнына барғанын былайша баяндайды: «Ақсу өзенінің жоғарғы ағысындағы Беловодский станциясына келгенде, Ақсу өзенінің төменінде үлкен қаланың орны бар екенін жергілікті тұрғындардан естіген соң, солға бұрылып, Ақсу және Сукулук (Соклук) өзендерінің төменгі





ағысындағы үлкен көлемді жерді алып жатқан қаланың орнына келдім. Қаланың орналасқан жері жағырафиялық жақтан дұрыс зерттелмеген. Ал орыс армиясының генштабының жаңадан жасалған картасында Қарабалта, Ақсу және Сукулук өзендері нүктелермен ғана көрсетілген екен. Шындығында бұлар әжептәуір сулы өзендер екенін байқадым. Олар Шу өзеніне құяды. Сукулук пен Ақсудың оңтүстігіне жақын жерде Ақтейе (Ақтөбе. – *У.Ш.*) атты биік төбе бар. Ол төбеде, оның айналасында күйдірілген кірпіштің сынықтары көп. Соған қарағанда, бұл қала күйдірілген кірпіштен тұрғызылған болуы тиіс деген пікірге келдім. Бірақ Ақтөбеден бағалы нәрсе таба алмадық, тек бір күміс сақинаны кездестірдік. Көрген қаланың көлемі үлкен». Солай болса да, ғұлама бірден бұл қала туралы толығырақ мәліметтерді ала алмаған сияқты. Өйткені Ақтөбе қаласының жалпы көлемі, оны қоршаған қамалдар туралы жазбайды. Тек, Ақсудың жағасында Төрткөл төбенің қасында орналасқан «Степнинское» деген орыс селосының бар екенін айтқан. В.В. Бартольдтан бұрын да, кейін де XIX ғ. бұл жерде археологиялық зерттеулер жүргізілмеген.

В.В. Бартольд бұдан кейін Шу өңіріндегі үлкенді-кішілі ортағасырлық қалалардың, бекіністердің орындарын көріп, олардан жинақталған ғылыми тұжырымдарын осы еңбегінде жариялаған. Оның ішінде Баласағұн қаласы жөнінде пікірлерін жазба және археологиялық деректерге сүйеніп сәулелендірген. Сөйтіп, әртүрлі зерттеу еңбектеріндегі Баласағұн қаласы туралы айтылған пікірлерді жинақтап және Талас, Шу алқаптарынан ортағасыр қалаларының орнын көргеннен кейін пайда болған ойларын қосып, В.В. Бартольд Ақбешім қаласының орны іздеп жүрген Баласағұн болуы мүмкін деген болжамалы пікірге келген [39]. Ақбешімнің құбыла-батысына жақын орналасқан Бұрана атты қаланың орнын көріп, оның жалпы көлемі кішкентай екенін жазған. Бірақ Ақбешім де, Бұрана да Баласағұнға балама болмайтынын атап өткен. Бұның бәрі Баласағұнның қай жерде орналасқанын дәлелдей алмайтынын айта келіп, В.В. Бартольд алдағы уақытта да Баласағұнның орнын анықтаудың тарихи мәні зор екенін жазған және өзі де осы проблеманы шешуге әрекет еткен.

В.В. Бартольд «Энциклопедия ислама» деген еңбегінде Орталық Азия, Солтүстік Кавказ жерлеріндегі ономастикалық және ортағасырлық қалалардың тарихына қысқаша шолу жасап, «Баласағұн» [40] атты мақала берген. Осы еңбегінде әдеби және археологиялық деректерге негіздеп, Баласағұн проблемасын шешуге едәуір қызмет еткені байқалады. Әсіресе, араб, парсы, түркі тілдерінде жазылған ғылыми еңбектер мен қолжазбаларды кең



пайдаланып, Баласағұн шаһарының орналасқан жерін табуға ұмтылған. Бірақ қолдағы деректердің жетіспеуінің нәтижесінде, бұл мәселеге болжам айтумен шектелген. Ол пікірді де сол күйінде бергенді жөн көрдік: «Баласағұн – город в Средней Азии, местонахождение которого не удаётся точно установить... Город, по-видимому, следует искать в западной части русской области, называемой ныне Семиречье, вероятно на Чу, где и поныне можно увидеть много городищ. На это же, кажется, указывают приводимые Абу-л-Фида» [41].

Баласағұн қаласы туралы осындай ізденістер, болжамдар жинақтала берген. Бірақ бұл жұмбақ дәл шешілмей, Ұлы Қазан төңкерісіне дейін келіп жеткен.

### **2.3. Кеңес өкіметі жылдарындағы Ақтөбенің (Баласағұнның) зерттелуі**

Қазан төңкерісінен кейін Орталық Азиядағы археологиялық зерттеу жұмыстарына көңіл бөліне бастады. 1927 жылы М.Е. Массон Талас және Шу өңірлеріндегі ортағасырлық қалаларды аралап, Ақбешім ортағасырлық қаланың орнында болып, оның қарапайым (схематикалық) жобасын түсірген [42]. Одан кейін, сол жылы А.И. Тереножкин Шу өңіріндегі ескерткіштерді аралап, Ақбешімде болып, ескерткіш туралы мақаласын жариялаған [43]. Бұл зерттеушілер Талас және Шу алқаптарындағы ортағасырлық ескерткіштерге шолу жасаумен шектелген.

1938–1939 жылдары ленинградтық ғалым А.Н. Бернштам Заттық мәдениет тарихы институты (ЗМТИ) ғылыми мекемесінің есебінен Жетісу археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, Талас және Шу өңірлеріндегі ортағасырлық археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарын орындады. Ол Таразда аздап археологиялық жұмыс жүргізіп, Қырғызстандағы Ақбешім қаласына айрықша көңіл бөлді [44]. Бірақ бұлардың бәрі Шудың орта ағысында орналасқан Ақтөбе ескерткішінде болғанымен, оны зерттеуге көп көңіл бөлмеген.

Тек, 1941 жылы жергілікті археолог Г.И. Пацевич ортағасырлық Ақтөбе қаласының орнына барып, онда барлау жұмысын жүргізіп, ескерткіш туралы толығырақ мағлұмат қалдырған. Қала шартарапқа қарап орналасқан: солтүстігінің ұзындығы – 265 м, шығысы – 250 м, оңтүстігі – 255 м, батысы – 208 м. Ол биіктігі 1,5-2 м ормен қоршалған. Ескерткіштің дәл ортасында цитадель орналасқан. Оның ұзындығы: солтүстігі – 35 м, батысы – 60 м, оңтүстігі – 80 м және шығысы – 50 м. Оның төрт бұрышында биіктігі 5-9 м 4 мұнара (минарет) бар екенін жазған. Бұл берілген



деректерді өзінің зерттеу (шолу) пікірі бойынша шамамен беріп, оны VII–XIII ғғ. ескерткішіне жатқызған [45]. Солай болса да, Кеңес үкіметі кезінде бұл ескерткіш туралы алғашқы мағлұмат берген ғалым.

Бұдан кейін, 1951–1953 жылдары П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі ертедегі ортағасырлық қалаларды және қоныстарды археологиялық тұрғыдан зерттеп, оның нәтижесін өз алдына кітап етіп шығарған [46]. Осы еңбегінде автор Ақтөбе ескерткіші туралы біршама мәліметтер берген. Енді соларға тоқталайық. Ақтөбені зерттеп, оған «Степнин қалашығы» деген ат берген. Бұл осылай аталатын Ақтөбенің батыс-түстігінде 3 км жерде орналасқан Қырғызстанға қарайтын ауылдың аты. Қазіргі кезде бұл қонысты «Сабыр елді мекені» деп атайды. Ол ауылдың ішінде кішігірім ортағасырлық қоныстардың орны бар. 1941 жылы Сабыр мекенін Г.И. Пацевич көрген.

1989 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің археологтары зерттеп, өздерінің көрген-білгендерін жазған. Сабыр қонысы сопақша келген алаңқайы бар төбе, төменгі алаңқай 170x115 м, биіктігі – 2,5 м, әрқайсысының жағында диаметрі 60 м, биіктігі 3 м төбе бар. Сол жерден құмыралардың сынықтарын және т.б. заттарды жинаған. Соларға негіздіп, бұл ескерткішті X–XII ғғ. жатқызған [47]. Ауылдың ортасынан Қарабалта өзені өтіп, Ақтөбенің үстімен Шу өзеніне құяды. Отаршылық жылдарында бұл жерге Ресейден босып келген орыстар қоныстанған. Сол жерде олардың ұрпақтары жергілікті халықтармен араласып жасайды. Сөйтіп, Степнин (Сабыр) тұрақты мекенінің Ақтөбе қаласымен еш қатысы жоқ. Оның төңірегіндегі көптеген ортағасырлық мекендердің бірі деп қараған тура болатын шығар.

П.Н. Кожемяко Ақтөбені жан-жақты шолып, барлағаннан кейін, оны өзінің еңбегінде «Степнин қалашығы» деп жазған. Мүмкін, автордың өзі Қырғызстанның ғалымы болғандықтан, Қазақстан жерінде орналасқан ескерткішті көрші елдің мұрасына айналдыруды көздеген болуы тиіс. Қалай болса да, шындық бұрмаланып жазылған. Негізінде Ақтөбе археологиялық ескерткіші қазақ жерінде, сол халықтың мәдени мұрасына жататыны даусыз.

Бұдан кейін, П.Н. Кожемяко Ақтөбе ескерткішінің схемалық жобасын жасап, қаланы қоршаған бекіністерді көрсеткен. Орлардың жалпы ұзындығы 39 шақырымға жететінін айтқан. Бізге дейін сақталып қалған ордың тереңдігі 3-3,5 м; оның тағанының ені 18-20 м. Ордың сыртынан жүргізіп қойған су жүйелерінің ені 8-10 м; тереңдігі 0,6-0,8 м екенін баяндаған [48]. Қаланы қоршаған орлардың 3 жерінде барлау қазба жұмыстарын жүргізген. Ішкі



бекіністің үстінен 4x4 м археологиялық қазба жасаған және оны 2,5 м-ге тереңдетіп, кездескен деректерге сүйеніп, бекініс бұзылмай тұрған кезде ордың биіктігі 5-6 м болғанына көз жеткізген. Ор саз балшықтан пахса тәртібімен өріліп шығарылған [49]. Бұл археологиялық барлау жұмысы Ақтөбедегі бекіністердің сырларын толық аша алмаса да, қала бекінісінің үлкен және мықты екенін дәлелдейді.

Бұдан кейін, археолог цитадельде барлау жүргізу үшін, оның үстіндегі шұңқырды 4,19 м тереңдетіп, кездескен заттарға негіздеп, Ақтөбе ескерткішін IX–XIII ғғ. жатқызған [50]. Осы археологиялық шолудың нәтижесінде, ізденуші Ақтөбенің цитаделі мен шахристаны жоқ, соған қарағанда, бұл феодалдардың мекені және әскери бекінісі болса керек деген қорытындыға келген [51]. Осындай болжаулармен шектеліп, П.Н. Кожемяко Ақтөбе ескерткішінде көлемді қазба жұмыстарын жүргізбеген.

Бұдан кейін, Ақтөбе қонысын ешкім зерттемеген, сол күйінде қала берген. Тек, 1967–1968 жылдары Жамбыл облысының жерді суландыру шаруашылығы Ақсу өзенін бөгеу, ескерткіштің орталығынан Ақсу қоймасын салмақшы болып, қоныстың орталығы цитадельді, оны қоршаған шахристанды жер қазу техникаларымен бүлдірген. Рабадты қақ жарып, ұзындығы 3 шақырым, ені 100-150 м канал қазған. Осы жүргізілген қазба жұмыстары кезінде, елді мекендердің орындары қирап, олардан әртүрлі бұйымдар шыға берген соң, басшы орындарға хабар айтып, су қоймасын салу уақытша тоқтатылған.

Тек, 1974 жылы қазіргі Әбу Насыр әл-Фараби (сол кезде С.М.Киров) атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің археологиялық тәжірибе өтетін орнын (базасын) құру мақсатымен, университет археологтары (У.Х. Шәлекенов, Н. Алдабергенов) Ақтөбе ескерткішіне келіп, оның база болуға қолайлы екеніне көз жеткізген. 1974 жылы студенттердің бірінші тобы сол жерде археологиялық тәжірибеден өтті. Міне, содан бері Ақтөбедегі студенттердің тәжірибелік базасында тарих факультетінің 1-курс студенттері тәжірибеден өтіп келе жатыр.

Отыз жылдан астам уақыттан бері Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орнында жүргізілген археологиялық зерттеулерден табылған бай деректер көптеген журнал, газет мақалаларында, жеке кітаптарда жарық көрді. Мысалы, 1992 жылы Алматы қаласында шыққан У.Х. Шәлекеновтың «Құм басқан қала»; М. Елеуов, Н. Алдабергеновтың «Ақтөбе – Степнинское қаласының қалдығы» (Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы, 2002 жыл). Баласағұн ескерткіші туралы көптеген осындай көлемді еңбектер жариялан-



ды. Оларға өз реттері бойынша, осы монографияның тарауларында тоқталамыз.

1938–1939 жылдары ленинградтық (Санкт-Петербург) ғалым А.Н. Бернштам Заттық мәдениет тарихы институты жанынан Жетісу археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, Ақбешім қаласында, оның рабадында кішігірім жерде қазба жұмыстарын жүргізген. Археологиялық зерттеулердің барысында Ақбешімде қолға түскен деректерге негіздеп, Ақбешімді Баласағұн деп жариялап жіберген.

Шығыстанушылардың ғасырлар бойы таба алмай жүрген Баласағұнды таптым деп, А.Н. Бернштам да тарихта «сенсация» жасаған. Осы пікір бойынша, тарихи карталарда, әдебиеттерде Ақбешімнің орнын Баласағұн қаласы деп көрсетіп келе жатыр. Ғылымға «жаңалық» енгіземін деп, А.Н. Бернштам тарих ғылымына дезинформация (жалған пікір) әкелген. Осы жалған пікір өзінің шешімін таба алмай келе жатыр. Көп жылдарға созылған жұмбақты Ақтөбе ескерткішін зерттеу арқылы шешілді деген ғылыми қорытындыға келіп отырмыз. Енді ортағасырлық Ақбешім мен Бұрана қалаларының Баласағұн бола алмайтынына тоқталайық.

#### **2.4. Ақбешім мен Бұрана Баласағұн қаласының баламасы бола алмайды**

Ортағасырлық Ақбешім – Қырғыстан Республикасының Тоқмақ қаласының оңтүстік-батысында 8 км қашықтықта орналасқан археологиялық ескерткіш. 1894 жылы бұл қаланы В.В. Бартольд көріп, өзінің пікірін жазған: «Ақ-Пишин (Ақбешім. – У.Ш.) ортағасырлық үлкен қаланың орнына ұқсайды. Ол үш бөліктен құрылған: цитадель, шахристан және рабад. Ол дөңгеленіп салынған қамалмен (ормен) қоршалған. Оның шет жақтарында елді мекен орындарының бар екені байқалады. Қаланың тауға жақын жайласқанына қарағанда, жаугершілікті далалық (тегіс) жақтан күткенге ұқсайды» [52].


Ақбешім мен Бұрананы көргеннен кейінгі В.В. Бартольдтың жазған болжау пікірін сол күйінде келтірейік: «Мнение о тождестве Бураны с Баласагуном было высказано мною (в статье, на которую ссылается г-н Петровский) только в качестве предположения: несостоятельность его нельзя доказать, но сколько-нибудь существенных доказательств в его пользу пока тоже нет. Бурана и ближайшие к ней развалины занимают очень незначительное пространство, гораздо меньше, чем Ақ-пишин; если Баласагун находился в этой местности, то его с большой степенью вероят-



ности можно отождествить с Ак-Пишином, Бурана в таком случае могла составлять какое-нибудь загородное предместье» [53].

В.В. Бартольдтың Ақбешім мен Бұрана қалаларын Баласағұнға жатқызу туралы айтқан жорамалы оқырмандарға түсінікті болу үшін түпнұсқасын сол күйінде келтірдік. Ғұлама бұл екі қаланың орнын Баласағұнға жатқызу үшін нақтылы деректердің жоқ екенін ашық айтып, тек өзінің болжауы бойынша пікірін білдірген. Міне, осы болжамды шындық санап, А.Н. Бернштам, жоғарыда айтқандай, дезинформацияға жол беріп, бұрыннан шиеленіскен проблеманы одан да бетер күрделендірген. 1953–1954 жылдары А.Н. Бернштамның басшылығымен Семиречин археологиялық экспедициясы Шу өңіріндегі ортағасырлық археологиялық ескерткіштерді зерттеп, Ақбешім қаласында тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында Ақбешім шахристанының көлемі 35 га, рабады – 60 га болған, қаланы қоршаған қамалдарды көрсеткен. 1938–1939 жылдары осы экспедиция қалаға барлау жұмысын жүргізді, 6 жерден шурф (шұңқырлар) қазып, одан табылған заттарға негіздеп, А.Н. Бернштамның мынадай қорытындыға келгені туралы сол экспедицияның бас археологы болған, қазірде Ломоносов атындағы МГУ-дың профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л.Р. Қызыласов былай жазады: «В 1938–1939 гг. разведочную шурфовку городища, а также сравнительно небольшие раскопки в рабаде произвела Семиречинская археологическая экспедиция ИИМК под руководством А.Н. Бернштама. Последний, опираясь на некоторые добытые при этих работах археологические материалы, более категорично, чем В.В. Бартольд, высказался за отождествление городища Ак-Бешим с древним Баласагуном и впоследствии во всех своих работах называл это городище не иначе, как Баласагун» [54].

1953 жылы КСРО-да Қырғыз кешендік археология-этнографиялық экспедициясы ұйымдасып, оның Шу археологиялық бөлімінде Ақбешім ортағасырлық қаласының орнын кең көлемде археологиялық жағынан зерттегені белгілі. Бұл бөлімге Л.Р. Қызыласов басшылық етіп, 1953–1954 жылдары бірінші рет Ақбешімде кең көлемдегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. А.А. Бернштамның басшылығымен Ақбешімді барлау мақсатында бірнеше шұңқырлар қазылған және онша үлкен емес көлемде рабадта қазба жұмысы жүргізілген болса, енді осы экспедицияның Шу бөлімі кең көлемде тұрақты қазба жұмыстарын Ақбешімнің бес жерінде орындаған: цитадельде, шахристанда және рабадта (1-сурет). Картада көрсетілгендей, 1953–1954 жылдары осы жер-



1-сурет.  
Ақбешім қалашығының схемалық жобасы

лерде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Ақбешім ескерткішінің қойнауында ғасырлар бойы жасырынып жатқан сырлары ашылды.

1953–1954 жылдары Ақбешімде 5 жерде қазба жұмысы жүргізілген: цитадельде – ол ескерткіштің оңтүстік-батыс бұрышындағы көлемі 60x60 м, биіктігі 8 м, төрт бұрышты бөлігі. Оны екі мерзім қазып, 5 мың шаршы метр топырақ шығарған. Цитадельдің кам кірпіштен соғылғаны анықталған. Бұл төбе батыстан шығысқа қарай 85 м-ге созылып жатыр, ал оның ені 35 м-ге тең, төбесінің биіктігі 4,2 м. Қаланы қоршаған ордың жалпы ұзындығы 11 км [55]. Бұл келтірілген деректерге қарағанда, Ақбешім – цитадель ескерткіштің бір бұрышында



орналасқан көлемі кішкентай бекініс. Оның қабырғасының жалпы ұзындығы 850 м-ді құрайды. Қалған 4 қазба жұмысы шахристанда, рабадта, камалда және будда храмында жүргізілген. Қазба жұмысы кезінде Ақбешімнің архитектурасы, құрылыс заттары анықталған. Қаланың дуалдары мен бекіністері қам кірпіш пен пахса блоктарынан құрылған. Қазба кезінде тастан жасалған әртүрлі бұйымдар, бөлмелердің ішін безендірген декорлар, қабырғаға салынған суреттер, түсті металдардан жасалған зергерлік әшекейлер, буддалардың бейнелері, қыштан істелген ыдыстар және т.б. табылды. Екі жылғы археологиялық зерттеудің нәтижесін Л.Р. Қызыласов өзінің көлемді мақаласында (86 бет) жариялаған. Осы табылған деректерге талдау жасап, оларды V–X ғасырларға жатқызған. Қарахан империясы кезінде Ақбешімдегі өмірдің тоқтағаны жөніндегі тұжырымға келген [56].

Л.Р. Қызыласовтың Ақбешімдегі жүргізген археологиялық зерттеулері барысында қолға түскен ғылыми деректерге сүйеніп, көптен іздеген Баласағұн туралы жаңа пікірін түпнұсқасында келтірейік: «Как видно из вышесказанного, исследованные нами объекты располагались во всех основных частях городища, но нигде не было обнаружено ни жилых сооружений, которые относились бы ко времени позже X в., ни слоев, связанных с ними, ни построек, сооруженных из обожженных кирпичей. Особенно показательны в этом отношении результаты наших работ в центре шахристана» [57].

Ақбешім қаласының барлық негізгі бөліктерінде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде, X ғасырдан кейінгі уақытқа жататын тұрақты салынған үйлердің, бекіністердің және күйдірілген қыш кірпіштен тұрғызылған құрылыстар орындарының кездеспегенін тілге тиек еткен. Әсіресе, осындай мәдени қабат шахристанда жүргізілген қазбада ұшырамаған. Соған қарағанда, Ақбешім қаласының тарихы V–X ғғ. қамтиды. Автордың пікірі бойынша, XI–XII ғғ. үстемдік еткен Қарахан әулеттері кезінде, бұл қала қирап, ол археологиялық ескерткіш ретінде сақталғандығы баяндалады. Сонымен қатар, Ақбешімді қазған кезде табылған заттардың басым көпшілігі түркештердің мәдениетіне жататыны айрықша аталған [58]. Осындай кең көлемдегі зерттеудің нәтижесінде Л.Р. Қызыласов мынадай қорытындыға келген. Оны сол күйінде келтірсек: **«Все вышеизложенное приводит нас к выводу, что отождествление городища Акбешим с историческим Баласагуном, сделанное еще В.В. Бартольдом, а в последствии поддержанное А.Н. Бернштамом, который при этом опирался на так называемые «каракиданские» памятники из своих раскопок 1940 г. в рабаде, не может быть ныне принято.**





**Исторический Баласағұн – блестящую столицу караханидов XI–XII вв., город, просуществовавший, согласно письменным источниками, вплоть до XIV в., – надо искать в другом месте» [59].**

Л.Р. Қызыласовтың бұл келтірген ғылыми тұжырымымен келіспеу қиын. Өйткені бұл Ақбешімді кең көлемде зерттеп, одан табылған археологиялық деректерге шынайы ғалым ретінде талдау жасап, соның нәтижесінде айтылған қорытынды. Л.Р. Қызыласов ақиқат шындықтан аттамай, ғалым ретінде Ақбешім туралы жиналған деректерге негіздеп, өзінің ұстазы А.Н. Бернштам екеуінің алғашқы Баласағұн туралы жазған пікірлерінен қайтып, Ақбешімде Қарахан дәуірін сәулелендіретін заттардың шықпағанын тілге тиек еткен. Бұндай тұжырымға келуді ашық-айқын айту тек шынайы ғалымдардың қолынан келетін іс. Бұл пікірді «Қазақстан тарихында» жазылған деректер де қуаттайды: «Оғұл шахтың немере інісі Сатұқ Боғра-ханды (915–955) Қарахан әулетінің негізін салушы деп есептейді. Исламды қабылдап, Саманилердің қолдауын пайдалана отырып, Сатұқхан Оғұл шахқа қарсы шығып, оны талқандады, сөйтіп, Тараз бен Қашқарды бағындырды; 942 жылы ол Баласағұн билеушісін құлатып, өзін жоғарғы қаған деп жариялады. Шындығына келгенде, Қарахан мемлекетінің тарихы осы уақыттан басталады... XII ғасырдың бірінші жартысында (1130 ж. – *У.Ш.*) Қарахан мемлекеті іс жүзінде тарихи сахнадан шығып қалды» [60]. Бұл келтірілген үзіндіден Қарахан мемлекетінің 915–955 жылдардан бастап, 1130 жылға дейін дәурендегенін көреміз. Сонда Л.Р. Қызыласов Қарахан мемлекетінің хронологиялық үстемдік еткен кезеңін бір ғасырға кеміткен. Яғни, бұл мемлекет тарихы 915–1130 жылдарды қамтиды. Оның басты астанасы Баласағұн болған.

Қарахан әулеті екі ғасырға жақын (188 жыл) үстемдік еткен кезде, үлкен империяға айналып, көптеген жерлерді өздеріне қаратып, олардың экономикасын, мәдениетін біршама дамытты. Қалалардың саны көбейіп, қолөнер кәсібі дамыды. Оның ішінде күйдірілген сапалы қыш кірпіштер, ыдыстар жасайтын үлкенді-кішілі шеберханалар ең жайды. «IX–X ғғ. жапсырма керамика (липкая) және қалыпта жасалған топтарының өзгеруімен сипатталады; жапсырып жасалған ыдыстардың үлесі 35-40 пайыздан 15-20 пайызға дейін азайды... XI–XIII ғасырлардағы керамиканың бәрі құмырашының ұршықшасында (гончарный круг) жасалған деуге болады» [61]. Сөйтіп, қыштан жасалған заттар көбейіп, олардың сапалары да жақсарған. Солардың арасында өте сапалы күйдірілген кірпіштер кең көлемде құрылыста пайдаланылған. Бұл дәуірдің ескерткіштері жоғарғы қабатта сақталған. Ақбешімді



қазғанда, оның жоғарғы қабатынан Қарахан дәуірінің күйген кірпіштерінің, қыш ыдыстарының кездеспеуін, ол қаланың X–XII ғасырларда өмір сүрмегендігін Л.Р. Қызыласовтың тілге тиек етуін ғылыми тұжырым деп қараған жөн. Ақтөбе (Баласағұн) қаласынан Қарахан дәуірінің қыштан жасалған бұйымдары, құрылыстары мол көлемде табылды. Баласағұндағы қазба жұмысы кезінде табылған заттар кітаптың соңғы бөлімдерінде мол берілген.

Л.Р. Қызыласовтың бұл ғылыми тұжырымынан кейін, Қырғызстан Республикасының тарихшылары, археологтары Ақбешім ескерткішінің оңтүстік-шығысында 5 км қашықтықта орналасқан Бұрана қалашығын Баласағұнмен ұқсастырып жүр. Бұл ескерткіш жоғарыдағы тоқталған Ақбешімнен де көлемі жағынан кіші, әлемге әйгілі тарихи Баласағұнға жақындамайтын қалашық.

Енді Бұранаға қысқаша тоқталайық. Ол суы тайыз Бұрана өзенінің екі жағасында орналасқан. Тоқмақ қаласының оңтүстігінде 15 км қашықтықта, Дон-Арық ауылының шығыс жағында. Қаланың шығыс-батысының ұзындығы 570 м, оңтүстігі – 600 м, шығысы – 500 м. Бұрана ормен (қамалмен) қоршалған. Шығыс жағы екі қатар, батысы бір қатар. Бірақ толық дөңгелек емес. Ордың сақталған биіктігі 1,5-1,7 м, ені 14 м, ордың жалпы ұзындығы 11 км. 1954 ж. П.Н. Кожемяко Бұрананы зерттеп, 5 жерден шурф қазған кезде 24x4 см-ге тең күйдірілген, 30x15x10 см-лік қам кірпіштер, қыштан соғылған құмыралар, ыдыстар және олардың сынықтарын тапқан. Қоршаған орды да жоғарыдан төмен қарай екі жерден кесіп түскенде, бекіністің пахсадан (иленген саздан) соғылғаны байқалып, оның сақталған ені 3 м, биіктігі 1,85 м екені анықталған. Бұрананы қазғанда айтарлықтай Қарахан дәуірін сәулелендіретін күйдірілген кірпіштер, құрылыстар, ыдыстар кездеспеген. Тек, осы дәуірге жататын 8 шаршы метр көлеміндегі Бұрана мұнарасы ашылған [62].

Бұрана туралы бұл келтірілген зерттеулерге қарағанда, бұл ескерткіштің Ақбешімнен де кіші дәрежедегі мекен екенін байқаймыз. Мұны зерттеген маман Л.Р. Қызыласов та мойындайды. Ол Бұрана туралы өзінің пікірін былайша қорытқан: «Бұл қала Бұрана сайының бойына орналасқан, онда XI ғ. қыш кірпіштен салынған төрт бұрышты мұнара сақталған. Бұранада Қарахан дәуіріне жататын XIII–XIV ғғ. қабаты жоқ. Көлемі кішкентай...» Оны тарихта әйгілі Баласағұнмен салыстыруға болмайтынын айта келіп, Ақбешім мен Бұрана жөнінде үзілді-кесілді ғылыми тұжырымға келген: **«Таким образом, ни городище Ак-бешим, ни городище Бурана не могут связываться с историческим Баласагуном. Их забытые имена еще предстоит установить историкам Киргизии»** [63].



1951–1953 жылдары П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі ертедегі ортағасырлық қалаларды және қоныстарды археологиялық тұрғыдан зерттеп, оның нәтижесін өз алдына кітап етіп шығарған [64]. Бұл еңбекке ұзын қорғанды 12 қаланың стратиграфиясы, онша үлкен емес 15 қоныс пен бекініс кірген. Осы жерде 56 объектінің стратиграфиясына негізделген қазба жұмысы жүргізілсе, құлаған 16 қоныстың қабырғалары жоғарыдан төмен қарай кесіліп зерттелген. Осы зерттеу кезінде табылған деректерге сүйеніп, көптеген ортағасырлық қоныстарға, оның ішінде Ақбешім, Бұрана және Ақтөбе (Степнинское) және т.б. қалалардың схематикалық жобасын сызып, олардың кейбіреулерінде шұңқырлар қазып барлаулар жүргізген.

П.Н. Кожемяконың берген деректері бойынша, Ақбешім қонысының мәдени қабаты 7,5 м тереңдікте. Шахристанның батыс қабырғасының ұзындығы 400 м, солтүстік қабырғасы 600 м, шығысы 500 м, оңтүстігі 700 м екенін көрсеткен. Қаланың оңтүстік-батысында шеті төрт бұрышты 60x60 м, биіктігі 30x30 м-ге тең цитадельдің бар екенін айтқан. Қала 11 шақырымға созылған ормен қоршалған. Егерде, Ақбешімнің шығыс қабырғасы ормен жалғасқанын есептесек, қамалдың жалпы ұзындығы 16 шақырымға жететіні айтылған. Ордың қазіргі сақталған тереңдігі 1,2-1,5 м, ені 12 м. Осы жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, Ақбешім қаласының екі үлкен мәдени қабаттардан тұратыны анықталды. Төменгі қабатынан V–VI ғасырларға жататын соғды кезеңдерінің қыштан істелген ыдыстары мен ақшалары табылса, жоғары қабатынан IX–X ғасырда пайда болған бұйымдар табылған. Шахристанның шығысын қазғанда христиан (несториандық) шіркеуінің қалдығымен бірге, мүрде табылған. Ал, шахристанның шетінен VI–VIII ғасырға жататын буддистік храм ашылған [65].

Бұрана қаласын 1954 жылы П.Н. Кожемяко да зерттеп, оның құрылысын анықтап және схематикалық жобасын сызған (2-сурет). Осы археологиялық зерттеу кезінде ескерткіштің құрамын барлау үшін 5 жерден кішігірім қазба жұмысын жүргізген. Оның төртеуі Бұрананың орталығында жүргізілсе, біреуі қаланың шет жағында атқарылған. Бұл қазбаларды қаланың жобасынан байқауға болады.

Өткен ғасырдың 50-жылдарындағы жоғарыда аталған археологтардан кейін, Ақбешім мен Бұранада кең көлемдегі қазба жұмыстарын Қырғызстан археологтары ойдағыдай жүргізе алмай келе жатыр. Алайда бұл ескерткіш туралы кейбір жарық көрген жұмыстарға тоқталайық.


«Бұрана» [66] атты кітап екі бөлімнен тұрады: 1. М.Е. Массон-



ның «Начальные этапы изучения Бураны» мақаласы; 2. В.Д. Горячеваның «История дальнейшего изучения охраны памятников Бураны 1930–1980 гг.» атты мақаласы. Бірінші бөлімде ортағасырлық Бұрана ескерткішінің 1929 жылға дейін зерттелу тарихына көңіл бөліп, әртүрлі авторлардың бұл ескерткіш туралы айтқан пікірлеріне тоқталған. Олардың ішінде Бұрананың шынайы сырын ашатын деректерді келтірген. Оның үстіне белгілі ғұлама Бұрананы көріп, онымен танысып, Қарахандар дәуірінде салынғанын айта келіп, Баласағұнның орналасқан жері жөнінде В.В. Бартольдтың пікірін қолдаған. Бұрана қаласының Баласағұнға ұқсамайтынын да, оның көлемі шамамен 28 га-ға тең екенін де М.Е. Массон жазған [67]. Жалпы алғанда, терең мәндегі ғалым М.Е. Массон пайдаланған деректерге шынайы ғылыми мән беріп, Бұрана қаласының Қарахандар әулеті кезінде салынғанын, оның XII ғ. дейін өмір сүргенін асырмай және кемітпей баяндаған.

Бұл кітаптың екінші бөліміндегі В.Д. Горячеваның мақаласы Бұрана ескерткішінің 1930–1980 жылдардағы тарихи археологиялық зерттеулеріне арналған [68]. Оны кімдер, қай жылдары көргеніне және жүргізілген зерттеу жұмыстарына, Бұрана мұнарасының қайта қалпына келтірілгеніне шолу жасаған [69]. Бұрана мұнарасын қайта өңдеуден өткізуде біраз жұмыстар Кеңес өкіметі кезінде жасалғаны байқалады. Бұл жөнінде Д.Ф. Винниктің мақалаларында жазылған [70].

1975–1976 жж. Қырғызстан Академиясы жанындағы Тарих институтының «Бұрана» атты археологиялық тобын В.Д. Горячева басқарды. Сол жердегі қазба жұмыстарымен кезінде танысқан болатынбыз. Бұл зерттеудің күрделі бөлігі қаланың оңтүстік дуалында жүргізіліп жатқанын көргенбіз. Осы жылдарда Бұранадағы қазба жұмыстары жүргізілген территорияның көлемі 320 шаршы м деп көрсетілген. Зерттелген жерлерден X–XIV ғғ. тура келетін түрлі деректер кездескен. Әйтсе де, Бұрана қаласын әлде де кең көлемде зерттеп, оның сырын толық ашу алдағы уақытта болатын шығар. В.Д. Горячева өз еңбегінде қазба кезінде табылған деректерге сүйене отырып, осы қаланың Баласағұн екенін дәлелдеуге барынша күш салған. Оның пікірінде ғылыми тұжырымнан бұрын, патриоттық сезім басым болып келеді. Бұл тәсілден ғылымға еш жаңалық қосылмайды. Ойын дәлелдеуде В.Д. Горячева Махмұд Ибн-Валидың пікірін бұрмалап, Қашқардың адамдары қалмақтарды Қарабалта өзенінің маңында қуып жеткенін арнайы атамай кеткен. Оның себебі, Қарабалта өзені осы күнгі Баласағұн деп жүрген Ақтөбе қаласының үстінен ағады. Ол Гурхан Баласағұнды 16 күн қоршап, қала тұрғындарын қанға батырып, Баласағұнды үш күн өртеп, қаланың белгілі



2-сурет.  
 Бұрана қалашығының схемалық жобасы (П.Н. Кожемяко)

47 мың адамын өлтіргенін де атамайды. Солай болса да, ол эмоцияға беріліп, барлы-жоқты деректермен кішкентай қалашық Бұрананы Баласағұн деп дәлелдемекші. Шындықты бұрмалау, ғылымға қиянат келтіру және қисыны келмейтін жалғандықпен ақиқатқа жету мүмкін емес. Ақбешімнің Баласағұн бола алмайтынына көзі жеткен соң, кейбір қырғыз археологтары одан да кіші Бұрананы Баласағұн деп жүр. Бұрын-соңды бұл қаланың Баласағұн бола алмайтынын В.В. Бартольд және басқа да шығыстанушылар ашық айтқандарына жоғарыда тоқталғанбыз.

Кеңес өкіметі кезіндегі Ақбешім мен Бұрана қалаларындағы археологиялық зерттеулер кезінде орын алған кейбір жеңіл ойлар да жетерлік, олар ғылыми деректермен дәлелденбеген. Қырғызстан тарихшылары алдымен Ақбешімді, кейін Бұрананы Баласағұн деп жариялап, оны тарихи карталарға да салып көрсетіп жіберді. Қырғыз КСР-нің бес томдық тарихының 1-ші томында: «Баласағұнның қай жерде орналасқаны жөнінде ғалымдардың әртүрлі пікірлері бар. Олай болса да, Токмақтан қашық емес жерде орналасқан Бұрана Баласағұн болуы керек» деп көрсетілген. Бұл



пікірді болжау деп қана қарауға болмайды, себебі осы кітаптың көп жерінде Бұрананың Баласағұн екенін ашық жазған және картадан да көрсеткен. Осыған қоса, кейінгі жылдары Бұрананы Баласағұн деген ғылыми еңбектер мен көркем әдебиеттер де пайда болды. Мысалы, белгілі Қарахан қағанатының тарихын зерттеуші О. Қараев: «Біздіңше, бұрынғы Қарлұқ мемлекетінің орталығы болған қаласын (Шу өңіріндегі Бұрана қалашығы) алдымен Қарахандықтар жаулап алған» [71], – дейді.

О. Қараев осы монографиясында, өзінің басқа да еңбектерінде Ақбешім Баласағұн деген пікірде емес, Бұрананың Баласағұн екеніне күмәнданбайды. Оны өзінің «Қырғызстан маданияты» атты мақаласында жазып, біздің пікірімізді сынға алады. М. Қылабековтың «Баласағұн кімдікі?» – деген мақаласы жарияланды. Көріп тұрғандай, мақаланың аты да дұрыс қойылмаған. Баласағұн ешкімнің, бірде-бір халықтың меншігі емес. Бұл қаланың өмір сүріп тұрған кезінде, Орталық Азия түркілері ұлтқа әлі бөлінбеген болатын. Олар тайпа-тайпа болып, үлкенді-кішілі мемлекеттерге бөлшектеніп тіршілік еткен кезде салынған қалалардың бірі – Баласағұн. Ол барлық түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасына жатады. Оны меншіктемей, қаланың қай жерге орналасқанын айқындау күрделі мәселелердің бірі дегеніміз жөн шығар. Осындай мақалалармен Баласағұн проблемасын шешу мүмкін емес. Баласағұнның ертедегі түркілер салған қала екенін, ірі мәдени орталық болғандығын дәлелдеудің мәні зор. Егерде Баласағұн Қырғызстан жерінде орналасқан қала екені рас болса, оны ақиқат ғылыми деректермен дәлелдеу керек. Бұрананың Баласағұн екеніне күмәнданбайтын қазақстандық К. Байпақов сияқты ғалымдар да бар. Ол өзінің еңбектерінде ғылыми дәлелденбеген пікірінен қайтқан жоқ [72].

Бұл пікірді қолдаушылардың тағы бірі М. Елеуов: «Баласағұнмен баламаланып жүрген келесі қала ортағасырлық Ақтөбе. У.Х. Шәлекеновтың бірқатар мақалалары мен еңбектерінде Ақтөбе қаласы тарихи Баласағұнмен баламаланған. Ақтөбе түркі керуен жолынан солтүстікке қарай 45 км жерде, Ақсу мен Қарабалта өзендері жағасында орналасқан ұзын қорғанды қала. Тарихи-топографиялық құрылымы жақсы сақталған, көлемі жағынан Шу өңіріндегі үлкен қалалардың бірі. Ақтөбенің әртүрлі бөліктерінде жүргізілген стратиграфиялық және кең көлемді қазба жұмыстарының нәтижесінде, қаланың VI–XIII ғғ. аралығында өмір сүргені анықталды. Біз Ақтөбе қаласының түркі керуен жолынан солтүстікке қарай 45 км жерде орналасқанын, оның төңірегінде аттары жазба деректерде аталған ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің жоқтығын және бұл қаладағы тіршіліктің



XIII ғ. басында-ақ тоқталғанын ескере отырып, Ақтөбе Баласағұн деген пікірге қосыла алмаймыз. Сөз жоқ, Ақтөбе Шу өңіріндегі аса үлкен қалалардың бірі, оның қорғаныс жүйесі жан-жақты ұйымдастырылған, Тасөткелге баратын керуен жолында тұрған қала ретінде оның аты жазба деректерден табылатынына сенгіміз келеді» [73].

Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы Ақтөбе ескерткішін 1974 жылдан бастап зерттеп келе жатса, соның белсенді қазушыларының бірі М. Елеуов болатын. Ақтөбенің көптеген сырлары мен қырлары осы зерттеушінің көз алдында ашылды. Ол өзінің археологиялық зерттеуін осы Ақтөбеден бастап, мол жинаған деректерге негіздеп кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғаған азамат. Соған карамастан, М. Елеуовтың Ақтөбеден табылған деректерге дұрыс, ғылыми мән бере алмағанына қайран қаламыз. Бұл олқылық жоғарыдағы М. Елеуовтің тұжырымынан байқалады: 1) Ақтөбе түркі керуен жолынан 45 км қашықта жатқанын айтқан. Тасөткелдегі Тасқаланы М. Елеуовтың өзі қазды. Бұл солтүстік Ұлы Жібек жолындағы тарихи өткел және сол жердегі қала. Ол Ақтөбенің солтүстік шетімен жалғасып жатыр. Олай болса, бұл қала әйгілі сауда жолында орналасқан; 2) Әдебиеттерде көрсетілген Баласағұнның төңірегіндегі қалалардың жоқ екенін тілге тиек еткен. Бұл да шындықтан алшақ жатыр, өйткені әдебиеттерде айтылған Баласағұнның төңірегіндегі қалалардың орындары сақталғанын жоғарыда атап өттік. Оларды М. Елеуовтың өзі зерттеп, «Шу мен Талас өңірлері мен ортағасырлық қалалары (VI–VIII ғғ.)» атты монографиясында жазған болатын. Бұл мәселемен автор тікелей айналысып, ол ескерткіштерді кітабына ендіріп, енді Баласағұнның төңірегінде қалалар болмады дегенін түсіну қиын. Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атамалары М. Қашқариде де бар. Оларға төменде арнайы тоқталамыз. Қазіргі кезде де Ақтөбенің төңірегіндегі Қырғызстан және Қазақстан жерлерінде қалалардың орындары көп. Олардың кейбіреулері: Қарақыршын, Қырықүй, Соқлық, Степное және т.б.; 3) Ақтөбе қаласының хронологиясын VI–XIII ғасырларға жатқызып, оның XIII ғ. басында өмірін тоқтатқанын айтқан. Бұған қарсы айтарлықтай пікір жоқ. Солай болса да, біздіңше, Баласағұн (Ақтөбе) XIII ғасырда тарихи сахнадан түскенімен, онда тіршілік жалғасқан. Біздіңше де, бұл қала 1210 жылы Гурхан (Қаракидандар) кезінде қирап, онан кейін де бүлінген күйінде сақталған. Бірақ бұдан кейін Баласағұн астана болмаған. Бұл кезде Қаракидандарды Шыңғыс ханның жаулап



алынғанына жоғарыда тоқталдық. 1211–1218 жылдарда Баласағұн Кушлуктің қол астына қараған.

Ұзақ жылдар бойы Ақтөбедегі археологиялық қазбаларға және ел арасынан жиналған ономастикалық деректерді жинауда куә болған маман-археолог М. Елеуовтің кейбір құнды деректерді еске алмағанын түсіну қиын. Ақтөбенің төңірегінде табылған тарихи жерлерді Бұрананың төңірегіне кім алып барып орналастырар екен? Бұндай жерлерді жалпы солтүстік Қырғызстан жерінен табу екіталай. Шындық қап түбінде жатпайтын қылыш сияқты, өзінің ақиқаттығын дәлелдейді. Сондықтан, қолдағы кешенді деректер бойынша, Баласағұн қаласының ежелгі орны Ақтөбе атты археологиялық ескерткіш жерінде. Оны ешкім өзгерте алмас деген пікірдеміз.

Біздіңше, Ақбешім және Бұрана екеуі қосылып Сужабты (Суябты) құраған. Бұл пікір тарихи деректерге тура келеді. Мәселен, Кудамы Ибн-Жафар өзінің «Китаб әл-Харадж» атты еңбегінде: «Сужаб екі қаладан (селениеден) тұрады. Біреуін Кубал, екіншісін Сагур Кубал деп атайды. Сагур Кубалдан Барсаханға, онан әрі Қытай шекарасына дейін түйемен күндік жол...» Әбу Райхан Бирунидің картасында Барсахан 93° бойлықта, 46° 30' ендікте орналасқан. Ендеше, осы күнгі Ақбешім, бұрынғы Сужаб (Суяб) Барсаханнан қашық емес» [74] дейді. Ақбешім мен Бұрана өзара жақын орналасқан. Оны қазірдің өзінде де байқауға болады. Ақбешімнен Ыстықкөлге қарай жүргенде Барсахан қаласының орны көрінеді. Сондықтан Кудамы Ибн-Жафар Сужаб пен Барсахан қалаларының онша қашық емес екенін дұрыс көрсеткен. Ақбешімнің үстіне шығып, жай көзбен қарасақ, екі қаланың қазқатар орналасқаны анық байқалады. Бұл екі қаланың біреуі қазіргі Ақбешім, бұрынғы Сагур Кубал болса, екіншісі Бұрана, бұрынғы Кубал болуы керек. Бұл пікір ғылыми тұрғыдан анықталуы тиіс.

Афрасиаб әулеті болып саналатын Қарахандар империясының бас астанасы Х–ХІІІ ғасырларда ірі мәдени-экономикалық орталық Баласағұн қаласы болғанына дау жоқ. Ол туралы тарихи, әдеби деректерде және археологиялық зерттеулерде дәлелденген. Көптен бері шешілмей келе жатқан тарихи мәселелердің бірі Баласағұн қаласының тарихи орнын табу болатын. Оны шешуге шығыстанушылардың тырысқанына тарих куәгер. Олар өздерінің қолға түсірген мәліметтеріне сай түрлі болжамдар, жорамалдар ұсынғанымен, бізге дейін бұл проблема әлі де шешімін таппай келеді. Олардың ішінде В.В. Бартольдтың Баласағұн туралы жорамалдары шындыққа біршама жақын келеді. Өйткені ол Баласағұн қаласының орнын Тараз қаласының солтүстік-шығысындағы Шу өзенінің бойынан іздеуді ұсынған. Баласағұнның Ақбешім болу





мүмкіндігі туралы пікірлерді де қорытындылап, В.В. Бартольд сондай-ақ Бұрананы Баласағұнмен шатастырмау керектігін де баса айтқан.

Ал, А.Н. Бернштам болса осы мәселені шешкен болып, Ақбешімді Баласағұн деп жариялап жібергенін жоғарыда айттық. Алайда кейінгі жылдардағы зерттеулер бұл пікірдің ғылыми негізі жоқ екенін әшкереледі. Енді не болды? Әрине, осындай өзара қайшы пікірлер оқырмандарды алаңдатушылыққа ұшыратып, бұрынғы мәселені одан да шиеленістіре түсті. Л.Н. Гумилев: «Көне түріктер» атты монографиясының «Пікірлер мен күдіктер» деген тарауында А.Н. Бернштамға келесідей мінездеме берген: «Фактілер мен даталарға бей-берекет қарағандықтан да А.Н. Бернштамның мақалалары мен кітаптары ғылымға онша пайда келтіре қойған жоқ» [75].

Л.Р. Қызыласовтың Ақбешім мен Бұрананың Баласағұн бола алмайтыны туралы қорытындысын біз құптаймыз. Өйткені ортағасырдағы Баласағұн туралы деректер жағырафиялық тұрғыдан сипатталған ұзындық пен ендікке жақын келмейді. Қала Тараздың солтүстік-шығысына қарай 250 км аралықта болуы тиіс. Осы деректерге қарағанда, Баласағұнның көлемі үлкен болған. 1210 жылы Тараз қаласының жанында, Талас өзенінің жағасында Мұхаммед Хорезмшах пен Баласағұн билеушісі Гурханмен екі ортада қанды соғыс болып, нәтижесінде Гурхан жеңіліп, Баласағұнға қайтып оралғанда, қала тұрғындары өз ханын қалаға жібермегенін жоғарыда айтқанбыз. Солай болса да, тағы еске түсірейік: хан тұрғындармен 16 күн соғысып, ақыры қалаға кіріп, Баласағұнды 3 тәулік өртеп, 47 мың белгілі адамын өлтірген. Осының өзі-ақ Баласағұнның астаналық қала болғанын дәлелдейді. Шу өңіріндегі бізге белгілі ортағасырлық қалалардың қатарында өзінің көлемі жағынан біз зерттеген Ақтөбе қаласына тең келері жоқ. Тарихи деректерде Баласағұн Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі түркі қалаларының бірі. Оның іргетасы ертеде салынып, осы ұлы жол бойындағы тарихта белгілі ірі қалалармен бірге дүниеге келген. Біраз әдеби, тарихи деректерде Баласағұн Қарахан әулеттері кезінде гүлденіп, оның басты астанасы болғаны баяндалады. Соған негіздей отырып, Баласағұнды іздеушілер оны X–XII ғғ. жатқызып, сол ғасырға тура келетін археологиялық мәдениетті тілге тиек етеді. Біздіңше, Баласағұнды сәулендіретін ортағасырлық қала бірнеше қабатты археологиялық ескерткіш. Оның астында антикалық, үстінде ортағасырлық қабаттар жатыр. Ол рабаттардың ең үстінде Қарахан дәуірінің мәдениеті жайласқан. Яғни, X–XII ғғ. мәдениеті. Баласағұнның ең гүлденген, өркендеген уақыты осы Қарахан



әулеттерінің кезі. Олардың алдында өмір сүрген Түркештердің (Сарыүйсіндердің), Қарлұқтардың мәдениеті де Баласағұннан орын алған. Бірақ ол мәдениет астыңғы қабатта болғандықтан, археологтар оны кең көлемде зерттей алмай келе жатыр. Біріншіден, үстіңгі Қарахан мәдениеті қалың, оның астындағы V–VIII ғғ. жету үшін көп күш және уақыт керек. Екіншіден, Ақсу су қоймасын салғандықтан, ескерткіштің астындағы жер асты суы көтеріліп, ол қабатты қазуға үлкен тосқауыл жасауда. Жалпы Баласағұн қаласына антикалық, ортағасырлық мәдениетті өзінің бойында сақтаған ұлы археологиялық ескерткіш ретінде қараған жөн. Баласағұн Самарқанд, Ташкент, Испиджаб (Сайрам), Тараз сияқты қалалардың замандасы. Олардың тарихы 2000 жылдан асады.

Осындай әлемге әйгілі болған тарихи Баласағұндай, көп жылдар түркі мемлекеттерінің астанасы болған қаланың орналасуына қолайлы Қырғызстанға қарайтын Шу өңірінде жер де жоқ. Бұл республиканың тарихшыларының Ақбешім мен Бұрананы Баласағұн деуден жалықпай айта берулері де ғылыми негізсіз. Дәлелсіз патриоттық сезіммен аттары аталған ортағасырлық қалалардың орнын Баласағұнмен шатастырудың жөні келмейді. Таудың етегінде, тар жерге жайласқан Ақбешім мен Бұрана қалалары сырттан қарағанда да астана болатын қалаларға ұқсамайды. Бұл айтылғандарға қосымша, М.Қашқаридың жазған тарихи жер атамалары қазіргі Ақтөбе (Баласағұнның) төңірегінен табылды. Бұл ономастикалық орындарға кейінірек арнайы тоқталамыз.

## 2.5. Оғыздардың қалалары

Жоғарыда Баласағұн қаласының негізін салуда «Алты Алаштың» перзенттері қатысқанын айтқанмен, олардың ішінде ежелден отырықшылық өмір сүрген оғыз тайпалары болған. Олар да бұл қаланың іргетасын қаласқан. Сондықтан оғыздардың қалаларынан деректер келтірейік.

Түркілердің басым көпшілігі отырықшы болып, ежелден тұрақты мекендер мен қалалар салғанын дәлелдеп, отырықшы өркениеттің негізін салғанын айқындайтын ғылымның әдеби бұлақтары жеткілікті. Б.з. V–VIII ғғ. түркі халықтарының этникалық құрамын тұжырымдап айтатын «Алты Алаш» ұғымы пайда болып, оған төмендегі тайпалар кірген: қыпшақ, тоғыз-оғұз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғұз. «Алты Алаш» сөзі Білге қаған мәтінінің түсініктемесінде былай берілген: «Осы алтауы ғана. Осы алтауы Түркі төрінің (өкіметінің) алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлік, ынтымақта болса, қағанат айбарлы, қаһарлы. Алта-



уы араз болса, қағанат әлсіз. Олар түркі қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін өз-өзінің қағанаты болған» [76].

Келтірілген деректерге қарағанда, «Алты Алаш» ұғымы Білге қаған, Күлтегін және Тоныкөктердің басқарып тұрған кезінде пайда болғанға ұқсайды (716–734 жылдарда). Білге қаған болып, бауыры Күлтегін, ақылшысы Тоныкөк үшеуі бірлесіп, бытырап жүрген түркі тайпаларын біріктіріп, Түркі мемлекетін құруда тамаша жетістіктерге жетіп, күдіретті Түркі империясын құрғаны, ұйымдастырғаны туралы тарихи еңбектерде кең жазылған. Осы мақсатына жеткенін Білге қаған былайша айтқан: «Тәңірімнің бұйрығы үшін халқымның көзінің көрмегені, құлағының естімегені үшін күннің шығысына, күннің батысына, күндізге, түнге жеткіздім. Алтынның сарысын, күмістің ағын, жібектің тазасын, аттың айғырын, нәжісінің қарасын, тиынның көгін түркі халқына енгіздім... Ей, түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей сенің мемлекетіңді, әдетіңді кім жоя алады» [77] деген сөздері Білге қағанның «Алты Алаштың» басын қосып, күдіретті елге айналдырғанын суреттейтін жайт. Білге қаған түркілерді 18 жыл басқарып, оларды ұлы күшке айналдырғанын сондай көтеріңкілікпен тұжырымдап, түркілердің бірлігі бар жерде береке-бақыт болып, олардың ұлы жеңілмейтін күдіретті күш екенін баяндаған. Бұл тұжырым тарихтың барлық кезеңдерінде де өзекті мәселе. Міне, осы Білге қаған кезінде барлық түркі тайпалары бірігіп, «Алты Алаш» деген қанатты ұғымға қол жеткізген болуы тиіс.

Бұл пікірдің негізі бар екенін нақтылайтын Білге қаған мәтінінде мынандай дерек бар: «Алты тақ иегерлері». Осы алты кіші хандықтың ордасын не деп атағанын іздестірдік. Таңқаларлығы соншалық, кіші ордаларды М. Қашқари «алачу» (alacu) деп атапты. XI ғасырға дейін халық арасында қалыптасып, XI ғасырдың басында жазылған хатқа түскен атау. «Аласу» – кіші орда... Бұл тарихи дерек, алты үлкен тайпалар одағы алты кіші хандық құрып тұрған.

Түркілер қағанат орталығын Орда деп атаса, хандықтардың орталығын «алачу» деп атағаны бізге осылайша белгілі болды. Олай болса, байырғы түркілердің осы алты тайпасы кейін «Алты Алаш» атанып, күні бүгінге дейін халық жадында сақталып қалған. Бұл атау Еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүкіл бүтін оғұз, қыпшақ, қарлұқ, басмыл, он-оқ түркештердің кейінгі ұрпағы – қазақ халқының ұранына айналған [78].

«Алты Алаш» сөзінің семантикасы түркілердің аттары аталған алты тайпасының бірлескен ордасы деген пікір шындыққа



келетін сияқты. Бұрынғы жарық көрген тарихи, лингвистикалық әдебиеттерде «Алты Алаш» сөзінің келіп шығуына, оның семантикасына әртүрлі пікірлер айтылғанымен, оның ғылыми анықтамасы жеткіліксіз болатын. Енді Орхон ескерткіші мен М. Қашқаридың қалдырған деректерінің шындыққа жақын екенін байқауға болады. Қазақ халқының арасында «Алты Алаш» сөзі жиі қолданылып жүргенімен, оның семантикасы мен пайда болуы туралы түсінік жоқтың қасы, оны әркім өздерінше түсіндіруге ұмтылатын. Сөйтіп, «Алты Алаш» дегенде, барлық қандас, тілдес халықтардың бірлігін түсінеміз. Кейін, түркілердің бірлестігі ыдырап, өзара енші алысып кеткенде, оның ортасында мекендеген қазақтар түркілердің қара шаңырағына ие болып қалған. Бұл туралы М. Жұмабаев:

«Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,  
Түріктен басқа от болып жан туып па?  
Көк түрік енші алысып тарасқанда,  
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?  
Арыстан елге отан болған Тұран,  
Тұранда қазағым да хандық құрған.  
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы  
Тұранның талай жерін билеп тұрған.  
Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,  
Тұрансыз тарқамаған алаш шері,  
Тұранның топырағында тыныштық тапқан  
Алаштың арыстаны Абылай ері...  
Шер батса кім іздемес туған елін,  
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?  
Арқаның ардагері – қалың алаш,  
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!  
Ертеде Оқыс, Яксарт-Жейхун, Сейхун,  
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.  
Киелі сол екі су жағасында,  
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!» [79].

XX ғ. қазақтың көрнекті ақыны М. Жұмабаев түркілердің тарихын жетік білген, оның тарихына терең қараған. «Түркістан» атты шығармасынан үзінді келтірдік. Бұл жерде «Алаш» деген сөзді бірнеше жерде келтіріп, ертедегі түркілердің бәрін алаштың ұрпақтары деген, Тұран елі, Амудария, Сырдария алаштардың отаны екеніне айрықша көңіл бөліп, бұл жерде бабаларымыз қоныстары және молалары (бейіттері) сақталғаны, соның куәгері екенін тілге тиек еткен. Міне, Тұран елінің қақ ортасында,



етек-жеңін көтермей, «қара шаңырақ» иесі қазақ халқы екенін мақтаныш етеді. Сондықтан да «Алты Аталы алаш» болған кездегі ірі-ірі тарихи уақиғалар қазақ халқының санасында, ауыз әдебиетінде мықты сақталғандықтан, алаш сөзін тұрмыста жиі қолданады. Енді оның семантикасын білуге қол жеткіздік.

Осындай «Алты Алашқа» біріккен тайпалар, Орталық Азияны түгел, Солтүстік Кавказ, Қара теңіздің солтүстік жағасына дейін мекендеген түркілер шетінен көшпелі болмай, отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты мекендер мен қалалар салған. Олардың ертедегі қоныстарын археологтар жылма-жыл ашып жатыр. Солардың ішінде, өзендер мен көлдердің, теңіздердің алқаптарын жайлаған көп санды оғыз тайпалары. Енді, сол тайпалардың салған қалаларына қысқаша тоқталайық.

Жалпы түркілердің өркениетті мәдениетінің зор болуы, ол да болса отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі шаруашылықтардың қосындысының (синтезінің) нәтижесі деген көзқарастамыз. Өте бай, кең-байтақ өлкені (регионды) мекен еткен түркілер, ерте заманнан бастап-ақ, өз Отанының табиғи-жағырафиялық ерекшеліктеріне икемделіп өмір сүрген. Отырықшылыққа жарамды жерлерде тұрақты баспаналар мен қалалар, бекіністер салып, оларды өздерінің заттай, рухани мәдениеттерінің орталығына айналдырған. Жартылай шөлді аймақта отырықшылық, көшпелі тұрмыс кешірген. Шөлейттік жерлерде көшіп-қонып, төрт түлік малды өсірген. Каспий, Арал сияқты теңіздер мен көлдерде, өзендерде балық аулаған. Аталған көп салалы шаруашылықтың түрлерімен айналысушылар өзара, ұдайы қарым-қатынас жасап, өздерінің өнімдерімен, рухани байлығымен алмасып отырған. Осындай кешенді шаруашылықтардың негізінде өркениетті мәдениеттің іргетасын қалап, оны ұдайы дамытқан. Оның үстіне, түркілер шығыстағы көршісі Қытай, оңтүстіктегі Үнді, батыстағы Алдыңғы Азия, Еуропа елдерімен үздіксіз қарым-қатынас жасаған. Міне, осындай жағдайда түркілер өз мәдениетін өркениетті дәрежеге жеткізген. Оның орталығы түркі қалалары мен отырықшы мекендері болған.

Ертедегі ортағасырда Орталық Азияда тұрақты мекендер мен қалаларды салған түркі тайпаларының бірі – оғыздар. «Оғыздар (араб және парсыша – гүз, ғузз; ежелгі түрікше – оғуз; қазақша – оғыз) – ертедегі ортағасырда Орталық және Орта Азияда өмір сүрген түркі тілдес тайпалар» [80]. Олардың тайпа екенін қазіргі Түркияның ғалымдары да мойындайды: «Оғыз» сөзінің мағынасына қатысты түрлі пікірлер айтылады. «Оғыз» сөзі түркі тілінде сол кезде «тайпа» мағынасына келетін «оқ» сөзіне



түрікшедегі «з» көптік жалғауының жалғануы арқылы жасалып (ок+из), «тайпалар» дегенді білдіреді» [81].

XI ғ. жасаған әйгілі түркі ғұламасы Махмұт Қашқари түркі тайпаларын мейлінше аралап, деректер жиып, өзінің мәңгілік мұрасы етіп, кейінгі ұрпақтарға қалдырған «Түрік сөздігі» атты еңбегінде: «Оғұз: оғыз. Түрік тайпаларының бірі. Оғыздар – түркмендер. Олар жиырма екі ұрық; әрбірінің айырым-белгілері мен малға басатын таңбалары бар. Руларды, бір-бірінің малын сол таңбаларға қарап таниды.

Бұл ұлыстардың тегін білуге адамдардың ынта-ықтияры болғандығы үшін мен оларды бір-бірлеп жазып шықтым. Бұл таңбалар ат, мүлік пен малдарының белгілері...

Бұлар негізгі тайпалар. Олардың әрқайсысының аймақтары бар. Қысқарту үшін оларды жазбадым...» [82] дейді.

Келтірілген үзіндіде, М. Қашқари оғыздардың тайпа екенін нақтылы, ашық айтуымен қатар, олар түркілердің ішіндегі **негізгі тайпалар** деп айтуында үлкен мән бар екенін меңзейді. Соған қарағанда, оғыздар саны және жайласқан аймақтары жағынан да көп көлемге таралған, өскен түркілердің басты тайпалары екенін байқаймыз. Тілекке қарсы, олардың жайласқан аймақтарын әдейі көрсетпегенін баяндаған. Егерде, оны жазып қалдырғанда, оғыздар туралы мағлұмат молырақ болар еді.

Бізге белгілі тарихи деректерге қарағанда, оғыздар Ыстықкөл, Сырдария, Шығыс Түркістан аймақтарын мекендеген көрінеді. М. Қашқарида: «Окуз: Жайхун мен Фират (Еврат) секілді үлкен дарияларға берілген ат. Бұл сөз жалғыз қолданғанда оғыздарша Venegit: Бенегит–Бенегит» дариясы деген ұғымды білдіреді. Олардың шаһарлары сол өзеннің жағалауларына орналасқан; олардың көшпенділері де сол дария жағалауларында тіршілік етеді. Түрік өлкелерінің басқа бірталай өзендері мен өлкелері де «Өкүз-Өкүз» деп сол атты алған, солай аталады. «Ілә: Іла–Іле» мен «Лафынш: Иафынш–Иафынш» арасында орналасқан бір қала да «Лкі өдүз: Ики өгүз – Екі өгіз» деп аталады.

Өгүз: өгіз. Мақалда былай айтылады: «Өгіздің аяғы болғанша, бұзаудың басы болса игі». Бұл мақал «басқаға жүгінді болғаннан, бас-басына болған артық» [83].

Ұлы ғұламаның еңбегінен келтірілген деректерге қарағанда, оғыз тайпалары Орталық Азиядағы үлкенді-кішілі өзендердің (дариялардың) алқаптарында жайласып, ол су жүйелерін өздерінің этникалық атымен жалпы Өкүз (өгіз) деп атаған. Үлкен дарияларға жекелеп Бенегит деген ат берген. Соған қарағанда, үлкен аймақтағы өзендер мен өлкелерді оғыздар өзара бөлшектеп орналасқанын байқаймыз. Бұл жерде автор Жетісудың ең үлкен өзені болған Ілені



де атайды. Сөйтіп, оғыздар Сырдария, Шу, Талас, Жетісу, Ертіс аймақтарын мекендеп қана қоймай, олар Шығыс Түркістандағы Тула-Селенга өзендерінің өңірінде өзінің қағанатын 630 жылдары құрғаны айтылады [84]. Бұл пікір М. Қашқаридың айтқанына тура келеді: «Рум жерінен Шынға (Қытайға. – У.Ш.) дейін тіршілік ететін оғыздар мен көшпелілер бірқатар сөздерді жеңілдетіп айту үшін іс-әрекеттің ұластылығын білдіретін «Ғ» мен «Г» әріптерін түсіріп айтады» [85]. Бұл жерде де, автор оғыздардың Византиядан Қытайға дейінгі жерлерде жайлайтынын баяндайды. М. Қашқари «Шігіл» деген сөздің мағынасына тоқтап, Шігіл түркілердің үш аймағының атауы екенін айтады: Барсғанның, Талас қаласының, Қашқар өңірлерін жайлайтын түркі тайпасының. Олар оғыздармен тату тұрмағанына тоқталып: «Оғыздар да сол төңіректегі жерлерде тіршілік еткен және шігілдермен үнемі қақтығысып, соғысып отырған, олардың арасындағы алауыз жаулық бүгінгі күнге дейін сақталып келеді» [86] деген.

Бұл дерек бойынша, шігілі, оғыз тайпалары Ферғана, Ыстықкөл, Сырдария, Шығыс Түркістан жерлерін мекендеген көп санды этникалық топтар. Олардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүріп, егіншілікпен айналысқан. М. Қашқаридың айтуына сүйенсек, әсіресе, оғыздардың көпшілігі тұрақты мекендер мен қалалар салған. Бұл пікірді Жүсіп Баласағұн да (ХІ ғ.) растайды:

«Болған талай қалалар да, халық та,  
Уақыт көмді бәрін жерлей табытқа.  
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,  
Енді соның ізін тауып байқаңыз...» [87].

Ғұламаның әйгілі еңбегінен келтірілген бір шумақ туындысында, түркілердің ерте замандардан бері тұрақты мекендері мен қалаларының болғанын және олардың бірқатары көнеріп, әртүрлі тарихи тәлкектердің себебінен қирап, жер қойнауына кіріп, археологиялық ескерткіштерге айналғанын көзі көріп, «Құтты білік» еңбегінде жазып кеткен. Сонымен қатар, түркілердің тайпалардан құрылған ауылдары болғанын да еске салады. Осының бәрін кейінгі ұрпақтардың зерттеу керектігін өсиет ретінде айтқан. Бұның бәрі түркілердің ежелден көшпелі болмағанын және олар өздерінің бай Отанының табиғи-жағырафиялық ерекшелігіне икемделіп, кешенді шаруашылықты ұдайы дамытқанын ашық айтқанын байқауға болады.

Ұзақ жылдар бойына тарих ғылымында үстемдік еткен түркілер туралы айтылған евроцентристердің пікірлерінің жалған екенін жазба және археологиялық зерттеулер әшкерелейді.



Түркілер ежелден шетінен көшпелі болмаған. Олардың отырықшы мәдениетінің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларды, тұрақты мекендерді өздері ерте заманнан бастап, Тұран өлкесінде салғандағы аты аңызға айналған, тегі түркі Афрасиабпен байланысты екендігі тарихи деректерде кең көлемдерде суреттелген. Афрасиаб туралы иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде көп жазылған. Атақты шығыстың ұлы ғұламаларының бірі Фирдоусидің «Шаһнамасында» Афрасиаб жан-жақты суреттелген [88]. Шығармада Афрасиаб Тұран (жалпы түркі әлемінің) патшасы (ханы, қағаны) әрі елін парсылардан қорғаушы, қолбасшы болып бейнеленген. Оның әкесі – Бешен (Бошан), ағасы – Перен, балалары – Барысхан, Қарахан, Шиде, Алақ, қызы – Қаз [89]. М. Қашқари «Афрасиаб: Алып, батыр» – деп жазған. Оның өліміне байланысты мынадай шумақ келтірген:

«Алып Ер тоңа өлді ме?  
Жаман дүние қалды ма?  
Заман өшін алды ма?  
Енді жүрек жыртылар!» [90].

Аты аталған шығармада мынандай түсіндірме берген: («Афрасиаб (Алып Ер, тоңа) өлді ме? Жалған дүние одан кейін қалды ма? Тағдыр, замана одан өшін алды ма, енді сол үшін заманаға күйініп, өкініп жүректер жыртылар!») [91].


Бізге белгілі деректерге қарағанда, Афрасиаб барлық түркілердің құрметіне бөленген көсемі. Ол Амудариядан солтүстікке қарай созылып жатқан Орталық Азияны түгел басқарған. Кең-байтақ жерді «Афрасиаб әулеті» билеп, қалалар, ордалар салдырған. Оған бағынған елдер – оғыз, қарлұқ, қимақ, беркен, қаңлы, хазар. Міне, Афрасиаб билеп тұрғанда, түркілер бірнеше елдерден, мемлекеттік құрылымдардан құрылған ұлы мемлекет болған» [92].

М. Қашқари «Түрік сөздігі» атты еңбегінде Мауераннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан жерлерінде түркілердің, әсіресе, оғыздардың ірі-ірі қалаларының Афрасиаб кезінде салынғанын жазған: Ниса, Мерв, Термез, Самарқанд (Афрасиаб), Бұхара, Соғдақ, Мар, Пайкент, Ферғана, Ахсикет, Ходжент, Өзкент, Ош, Ташкент, Түркістан, Янкент, Қият, Үргеніш, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Бабата, Тараз, Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Қарақастек, Алматы, Қойлық, Жаркент, Қашқар және т.б.

Осы қалалардың көпшілігі оғыздар тайпасының салған қалалары екенін ашып айтқан. Осы еңбегінде: «Орда. Хан



3-сурет. VI–XII ғғ. Шу өңіріндегі ортағасырлық қоныстардың археологиялық картасы (П.Н. Кожемяко)





қаласы... Орда кент. Баласағұн»; «Кенд: кент: оғыздар және оларға жақын маңда тұрған жұрт тілінде «қыстак» деген мәнде, түрік халықтарының көпшілігінің тілінде «шаһар, қала» дегенді білдіреді. Осыдан алып, Ферғананы «Өз кенд: Өз кенд – Өзкент» деп атаған, «өз шаһарымыз» дегендегісі. Сол сияқты үлкен қала болғандықтан «Semіз kенд: Семіз кенд – Семіз қала; семіз кент» солай аталған. Мұны парсылар «Samaг kанд: Самар канд – Самарқанд» дейді. Балық: исламдықтан бұрын, ілгері замандағы түрік тілінде шаһар, қала. Ұйғыршада да айтылады. Ұйғырлардың ең үлкен шаһарларының бірі «Бес балық» деп аталады. Бұл «Бес қала» деген мағынада» [93].

Антикалық дәуірде салынған Афрасиаб (Самарқанд) шаһары бізге археологиялық ескерткіш ретінде жеткен. Оның алып жатқан көлемі 219 га. Ол осы күнгі Самарқандтың солтүстік шетінде орналасқан. Оны 1874–1885 жылдары Н.И. Веселовский, 1904 жылы В.В. Бартольд, 1905–1931 жылдары В.Л. Вяткин, 1945–1948 жж. А.И. Тереножкиндер археологиялық жақтан зерттеген. Көне Афрасиабты кең көлемде археологиялық тұрғыда 1958 жылдардан Өзбекстан ғалымдары зерттеп жатыр. Бұл ескерткіште Өзбекстан Ғылым академиясының Археология институты орналасқан. Нәтижесінде, Афрасиаб шаһарының көп ғасырлар жердің қойнауында жатқан сырлары ашылуда. Антикалық заманнан бастап, Түркі әлемінің алғашқы ірі астаналарының бірі болып, саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанына ақ шашты тарих куә.

Афрасиаб сияқты көне шаһарлардың бірі Бұхара: «Б.з. I ғасырында іргесі қаланған. 709 жылы арабтар басып алған кезде, ол Орта Азиядағы ірі сауда және мәдени орталық болған. IX–X ғасырларда Сямани әулеті мемлекетінің құрамына кірді, оның астанасы болды. X ғасырдың аяғында көшпелі қараханидтерге, XII ғасырдың ортасында қарақытайларға бағынды» [94]. Бұхара шаһары Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан. М. Қашқари қаланы оның негізін салушы Афрасиабтың күйеу баласы Сияуышпен байланыстырады: «Кейбіреулер бүкіл Мауераннахрды түрік елі деп есептейді. Ол Янкенттен басталады. Оның тағы бір аты – Дизроин-мыс шаһары. Беріктігіне байланысты солай аталған. Бұл Бұхараға жағын. Осы жерде Афрасиабтың қызы – Қаздың күйеуі – Сияуыш өлтірілген. Мажусилер жыл сайын сонда бір күн жиналып, құрбандық шалып, қабіріне қанын шашады. Бұл оларға салт болып кеткен. Бүкіл Мауераннахр мен Янкенттен шығысқа дейінгі жерді түрік шаһарлары дейтініміз сондықтан... Қазір бүкіл түрік елінің шекарасы Абисқун (Каспий)



теңізінен айналып, Рум елі мен Өзкенттен Шынға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың фарсах» [95].

Бұхара шаһары да Афрасиабен байланысты көрінеді. Ол ертедегі түркі жеріндегі көп шаһарлардың бірі екеніне шек келтіруге болмайды. Антикалық авторлардан Страбон мен Юстиндердің «Бактрияның ар жағында (мың қаланың) елдері бар» [96] деп жазғандары, түркілердің жерінде ертеден қалалардың көп болғанын меңзейді. Бұхарада солардың бірі болғанын В.В. Бартольд та мойындайды: «Мұсылмандар келгенге дейінгі Бұхара шаһарының тарихы туралы мағлұмат өте аз. Мандисидің айтуына қарағанда, ертедегі Бұхараның орнында Рамисан ямаса Рийамисан атты қоныс (аул) болған. Жалпы алғанда, исламдарға дейін бірнеше ғасыр бұрын қаланың негізі салынған» [97].

Сонымен қатар, М. Қашқари түркілердің батыс шекарасы Каспий теңізінің барлық төңірегін түркілер жайлағанын айтады, яғни осы күнгі шығыс, солтүстік Кавказ елдерінің жерлерін де қамтиды. Түркі елінің ұзындығы сегіз мың фарсах болса, әр фарсах 6-7 км тура келгенде 56 мың км болады. Осынша үлкен жерді түркілер иеленіп, оны сақтап, өздерінің мекеніне айналдыруы олардың қаһарман халық екеніне ашық-айқын дәлел.

Тарихи деректерге қарағанда, Хорезм мен Ферғана өңірлерінде түркілердің басқа тайпаларымен бір қатарда оғыздар да аралас өмір сүріп, қалалар салған. Антикалық заманның ғалымдарының еңбектерінде, Әмударияның төменгі ағысына орналасқан Хорезм елі туралы азды-көпті мағлұматтар сақталған. Олардың ішінде «Авестаның» отаны Хорезм болса керек деген пікірді жазған [98]. Геродоттың, Гекатейдің, Арианның еңбектерінде Хорезм ежелден отырықшы мәдениеттің дамыған жері екені айтылған. Оның ертедегі астанасы Әмударияның оң жағындағы қала Қият шаһары болғанын жазған [99]. Якутудің айтуынша, хорезмдіктердің тілінде ол Қас дуал, Қорған деген мән береді [100]. Ибн Баттута Қиятты ол-Қат деген. Ертедегі ортағасырдағы ғылыми еңбектерде бұл шаһар Қият деген атпен белгілі. Бұл шаһардың орны жақынға дейін осы атпен аталып келді. XX ғ. 70-жылдарында Бируни деп атады. Себебі Қиятта әл-Бируни дүниеге келген. Гурганджаның – Көне Үргеніштің билеушісі Абу-л-Аббас Мамун Мұхаммед Хорезмшахтың билеушісі әулетін қиратып, Қиятты тарихи сахнадан шығарғанын Макдиси хабарлайды [101].

Қияттан кейінгі Хорезм мемлекетінің астанасы Гурганджа (Көне Үргеніш). Бұл да осы ойпаттағы үлкен шаһарлардың бірі. В.В. Бартольдтың пікірі бойынша: «Сөзсіз мұсылмандар келгенге дейін салынған шаһар. Қытай деректерінде Гургандж Хорезмнің ежелгі атымен б.з.б. I ғасырда аталған [102]. Осы кезде бұл шаһар



Юегянв деген атпен белгілі» [103]. 995 ж. Гурганджа шаһарының әмірі Қиятты басып алып, ондағы мұсылман әулетін тағынан түсіріп, Хорезмді қайтадан біріктіріп, Хорезмшахтың атын өз руына қабылдаған [104]. Бұл қаланың көлемі бойынша Көне Үргеніш Хорезмдегі Қияттан кейінгі екінші дәрежедегі шаһар. 1221 жылы бұл қаланы моңғолдар талқандаған, 1388 ж. Әмір Темір басып алған [105]. Бұнан кейінгі Хорезмнің астанасы Хиуа шаһары. XIV ғ. бастап ол қаланың атымен Хиуа хандығы 1920 жылға дейін жасаған. Бұл шаһарды С.П. Толстовтың басшылығымен Хорезм археологиялық экспедициясы 1950 жылдары зерттеп, керуен-сарайдың төңірегін, базарын ашты.

Хорезм археологиялық экспедициясы Сырдарияның орта және төменгі өңірлеріндегі оғыздардың қалаларын, тұрақты мекендерін кең көлемде зерттеді: «Археологическое исследование огузских памятников северо-восточных окраин средневекового Хорезма было начато Хорезмской экспедицией еще в 1946 г. на городищах и развалинах, названных нами в совокупности «болотными городищами»... это исконный район обитания огузов: ряд исторических источников свидетельствует, что находящийся в низовьях Сыр-Дарьи город Янгикент в X–XI вв. был резиденцией царя гузов... Исследования памятников огузов значительно расширили круг сведений о хозяйстве, культуре и быте этого народа» [106].

Сырдарияның орта, төменгі ағысындағы оғыз қалаларын зерттеу нәтижелері С.П. Толстовтың еңбектерінде молырақ камтылған [107]. Бұл еңбектерде оғыз мемлекетінің жалпы мәдениеті отырықшылық шаруашылыққа негізделгенін және заттай, рухани мәдениеттерінің дамуы жоғары болғанын дәлелдейді.

Сырдарияның орта және жоғарғы ағысында, Ферғана өңірінде ертедегі ортағасырда Ферғана, Ташкент, Ахишкент, Құба, Өзкенд, Ош шаһарларының бар екенін жазған деректер де жеткілікті [108].

Осы күнгі Қазақстан Республикасының жерінде орналасқан Отырар (Қарашұқ), Сауран, Испиджаб (Сайрам), Манкент, Құмкент, Саудакент, Тараз (Талас), Құллан, Мерке, Аспара, Ақтөбе (Баласағұн), Қарақастек, Алматы, Жаркент қалаларының көпшілігі оғыздардың салдырған қалалары [109]. М. Қашқари «Қаратүк – Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының бірінің атауы... Қарашұқ: Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының бірінің атауы» дейді. Осы күнгі Түркістан шаһарының жанында дейді: «Қарнак – оғыз қалаларының бірі» [110]. Сондай-ақ Сауран, Сығанақ, Барысхан, Сужаб және т.б. көптеген қалалар осы күнгі Қазақстан мен Қырғызстан жерлерінде көп екені ортағасыр деректерінде жазылған.



Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, Орталық Азия түркілері антикалық замандардан бастап тұрақты мекендер мен қалалар салған. Түркі тайпаларының арасында сан жағынан да, жайлаған жер жағынан да оғыздар кең тараған және олардың басым көпшілігі отырықшы болып, қалалар, бекіністер, тұрақты мекендер салған және өз мемлекетіне ерте ие болған. «В дальнейшем потомуки древних обитателей низовий Сыр-Дарьи продолжали играть значительную роль в этнической истории населения Приаралья: как известно, огузы составляли основное ядро в этногенезе туркмен, а печенеги вместе с частью огузов влились в состав формировавшегося в Приаралье кара-калпакского народа» [111].

Тарихта дәлелденген мәселенің бірі, оғыздар осы күнгі түрікмен, әзірбайжан, Оспан түріктерінің этногенезіне белгілі үлесін қосқан тайпа. Олар ертедегі ортағасырда Орталық Азияны мекендеген. Кейін әртүрлі тарихтың тәлкегімен оғыздардың бір бөлігі батысқа қарай жылжып, жаңа қоныстарға ие болған. Солай болса, олар ертеде отырықшы мәдениеттің орталықтарына айналған қалалар салған, әсіресе, Ұлы Жібек жолдарында.

Оғыздар батысқа жылжып барған жерде, бұрынғы тәжірибелері бойынша тұрақты мекендер мен қалалар салған. Сельжук пен Оспан империясы кезінде, оғыздардың Алдыңғы Азияның бірқатар жерінде, атап айтқанда, осы күнгі Иран, Сирия, Рум жерлерінде тұрғызған қалалары болған: Стамбул, Анкара, Измир және т.б. Сондықтан да, Оспан түріктерін бұрын көшпенді болды деудің ешбір қисыны келіспейді. Олардың бабалары оғыздар отырықшы мәдениетті пайда етуші өркениетті ел болған. Оны өздерінің жаңа қоныстарында іске асырған.

Бұл ғылыми тұжырымды кейбір Түркия ғалымдары өздерінше былай түсіндіреді: «Еуразия территориясы, яғни Байкалдан Балқан жарты араларына дейінгі кең алқаптар атты көшпелі мәдениет үшін барынша ыңғайлы мекен болған. Сондықтан да дала мәдениеті осы аймақтарда қалыптасқан.

Дала мәдениетін көшпенді мәдениетпен шатастырмау керек. Дала мәдениеті ат, қой және темірден құралғандықтан, көшпенділердің өміріндегі сияқты ат бірінші орында тұрмайды. Ал, темір көшпенді қауымның мәдениетінде кездеспейді. Осы тұрғыдан дала мәдениеті мен көшпенді мәдениет бір-бірінен өзгеше болады».

Бұл келтірілген үзіндіде авторлар ертедегі түркілердің мәдени дамуын екіге бөледі: дала және көшпелілер мәдениеті деп. Бірақ бұл екеуінің бір-бірінен қандай ерекшеліктерімен бөлінетініне анықтама бере алмаған. Байкалдан Балқанға дейінгі кең-



байтақ аймақты егіншілер де, қолөнершілер де, малшылар да, балықшылар мен аңшылар да мекендеген. Дала деп жүргеніміз, біздіңше, бүкіл Орталық Азия, Кавказдың солтүстігі, Қара теңіздің солтүстік жағалауларына кіретін түркі әлемінің ежелгі қоныстары. Тарихшылардың көпшілігі «дала» деген сөзді басқаша түсінеді. Олай болмау керек. Дала дегеніміз жалпы түркілердің автохтондық Отаны. Осы Отанында түркілердің басым көпшілігі отырықшы, жартылай отырықшы болып, тұрақты мәдениеттің іргетасын қалаған. Олардың ішінде шөлдік аймақтарда көшпелі өмір сүрген түркілер өз үлестерін қосқанына жоғарыда тоқталып өттік. Сөйтіп, түркі өркениетінің негізін көп салалы шаруашылық құраған. Бұл пікірді дәлелдейтін тарихи деректер жеткілікті. Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі айтылып жүрген «дала» және «көшпелілердің мәдениеті» деген ұғым ғылыми жақтан дәлелденбеген пікір.

### Әдебиеттер

1. *Хасенов Х., Буреєв О.* Әл-Хорезми географиясы. Ташкент, 1983. 55–62-б.
2. *Бируни Абу Райхан Конури Масудий.* Танлаган асарлар. 1-кітаб. Ташкент, 1975. 428-б.
3. *Волин С.* Сведения арабских источников IX–XIV вв. о долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ. Т.VIII. Алма-Ата, 1960. С. 73–74.
4. Сонда. 75-б.
5. Сонда. 80-б.
6. Сонда. 80-б.
7. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997. 10-б.
8. Сонда. III т. Алматы, 1998. 555-б.
9. Сонда. I т. 11-б.
10. Сонда. 8-б.
11. *Крачковский И.Ю.* Избранные сочинения. Т. IV. М., 1958. С. 269.
12. *Қашқари М.* I т. 157-б.
13. Сонда. 91-б.
14. Сонда. 154-б.
15. Сонда. 462-б.
16. Сонда. III т. 551–554-бб.
17. *Қашқари М.* Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993. 15–16, 18-бб.
18. Сонда. I т. 534–535-бб.
19. Сонда. 553-б.
20. *Баласағұн Ж.* Құтты білік. Алматы, 1986. 5-б.
21. Сонда. 124-б.
22. Сонда. 602, 605-бб.
23. *Волин С.* Сонда. 86-б.
24. Сонда. 87–89-бб.
25. Сонда. 89–90-бб.



26. Сонда. 90–91–бб.
27. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент, 1988. С. 84.
28. Сонда. 92–б.
29. Сонда. 78–б.
30. Сонда. 24–б.
31. Сонда. 241–242–бб.
32. Сонда.
33. *Бартольд В.В.* Соч. Т. III. М., 1965. С. 356.
34. *Волин С.* Сонда. 83–б.
35. *Бартольд В.В.* Соч. Т. III. М., 1965. С. 357.
36. *Мырза Мұхаммед Хайдар.* Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996. 458–б.
37. *Бартольд В.В.* Баласагун. Соч. Т. III. М., 1965. С. 357.
38. *Бартольд В.В.* Соч. Т. IV. М., 1966. С. 21–94.
39. Сонда. 21–88–бб.
40. *Бартольд В.В.* Т. III. С. 355–357.
41. Сонда. 355–б.
42. *Массон М.Е.* Старый Сайрам // Известия Среднеазиатского комитета памятников старины. Вып. 3. Ташкент, 1928. С. 271.
43. *Тереножкин А.И.* Археологические разведки по реке Чу в 1929 г. // Проблема истории докапиталистических обществ (ПИДО). 1935. № 5–6. С. 148–149.
44. *Бернштам А.Н.* Результаты работ экспедиций // Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина». Материалы и исследования по археологии СССР. №14. М.-Л., 1950; Предварительная публикация // Археологический очерк Северной Киргизии. Фрунзе, 1941.
45. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. С. 282–283.
46. *Кожемяко П.Н.* Раннесредневековые города Чуйской долины. Фрунзе, 1959.
47. *Елеуов М., Алдабергенов Н.* Сабыр елді мекені // Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Алматы, 2002. 321–б.
48. *Кожемяко П.Н.* Сонда. 113–б.
49. Сонда. 116–б.
50. Сонда. 117–б.
51. Сонда. 118–б.
52. *Бартольд В.В.* Путь от Таласа к Чу и Чуйская долина // Соч. Т. IV. М., 1966. С. 45–46.
53. *Бартольд В.В.* С. 56–57.
54. *Кызласов Л.Р.* Работы Чуйского археологического отряда в 1953–1954 гг. // КСИЭ. Археологические исследования на городище Ак-Бешим. Сб. № 3. Фрунзе, 1958. С. 157.
55. Сонда. 235–б.
56. *Кызласов Л.Р.* Археологические исследования на городище Ак-Бешим в 1953–1954 гг. // Труды КАЭЭ. Т. II. М.-Л., 1959. С. 156–241.
57. Сонда. 235–б.



58. Сонда. 236-б.
59. Сонда. 236-б.
60. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 399–402-бб.
61. Сонда. 468–469-бб.
62. *Кызласов Л.Р.* Археологические исследования на городище Ак-Бешиш в 1953–1954 гг. С. 236.
63. Сонда.
64. *Кожемяко П.Н.* С. 4.
65. Сонда. 127-б.
66. *Массон М.Е., Горячева В.Д.* Бурана. Фрунзе, 1985.
67. Сонда. 23-б.
68. *Горячева В.Д.* О локализации города Баласагуна // Страницы истории и материальной культуры Киргизстана. Фрунзе, 1975; Городские центры и монументальная архитектура средневековой Киргизии. Фрунзе, 1988; Город золотого верблюда. Фрунзе, 1988.
69. *Винник Д.Ф.* Работы Бураинского отряда // Археологические открытия 1972 г. М., 1973. С. 495–496.
70. История Киргизской ССР. Т.1. Фрунзе, 1984. С. 311, 344–400.
71. *Караев О.* История караханидского каганата. Фрунзе, 1989; О местонахождении города Баласагуна // Средневековые города Средней Азии и Казахстана. М.-Л., 1970. С. 58–60.
72. *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1986; О древних городах Суяб и Баласагун // ВАН КазССР. 1976. №1; Ежелгі Қазақстандағы қалалар. Алматы, 2005.
73. *Елеуов М.* Шу мен Талас өңірлері мен ортағасырлық қалалары (VI–VIII ғ. басы). Алматы, 1998. 188–189-бб.
74. *Волин С.* 77-б.
75. *Гумилев Л.Н.* Көне түріктер. Алматы, 1994. 93-б.
76. *Сартқожа Қ.* Орхон мұралары. Астана, 2003. 269-б.
77. Білге қағанның өсиеті. Түркістан, 2001. 8–9-бб.
78. *Сартқожа Қ.* Сонда. 270-б.
79. *Жұмабаев М.* Шығармалары. Алматы, 1989. 175–176-бб.
80. Қазақ совет энциклопедиясы (КСЭ). 8-т. Алматы, 1976. 438-б.
81. *Ювалы А., Имашова Н.* Жалпы түркі тарихы. Түркістан, 2004. 73-б.
82. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997. 85–87-бб.
83. Сонда. 87–88-б.
84. *Ювалы А., Имашова Н.* Қараңыз. 73-б.
85. *Қашқари М.* 1-т. 584-б.
86. Сонда. 452-б.
87. *Баласағұн Ж.* Құтты білік. Алматы, 1986. 602-б.
88. *Фирдоуси.* Шаһнама. Алматы, 1972. 168-б.
89. ҚСЭ. 1-т. Алматы, 1972. 600-б.
90. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. Алматы, 1997. 70-б.
91. Сонда.





92. *Шәлекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы өркениеті. Алматы, 2003.  
95-б.
93. Сонда. 90–103-бб.
94. *Қашқари М.* 1-т. 154, 402, 436-бб.
95. ҚСЭ. 2-т. Алматы, 1973. 532-б.
96. *Қашқари М.* 1-т. 210-б.
97. История Узбекской ССР. Т.1. Кн.1. Ташкент, 1955. С. 78.
98. *Бартольд В.В.* Бухара. Соч. Т.III. М., 1965. С. 378.
99. *Бартольд В.В.* Хорезм. Соч. Т.II. М., 1965. С. 544.
100. Сонда.
101. Сонда. 475-б.
102. Сонда.
103. Сонда. 403-б.
104. ҚСЭ. 2-т. 434-б.
105. *Бартольд В.В.* 473-б.
106. *Толстов С.П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.  
С. 269–273.
107. Сонда. 276-б.
108. *Толстов С.П.* Города гузов //Советская этнография (СЭ). 1947.  
№3. С. 55–102; Огузы, печенеги, море Даукара //СЭ. 1950. №4.
109. Материалы по истории Средней Азии и Центральной Азии  
X–XI вв. Ташкент, 1988. С. 18–19.
110. *Қашқари М.* 1-т. 546-б.
111. *Толстов С.П.* Сонда. 533-б.



### *III тарау.* **БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

#### **3.1. Қаланың стратиграфиясы**

**Б**аласағұн қаласының орналасқан табиғи-жағырафиялық жағдайы тамаша. Қырғыз Алатауының солтүстік бөктерінде, одан сағасын алатын Шу өзенінің сол жағында, Шарғау, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ өзендерінің Шуға құятын төменгі ағысындағы тегістік алқапқа жайғасқан. Жері тегіс, құнарлы, суы мол және ауасы таза. Ертедегі әдебиеттерде бұл өңірдің тұрақты мекендері «Арғу» деп аталған, бұл екі таудың арасындағы қоныстар дегенді білдіреді [1]. Солардың бірі – осы Баласағұн шаһары. Оның оңтүстігін Қырғыз Алатауы, солтүстік-шығысын Жайсан тауы қоршап жатыр. Бұл жерде 1930 жылдарда «Жданов» және «Калинин» шағын колхоздары ұйымдасқан. Олар 1957 жылы біріктіріліп «Калинин» деп аталған. Сол жердегі археологиялық ескерткіштің құрметіне 1991 жылдан кейін бұл шаруашылыққа «Баласағұн» аты берілген.

*4-сурет.*  
Ақтөбе.  
Цитадельдің  
қазбаға  
дейінгі көрінісі

1941 жылы археолог Г.И. Пацевич Баласағұнға барып, онда барлау жұмысын жүргізіп, төмендегіше мәлімдеме жасаған: Баласағұн биікте орналасқан: солтүстік жағы – 265 м, шығысы –





250 м, оңтүстігі – 255 м және батысы – 208 м. Оның төңірегіннің биіктігі 1,5-2 м. Қырат жерден қазылған ормен қоршалған. Ортасында төрт бұрышы тең емес (трапеция) болып келетін биік цитадельдің орны бар. Оның ұзындығы: солтүстігі – 35 м; батысы – 60 м; оңтүстігі – 80 м және шығысы – 50 м. Цитадельдің төрт бұрышында биіктігі 5-9 метр шамасында мұнара болған. Шахристанның төңірегінде 2,5 шақырым көлемінде рабад орналасқан, оның ені 10-20 м; тереңдігі 2,5-3 метрдей ор (қамал) қоршаған. Осы деректерге сүйеніп, Г.И.Пацевич Ақтөбе қонысы VII–XIII ғасырларға жатады деген тұжырымға келген [2] (4-сурет).


Г.И. Пацевичтің мақаласында Ақтөбе қонысы жөнінде аз да болса тыңғылықты мағлұмат берілген. Ол ескерткішті өзінше өлшеп, қарапайым көзбен қарап, жалпы шолу жасаған. Ол бұл жерде қазба жұмысын жүргізбеген. Сондықтан қаланың жалпы көлемін, оның ішіндегі цитадель, шахристан және рабадты, оны қоршаған ордың (қамалдың) ұзындығын толық көрсете алмаған. Қолға түскен деректер жеткіліксіз болғандықтан, Баласағұнның өмір сүрген дәуірін нақтылы анықтай алмаған.

Содан соң, 1954 жылы П.Н. Кожемяко Баласағұн қонысын зерттеп, оған Степнин қалашығы деп ат бергенін жоғарыда жазғанбыз. Бұл қоныс өте үлкен ортағасырлық қаланың орны екенін, оның бекініспен қоршалғанын автор нақты көрсеткен [3] (5-сурет).





Археолог схемалық жобасында Ақтөбе қаласын қоршаған бекініске (орға) айрықша көңіл бөліп, оның жобасын қағазға түсірген және жалпы ордың ұзындығы 39 шақырымға жететінін көрсеткен. Оның мәліметтері бойынша, бізге дейін сақталып келген ордың тереңдігі 3-3,5 м, оның табанының ені 18-20 м, орды қоршаған су жүйелерінің ені 8-10 м, тереңдігі 0,6-0,8 екенін баяндаған.

Қаланы барлау үшін қоршаған орға үш жерден қазба жұмысын жүргізген. Ішкі қоршаудың үстіңгі биіктігінің ені 4,4 м, тереңдігі 2,5 м шамасындағы жерде қазба жұмысын жүргізіп, бұзылмай тұрған кезінде бекіністің биіктігі 5-6 м болуы мүмкін деген пікір айтқан [4]. Бұл бекініс (ор) бірнеше қабаттан тұратынын анықтаған. Бірақ археолог Ақтөбедегі бекіністерді толық көрсете алмаса да, қаланың үлкен екенін, оның бекіністері айтарлықтай мықты болғанына айрықша көңіл аударған.

Онан кейін, ол Ақтөбенің цитаделінен 4,2 м шұңқыр қазып, оны 4,10 метрге тереңдетіп, ескерткіштің жоғарғы қабатына жеткен. Қазба кезінде көлемі 22x20x7 см қам кірпіш, 32x18 см, 5x3 см, 22x21x3,7 см үш күйдірілген кірпіш табылған. Табылған заттар негізінде Ақтөбе ескерткішін IX–X ғасырға жатқызған [5].



5-сурет.  
Степнин –  
Ақтөбе қаласының  
схемалық картасы  
(П.Н. Кожемяко)

- Шартты белгілер:**
-  Қорған
  -  Құрылыс орындарының аумағы
  -  1954 ж. қазылған шұңқырлар
  -  Қорған кесінділері (1954 ж.)



Осы археологиялық шолудың нәтижесінде П.Н. Кожемяко Ақтөбенің цитаделі мен шахристаны жоқ, Ақтөбе деп аталатын биік төбе феодалдардың мекені және әскери бекінісі болса керек деген пікірді айтқан [6]. Бұл зерттеуші жоғарыдағы аты аталған Г.И. Пацевичтің жазғанына қарама-қарсы тұжырым жасап, Баласағұнның цитаделі, шахристаны жоқ және бұл ескерткіш қала емес, феодалдық бекініс дей келіп, Баласағұнның жасаған уақытын біршама кішірейтіп көрсеткен. Сөйтіп, бұл ескерткішті археологиялық зерттеуде әжептәуір еңбек еткеніне қарамастан, Баласағұн ескерткішіне толық ғылыми мінездеме бере алмаған. Ғалымның айтуынша, барлық ортағасырлық қалалардың цитадельдері және шахристандары бір тектес болу керек деген түсінік болған сияқты. Ғалым әр қаланың өзіне лайықты ерекшеліктері болатынын ескермеген. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, ортағасырлық қалалардың цитадельдері мен шахристандары әртүрлі етіп салынып, олардың өздеріне тән ерекшеліктері болған.

П.Н. Кожемякодан кейін Баласағұн қонысын ешкім зерттемей, сол күйінде қала берген. 1967–1968 жылдары Жамбыл облысының жер суландыру шаруашылығы Ақсу өзенін бөгеп, Ақтөбе қаласының ортасынан су қоймасын салмақшы болып, қоныстың цитаделін, оны қоршаған шахристанды біршама бүлдірген. Оның үстіңгі қабатынан 1 м тереңдіктегі жерді бульдозермен ысырып, шахристанның үстіңгі бетін ойрандаған. Рабадты қақ жарып, ұзындығы 3 шақырым, ені 100-150 м канал қазған. Жүргізген қазба жұмысы кезінде, археологиялық бұйымдар шыға берген соң, басшы орындардың нұсқауы бойынша, бұл жұмысты уақытша тоқтатқан. Бірақ та осы жұмыс кезінде ескерткіш бүліншілікке ұшырап, көптеген қоныстардың орындары бұзылған. Міне, ортағасырлық Баласағұн қаласы бізге осы күйінде жеткен.

1974 жылы С.М. Киров, қазіргі Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары (У.Х. Шәлеқенов, Н.О. Алдабергенов) Ақтөбе ескерткішіне барып, оның үлкен қаланың орны екеніне көздері жеткеннен кейін, оны археологиялық жақтан зерттеу үшін университеттің археологиялық экспедициясы (УАЭ) ұйымдасты. Осы жылы зерттеу жұмыстары Ақтөбе (Баласағұн) қонысында жүргізілді. Ескерткішті археологиялық тұрғыдан зерттеу үшін, оның стратиграфиясын нақты белгілеу басты мәселелердің бірі болды. Бұл проблеманы шешу үшін аэрометод (аэротәсіл – АТ) қолдануға тура келді (6-сурет).

Ортағасырлық Ақтөбе қаласының жайғасқан орнын аэрофотоға түсіру қиынның қиыны, көп қаражат арқылы, арнайы




мамандардың қатысуымен іске асатын тіршілік. Бірақ бұның да сәті түсті. Ол былай болды. 1979 жылдың күзінде «Алматы» санаторийінде демалдым. Қол босаған шақта бильярд ойнап жүріп Төреғали Мәдіғожин деген азаматпен таныстым. Ол Қазақстан Республикасының Азаматтық авиациясының бірінші орынбасары, Кеңес Одағының құрметті ұшқышы екен. Өзара әңгімеде Ақтөбе қаласындағы археологиялық зерттеудің барысын әңгімелеп бердім. Ол өте қызығушылық танытты. Сонан кейін, өзім көптен бері арман етіп жүрген Ақтөбе қаласын әуеден суретке түсірсем деген ойымды айттым. Т. Мәдіғожин мән бере тыңдап, ойланып қалды. Бірақ сол күні маған ешнәрсе айтпады. Ертеңгісін екеуіміз бильярд ойнап жүргенде маған: «Сіздің кешегі ойыңызды іске асыруға жәрдем берейін», – деді. Мен қуанып кетіп, оны қалай іске асырамыз деп сұрадым. «Сіз ректордан бізге хат әкеліңіз. Арғы жағын өзіміз орындаймыз», – деді ол. Мен бұл мәселені ректорымыз Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековке айттым. Ол ойланып: «Өте қажет нәрсе екен, қаражатын бір нәрсе етерміз, хатты жазып кел», – деп тапсырма берді. Бұл тапсырманы орындап, хатта Ақтөбе қаласының координатын көрсетіп жаздық.

6-сурет.  
Ақтөбе.  
Цитадельдің  
қазба  
жұмысынан  
кейінгі  
көрінісі

Бұл өтінішімізді орындау үшін, Т. Мәдіғожин Кеңес Одағының Қарулы Күштер министрлігінің Бас штабына хат жазып, Ақтөбені әуеден суретке түсіруге рұқсат алды. Сөйтіп, Ақтөбе шаһары суретке 1980 жылдың 5 мамырында түсірілді [7]. ИЛ-14 ұшағымен 1:2000 масштабтағы аэрофотосы түсірілді. Жұмыс сапалы орындалды (7-сурет).





- Шартты белгілер:**
- Қамал
  - ▲ Құрылыстың қалдықтары сақталған жерлер
  - ★ Цитадель
  - Шахристан

0 1 км

7-сурет.  
Ақтөбе  
(Баласағұн)  
қаласының  
аэромикро-  
картасы (1980)

Бұдан кейін қуаныш қойынға сыймады. Бірақ «оған төлейтін қаражатты ректор таба алар ма екен» деп уайым жедім. 1980 жылдың маусым айында ұшқыштар екі қағаз қапшыққа салынған аэрофотоның екі дана планшеттерін университеттің арнайы бөліміне әкеліп тапсырды. Аэрофотоның бір данасы ҚазҰУ-дің ар-



8-сурет.  
1-аэрофото






найы қорында сақталуда. Екінші данасын ғылыми жұмысқа пайдаланып, Ақтөбе шаһарының ғылыми макро және микрокартасын жасадық. Бұл Ақтөбе қаласының сырларын ашуға айтарлықтай жәрдем етті. Осынша қыруар жұмысты Т. Мәдіғожин мырза университетке жәрдем ретінде тегін істеп берді. Айтар ауызға жеңіл болғанмен, бұл атқарылған жұмыстың құны өлшеусіз. Ақтөбе қаласын зерттеуде баға жетпейтін үлес болып табылады. Бұл азамат қазір құрметті демалыста, оған көрген сайын алғыс айтамын. Өйткені ол көпке үлгі боларлық зор қызмет көрсетіп, ғылымға үлесін қосты.

### **3.2. Ақтөбе (Баласағұн) қаласын аэрофотоға түсіру**

Әлемде археологиялық ескерткіштерге аэротәсіл (АТ) қолдану – кейінгі кездері шыққан жаңалықтардың бірі [8]. Бұрын ол әскери мақсатқа кең қолданылса, қазір археологиялық зерттеулерде пайдаланып келе жатыр. Ескерткішті қажетті биіктіктен шолып, оның жайласқан жерін анықтауда аэротәсіл анық нәтиже береді. Осы және басқа да ғылыми тәсілдер арқылы күрделі мәселелерді іске асыруға болады. Мәселен, көне замандағы өркениеттерге жататын Солтүстік Африка, Еуропа, Алдыңғы Азия мен Орталық Азиядағы суару жүйелері, бекіністері, археологиялық, сәулеттік ескерткіштер әуеден суретке түсірілген болатын. Кеңес өкіметі жылдарында бұл тәсілді алғашқы рет Кеңес Одағында С.П. Толстов басқарған Хорезм кешенді археология экспедициясы қолданып, Амудария мен Сырдарияның алқаптарындағы көне заманның археологиялық ескерткіштерін, су жүйелерін картаға түсірді [9].

Қаланың құрылымы микрокартада көрсетілгендей болып шықты. Ол ормен түгел қоршалған. Оны жай тәсілмен (қолмен) өлшеп шыққанда қателіктерге ұрынар едік. Өйткені үлкен территорияда орналасқан қала құрылымы алуан түрлі болғандықтан, оны қолмен сапалы сызып шығу көптеген қиыншылыққа душар етеді және нақты болмайтыны сөзсіз. Ескерткіштің топографиясының құрамын белгілеу үшін, қаланың орталығындағы 60 ш. км кеңістікте зерттеу жұмысы жүргізілді. Ұшақтан түсірілген картада ірі құрылыстар: хан сарайының қалдықтары, мавзолейлер, кешенді күрделі құрылыстар, су жиналатын хауыздар, көшелер, су жүйелері және қаланы қоршаған бекіністер (қамалдар) көрсетілген. Ақтөбенің археологтар сызып қалдырған картасымен салыстырғанда, аэрофото арқылы жасалған картада қаланың көлемі 8 есеге дейін үлкейгенін байқаймыз. Ақтөбе қаласы негізінен қам кірпіштен салынғандықтан, уақыт өте келе ондағы



9-сурет.  
2-аэрофото



ғимараттар құлап, үлкенді-кішілі «табиғи» төбелер бейнесіне айналып, олардың үстеріне шөп шығып, малдың жайылымы болып кеткен, дей тұрғанмен, бұрынғы кезде сол жерде адамдар қоныстанғанын аэрофотоның мына планшетінен байқауға болады (8–9-суреттер).

1954 жылғы П.Н. Кожемяконың линзулдық сьемкасы арқылы түсірілген Ақтөбенің картасындай емес, жаңа картада қаланың бейнесі, оның құрылыс орындары мен молалары, қатынас жолдары айқын көрінеді. Аэрофото бойынша Ақтөбенің орталығының жалпы көлемі 70 шаршы шақырым: солтүстіктен оңтүстікке дейінгі ұзындығы 10 км, ені батыстан шығысқа қарай 7 км. Бұндай нақтылы мәліметке тек аэротәсілдің нәтижесінде қол жеткізгенімізді айрықша атағымыз келеді.

### 3.3. Қаланың бекінісі

Баласағұн ертедегі ортағасырлық түркілердің Ұлы Жібек жолындағы ірі қалаларының бірі екеніне дау жоқ. Орталық Азиядағы қалалардың төңірегін бекініспен қоршау кейін пайда болғанға ұқсайды. «Білге қағанның өсиеті» атты кітапшаның (Түркістан, 2001) 7-бетінде былай деп жазылған: «725 жылдан кейін, Білге қаған Қытайға оң қабақ таныта бастады. Олардың осы уақытта жіберген елшісін жақсы қарсы алды. Бас уәзір Тонюкүк туралы соңғы хабар осы елшінің келуіне байланысты болды. Ол осыдан аз уақыттан кейін өлген болу керек. Көктүрік мемлекеті құрылғаннан бастап Ілтеріш Құтлүк, Қапан және Білге кезінде мемлекетке үлкен қызмет еткен. Тонюкүктың жетістіктері дұшпаны Қытайдың деректерінде де айтылған. Бір кездері Білге, Қытай мемлекеті сияқты Түрік мемлекетінде де қалалардың айналасын қоршап, қорғандар салғысы келді. Тонюкүк бұған қатты наразылық білдірді және Білгені үлкен қауіп-қатерден құтқарды. Оның ойынша, түріктердің саны қытайлықтарға қарағанда аз болғандықтан, сыртқы дуалмен қоршалған жабық қалаларда өмір сүре алмайтын-ды. Өйткені түріктер сулы және шөбі шүйгін кен жазық далада өмір сүруге әбден дағдыланған болатын. Бұлай өмір сүру оларды әрдайым соғысуға дайын тұруды үйреткен. Егер күшті болса, әскер құрады, жорықтар жасайды, әлсіз болған жағдайда, жазық далаларға шегініп, күресе береді. Егер сырты қоршалған қорғандарда бекінетін болса, онда қытай әскері оңай басып алып, өлкені талан-таражға салар еді».

Осы келтірілген дерекке қарағанда, Орталық Азиядағы ертедегі ортағасырлық түркі қалаларының Білге қаған тұсында бекіністермен қоршалмағанын байқаймыз. 734 жылы 25 қарашада



Білге қаған дүние салғаннан кейін, оның қол астындағы түркілер бөлшектеніп, үлкенді-кішілі мемлекеттерге айналып, ірі-ірі қалаларының төңіректерін бекіністермен қоршаған. Қалаларды қоршау Орталық Азия түркілерінде Білге қағаннан кейін етек алған сияқты. Төңірегі қоршалған қалалар біз зерттеп жүрген Шу және Талас өңірлерінде және Орталық Азияның басқа да аймақтарында жиі кездеседі. Бұл жағдай Көктүрік империясы ыдырағаннан кейін ен жайып, үлкенді-кішілі феодалдық мемлекеттер өздерінің астаналары мен ірі қалаларын қоршаған сияқты. Солардың бірі – Баласағұн шаһары.

Ақтөбе кезінде түгел ормен (қамалмен) шығыршық тәрізді дөңгеленіп қоршалған, кезінде мықты бекініс болған. Қаланың бекінісі пахсадан (саз балшықтан) соғылған. Оның ені 16-18 м, биіктігі 7-8 м шамасында болған. Түсірген суретке қарағанда, ордың кейбір бөліктерінің түсі кара-қоңырлау және ақшылдау болып келеді. Өйткені қала өмір сүріп тұрған шақта қорғаныс қамалдары бірнеше рет бұзылғандықтан, оның қайтадан қалпына келтірілген бөліктері ақшыл түске ие болған тәрізді. Пахсадан соғылған бекіністің бірнеше қақпалары болған. Әсіресе, өзінен-өзі айқын көрініп тұрғаны – батыс құбыласындағы қақпа (дарбаза). Қалаға кіретін осындай бірнеше қақпалар болған. Ақтөбені қоршаған қамал (ор) үш бөліктен тұрады: сыртқы ордың ұзындығы 25 км, ішкінің ұзындығы 17 км, ішкі қатарласқан ор – 10 км. Барлық ұзындығы 52 км-ге созылады. Осынша ұзын және биік бекіністің сыртынан ені 8-10 м арық (канал) қазылып, онан су ағып жатқан. Канал Қарабалта, Ақсу өзендерімен жалғастырылған. Одан аққан су егістік жерлерді суарумен қатар, қаланың сол кездегі қорғаны да болған. Қаланы қоршаған бірнеше қабат ормен қатар саздан соғылған қорған – дуал бар. 700-800 жылдай қирап жер астында жатса да, биіктігі 4-6 м және ені 18-20 метрлік бұл дуал жақсы сақталған. Бекіністің тек ішінде ғана емес, оның сыртында да тұрғындар көптеп мекендеген. Олардың қоныстары үлкенді-кішілі төбелер ретінде қазірге дейін сақталған. Төбелердің арасында табиғи төбелер кездеспейді, барлығы да қоныстардың қалдығы. Осы тәрізді төбелер көп. Олардың аралары 25-80 м қашықтықта орналасқан. Бекіністің ішіндегі және сыртындағы қоныстардың орны болған сансыз төбелер бір-бірімен тығыз байланыста екені анықталды. Ол қоныстардың қастарында тұрғындардың қора-қопсылары, бау-бақшалары және тұрмысқа қажетті құрылыс орындары салынған. Қаланың тұрғындары баспаналарын қазіргідей көшенің екі жағына салған. Ұшақтан түсірілген картада осы қоныс орындары, егістік



жерлері, суару жүйелері және көшелер жақсы, анық көрінеді. Қаланың төңірегін көптеген қарауыл төбелер қоршаған және олардың аралары 1-2 шақырымнан аспайды. 1980 жылдары УАЭ мүшесі М. Елеуов Баласағұнды қоршаған қарауыл төбелерде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген. Содан деректер келтірейік: Жетіжар қарауыл төбесі X–XII ғғ. жатады. Ол Қарабалта өзенінің батысындағы Жетіжар қыратының шығыс жағасында орналасқан. Оның диаметрі 20 м, биіктігі 3,5 м, тік бұрышты дуалмен қоршалған (35x25 м), ені 4 м, биіктігі 1 м және ені 5 м, тереңдігі 0,5 м ормен қоршалған. Қазба жұмысы кезінде құмыралардың сынықтары табылған. Қасымбек қарауыл төбе – X–XII ғғ. ескерткіші. Баласағұннан 8,5 км, Ақсу өзенінің сол жағалауында 5,5 км жерде орналасқан. 1980 жылы оны М. Елеуов қазған. Диаметрі 35 м, биіктігі 3 м, тік бұрышты (60x55 м), ені 8-10 м, тереңдігі 0,3-0,5 м ормен қоршалған. Төбенің үстінде солтүстік-шығыс жағында сопақша келген ұзындығы 14 м, ені 8 м, тереңдігі 0,8 м шұңқыр бар екені айтылған. Қырықүй қарауыл төбесі – X–XII ғғ. жататын бекініс. 1988 жылы М. Елеуов зерттеген. Ол Тоқаш (Тоқташ) өзенінен Ақсу өзеніне құятын, екі өзеннің арасындағы биіктікте орналасқан. Ол қазіргі Баласағұн ауылынан 7 км қашықтықта дөңгеленген төбе күйінде сақталған (20x20 м), биіктігі 2,5 м, әлемнің төрт бұрышына бағытталған төбе. Ені 8-10 м, тереңдігі 1,5 м ормен қоршалған. Осындай қарауыл төбелер Баласағұн шаһарының төңірегін түгел қоршаған. Бәрінің де құрылымы біркелкі және бір мезгілде жасаған. Бұл тарихи кезең Қарахан мемлекетінің дәуірлеген ғасырлары [10].

Ұшақтан түсірілген Ақтөбе қаласының картасына сипаттама беріп, қаланың гүлденіп өскен кезеңіндегі тұрғындардың санын шамамен жобалауға болатынын белгілі аэрофото маманы К.В. Шишкин жазған болатын. Таяу Шығыстағы мұсылман елдерінің қалаларында бір гектар жерде 500 адам тұрған болса, осы есепке сүйене отырып, Ақтөбенің орталығындағы жердің көлемі 70 гектар деп алсақ, онда 350 мыңдай адам тұрған. Ақтөбедегі суармалы жердің көлемі 1500 гектар мөлшерінде. Мұсылман елдерінің есебі бойынша, бұндай бір гектар суармалы жерде 50 адам тұрса, егістік жердегі қала тұрғындарының саны 75 мың адамдай болуы тиіс. Ақтөбеде жиілете салынған үйлердің орны 1000 гектарға жетеді. Мұндай жерде 250 мың адам тұрған. Бәрін қосқанда, Ақтөбеде 675 мың адам өмір сүрген. Қала қорғанының сыртындағы жерді қоса есептегенде, Ақтөбенің жалпы көлемі 150 мың гектар болса, қала тұрғындарының саны бір миллионнан асады. Бұл әдіс жалпы қала халқының санын есептеп шығару заңдылығына қайшы келмейді [11].



К.В. Шишкиннің бұл келтірген демографиялық есебін көпшілік тарихшылар шындыққа тура келіңкіремейді деген пікір айтады. Мұндай күмәнданудың да жөні бар сияқты. Осы күнге дейін Орта Азияда осынша көп адамдар қоныстанған қалалардың бар екеніне айрықша көңіл бөлінбеген. К.В. Шишкин осы қаланы Алдыңғы Азияның тарихта белгілі ірі қалаларымен салыстырып, XII ғасырдағы Ақтөбенің тұрғындарының есебін шығарған. Бұл есеп орта ғасырды зерттеп жүрген қазіргі тарихшылардың пікіріне тура келмейді. Мәселен, К.М. Байпақов Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі ортағасырлық қалалар тұрғындарының санын төмендегіше көрсетеді: Таразда (Таласта) – 10 мың; Отырарда – 15,5 мың, 17,460 адам; Испиджабта (Сайрамда) – 40 мың; Баласағұнда – 6 мың; Шелекте – 1,2 мың; Сүмбеде – 2,2 мың; Дүнгенде – 5600; Антоновскийде – 13 мың адам тұрған [12].

Бірақ бұл келтірілген дерек те күмән туғызады. Себебі тұрғындардың санын қандай деректерге сүйеніп анықтағанын К.М. Байпақов көрсетпеген. Біздіңше, Орта Азиядағы және Қазақстандағы ортағасырлық қалалар тұрғындарының саны дұрыс көрсетілмеген. Жоғарыда келтірілген Ақтөбе картасындағы ұзындығы 52 шақырымнан астам бекіністі 6 мың тұрғыны бар Баласағұн қаласының адамдары тұрғыза ала ма? Осындай сұрақтарды аты аталған қалалардың бәріне де қатысты қоюға болады. Өйткені отаршылдық жылдары біздің аймаққа келген Ресей империясы ғалымдарының көпшілігі жергілікті халықтарда отырықшы мәдениет болмаған деген пікірді ұстанғандықтан, орта ғасырдағы қалалар тұрғындарының санын анықтауға көңіл бөлмеген. Басқасын былай қойғанда, Орта Азия халықтарының тарихын жазуда үлкен үлес қосқан белгілі шығыстанушы, академик В.В. Бартольдтың еңбектері де осындай көзқарастан құр емес екенін байқауға болады. Тіпті, кеңес ғалымдары да осы пікірге жүгініп, қазақ халқы көшпелі, шетінен сауатсыз, жазу-сызуы болмаған халық деген ұғымды «заңды» себеп ретінде айтып келгені баршаға мәлім. Осындай көзқарастың негізінде Орталық Азиядағы ортағасырлық қалалардың тұрғындарының санын тура көрсету мүмкін емес. Көптеген тарихшылар, археологтар өздерінің зерттеген археологиялық қоныстары мен қалалардың тұрғындарын аз етіп көрсетуге тырысады. Керек десеңіз, бұл тұрақты мекендерді соғдылар «салып» кеткен деген пікірді айтушылар әлде болса да баршылық.

Ерте заманнан бері талай өркениетті басынан өткерген Орталық Азияда жүздеген, мыңдаған тұрғындары бар қалалар неге болмауы тиіс? Самарқанд, Бұхара, Испиджаб, Баласағұн, Отырар, Тараз сияқты шаһарлар – халықтың мәдениетінің, экономикасының



дамыған орталықтары. Бұндай қалалардың тұрғындарының саны анағұрлым көп болған. «Алғашқы Хан династиясы» тарихында, яғни антикалық дәуірдегі деректе «Самарқанд (Қанжүй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы... Бұл жер Қытай астанасына 9104 шақырым келеді. Түтін саны 120 000, жан саны – 600 000, әскері – 120 000» [13] – деп көрсеткен болса, «Ферғана мемлекетінің астанасы Ферғана (Дайун) Қытай астанасы Шаңнаннан 12 550 шақырым шалғай. Түтін саны 60 000, жан саны – 300 000, әскері – 60 000» [14]. Енді ертедегі ортағасырлардағы деректерден мысал келтірейік. 893 жылы халиф Исмаил Ибн-Ахмед Тараз қаласын алып, Қарлұқ патшасының әйелін және 10 000 адамды иеленіп алған және көптеген қарсыласқан адамдарды өлтірген [15]. Келтірілген деректерге қарағанда, Орталық Азияда антикалық және ертедегі ортағасырда тұрғындары жүз мыңдап саналатын қалалар болғанға ұқсайды. Сол кездегі Қазақстан жеріндегі қалалардың тұрғындары көп болған деген пікірге келуге болады. Осыған орай, белгілі Өзбекстан археологиясының атасы, академик Я.Г. Гулямовтың пікіріне көңіл аударайық: «Экономические, политические и культурные связи Хорезма с различными странами Востока и Запада способствовали быстрому развитию Гурганджа (Көне Үргеніш. – У.Ш.) как столицы огромной торгово-ремесленного и культурного центра. Мы располагаем, например, данными источников о масштабах города в 1221 году, когда он был захвачен монголами. По рассказу Джувайни, монголы в уличных боях в столице Хорезма перебили массу горожан, а остальных выгнали в поле. Из них было отобрано 100 000 ремесленников, которых угнали в Монголию. Затем отделили молодых женщин и детей и также отправили в Монголию. Остальные горожане были истреблены захватчиками. Монгольское войско насчитывало 50 000 воинов, и каждому досталось по 24 жителя Гурганджа. Таким образом, по сведениям источника, население Гурганджа превышало полтора миллиона человек. К этому можно добавить, что Ибн-Батута, прибывший в Ургенч в 1333 г., также был поражен величиной и многолюдностью города» [16].

Ғұламаның еңбегінен алынған үзіндіден кейбір археологтар пікір түйелері керек. Хорезм мемлекетінің көне астанасы Қият қаласынан кейін болған орталығы Гурганджа (Көне Үргеніш) қаласының тұрғыны көп, үлкен қала екенін жазба деректерге сүйеніп дәлелдеген. XIII ғ. басында Көне Үргеніште 1,5 млн тұрғын болса, ондай қалалар Орталық Азияда да жеткілікті. Олардың біразы Қазақстан жерінде, Ұлы Жібек жолының бойында. Олардың ішінде әлемге әйгілі Испиджаб (Сайрам) қаласында 40 мың, Баласағұнда 6 мың тұрғын болды дегеннің қисыны



келмейді. Қазақстандағы ортағасырлық қалаларға бұндай көзқарастың болуы, сол ескерткіштердің әлі нашар зерттеліп келе жатқанын көрсетеді. Қалалар мен тұрақты мекендерді археологтар кейінгі жылдарда кең көлемде зерттеп келе жатыр. Осы зерттеулердің барысында Орталық Азиядағы ірі ортағасырлық қалалардың көлемі, олардың тұрғындарының саны анықталуы тиіс.

Бұл аймақ жеріндегі ертедегі ескерткіштер тек соңғы 50-60 жылдың ішінде ғана зерттеле бастады. Бұл археология ғылымы үшін көп мерзім емес. Алдағы уақытта археологиялық зерттеулер орта ғасыр тарихынан көптеген жаңалықтар әкелетіні сөзсіз. Соның бірі Ақтөбеде (Баласағұн) дер едім. Мәселен, осы қаланың маңындағы суару жүйесі егіншілік мәдениетінің жоғары дәрежеде дамығанын дәлелдейді.

Қала тұрғындарының күшімен ірі-ірі су жүйелері салынған. Солардың ең үлкені – Дода, Қожай, Оразалы тоғандары (каналдары). Олар сол су жүйелерін қазған рулардың атымен аталған. Ұлы жүздің бұл руларының ұрпақтары осы күндерге дейін Баласағұн ауылшаруашылық бірлестігінде (бұрынғы «Калинин» колхозында) тұрады және осы руларға бөліп орналасқан. Бұлар ертеден келе жатқан су жүйелері екендігіне дау жоқ.

Дода каналы басын Ақсудың өрінен алып, қаланың оңтүстік-батыс жағын жағалап, Қарабалтаға барып құйған. Бұл канал Ақтөбенің биік жағынан Бозжорға қыратының етегімен жүріп отырып, Ақсудың сол жағынан Қарабалтаға дейінгі қоныстарды сумен қамтамасыз еткен. Қала тұрғындары кіші су жүйелерін Дода тоғанынан алып, сол су жүйелері арқылы егістік жерлерін, малдарын суарған. Сондай-ақ ауыз сулары, бау-бақшалары осы канал суымен қамтамасыз етілген. Қожай, Оразалы каналдары Ақсудың оң жағын жағалап, сол жердің тұрғындарына су жеткізген. Бұл су жүйелері бертінге дейін жұмыс істеп келген. Олардың су жүрген жүйелері қазірге дейін сақталған. Ақсу өзені мен Дода тоғанының арасы 60-70° бұрыш формасында солтүстікке бет алып, жолда Қарабалта өзеніне құйған. Оның ені 5 м, тереңдігі 0,7 м, ұзындығы 1,5 км. Қаланың сыртқы қашасының оңтүстік-батысын жағалап, қазылған каналды суға толтырып, табиғи-қорғаныс қызметін атқарған.

Баласағұн қаласының тұрғындары қолдан суару арқылы бау-бақша және егіншілікпен айналысқан. Олар үлкенді-кішілі су жүйелерін салған. Қаланың тұрғындары ру-ру бойынша жол салып, өздерінің қазған су жүйелерін сол руларының атымен атаған: Дода, Бесторсық және Қожай. Ақтөбенің су жүйелерін археолог В.А. Грошев сипаттап жазып, мақала етіп жариялады [17].





Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, сол су жүйелері арқылы тұрғындар су жинайтын хауыздарды, шұңқырларды толтырып, оны тұндырып, тұрғындардың үйлеріне су құбырлары арқылы жеткізген. Ол құбырлар қыштан, бір қалыпта соғылған. Ақтөбенің цитаделіне де осындай жолмен су барып тұрған. Бұл мәселеге кейіннен кеңірек тоқталамыз.

Ақсу өзенінің оң жағына орналасқан қала тұрғындары Оразалы тоған, Қожай тоған арқылы су ішкен. Бұл екі су жүйесі суды қаланың жоғарғы жағындағы Ақсуға салынған Қарабура бөгетінен алады. Осы жерде өзенді бойлап келген суларды тоғандар арқылы ағызған. Оразалы тоғанның ені 5 м, тереңдігі 0,7 м. Құлаған топырағы 3 м, оның биіктігі 0,9 м, ұзындығы 3 км. Қожай тоғанының ұзындығы 4 км.

Осы тоғандардың бойына су диірмендерін құрған. Олардың орны, диірмен тастары осы күнге дейін өз орындарында жатыр. Су диірмендерінің тұрмыста кең көлемде қолданылуы – Ақтөбе қаласы маңында егіншіліктің мол болғанын айқындайтын дәлелдің бірі.

Қазақстандағы ортағасырлық қалалар соңғы 50-60 жылдарда зерттеле бастады. Бұл археология ғылымы үшін көп мерзім емес. Ол ескерткіштерді зерттеушілердің кейбіреулері ескі көзқарастан арыла алмай, кешегі «көшпелі» деп жүрген қазақтардың қалаларының тұрғындары көп болмауы керек деген пікірлерде болуы белгілі зиянын тигізуде. Солай болса да, шындық өзінің ақиқаттығын дәлелдейді. Алдағы уақытта археологтар талай жаңалықтардың бетін ашып, елімізде көп санды тұрғындары бар қалаларды бабаларымыздың салып кеткенін ғылыми тұрғыдан дәлелдейтініне сенуіміз қажет.

### 3.4. Құрылымы

Орта Азия және Қазақстандағы ортағасырлық қалаларға, әсіресе, Ұлы Жібек жолындағы шаһарларға ғалымдар, саяхатшылар жиі-жиі ат басын тіреген. Олар осы қалалар жөнінде азды-көпті құнды деректер қалдырғанына жоғарыда тоқталдық. Ортағасырлық үлкен қалалардың үш бөліктен құралғаны туралы арабтың ұлы географы Ибн-Хаукал жазған. Ол Ферғана қаласының құрылысын былайша суреттеген: «Ферғананың орталығында кухендиз (цитадель), оны қоршаған мекка (шахристан), оның төңірегінде рабад орналасқан. Әмірдің үйі және түрме кухендиздің ішінде... Ферғана аймағында кухендизсіз бірде-бір қала жоқ» [18]. Тарихта белгілі, Ферғана көрші аймақтарға да




өзінің ықпалын жасаған. Баласағұнның да құрылысы осындай үш бөліктен құрылған.

**Цитадель (кухендиз)** қаланың қақ ортасында, Ақсу өзенінің сол жағында жердің бетінен 20 м биіктікте орналасқан. Оны жергілікті тұрғындар, кейінгі кезде алыстан ағарып көрінгендіктен, Ақтөбе деп атап кеткен. Бұл төбе – қаланың цитаделі (кухендизи). Оның солтүстік жағының биіктігі 35 м, батысы – 60 м, оңтүстігі – 80 м, шығысы – 50 м. Жалпы цитадельдің көлемі 7-8 гектар. Цитадельдің үстінен бұрын археологтар кішкентай шұңқыр қазып, барлау жұмысын жүргізгеніне тоқталғанбыз. Бірақ оның құрылымы зерттелмеген болатын. 1976–1983 жылдары ҚазҰУ-дың археологиялық экспедициясы бұл мәселемен айналысты [19]. Соның ішінде 1977–1980 жылдары цитадельді солтүстік-шығыс мұнараның тұсынан жоғарыдан төмен қарай кесіп өтіп, оның қандай қабаттардан құрылғанын анықтамақшы болдық. Оның ені 7-8 м, ұзындығы 22 м, тереңдігі 10-12,5 м. Қазба жұмыстары 22 квадратқа бөлініп қазылды және оның қабаттары (ярус) жоғарыдан төмен қарай саналды. Реперлік нүкте етіп ескерткіштің оңтүстік бұрышы алынған (10-сурет).

10-сурет.  
Ақтөбе  
цитаделінің  
солтүстік  
жағынан  
қазылған  
кесіндісінің  
көрінісі

Үш жылға созылған қазба жұмыстарының нәтижесінде, цитадельдің бекініс дуалының салынуы үш кезеңге бөлінетіні анықталды.

**Бірінші кезеңде** Ақсу өзенінің сол жағасындағы құрылысқа арналған жерді тегістеп, арнайы нықтап, оның үстінен 2 м биік-





тікте платформа (дуалдың іргетасы) салынған. Оның төменін пахсадан 0,3 м тұрғызып, үстіне көлемі 49x27x9-10, 50x27x9-10 см, 50x23x10 см қам кірпіштен (сырец) ені 4 м, биіктігі 3 м дуалды өрген. Осы қабатты қазғанда хумдардың, құмыралардың, диірменнің сынығы, қыш ыдыстар, шырақтар шықты. Аталған заттар VII–XIII ғасырларға жататын Пенджикенттен және Отырардан шыққан қыш бұйымдарға ұқсайды [20]. Соған қарағанда, Ақтөбені салған құрылысшылар Сырдария мен Амудария алқаптарындағы көптеген қалаларды салған ұсталармен байланыста болған тәрізді. Осы кезеңнің 5-қабатынан күлдің ішінен VII–VIII ғасырларға жататын түркеш кезеңінің 5 теңгесі (монета) табылды.

Осы деректерге қарағанда, V–VIII ғасырларда цитадельдің құрылысы бітіп, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталыққа айналған. Бұл – осы ғасырларда Ақтөбе (Баласағұн) түркештердің (сарыүйсіндердің), қарлұқтардың астанасы болды деген пікірдің айқын дәлелі. Түркілердің аттары аталған феодалдық мемлекеттері болғаны тарихтан белгілі.

**Екінші кезеңде** цитадельді түгел қамтыған құрылыс кең көлемде жүріп, оның дуалдарының бекемдігіне және көлемінің кеңеюіне айрықша көңіл бөлінген. Бекініс қабырғаларының ұзындығы 7-8,5 метрге, ені 4 метрге жеткен. Құрылыс заттарында, оның салыну тәсілдерінде айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Қазба кезінде хумдар, құмыралар, қыш қазанның сынықтары, садақтың ұшы, адамның қыштан салынған бейнесі, теңгелер сияқты жәдігерлер табылды. Олардың Отырар мен Құланнан, Қырғызстандағы Соқлықтан (Сокулук) табылған қыштан жасалған бұйымдарға ұқсастығы байқалады [21].

**Үшінші кезеңде** цитадельдің көлемі үлкейіп, дуалдары қалыңдап, биіктеп, ірі ортағасырлық қорғаныс орталығына айналды. Бұл IX–XII ғасырлар мерзіміне сәйкес. Цитадельдің сыртқы қабырғаларын 1,5 м ендікте, 50x26-27x10, 45x26x10, 44x21x2 см қам кірпіштермен өріп шыққан. Нәтижеде, сыртқы дуалдың қалыңдығы 10 метрге жеткен. Қазба барысында мыс шырақтар, құмыра, келі тәрізді ыдыстар, дастарқан, қыш қазан және т.б. табылды. Олар Талас, Шу өңірлеріндегі ортағасырлық қалалардан табылған жәдігерлерге ұқсас [22].

Цитадельдің құрылысын толығырақ анықтау үшін, оның оңтүстік-шығыс жағынан жоғарыдан төмен қарай 16 м ұзындықта, 1-1,5 м ендікте қосымша кесіп өту жұмысы жүргізіліп, ол 5,5 м тереңдетіліп, материк (табиғи жер) қабатына дейін жеткізілді. Қазба жұмысы солтүстік жақтан жүргізілген кеспе жұмыстың тәсілімен атқарылды. Бекіністің бұл қабырғаларының жасаған




кезеңдері де солтүстік қабырғаларымен сәйкес келетіні байқалды. Бекініс қабырғасының бірінші кезеңдері биіктігі 4,2 м, ені 3 м, екінші, үшінші кезеңнің қабырғаларының биіктігі 2,5 м, ені 1,7 м. Келтірілген деректерге қарағанда, Ақтөбе цитаделінің кешенді құрылысы белгілі бір уақыттарда жүргізілген деген қорытындыға келуге болады (11-сурет).

Цитадельдің стратиграфиясын анықтау үшін жүргізілген археологиялық қазба жұмысы нәтижесінде оның ертедегі ортағасырда ірі әскери бекініс, мемлекет астанасының орталық сарайы және экономикалық, мәдени орталық болғанын дәлелдейтін құнды деректер табылып, оның қабаттарының құрылымы туралы бірқатар мәлімет алынды, сөйтіп ұлы ескерткіштің мазмұнына көз жіберуге қол жеткіздік. Цитадельдің, әсіресе, үшінші кезеңі Қарахан империясының бас астанасы болған жылдарға тура келеді. Бұл мемлекетке кірген аймақтарда қалалардың саны ғана көбейіп қоймай, оның сапасы да өсті, көлемдері де кеңейді. IX–XII ғасырларда Қарахан әулеттерінің басқарған кезеңінде түркілер жоғары өредегі заттай мәдениет пен өркениетке жетті. Ол кездегі құрылысқа қажетті заттардың сапасы да артты.

Цитадельдің стратиграфиясын зерттеу кезіндегі қолға тиген археологиялық деректер Баласағұн қаласының эволюциялық даму жолын айқындады. Бұл қаланың жалпы құрылысының,

11-сурет.  
Ақтөбе  
цитаделі  
кесігінің  
құрамы



**Шартты белгілер:** 1 – алғашқы қабат; 2 – опырылып түскен топырақ; 3 – кірпіштердің қалануы; 4 – пахса дуал; 5 – қираған қам кірпіштер; 6 – құрамалы қалама; 7 – гумус; 8 – күл; 9 – шұңқыр; 10 – саз сылау; 11 – мәдени қабат; 12 – табиғи жер



соның ішінде цитаделінің Орталық Азияның оңтүстігіндегі ортағасырлық шаһарлармен үндестігі бар екені байқалады. Цитадельдің негізі б.з. V ғасырларында салынып, сол кездегі Түркеш және Қарлұқ мемлекеттерінің басты астанасының орталығы болған. Уақыт көшімен бірге цитадельдің көлемі де үлкейіп, бекемденген. Қарахан мемлекеті кезінде бұрынғы құрылыстар жаңарып, оның үстіне заманына сай сапалы, бекем бөлмелер, сарайлар салынған. Тұрғызылған құрылыстар өркендеп-өскен ислам өркениетінің жетістіктерін айғақтайтын дәрежеде жүргізілген. Қарахан империясының бас астанасы Баласағұн болғанын табылған археологиялық деректер дәлелдейді. Осы кезде Баласағұнның цитаделі көркейіп, өзінің өрлеу сатысының жоғарғы дәрежесіне жеткені байқалады. Цитадельден табылған заттардың ішінен қарақытайлардың (қаракидандардың) үстемдік еткен уақытын сәулелендіретіндей деректер ұшыраспады. Бұл кезде цитадельде айтарлықтай құрылыс жүргізілуі былай тұрсын, керісінше, ол консервациялық кезеңге тап болды. 1210 жылы Мұхаммед Хорезмшах пен Баласағұнды билеуші қаракиданның Гурханы арасындағы Талас өзенінің жағасындағы шайқаста Гурхан жеңіліп, өзінің астанасы болған Баласағұн қаласының тұрғындарымен 16 күн соғысып, қалаға кіріп, оны 3 тәулік бойы өртеген. Осындай қолдан жасалған апаттың ізі цитадельдің жоғары қабатынан кең көлемде анықталды. Осыдан кейін Баласағұн тарихи сахнадан түсіп, 1218 жылы монғолдар басып кіргенде оларды қираған күйінде қарсы алды. Монғолдарға қарсы тұратын күштері болмағандықтан, Баласағұнға Шыңғыс хан емін-еркін кіріп, оны «жаксы қала» – «Гобалық» деп атағаны оқырмандарға мәлім.


**Шахристан (медина).** Жоғарыда атап өткендей, шахристан қазіргі заманның жер қазатын машиналарымен (техникасымен) ойрандалып, өзінің бұрынғы көрінісінен біршама айырылған. Жоғарыдан түсірілген аэрофото бойынша, ол жалпы көлемі 20 га жерді алып жатыр. Цитадельдің солтүстік-шығыс бөлігінің үстіңгі қабаты бульдозермен тапталғанына қарамастан, ол бөліктің қабаты біраз сақталған. Ал, шахристанның оңтүстігіндегі бөлігі бұрынғы күйінде. Біздіңше, экскаватормен қазылған ұзындығы 3 км канал шахристанның батыс шетін қиратып, бүлдірген. Бұл жерден цитадельге баратын көп қатарлы орталық су құбырларына зиян келген. Цитадельдің шығысында 600 м қашықтықта орналасқан Төрткөлтөбенің шахристанмен тікелей байланысы болғандықтан, оны шахристанға қоса есептесек, шахристанның көлемі екі есеге ұлғаяды. Бұндай үлкен астана болған қаланың шахристаны да өзіне сай болуы тиіс.



Шахристанның солтүстік-шығыс шетінен, Ақсу өзенінің жағасынан жүргізілген стратиграфиялық кесіктің ені 1,5 м, ұзындығы 22 м, батыс жағы 7 м кеңейтілді. Оның мәдени қабаты 6,5 м тереңдікте табиғи жерге (материкке) барып тіреледі. Кесуге алынған жер 22 квадратқа бөлініп қазылды [23]. Осы кесіктің көрінісі 9-суретте берілген. Шахристанның бекінісі 4 құрылыс кезеңін басынан өткерді. Оның бірінші кезеңінде пахсадан ені 7,5 см, биіктігі 0,8-1 м, тереңдігі 2 м бекініс салынған. Екінші кезеңде бұрынғы қабырғаның үстіне пахсадан биіктігі 2,5 м, ені 8,5 м дуал салып, оны биіктеткен және қалыңдатқан. Үшінші кезеңде 4,5 м кеңістікте дәліз (коридор) ашылған, оның қабырғасы 1 м қалыңдықта пахсадан, кам кірпіштен тұрғызылған. Шахристанның соңғы кезеңінде бекініс қабырғалары қалыңдатылып, 42x25x10,5, 44x22-23x9, 45x24x10-10,5, 46x8-9 см кам кірпіштермен 3 м биіктетілген.

12-сурет.  
Ақтөбе қаласы шахристанының шығысынан қазылған кесіктің (тіліндінің) құрылысы

Шахристандағы страграфиялық зерттеудің барысында табылған қыш ыдыстарға қарағанда, бірінші кезең V-VI ғасырларға тура келеді. Табылған құмыралар Тараз, Отырар қалаларының қыш ыдыстарына ұқсас [24]. Сондай-ақ шахристанның екінші кезеңі VI-VII ғасырларға, үшіншісі VII-VIII ғасырларға, соңғы төртіншісі X-XI ғасырларға жататыны анықталды. Осы деректерге қарағанда, шахристан цитадельден бұрынырақ, V-VI ғасырларда салынған [25]. Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ және



**Шартты белгілер:** 1 – өсімдік өсетін қабат; 2 – құлап түскен топырақ; 3 – кірпіштен өрілген қабырға; 4 – пахсадан салынған қабат; 5 – кам кірпіштердің сынық үйіндісі; 6 – кам кірпіш пен пахсаның сынықтары; 7 – нықталып жиналған қабат; 8 – нықталған саз қабат; 9 – ұсақталып жиналған саз қабат; 10 – балшықтанған қабат; 11 – күл жиынтығы; 12 – қыштың сынықтары; 13 – құм жиынтығы; 14 – гумус; 15 – бөрөненің күйген бөліктері; 16 – еденнің денгейі; 17 – табиғи жер қабаты



Қарахан мемлекеттерінің астанасы болған кезде шахристан кеңейе түссе, қарақидандар (қарақытайлар) уақытында қалада айтарлықтай құрылыс жүргізілмей, феодалдық соғыстардың нәтижесінде қала кешені нашарлай түскен. 1210 жылғы апаттың ізі шахристанды зерттеген кезде өте жиі кездесті.

**Рабад.** Ақтөбе ескерткішінің рабады 1500 га шамасындағы жерді алып жатыр. Қала тұрғындары цитадель мен шахристанның төңірегіне шоғырланып, Ақсу, Қарабалта өзендерінің Шуға құятын алқабына орналасқан. 1980 жылғы аэрофотоның планшетінде Ақтөбе айқын көрсетілген. Олардың ішінен үлкенді-кішілі құрылыстарға, молаларға және су жүйелеріне тоқталайық.

**Үлкен құрылыстардың** – жоғарыда тоқталған цитадель мен шахристанның орналасқан жеріндегі кешен картаға түсірілген. Оған бекіністің қабырғалары, үлкенді-кішілі үйлер, шаруашылық бөлмелер, алаң, дәліз (коридор), қақпалар, хауыздар сияқты объектілер жатады.

Рабадта орналасқан қарапайым құрылыстар: үйлер, олардың қасындағы шаруашылық құрылыстар, бау-бақшалар, су жинайтын хауыздар, су жүйелері, көшелер және т.б. құрылыс орындары. Бұндай құрылыстар картада үшбұрышты майда белгілермен көрсетілген. Олардың басым көпшілігі қамалдың ішінде шоғырланғанмен, бекіністердің сыртында да тұрақты баспаналардың болғаны анықталды. Рабадтағы құрылыстардың көлемдері біркелкі болмағандықтан, олардың қалдықтары үлкенді-кішілі төбелер түрінде бізге келіп жеткен. Үлкен үйлердің үйіндісі биік төбе, кіші баспаналар, кішірек төбе болып жердің қойнауында сақталған. Олардың барлығының осынша сансыз төбелерге айналу себебі, барлық құрылыстар қам (күйдірілмеген) кірпіштер мен пахсалардан (иленген саздан) салынғандықтан, жауын-шашынның, желдің, жалпы табиғаттың басқа да құбылыстарының әсерлерінен ұзаққа бармай құлап қалған.

Оның үстіне, ертедегі ортағасырда жиі-жиі болып тұрған өзара феодалдық соғыстар да қаланың, бекіністердің құлауына үлкен зардабын тигізген. Бұндай тарихи оқиғаларды Баласағұн сияқты үлкен қалалар бастарынан жиі-жиі өткеріп тұрған.

### 3.5. Молалар

Ортағасырдағы қалаларды, молаларды (мүрделерді) табу – өте қиын мәселелердің бірі. Себебі тек Маңғыстау өңірінен болмаса, басқа жерлерде молалардың үстіне мықты құрылыс заттарынан кесене сала бермеген [26]. Осы еңбектерде Маңғыстауға қарасты жерлердегі молалардың үстіне салған адам таңқаларлық кесене-



лер зерттеліп, ғылыми тұжырымдар жасалған. Өкінішке қарай, Қазақстанның басқа аймақтарында Маңғыстаудағыдай молаларға айрықша көңіл бөлінбеген сияқты. Бірақ бұл өңірлерде де азды-көпті монументті мавзолейлер (кесене) кездеседі. Алаша ханның, Жошы ханның (Қарағанды облысы), Қараханның, Дәуіт атаның, Айша Бибінің, Бабажа хатунның (Тараз), Шоқай датқа (Байқадам селосы), Домалақ ана (Шымкент облысы), Қожа Ахмет Йассауи (Түркістан), Арыстанбаб (Отырар), Жанқожа батыр (Қазалы) және т.б. тарихи тұлғалардың бейітінің үстіне салынған кесенелер белгілі. Бірақ дүние салған адамдардың басына жаппай белгі орнату Үстіртті мекендеген Адай руларына тән. Ондай ерекшеліктер алдағы уақытта арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ақтөбе қаласының орталық қорымдары (молалары) әлі күнге дейін табылмай келе жатыр. Түсірілген аэрофотоға қарағанда, Г-5, Г-6 квадраттарда шөптердің, егілген бидайлардың арасында майда-майда төмпешіктердің бар екені байқалады. Сол жерлер қорымдарға ұқсайды. Осы төңіректен орталық моланың табылуы мүмкін. Алайда ол жерлер әлі зерттелген жоқ. Баласағұн қаласының орталық молаларының үстіне салынған белгілер, кесенелер табиғат құбылысына төзімсіз заттардан тұрғызылып, уақыт өте келе майда төмпешіктерге айналып кеткендіктен, оларды табу қиыншылық келтіруде. Егерде, оларды тауып зерттегенде, Баласағұн қаласын мекендеген тұрғындардың діни көзқарасы, наным-сенімдері туралы көптеген жаңалықтар ашылуы мүмкін.

### 3.6. Суару жүйелері

Баласағұн тұрғындары өзендердің суларын еркін пайдаланып, қолдан суару арқылы бау-бақшалар, түрлі көркем ағаштар, гүлдер, дәнді дақылдар және техникалық өсімдіктер өсірген. Олар еккен егістерінен тұрақты өнім алған. Аэрофотоға қарағанда, Ақтөбенің төңірегіндегі қолдан суарылатын егістік жердің көлемі 2000 га екені байқалады. Оның қыратты жерлерінде жаңбырдың суымен өсірілетін егістік те болған. Қала осындай суы мол, ауасы таза жерде орналасқан.

Баласағұнның шарықтау заманы IX–XII ғасырларда ұлы Қарахан әулеттерінің басқару кезеңіне тура келеді. Бұл ғасырларда түркілердің заттай және рухани өркениеті жоғары дәрежеге жеткен. Басқасын айтпағанда, сол кезде түркілердің әлемге әл-Хорезми, Ибн-Сина, әл-Бируни, әл-Фараби, М. Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Йассауи, М. Хайдари және т.б. көптеген ұлы ғұламаларды беруінің өзі айқын дәлел. Орта ғасырдағы көптеген ғұламалар шыққан қалалардың бірі – Баласағұн [27].





Жоғарыдағы келтіріген деректер бойынша, Баласағұнның өзіне лайықты үлкен рабады болғанын көреміз. Онда феодалдар мен саудагерлердің, қолөнершілердің, басқару жүйелерінің кеңселері, шаруашылық пен мәдени орындар қарапайым баспаналармен бір қатарда, көше-көше бойынша орналасқан. Олардың араларында адамдардың демалатын алаңдары да болған. Үлкен қоныс орындарына құбыр арқылы су жүйелері тартылып, хауыз (бассейн) салынған және үлкен бау-бақша орындары болған. Ал қарапайым қоныстар салынған тұрғын үйлер және шағын жерлермен шектелген. Бұдан қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайларының біркелкі болмағандығы байқалады. Баласағұнның этникалық тарихы да күрделі мәселелердің бірі. Оның негізгі тұрғындары автохтондық тайпалар болған. Олар Орталық Азияны мекендеген «Алты алаш» түркілерінің өкілдерімен қатар, **басым көпшілігі өгіздер, тохш, шылы, қаңлы, үйсін тайпаларынан құрылған**. Бұлардың арасында соғдылар (таттар) да өмір сүрген. Түркілер соғдыларды, яғни иран (парсы) тілдес халықтарды «тат» деген. М. Қашқари «Түрік сөздігінде» мынандай мақал келтірген: «Татсыз түрік болмайды, бассыз бөрік болмайды» [28]. Бұл мақал түркілердің ірі-ірі қалаларында қолөнермен, саудамен айналысатын таттардың болғанын білдіреді. Саудамен айналысатын адамдар сатып алушыларды алдауға тырысатыны ежелден белгілі. Саудагер «таттар» түркілерді саудада талай алдағанын аңғартатынын М. Қашқариден екінші мақалды келтірейік: «Татты көрсең көзіне ұр, тікенді жұлсаң түбінен жұл» [29]. Біріншіден, алдамаса сауда болмайтыны белгілі болса, екіншіден, тікен шөпті тек қана түбінен жұлмаса, оны сабағынан жұлға болмайды. Баласағұнның рабадынан соғды (тат) жазуы бар құмыра табылды. Оған кейінірек тоқтаймыз. Сондай-ақ Баласағұн қаласында соғдылардың тұратын махаллалары (кварталдары) болған. Олар қыштан әртүрлі бұйымдар жасаған және Ұлы Жібек жолы бойындағы қалада сауда жүргізген. Соғдылар өз ана тілімен қатар, түркі тілін жетік білген [30].

Баласағұнның рабады көпшілік тұрғындардың шоғырланған орны болғандықтан, ол жердегі сансыз қоныстардың орындарында түркілердің, оның қара шаңырағының иесі болып отырған қазақ халқының тарихынан мәлімет беретін құнды деректер мол. Алайда қаланың рабадтағы мәдени қабаттары әлі айтарлықтай ашылған жоқ. Келешекте осы олқылықты ескеріп, рабадты кең көлемде зерттеу қажет. Біздің жүргізген археологиялық зерттеуіміз Баласағұнның цитаделі мен шахристанын ғана қамтиды. Бұл орындардан табылған заттардың көпшілігі дәулетті адамдардың, басқарушы шенеуніктердің тұтынған дүниелерінің қалдықтары



болып, бұқара-көпшілік тұрғындардың заттары сирек кездесуі мүмкін.

Сөйтіп, V–XII ғасырларда Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) түркілері мемлекеттерінің бас астанасы Баласағұн болған. Бұл бізге жеткен ортағасыр қалаларының ішіндегі ежелгі бейнесін сақтап қалған бірден-бір тарихи ескерткіш. Бұндай қалалардың көпшілігі Кеңес өкіметі кезінде жермен-жексен болып, тегістеліп кеткенін, немесе көп қабатты осы күнгі қалалардың астында қалғанын жоғарыда ескерттік. Цитадельден, шахристаннан және рабадтан құрылған көп қабатты бұл ескерткіштің үстіңгі бөлігінің төменгі қабаттарында V–VIII ғасырлардың мәдени қабаттары жатса, IX–XIII ғасырлар мәдениеті үстіңгі қабаттарда сақталған. Баласағұн Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағында орналасып, түркі мемлекеттерінің саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғандықтан, түркі әлемінің дамуына тарихи әсерін тигізген және оның даңқын паш еткен. Осыған байланысты оның даму тарихын, жайласқан орнын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шығу – түркі халықтарының тарихындағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселе осы кітаптың кейінгі тарауларында қарастырылады.

### Әдебиеттер

1. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997. 91-б.
2. Археологическая карта Казахстана. Алма-Ата, 1960. С. 282–283.
3. *Кожмяко П.Н.* Раннесредневековые городища и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959. С. 113.
4. Сонда. 116-б.
5. Сонда. 117-б.
6. Сонда. 118-б.
7. *Шәлекенов У.Х.* Жылдар және ғұмыр //Ғалымдар, ұстаздар, тәлімгерлер. Алматы, 2004. 33–39-бб.
8. *Дойль Лео.* Полет в прошлое. М., 1979.
9. *Толстов С.П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962; *Андрянов Б.В.* Древние оросительные системы Приаралья. М., 1969.
10. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002. 315–330-бб.
11. *Шишкин К.Б.* Камеральное обследование городища Актобе с помощью аэрометода //Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 111–129.
12. *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, 1966. С. 159–161.
13. *Бахаддин Өгел.* Ұлы хун империясының тарихы. 2-кітап. Алматы, 1998. 25-б.
14. Сонда. 26-б.



15. *Волин С.* Сонда. 76-б.
16. *Гулямов Я.Г.* Эпоха Абу Райхана Бируни //Бируни и гуманитарные науки. Ташкент, 1972. С. 31.
17. *Грошев В.А.* Ирригация Актобе (Чуйская долина) //Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 129–137.
18. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент, 1988. С. 18–19.
19. *Шалекенов У.Х.* О раскопках на городище Актобе (1979–1983 гг.) //Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 15–39.
20. *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972. С. 88. Рис. 11, 42.
21. Научный отчет (УАЭ) 1977–1979 гг.; *Байпаков К.М.* Раскопки раннесредневекового замка в Семиречьи //Вестник АН КазССР. №8. Алма-Ата, 1966. С. 64.
22. *Сенигова Т.Н.* Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972. Таблица XI. С. 152; Красная речка и Бурана. Фрунзе, 1989. С. 96–97.
23. *Елеуов М.* Этапы развития крепостной стены шахристана городище Актобе //История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 48–57.
24. *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Древний Отрар. Алма-Ата, 1972. С. 87; *Максимова А.Г., Мершеев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М.* Древности Чардары. Алма-Ата, 1968. С. 40.
25. *Елеуов М.* Этапы развития крепостной стены шахристана городище Актобе //История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980.
26. *Тасмағамбетов И.* Құлпытас. Астана, 2001; История и культура Арало-Каспия. Алматы, 2001.
27. Мирза Мұхаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996. 458-б.
28. *Қаишқари М.* Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997.
29. Сонда.
30. Сонда.



*IV тарау.*

## **БАЛАСАҒҰНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

### **4.1. Цитадель**

**1974** жылдан бері университеттің археологтарымен, тарих факультетінің студенттерімен және уақытша қабылдаған жұмысшылармен Баласағұнда (Ақтөбеде) қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл зерттеу жұмыстары цитадельде, шахристанда және рабадта жүргізілуде (13-сурет).

*13-сурет.*

Ақтөбе  
цитаделінің  
оңтүстік-  
батыс бекініс  
кабырғалары-  
ның көрінісі

Монографияның үшінші тарауында Баласағұнның стратиграфиясы мен құрылымына тоқталған кезде, цитадельдің ішкі қабаттарын білу үшін, оның солтүстік-шығысынан жоғарыдан төмен қарай кесіндісіне (разрез) тоқталғанбыз. Осы зерттеудің барысында цитадельдің қабаттары анықталып, оның үстінде





археологиялық қазба жұмыстары соған бағдарланып жүргізілді. Қазба жұмыстары жүргізілген кезде, қандай тереңдікте, қай қабатқа жеткенін біліп отыратын жағдай жасалды. Әйтпесе, жоғарыдан төмен қарай цитадельді қазғанда көптеген қателіктерге ұшырау мүмкін. Мұндай кемшіліктерді жібермеуге тіліп кесілген жұмыс белгілі ғылыми тұрғыдан жәрдемдесті (6-суретті қараңыз).

Осы кеспе жұмыстарын аяқтағаннан кейін, 1976–1983 жылдары цитадельдің үстіңгі қабатында кең көлемде қазба жұмыстары жүргізілді [1]. Оның алдыңғы үш жылында цитадельдің үстіңгі қабатында жүргізілген қазба кезінде 13 бөлме ашылды: салтанатты сарай, қонақ қабылдайтын бөлмелер, асханалар, намаз оқуға арналған бөлмелер, айван, дәліз, кең алаң, дарбазалар және т.б. Кешенді бекініс сарайдың сыртқы дуалының ені 1-1,5 м, оның ішкі қабырғаларының ені 0,25-1 м болып, 42x20x11 см, 45x21x 17-18 см, 48x21–22x17-21 см қалыпқа салынған қам кірпіштерден бөлмелердің қабырғалары тұрғызылған [2]. Сарай кешенін салғанда өте сапалы күйдірілген 22x22x4-5 см кірпіштерді де пайдаланған. Оларды кейбір дуалдардың қажетті жерлеріне өрген және бөлмелердің еденіне төсеген.





13а-сурет.  
Ақтөбе  
цитаделінің  
ашылған  
шығыс  
қақпасы

Цитадельдің ең үстіңгі қабатынан 13 үлкенді-кішілі бөлмелер ашылды. Олардың ішінен 4, 11-бөлмелерге айрықша тоқталуға тура келеді. Төртінші бөлменің дәлізін (коридорын) және 11-бөлмені аршығанда өрнектелген фриздер табылды. Осы ою-өрнектермен бөлмелердің төбелері мен қабырғаларын безеген. Фриздерде әртүрлі әдемі өрнектер салынған, оның басым көпшілігі өсімдіктердің бейнесі: гүлдер, қызғалдақ (безектер) және сол сияқты көркем өрнектер. Ол өрнектерді салу үшін алебастр сияқты саз балшықты илеп, оны өздеріне қажетті үлгіге салып, оның бетіне қолмен ойып, өрнек салып, онан кейін кептіріп, бөлменің ішіне арнайы раствормен орнату арқылы көркемдеу жұмысын жүргізген. Бұндай тәсілмен сарайларды, кесенелерді, мұнараларды, мешіттерді және сол сияқты қоғамдық құрылыстарды әшекейлеу Орталық Азияда IX–XII ғғ. кең ең жайған [3]. Безелген плиталардың (тақталардың) қалыңдығы



1,5-3 см, көлемі төрт бұрышты болып келген. Осындай әдемі ою-өрнектерді, 1983 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде «Археология мұражайын» ұйымдастырғанда, соның интерьерін және есігін, «Этнология» мұражайының есігін безендіруге пайдаландық. Сол мұражайдың ішінде өрнектің бөліктері көрмеге қойылған.

Тарих ғылымдарының докторы, белгілі археолог, ортағасырлық ескерткіштерді кең көлемде зерттеген В.Л. Воронина Ақтөбедегі қазба жұмысына қатысып, Ақтөбе ескерткішінің құрылымы мен безелгеніне айрықша көңіл бөлген болатын (14-сурет). Автордың пікірін түпнұсқасы бойынша бергенді жөн көрдік: «Ақтөбе был обширным и богатым средневековым городом. В XI–XII вв., на которые падает его расцвет, город находился в пределах государства Караханидов. Естественно поэтому ждать общих для того времени признаков в пределах материальной культуры и строительной техники на городище Актөбе» [4].



14-сурет.  
Ақтөбенің  
цитаделіндегі  
бөлмелерінен  
табылған ою-  
өрнектердің  
көрінісі  
(В.Л. Воронина)



В.Л. Воронина Ақтөбеде жүргізілген бір жылғы археологиялық қазба жұмысына қатысып, Ақтөбе ескерткішінің үлкен көлемді алып жатқанын терең аңғарып, одан Қарахан әулеттері үстемдік еткен кезіндегі мәдениеттің жәдігерлері шығып жатқанын көріп, ескерткіштің өмір сүрген хронологиясын дұрыс көрсеткенмен, оны бір ғасырдай бұрынырақ болғанын айтқан. Қарахан империясы X–XII ғғ. дәуірлегені баршаға мәлім. Ақтөбеден шығып жатқан тасқа ойып жасалған өрнектерге айрықша қызығушылық білдіріп, оны өзінің аталмыш мақаласында өте мұқият ғылыми негізде талдаған. Ақтөбенің цитаделін қазғанда ойып жасалған өрнектерді В.Л. Воронина өзінің жоғарыдағы көрсетілген мақаласында: «Что касается резного по глине орнамента в помещениях дворца, его узор в основном воспроизводит мотивы, хорошо известные именно для XI–XII вв. Ниша помещения № 2 была окаймлена выпуклым бордюром с сеткой из трилистников, как на внешней раме деревянного искодарского михраба (рис. а). Фоном надписи в помещении № 11 служили завитки растительного узора, как на резных колоннах II стиля хивинской соборной мечети (рис. б). Узор ограничивали цепочки перлов, распространенных в резном штуке и терракоте вплоть до XV в.

Поскольку речь зашла об орнаменте, следует затронуть один из сюжетов узора, не связанного с архитектурой. А именно – росписи поливного керамического блюда с объекта 2. По краю блюда четырежды повторяется букет, где внимание привлекают бутоны, или скорее цветы в форме нераскрывшегося тюльпана, собранные по три, стебли их сходятся к центру блюда (рис. а). Цвет «тюльпанов» слишком темный, марганцево-коричневый, но сходство подчеркнуто процарапанными линиями, повторяющими контур цветка. Форма его напоминает шишечку, украшавшую деревянные фризы VII–VIII вв. (рис. е). – может быть то был стилизованный вариант тюльпана с косой насечкой. На желтоватом стебле цветка видны круглые парные наросты, аналогичные таким же в росписях древнего Пенджикента (рис. г). Отчетливое сходство этих деталей не оставляет сомнений в повторе более раннего мотива. Происхождение кружков прослеживается на стебле между арок пенджикентского фриза (рис. е, слева) – это свернувшиеся листочки. Схематизированный вариант кружков-наростов оказался настолько жизнеспособным, что оживает в хивинской резьбе по дереву XIX–XX вв., где стебли растительного узора усеяны кружочками «маргуля».

Бұл жерде қазба кезінде табылған ою-өрнектер туралы автордың ой-пікірін сол күйінде бердік. Себебі келтірілген үзіндіде ою-өрнектерге қатысты ерекше сөздер кездеседі. Солардың ма-



ғынасына зиян келмесін деп түпнұсқасы бойынша беруді мақұл көрдік.

Осы бөлмелердің оңтүстікке қараған қабырғаларын алып жатқан екі шатыр (навес) ашылды. Оның қақ ортасынан бөлмелерге кіретін ені 2,5 м дәліз салынған. Бөлменің кіреберіс сол жағында ені 0,5 м ұзын сыпа орнатылған. Соған қарағанда, бұл жерде сақшылар тұрып, келген-кеткендерді бақылап, осы жерден өткеріп тұрған орын сияқты. Шатырлардың бұрыштарында шатырлардың колонналарын (тіреулерін) ұстап тұратын 55x55x5 см төрт бұрышты керамикалық плита сақталған. Оның ішкі шеттері бөлмелерге жалғасса, сыртқы шеттері колонналардың үстіне бөрене сияқты ағашты көлденеңінен қойып, оңтүстік шетінің үстіне ағаштарды салып, төбесін жапқан. Шатырдың едендері 22x22x4-5 см күйдірілген кірпіштермен төселген. Бір қызығы, сол кірпіштердің ортасынан бәрін ұрып сындырған. Олар сол күйінде орындарында жатыр. Оның араларында сау қалған кірпіштерді кездестірмедік. Соған қарағанда, жаугершілік кезінде, қаланы қиратқанда, айрықша құнды болған күйген кірпішті кейін пайдаландырмау үшін арнайы сындырылған сияқты. Цитадельдің ашылған бөлмелерінің ішінен көптеген өрнектелмеген қыш ыдыстар табылды: тамақ ішетін ыдыстар, дастарқандар, орнын алмастырып тұратын дөңгелек ошақтар (бөлмелерді жылытатын), өрнектелген қыш ыдыстар, садақтың ұштары, адамның бейнесін салған нефрит және т.б. Бұл заттардың барлығы Қарахан дәуіріне жататын бұйымдар.

1978–1979 жылдары цитадельдің солтүстігінен 22x10x7 м көлемде жоғарыдан төмен қарай кесік түсірілді. Бұл қазбадан көптеген өрнексіз және өрнекті шаруашылық, үй тұрмысына қолданатын қыш заттарменен қатар, цитадельдің 15 қабатының деңгейінен VII–VIII ғғ. жататын 5 түркеш теңгесі (монеталары) табылды. Түркеш теңгелері Баласағұн қаласын алғашқы салушы түркештердің теңгесі екенін екінші тарауда айтқан болатынбыз. Бұрын тарихи еңбектерде жарық көрген түркеш теңгелері мен цитадельден табылған түркеш теңгелерінің ерекшелігі бар екеніне тоқталғанбыз. Бұл теңгелерде үш тіс тәрізді таңба мен жазу бар. Бұл теңгенің құндылығы сонша, ондағы жазу мен таңбада Баласағұн қаласын салушы хақанның аты жазылған. Оған кейін арнайы тоқталамыз. Ондай белгілердің түркеш теңгелерінде бар екені бұрын байқалмаған. Соған қарағанда, VI–VII ғасырларда, Түркеш мемлекеті кезінде Баласағұн қаласында ақша шығаратын сарай болып, өздерінің теңгелерін шығарған.

Цитадельдің қақ ортасындағы үстіңгі қабатын қазғаннан кейін, оның оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік бөліктерінде





археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Енді сол бөліктерде жүргізілген қазбаның нәтижелеріне шолу жасайық.


Цитадельдің оңтүстік-батыс бөлігінен солтүстік және оңтүстік мұнара, намаз оқитын михрабымен үлкен зал және көптеген әртүрлі көлемдегі бөлмелер ашылды. Оңтүстік-батыс шетінен 4x3x0,8 м көлеміндегі бөлме ашылды, оған кіретін есіктің ені 1,05 м. Бөлмелердің сақталған қабырғаларының биіктігі 0,4-0,5 м. Оның оңтүстік-шығыс қабырғасы қам (шикі) кірпішпен өріліп, қалың етіп сыланған. Бөлменің ішінен тандыр, ошақ, малдардың сүйектері, қыш ыдыстар, олардың қасынан үйілген құм шықты. Бұндай бөлмелер көптеген ортағасыр қалаларын қазғанда шыққанын археологиялық еңбектерден байқаймыз [5].

Бірінші бөлменің оңтүстік-шығыс жанынан 3x0,8x0,6-0,8 м екінші бөлме ашылды. Оның қабырғалары нашар сақталған. Ішінен дастарқан, құмыраның қақпағы, хұмның жарты бөлігі сияқты, IX–XII ғасырларға жататын заттар шықты.

Айрықша көңіл аударатын үшінші бөлме. Ол жоғарыдағы тоқталған бөлмелердің солтүстік жағында 8 м жерде орналасқан. Бұл бөлменің ішінен екі жерден канализациялық (пайдаланған суды сыртқа шығаратын) қыш трубалар (құбырлар) табылды. Олардың жалпы ұзындығы 16 м. Құбырлар сапалы күйдірілген, құмыра жасайтын дөңгелек ұршық сияқты станокта соғылған. Оның бір шеті тарлау, екінші жағы кеңдеу болып, бір-біріне кидіріп жалғастыруға қолайластырылған. Олардың жандарына 22x21x3-4 см күйдірілген кірпіштерді тік тұрғызып қалаған. Сондықтан су шығаратын трубалар мықты орнатылған. Олар X–XII ғасырларға жататын Қарахан әулеттерінің кезінде жасалған бұйымдар.

Цитадельдің оңтүстік-батысында жүргізілген қазба жұмысы кезінде 5 адамның жерленген мәйіті ашылды. Олар 15-суретте нөмірлеп көрсетілген: 1-82, 2-82, 3-82, 4-82, 5-82. Бірінші цифрлар – қаңқаның нөмірі, екіншілері – табылған жылдары. Бес адамды да ұзындығы 2 м, ені 1 м шұңқыр қазып жерлеген. Оларды қабырғасынан ұзынынан жатқызып, бастарын солтүстік-батысқа қаратып, беттерін оңтүстік-батысқа қисайтып жерлеген. Бұндай тәртіппен қайтыс болған адамдарды жерлеу ислам дініне енген халықтарға тән. Сол тәртіп қазірге дейін сақталған. IX ғ. Орталық Азияның оңтүстігіндегі түркілер ислам дінін қабылдаған (15-сурет).

Суретте көрсетілген бес қаңқаның біріншісінің қасынан тігінен қойылған шағын құмыра шықты. Оның биіктігі 61,5 см, диаметрі 19,2 см, бүйірінің диаметрі 0,46 м. Астыңғы жағы тегістелген, дөңгелек таспен аузы жабылған. Оңтүстіктегі



15-сурет.  
Ақтөбе  
цитаделінің  
оңтүстік-батыс  
бөлігінде  
жүргізілген  
қазба  
жұмысының  
жоспары

ортағасыр қалаларын қазғанда бұндай тұрмыста жиі қолданатын қыш ыдыстар қайтыс болған адамдардың моласынан жиі-жиі шыққан [6]. Осы қаңқаның беліне таман жерден тастан жасалған, ұзындығы 14 мм, ені 13 мм, ортасындағы тесіктің диаметрі 2 мм моншақ шықты. Оның алдыңғы бетінде тілген сызық бар. Бұндай моншақтар Шу, Талас өңірлерінде орналасқан ортағасырлық қалалардың молаларынан мол көлемде кездескен [7]. Моншақтың бұл моладан (мүрдеден) табылуына қарағанда, жерленген әйел болуы керек. Қалған 2, 3, 4, 5 нөмірлі қаңқалардың қасынан еш нәрсе табылған жоқ.

Қазбадан шыққан бес адамның жерлену тәртібінде аз да болса айырмашылықтың бар екені байқалады. Бірінші адамның



қаңқасының төңірегінен әртүрлі бұйымдардың табылуына қарағанда, қола, темір дәуірлеріндегі адамды жерлеу тәсілдерінің ұшқындары сақталса, ал қалған 4 қаңқаның жандарында ондай нәрселер болмаған. Солай болса да, бұл бес адам да ислам дініне енген адамдар екені анық. Оған жерлену тәртібі куә. Олардың цитадельдегі жерленген қабаты IX–XII ғасырларға жатады. Біздіңше, цитадельдегі мүрделер Баласағұн қаласының тарихи сахнадан түсіп, жер қойнауына кіріп, археологиялық ескерткішке айналған кезінде жерленген адамдардың қаңқалары болуы тиіс. Осы кезде Баласағұнның бұрынғы төл аты да ұмытылып, оған жасалмалы «Ақтөбе» деген ат қойып, бұл жерді жергілікті тұрғындар «әулиелік» орынға айналдырған. Жергілікті тұрғындардан жинаған этнологиялық деректер де осы пікірдің куәсі. Ақтөбеде жақынға дейін шырақшы болып, әртүрлі ауруға шалдыққан адамдардың түнегендері сол маңның тұрғындарының есінде сақталған.

Қазба жұмысының барысында, цитадельдің оңтүстік-батысындағы зерттеуді солтүстік-шығысқа қарай кеңейтіп, 4,38x1,9 м көлемдегі 4 бөлме ашылды. Олардың қабырғалары кам кірпіштен өрілген, едендеріне 35x35,5x17; 5x3-3,5 см күйдірілген кірпіштер төселген. Еденнің төңірегіндегі қабырғаларға кірпішті тігінен өрген (16-сурет). Соған қарағанда, едендегі отырған адамдардың иығына ызғар өтпеу үшін салынған кірпіш болуы керек. Осы бөлмелердің оңтүстік-шығыс қабырғаларының іргелерін жағалап, биіктігі 0,35-0,37 м, ені 0,22-0,27 м кам кірпіштермен сыпаны (суфа) өріп шығарған. Оның биіктігі 0,22 м үстіңгі қабатына, жоғарыдағы көрсетілгендей, күйдірілген кірпіш төселген. Бұндай сыпа (суфа) адамның отыруына өте қолайлы, ызғар өтпейді. Бөлмелердің сақталған қабырғаларының биіктігі 1,6-1,9 м, бірнеше рет сыланған және бірнеше рет әктелген. Соған қарағанда, бұл бөлмелер ұзақ уақыт пайдаланылғанға ұқсайды [8].

Цитадельдің батыс бөлігінде жүргізілген қазбаның барысында оңтүстік-батыс мұнара (башня) ашылды, оның оңтүстіктен-шығысқа қарай созылған ұзындығы 8,2 м, оңтүстіктен-батысқа қарай 7,7 м көлемде. Алғашқы кезде мұнара бекініс дуалының үсті 3,35 м биіктікте 42-44x21,5-23x9-10 см кам кірпішпен өрілген. Оның дуалы әуелдегі әдет бойынша 74° еңкейген. Мұнараның төңірегіне пахсадан, кам кірпіштен қосымша құрылыстар салынған: биіктігі 0,2 м, 0,5 м, 0,6 м, 0,75 м, пахсаның үстіне 42-44x19,5-20x9-10 см кам кірпіш өрілген. Астыңғы қабатынан есептегенде оның қиябеті (откос) 87° шамасында [9].

Цитадельдің оңтүстік-батысында жүргізілген қазба жұмысының нәтижесінде Баласағұн бекініс дуалының өте бекем қамал



16-сурет.  
Ақтөбенің  
цитаделіндегі  
еденіне  
қыш кірпіш  
төселген  
бөлмелердің  
бірі



етіп салынғаны анықталды. Оның оңтүстік-батыс мұнарасы биік және өте қалың етіп, пахса және қам кірпіштерден тұрғызылған. Бұл жерден табылған өте бай деректер, цитадельдің басқа бөліктерін қазғанда табылған заттар да X–XII ғасырларға жататын жәдігерлер.

1982 жылы цитадельдің солтүстік-шығыс бөлігінде қазба жұмысы кең көлемде жүргізіліп, 5 бөлме ашылды. Олардың қабырғаларының көлемі 41-42x21-22x8-9 см келетін қам кірпішпен өрілген. Бірінші бөлменің ұзындығы 10 м, ені 2,4 м, едені екі қабат. Бірінші бөлменің едені биіктігінен 2,2 м төменде, едені 32-33x16-17x3-4 см күйдірілген кірпіштермен төселіп шыққан. Оның үстінде ағаштың көмірі, күл, топырақ 0,04-0,1 м қалыңдықта жиналған. Бұның бәрі бөлменің қатты өртенгенінің айғағы. Осы бөлмемен жалғасатын, қам кірпіштен өріп шыққан 5-бөлмеге баратын дәліз, қам кірпішпен салынған, биіктігі 1,5 м, ені 0,85 м арка (дарбаза) табылды. Бірінші бөлменің шығысына жапсырылып салынған екінші бөлменің көлемі 7,4x1,95 м, оның еденіне 35-35x18-19x33,5 см күйдірілген кірпіштер төселген. Оның үстін өрттің қалдықтары басқан. Еденнің айналасына қыш кірпіштерді тігінен қойып шыққан. Сондай-ақ үшінші бөлменің көлемі 8,3x1,8 м, төртіншісінікі – 11,25x1,9 м, бесіншісі 6,3 м соғылған дәліз, ені 1,6 м. Бұл бөлмелердің екінші қабатында едендерінің бар екені байқалады. Соған қарағанда, олар цитадельдің екінші қабатының едендері болуы керек. Қазба жұмысының барысында бірінші қабаттың еденін кесіп өткенге ұқсайды. Зерттеу жұмысының барысында, көптеген қыштан істелген бұйымдармен қатар, 5-бөлмедегі күлдердің арасынан ортасында төрт бұрышты



тесігі бар 5 дана теңге табылды. Олардың Түркеш мемлекеті кезінде шығарылғаны белгілі (17-сурет). Цитадельдің шығыс шетінен 32-33x16-17x3-4 см күйдірілген кірпіштен өрілген текше шықты, оның көлемі 1,7x1,1 м, тереңдігі 0,5 м. Біздіңше, бұл дән сақтайтын орын (ұра) сияқты. Бірақ суретте көрінгендей көлемі кішірек. Осы бөлмелерге кіретін 5 есік ашылып, олардың кірер жері қам кірпіштен арқа сияқты өрілген [10]. Бұл бөлмелердің алдында дәлізі бар. Есіктері өз алдарына, терезесі жоқ. Оларға жарық төбеден түсірілген сияқты. Бұл үш бөлмелер алаңның шығыс жағында, оған кіретін дарбазаның (қақпаның) сол жағында орналасқан. Олардың салыну тәртібіне және қасынан дән сақтайтын ұраның табылғанына қарағанда, бұл бөлмелер азық-ауқат сақтайтын орындар деген пікірге келуге болады.

1983 жылы цитадельдің солтүстіктен шығысқа қарай созылған бөлігінен алаңнан шығысқа қарай шығатын қақпаға дейін 33x21-24 м көлемде қазба жұмысы жүргізілді. Зерттеудің барысында бұл жерден үш бөлме шықты. Бірінші үлкен бөлме 20x13,5-14 м көлемді алып жатыр. Оның дуалы 1-1,5 м тереңдікте аршылды. Есігі сарайдың алдыңғы жағынан оңтүстік-батысқа қарай ашылған. Бөлменің қабырғалары 40-42x20-21x7-8 см қам кірпіштермен өрілген. Бөлменің батыс дуалы цитадельдің орталығымен біріктірілген. Қазба кезінде бұл бөлмеден көлемі 24x24x4,5-5 см қыш кірпіштер, құмыралар, шырақтар және сол сияқты заттар шықты. Жоғарыдағы айтылған есіктің кіре берісінің сол жағында тік орнатылған канализациялық труба шықты. Оны 4 м тереңдетіп ақырына дейін апарғанда, бір-біріне күйдіріле жалғастырылған 6 труба болды. Трубалардың ұзындығы 70 см, екі жағы 40 см, жіңішке шеті 27 см [11]. Барлық трубалар жақсы күйдірілген, сол күйінде сақталған.

Осы бөлменің үлкендігіне және шыққан заттарға қарағанда, сарайдың ішіндегі мехманханаға ұқсайды. Есіктің сол жағынан табылған трубалар көп адамдардың қолдарын жуған суды сырттағы шұңқырға шығару жұмысын атқарған. Бөлме әлі толық ашылған жоқ. Одан тұрмысқа пайдаланған заттардың қалдықтары



17-сурет.

Ортасында төрт бұрышты тесігі бар түркештердің (сарыүйсіндердің) мыс теңгесі




мол көлемде табылған жоқ. Осы айтылғандарға қарағанда, сыйлы қонақтарды қабылдайтын патшаның бөлмелерінің бірі болуы тиіс. Бірақ бұл пікірді анықтау үшін, оны ақырына дейін қазу алдағы уақыттағы кезектегі мәселе.

**Монша.** Бұнан кейінгі екінші бөлмеде жүргізілген қазба жұмысы күрделі нәтиже берді. Оның көлемі 10x7,1 м, батыстан шығысқа қарай созылған. Оның батыс қабырғасы солтүстік мұнараға тірелген, қалғандары 1 және 3-бөлмелермен жалғасқан. Үш есігі бар. Қазба кезінде бұл бөлме монша екені анықталды. Оның ені 3 м, ұзындығы 9 м. Моншаның қабырғалары 25x25x4,55 см және 37x25x4,5-5 см келетін күйдірілген кірпіштерден өрілген. Солтүстік қабырғасының қалыңдығы 0,8 м, шығыс жағы 0,9 м, оңтүстік жағы 0,75 м. Олардың сақталған биіктігі 0,7-1,25 м (18-сурет).

18-сурет.  
Ақтөбе  
цитаделінің  
шығыс  
бөлігінен  
табылған  
моншаның  
жобасы

Моншаның ішкі құрылысы ортағасырдағы белгілі еденнен жылытатын моншалардың тәсілімен салынған. Бұл бөлмеге





19-сурет.  
Моншаның  
аршылғаннан  
кейінгі көрінісі

солтүстік қабырғадан кіретін есіктің қасында ошақ салынып, оның ортасында тайқазан орналасқан орын сақталған. Ошақ 50x50x4,5-5 см келетін күйген кірпішпен өрілген. Оның диаметрі 1,25 м, тереңдігі 0,5 м, іші күлге толған. Бөлменің ішіндегі монша батыстан шығысқа қарай 6 м ұзындықта, арасы 37 см, ені 25 см, биіктігі 0,5 м төрт қатар 2,4 діңгек (колонна) орнатылған. Колонналар 25x25x4,5-5 см, 37x25x4,5-5 см келетін күйдірілген кірпішпен төрт бұрышты етіп 0,5 м биіктікте өрілген. Олардың 15-і жақсы сақталған, қалғандары орындарында бұзылып қалған. Осы колонналардың арасынан оттың жалыны мен түтіндері шығатын үш канал арқылы үш трубамен жалғасқан. Колонналардың дәл ортасында көлемі 87,5x87,5x77,4 м екі үлкен тақта (плита) орнатылған. Олардың осылай орналастырылуы, моншаның бекемділігін сақтау үшін арнайы қойылған плита болулары тиіс (19-сурет). Себебі шомылғанда адамдардың көпшілігі оның орта жерінде көбірек жүреді ғой. Адамдардың шомылатын орны бөлменің еденінен 0,5 м биігірек орналасқан. Колонналардың үстін 50x50x5 см, 25x12x5 см күйдірілген кірпішпен (плитамен) жапқан. Моншаның еденін шығысқа қарай қия беріс етіп еңкейткен. Себебі шығыс қабырғаны жағалай салған шағын құбырлармен (трубалармен) жуынды су сыртқа шығарылған (20-сурет). Бұл трубалар 3-бөлменің батыс қабырғасын жағалап салынған. Бұл батыс қабырға 2 және 3-бөлменің ортасында күйдірілген кірпіштен өрілген, оның ортасында үш труба орнатылған. Құбырлардың



20-сурет.  
Моншаның  
пайдаланған  
жиынды  
суларын  
сыртқа  
шығаратын  
қыш құбырла-  
рының көрінісі

жолдары айқын байқалып тұр. Трубалардың ұзындығы 7,2 м, кішкентай қыштан істелген трубалар [12].

**3-бөлме.** Ол екінші бөлмемен шығысқа қарай жалғастырылған. Оның тек жоғарғы жағы ашылды, бөлменің ортасында құдық бар болып шықты. Бірақ бөлме және құдық толық зерттелген жоқ. Екі ортада есіктің орны бар. Сондықтан ол жер асты суына жеткізілген терең құдық болуы тиіс. Ол арнайы ауыз су және монша үшін қазылған болса керек.

Монша бөлмесін аршығанда әртүрлі ою-өрнекпен безендірілген декорлар шықты. Бөлменің қабырғасын, төбесін 3-5 см қалыңдықта илеуі жетілген балшықпен сылап, оның үстіне 1-1,5 см алебастр салып, үстіне тереңдігі 0,3-0,4 см келетін бедерлі ою-өрнектер жүргізген. Әшекейлер әртүрлі: геометриялық пішіндердің, гүлдердің, басқа өсімдіктердің суреттері салынған. Осы шыққан заттарға қарағанда, монша бөлмесінің мейлінше безендірілгені байқалады. Жүргізілген декорлардың көпшілігі қара, көк және сары бояулармен әшекейленген [13].

Бұндай ою-өрнектердің ішінде өсімдіктерді бейнелейтін суреттердің көп болуы осы ғимараттарды салған тұрғындардың





мәдени дәрежелерінің жоғары сатыда болғанының дәлелі. Ертедегі ортағасырдағы түркілер моншаны салып, оны айрықша безендіруге көңіл бөлгенін дәлелдейтін деректерді археологиялық еңбектерден кездестіреміз. С.П. Толстов Хорезмнен Тешік-кала, Топырақкала сарайларын ашып, олардың іштері декорлармен безендірілгенін жазған [14]. А.Н. Бернштам Тараз қаласының XI ғ. жататын моншасын ашып, оны қалай безендірілгендігі туралы мәлімет берген [15]. Бұндай сарайлардың, үйлердің, моншалардың іштерін ою-өрнектермен безендірудің Орталық Азиядағы IX–XIII ғасырларға тура келетінін А.А. Хахимов те атаған [16]. IX–X ғғ. жататын Тәжікстандағы Мұхаммед Бошоро мазарының михрабы ойып жасалған өрнектермен безендірілгенін Г.А. Пугаченкова жазған [17]. Балшыққа ойып салынған ою-өрнектерді Шу бойындағы, Қырғызстан жеріндегі ортағасыр қалаларынан кездестіргенін археологтар ғылыми еңбектерінде атап көрсетеді [18].

Осы келтірілген деректерге қарағанда, IX–XII ғғ. Қараханид әулеттерінің үстемдік етіп тұрған кезінде, қалаларды, бекіністерді, сарайларды, мешіттер мен медреселерді, мавзолейлерді салуға, оларды безендіруге айрықша көңіл бөлінген. Бұл кез ислам өркениетінің шарықтаған кезеңі. Сондай-ақ қоғамдық құрылыс орындары болған, моншаларды салу, оларды безендіру жұмыстары жоғарғы дәрежеге жеткен. Моншаға бару салтқа айналып, оның ережелері халық арасында кең өріс алған. Бұл туралы ұлы жерлесіміз, түркілердің ортағасырлық ғұламаларының бірі, әлемге аты әйгілі Ибн-Сина моншаға барудың денсаулықты сақтауда үлкен мәні бар екенін, өзінің «Канонында» моншаға түсу арқылы емдеудің қажет екенін жан-жақты түсіндірген. Моншадағы судың температурасының қаншалықты болуын, моншаның ішіндегі ауаның дымқылдығын қандай дәрежеде ұстау қажеттігін, шомылудың да белгілі уақыттан аспауының керектігін жазған. Моншаға түсудің осы шарттарын ержеткен адамдар бекем сақтап, кейінгі ұрпақтарды да соған дағдыландырған (Абуали Ибн-Сина (Авицена). Канон врачебной науки. Кн. 1. Изд. второе. Ташкент, 1981. С. VII). Ертедегі ортағасырда түркілердің арасында моншаға бару салтанатты жағдайда өткен.


**Сарайдың алаңы.** Цитадель қазылмай тұрғанда, ол биік, жұмыр төбе бейнесінде болатын. Тек, оның оңтүстік шетіне жақын жерде үлкен шұңқыр сақталған. Осы жерде қазба жұмысы жүргізілді. Бұл ойды тазартуға транспорттирді пайдаланып, қыр-уар топырақ сыртқа шығарылды. Нәтижеде, бұл көміліп қалған сарайдың алаңы екені анықталды. Оның еденіне көлемі 18x15 м, ені 40x40x5 см, 30x20x5 см келетін жоғары сапалы күйдірілген



кірпіштер төселген. Осы алаңнан сарайдың барлық бөлмелеріне кіретін есіктер аршылды. Алаңның арқа жақ шетінен бір құдықтың (шұңқырдың) бар екені байқалды. Бірақ ол әлі аршылмаған күйінде жатыр. Алаңға екі жақтан кірген: шығыстан және оңтүстіктен. Біріншісінің ені 10 м, ұзындығы 16 м. Шығыс жақтан алаңға кіргенде оң жақ қабырғаға тақап таудың тасынан төселіп, ені 0,75 м келетін жол (тротуар) салынған. Оның сол жағында жүретін бос жер сақталған. Бұл жол күнделікті тұрмыста жиі пайдаланатын қақпа деген пікірге келесің. Екінші сарайға кіретін есік алаңның оңтүстігіне орналасқан. Бұл кірменің баспалдақтары көлемі 30x20x5 см келетін күйдірілген кірпіштермен өріліп, баспалдақ етіп салынған. Төселген кірпіштердің көпшілігі өз орындарында жатыр. Олардың кейбіреулері бұрынғы орындарынан қозғалған, сынған. Бұл есіктен сарайға келетін құрметті қонақтарға, басшыларға, сарай иесіне арналған жол сияқты. Цитадельдің үстінде орналасқан сарай алаңын ашқанда қыруар күш жұмсалды. Оның ұлтанына жетіп, Қарахан дәуірінің қыш кірпіштері төселгенін көрдік. Ол кірпіштер де сол күйінде орындарында жатыр (21-сурет).

21-сурет.

Ақтөбе  
цитаделіндегі  
алаңның тас  
төселген  
еденінің  
көрінісі





Сөйтіп, цитадельдің үстіңгі қабатында археологиялық қазба жұмыстары көп жылдар бойына жүріп, оның үстіңгі қабатының сыры едәуір ашылды. Оның солтүстігінен жоғарыдан төмен еденіне дейін кесінді қазылып, ескерткіштің қабаттары анықталды. Қазба кезінде әртүрлі көптеген заттар шықты. Оларды осы кітаптың бесінші тарауында арнайы таныстырамыз. Табылған жәдігерлер IX–XIII ғғ. жасаған Қарахан әулеттерінің өте бай, өнерлі заттай мәдениетін айқын айғақтайтын куәгер, асыл мұралар.

Ақтөбе қаласының қай кезеңде салынғаны жөнінде бірнеше пікірлердің бар екенін жоғарыда атап өткенбіз. Бірақ, бұл айтылған болжамдарды анықтау мақсатымен, ең алдымен, қаланың қай ғасырларда жасағанын білу үшін цитадельдің және шахристанның үстінен төмен қарай көлденең кесінді қазып, табылған археологиялық заттарға сүйеніп, ескерткіштің өмір сүрген дәуірін анықтауға тура келеді. Ол үшін, Ақтөбенің солтүстік-шығыс мұнарасының тұсынан жоғарыдан төмен қарай ені 7-8 м, тереңдігі 10-12,5 м, ұзындығы 22 м көлемінде көлденең кесінді қазылды. Бұл жұмыс үш жыл бойына созылды. Қазылған жер 22 қабатқа бөлінді. Кездескен заттар баспалдақ қабаттар бойынша есепке алынды. Қазба жұмысы цитадельдің жер табанына дейін жеткенше жүргізілді [19].

Осы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде, цитадельдің көп қабаттан құралғаны анықталды. Оның сыртқы бекініс қабырғасы үш кезеңде салынған. Жерді тегістеп, топырағын нығыздап, оның үстіне 2 м биіктікте платформа (биіктеу алан) соққан және еденін ені 0,3 м келетін саз балшықтан салған. Оның үстіне 49x27x9-10, 50x27x9-10, 50x23x10 см мөлшердегі күйдірілмеген кірпіштерден цитадельдердің бекініс қабырғаларын тұрғызған. Бірінші кезеңге жататын жерден әртүрлі қыштан істелген ыдыстар табылды: үлкенді-кішілі құмыралар, ыдыстар, шырақтар және т.б. бұйымдар. Бұл ыдыстардың барлығы үй тұрмысында қолданатын қолөнершілердің қыштан істеген бұйымдары. Олар Орталық Азиядағы Пенджикенттен, Қазақстандағы Отырар қалаларынан табылған VII–VIII ғасырларға жататын қыштан істелген ыдыстарға ұқсас келетіні байқалады [20]. Олай болса, Ақтөбенің тұрғындары ертедегі ортағасырда Орта Азия халықтарымен тығыз байланыста болған. Цитадельдің бесінші қабатының деңгейінен күлдің ішінен VII–VIII ғасырларға жататын түркештердің 5 мыс теңгесі табылды. Бұл теңгелердің шеттерінде үш тіс тәрізді белгілері бар. Бұрынғы ортағасыр қалаларынан сирек болса да табылатын түркілердің теңгесінде ондай ерекшеліктер байқалмаған. Соған қарағанда, Ақтөбені өздерінің астанасы еткен түркілер, осы қалада өздерінің ақшасын шығарған. Тарихта



белгілі, біздің заманымыздың V–VI ғасырларында Жетісу, Шу, Талас өңірлерінде Түркеш (Сарыүйсін) қағанаты жасаған [21]. 603 жылы түркілер Шығыс және Батыс болып екіге бөлінбестен бұрын да, бұл жерлерді түркі тілдес тайпалар да мекен еткен.

Мұнан кейінгі екінші кезеңде цитадельде үлкен құрылыс жұмысы жүргізіліп, бекініс қабырғаларының қалыңдығы 4 м-ге жетіп, оның биіктігі 7-8,5 м биіктеген. Құрылыс жұмыстары цитадельдің кешенін толық қамтыған. Құрылыс қоспасында, оның салу тәсілінде айтарлықтай өзгерістер болмаған. Осы қазылған қабаттан көптеген археологиялық дүниелер шықты: құмандар, құмыралар, қазан, садақтың ұштары және басқа да бұйымдар бар. Бұл деректер Отырардан, Құланның табылған заттарға ұқсас. Табылған археологиялық қазбаларға қарағанда, цитадельдегі екінші кезең VII–IX ғасырларға тура келеді. Осы ғасырлар – түркілерге қарлұқтар билігін жүргізген кезең. Дегенмен түркілердің мәдениеті айтарлықтай өзгеріске ұшырамады, қарлұқтардың үстемдік еткен кезінде цитадельде үлкен құрылыс жүріп, ол бұрынғыдан да мықты бекініске айналған.

Үшінші кезеңде цитадель тағы да қайта жөндеуден өтіп, өзінің сыртқы көрінісін, көлемін өзгерткен. Бекініс қабырғасының сыртынан қыш кірпіштен 49x27x9-10; 50x27x9-10; 50x23x10 см келетін қосымша қабырға салынып, оның ені 10 м-ге жеткен. Осылай цитадель өте үлкен бекініске айналған. Қазылған қабырғаның ішінен көптеген археологиялық заттар шықты: қыштан істелген әртүрлі ыдыстар, құмыралар, қазан, мыс шырақтар табылды. Бұл заттар Орталық Азиядағы ортағасырлық қалалардан шыққан қыш бұйымдарына көпшілігі ұқсас. Соған қарағанда, цитадельдің үшінші кезеңі IX–XII ғасырларға тура келеді. Бұл шақ Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) әулеттерінің үстемдік еткен кезеңдері, жоғарғы қабаттағы мәдениет өзінің өркениеттік дамуына жеткен қарахандар дәуіріне тән. Бұл кезде Ақтөбе (Баласағұн) өзінің гүлдену дәуірінде жасаған. Олардың орнын басқан қарақытайлар (қарақидан) моңғол нәсілді халық болып, Баласағұнда 90 жылдай билік құрған. Олар қаланың дамуына еш ықпал жасамай, 1210 жылы оны өртеп, ойрандап, қаланың тарихи сахнадан шығуына себепкер болған.

Цитадельдің кешенін тереңірек анықтау үшін, оның оңтүстік-шығыс бөлігінен ұзындығы 16 м; ені 1-1,5 м; тереңдігі 5,5 м етіп жоғарыдан төмен қазып, табиғи жер тағанына жеттік. Бұл қазба жұмысы да жоғарыдағы тәсілмен жүргізілді. Цитадельдің бұл бөлігінен табылған заттар солтүстік-шығыс мұнара жақтан табылған археологиялық деректерге ұқсас. Бұл бөлікте де үш кезең ескерткіші байқалды. Бірінші кезеңінің қабырғасының биік-



тігі 4,2 м, ені 3, екінші кезеңінің қабырғасы бірінші қабырғаның сыртынан 4 м биіктеу, 2,3 м ұзындау салынған. Оның сыртынан үшінші бекініс қабырғасы 2,5 м биіктікте, ені 1,7 м етіп салынған. Қазба кезінде көптеген археологиялық заттар табылды. Олар жоғарыдағы цитадельді қазғандағы қолға түскен материалдарға ұқсас. Соған қарағанда, цитадель кешенінің негізі бір мезгілде салынып, кейін қайта құрылысқа ұшырап отырған.

Қарахандардың кезіне айрықша тоқталуға тура келеді. Себебі осы дәуірде қарахандар Қазақстанның шығыс оңтүстігі мен Орта Азияны түгел билеп, қуатты мемлекетке айналған. Бұл кезде осы елдің, экономикасы мен рухани мәдениеті гүлденіп өскен кезең екені тарихта талай жазылды. Бұл мемлекеттің астаналары Самарқанд, Қашқар және Баласағұн қалалары болған. Қарахан әулетінің ең үлкен ханы Баласағұнда тұрған. Қазіргі Ақтөбе деп аталатын қоныстың цитаделінің үстіңгі қабатынан табылған заттар Қарахан дәуірінің мәдениеті. Ал қарақытайлар кезінде феодалдық өзара таластың күшейе түсуінен мәдениеті мен экономикасы төмендеп кеткенін байқаймыз.

## **4.2. Шахристан**

Цитадельдің үстіңгі кешенінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін, оны қоршаған шахристанның солтүстік жағы 265 м, шығысы 250 м, оңтүстігі 255 м, батысы 208 м, жер бетінен биіктігі 9 м көлемді алып жатқан шахристанда 1974 жылы 5 жерден қазба жұмыстары бастап жүргізілді [22]. Олар: шахристан-1, 2 және 2А, Төрткөлтөбе құбыр жүйелері. Енді осыларға қысқаша тоқталайық.

**Шахристан-1.** Цитадельдің солтүстігінде 40 м қашықтықта, 10х10 м көлемде қазба жұмыстары жүргізіліп, оны 1-1,5 м тереңдетіп, мәдени қабатқа жеткізілді. Қазба жұмысының барысында, екі бөлме ашылды. Біріншісінің көлемі 3х2,5 м, екіншісі 2,5х2 м. Олардың қабырғалары 21х20х7 см, 22х20х7 см қам кірпіштен өрілген, ені 0,8-1 м. Олардың қабырғалары 20-25 см. Өйткені 1968 жылы Ақсу су қоймасын саламыз деп, шахристанның үстіңгі қабатын 1 м тереңдікте қырып жібергенде мәдени қабат алынып кеткен. Қазба жүргізілген жерлерден бадраб, 2 құдық, сыпа, пеш (печь) және шатырдың (навес) орындары шықты. Қыштан соғылған 85х70 см көлемдегі пеш, оның түтін шығатын трубасы 60х65 см. Оның көлеміне және соғылуына қарағанда, зергерлердің бұйым жасауда пайдаланатын пешіне ұқсайды.

Осылардың ішінен кірпіш, трубалар, құмыралар күйдіретін пешке айрықша тоқталайық. Өйткені ол сол кездегі



колөнершілердің әрқилы қыш бұйымдарды шығаратын үлкен өндіріс орындарының бірі. Пеш оңтүстіктен шығысқа қарай созылып салынған. Оның ұзындығы 4,45-4,50 м, ені 2,9 м, ішінде 6 күмбезделіп салынған бөлме (камера), олардың көлемдері 40-55 см, биіктіктері ұлтанынан 2,16 м. Күмбез 35x18x8 см келетін қам кірпіштен өрілген. Камераларда су құбырлары, үлкенді-кішілі хұмдар, құмыралар, ыдыстар, шырақтар және тұрмысқа қажетті тағы басқа қыш бұйымдар сапалы дәрежеде күйдірілген. Пештің қабырғаларындағы қоқыстың (шлак) қалыңдығы 4-6 см. От астынан жағылған, жалын мен түтіндер екі труба арқылы сыртқа шыққан. Зерттеудің барысында, бұл пеш екі рет жөнделгені анықталды: бірінші жөнделгендегі қоқыстың қалыңдығы 0,2-0,3 см болса, екіншісінде 4-5 см-ге жеткен. Пештің сыртқы қабырғасын 35x 18x8 см келетін қам кірпіштерден қалаған. Оның сыртынан өлшегендегі көлемі 5,5-4,5 м. Пештің шығысынан диаметрі 50 см, тереңдігі 20 см және диаметрі 48 см, тереңдігі 38 см келетін екі тандыр шықты. Бұл қазба орнынан көптеген қыш бұйымдар табылды: қыш құбырлар, хұм құмыралар, дастарқан, құмыралардың қақпақтары, қыш ыдыстар, шырақтар, әшекейленген қыш табақтар және т.б.

Осы келтірілген деректерге қарағанда, шахристан-1-де жүргізілген археологиялық зерттеудің барысында, бұл жер – қыш, темір бұйымдарды жасайтын колөнер орталығы екені байқалды. Бұндай қыштан бұйымдар жасаған орталықтар Орталық Азиядағы ертедегі ортағасыр қалаларынан табылғандары археологиялық еңбектерде сәулеленген: *А.К. Писарчик*. Строительные материалы и конструктивные приемы народных мастеров Ферганской долины в XIX–XX вв. // Труды Института этнографии. Т. XXI. М., 1954. С. 230–234; *М.Е. Массон*. Городище старого Термеза и их изучение // Труды Узб. АН ССР. Серия 1. Вып. 2. Ташкент, 1940. С. 102; *И. Ахраров*. Кирпичеобжигательная печь XI в. на старом городище Куве // ИМКУ. Вып. 3. Ташкент, 1962. С. 80; *Е.Б. Пругер*. Кирпичеобжигательное производство средневекового Мерва // Труды ЮТАКЭ. Т. XIV. Ашхабад, 1969. С. 238; *Ш. Шапекимов*. Кирпичеобжигательная печь средневекового Самарканда (Афрасиаб) Вып. 3. Ташкент, 1974. С. 84. Орталық Азияда қалалар салу және қыш кірпіштерді, бұйымдарды пайдалану түркілердің арасында ертеден кең өріс алғанын көрсетеді.


**Шахристан-2.** Цитадельдің солтүстік батысында 25 м қашықтықта, 140 м<sup>2</sup> көлемде қазба жұмысы жүргізіліп, мәдени қабатты 60-80 см тереңдеткенде 8 бөлме ашылды. Олардың дуалдары 20-21x10x40 см қам кірпіштер мен пахсадан 0,9-1,2 м ендікте тұрғызылған. Бұндай кірпіштер IX–XII ғғ. Ферғана (Қарабұлақ,



Ана-Қызыл), Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі ортағасырлық ескерткіштерді қазғанда кездескен [22]. Бөлмелердің еденіне, табалдырыққа, ошақтарды салуға 22x22x3-4 см; 23x23x5 см; 21x7x7 см; 22x9x10 см; 13x30x4-6 см келетін көлемдегі күйген кірпіштерді пайдаланған [23]. Бұндай көлемдегі күйген кірпіштер Қарахан дәуірінде (IX–XII ғғ.) Жетісу, Шу, Талас, Оңтүстік Қазақстан және Ташкент жерлеріндегі ортағасыр қалаларынан кең көлемде кездескен [24]. Ашылған бөлмелердің көлемдері бірдей емес: бөлме 1-дің көлемі 18м<sup>2</sup> болса, екіншісінікі – 43 м<sup>2</sup> (6x7 м), үшіншісінікі 22,7 м<sup>2</sup>, қалғандары кішігірім бөлмелер, 6, 7, 8-бөлмелердің шет жақтары ашылған. Толық ашылған бөлмелердің бәрінде көлемі әртүрлі суфалар салынған. Олардың ішінде ең үлкені бірінші бөлменің ішіндегі ені 2,9 м, ұзындығы 3,9 м суфа, үстіне 22-23x22(23)x4(5) см күйген кірпіш төселген. Оның алдында ошақ орнатылған. Соған қарағанда, бірінші бөлме адамдардың тамақтануына арналған болуы тиіс. 3-бөлме ішінде қабырғаға жапсырып салынған, диаметрі 50 см, түбі 40 см, төмендегі жел кіретін тесігі 16 см (іші толған күл) тандыр бар. Осы тәрізді тандырлар қазба кезінде жиі кездеседі (22-сурет).

22-сурет.  
Ақтөбедегі  
шахристан-2-де  
ашылған  
бөлмелердің  
көрінісі





23-сурет.  
Ақтөбедегі  
шахристан-  
2-ден табылған  
көмбе (клад).  
Қарахан  
дәуірінің мыс  
теңгелері

Шахристан-2-де жүргізілген қазба кезінде көптеген археологиялық заттар шықты. Олардың көпшілігі өрнектелген (поливной) және өрнектелмеген (неполивной) қыштан жасалған бұйымдар. Өрнектелген қыш ыдыстар онша көп емес. Барлығы ұршық сияқты станокта жасалған және әртүрлі өсімдіктердің өрнектерімен безендірілген. Мысалы, дөңгелек кесе диаметрі 4,5 см, биіктігі 6-7 см, бүйірі 12 см, тамақ құятын аяқ (чашка), аузының диаметрі 28 см. Бұндай әшекейленген, яғни суреттелген заттар Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі IX–XII ғғ. жататын ескерткіштерден табылған. Осындай Қарахан дәуірінде ұршық станокқа салынып жасалған сапалы өрнектелмеген бұйымдар мол көлемде кездесті: хұмдар, хұмшалар, келі (ступа), тагора, шырақтар, су құбырларының бөліктері, қазандар, ас құятын аяқтар және т.б. үй тұрмысында пайдаланатын заттар.

Шахристан 2-де көптеген тұрғын үйлер үстіңгі қабатынан ашылды. Зерттеулердің барысында үй тұрмысына керекті қыштан істелген ыдыстар: құмыра, тандырлар, қоладан істелген шырақтар, шойын қазандар, кетпен және басқа да бұйымдар шықты. Осы бөлмелердің біреуінен Қарахан дәуірінің 5000-ға жуық қоладан соғылған мыс ақшасы шықты. Теңгелермен бірге кішкентай мыс таразы, мөрлер (мыс, мрамор) кездесті (23-сурет). Оның үстіне, осы теңгелер табылған жерден жартылай жасалған тиындар да шықты. Соған қарағанда, шахристан-2 ақша соғатын сарай болса керек (24-сурет). Қарахан дәуірінің мұндай теңгелері бұрын Орта Азия және Қазақстанның ортағасырлық қалаларынан





да табылған еді. Бірақ мұндай көп көлемде бірінші рет Ақтөбеден кездестірдік. Бұдан басқа Ақтөбедегі цитадель, шахристан, рабадтардың мәдени қабаттарынан қоладан, күмістен соғылған шашылып жатқан ақшалар да ұшырасты. Солардың 35 данасын Қазақстандағы белгілі археолог-нумизматист (теңгелерді зерттеуші) Р.З. Бурнашева ғылыми тұрғыдан жазып,



сипаттады [25]. Осы ғалымның айтуынша, ғылыми тұрғыдан зерттеліп отырған теңгелердің бәрі қоладан соғылған. Олар: VII–VIII ғасырлардағы 7 теңге түрік-тохси тайпаларының ақшасы болса, 3 теңге түркештердікі екені анықталды. Түркештердің теңгелері Шу, Талас алқаптарына VIII ғасырдың бас кезеңдерінде тарағаны мәлім. Қалған 25 теңге XI–XII ғасырларға жататын Қарахан дәуірінің дирхемдері. Р.З. Бурнашеваның айтуына қарағанда, X–XII ғасырларда Барсханда, Таразда ақша шығаратын орындар болған. Бұдан кейінде бес жылдың ішінде Ақтөбеден көптеген теңгелер табылды. Бірақ бұл құнды археологиялық деректер әлі толық зерттелген жоқ. Ол алдағы іс. Бұл ақшалар тазартылып жатыр. Олардың ішінде жазулары, таңбалары бар теңгелермен бірге, еш таңба түспегендері де кездеседі. Дайындалған теңгелермен теңгеге айналдыру үшін әзірлеген теңгелердің араласып жатуына қарап, осы теңгелердің табылған жері Қарахан әулетінің ақша жасайтын сарайы болуы тиіс деген пікірді айтуға болады. Барлық кездескен археологиялық заттар және бұйымдар VI–XII ғасырларда жасаған түркілердің мәдениетін сәулелендіреді.

Шахристан-2А Ақтөбенің оңтүстік жағына орналасқан. Бұл жерден де үлкен қоныс ашылып, 13 бөлме тазартылды, шахристан-2А қонысы бір-біріне тіркес салған екі бөліктен құрылған. Бұл қоныс үлкен патриархалдық әулеттің қонысына ұқсайды. Қазба жұмысының барысында Шахристан-2А үш қабатты қоныс екені анықталды. Олардың ішінен 3, 4, 5-бөлмелерді тереңдете қазып, астыңғы қабаттағы үйдің табанына жеткізілді. Бұл тұрғын үйлер екі дәуірді бастарынан өткерген: үстіңгі қабаты IX–XII ғасырлар мәдениетіне жатса, астыңғы қабаты VI–VIII ғасырларда өмір сүрген. Қалған 6–13-бөлмелердің үстіңгі қабаттары қазылып, ең астыңғы қабатына жақындадық. Дегенмен ең төменгі қабатын қазу мүмкін емес. Өйткені жер асты су көтеріліп кеткен. Бұл қазбадан

24-сурет.  
Қарахан дәуірінің мыс теңгесіне басылатын тас мөрдің бейнесі




көптеген құмыралар, қыштан істелген ыдыстар, темір құралдар, тандырлар, мыс теңгелер, есеп тастары, адамның қаңқасы және т.б. көптеген дүниелер табылды. Осы шахристандағы ашылған бөлмелердің ішінен жанған бөренелердің көмірі, т.б. сондай өрттен қирағанын дәлелдейтін заттар көптеп кездеседі. Соған қарағанда, қала жалпы өртке ұшыраған. Үй дуалдарына қадалып қалған садақ оғының ұшы жиі ұшырасты. Бұларға қарап, қала жаугершіліктен өртеніп, жермен-жексен болып, қайта қалпына келтіре алмастай болып кеткен деген пікірге еріксіз келесіз. Шахристанда зерттеулердің кезегін күтіп жатқан қоныстардың орны өте көп. Олар жоспарлы түрде қазылып келе жатыр.

### 4.3. Рабад

Баласағұн қаласының рабады туралы кітаптың үшінші тарауында тоқталғанбыз. Онда қаланың көпшілік бөлігі орналасқан. Рабад сол тұрғындардың баспаналары мен бекіністерден құрылған. Олар аэросъемка картада анық көрсетілген. Бірақ мың сан қоныстың көпшілігі сол күйінде төбе-төбе болып жатыр. Тек солардың арасында аз болса да жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына тоқталып, жердің қойнауында ғасырлар бойы жатқан ескерткіштердің сырының ашылғандарынан дерек келтірейік: Төрткөлтөбе; қаланы суландыру жүйелері; қазба 1, 2, 3 және Жетіжар. Енді осы археологиялық зерттеулерге жеке-жеке тоқталайық.

**Төрткөлтөбе.** Шахристанмен жалғаспаған, өз алдына алыстан оқшау көрінетін ескерткіш. Ол цитадельдің шығысында, Ақсу өзенінің оң жағасында 600 м қашықтықта, Қожай тоғанының бойында орналасқан биік төрт бұрышты төбе. Оның жалпы көлемі 50х70 м, биіктігі 8-9 м, үш жылдай осы жерде қазу жұмысы жүргізілді. Төбе бекініс түгел пахса дуалмен қоршалған. Бекініс қабырғасының ені 4 м, биіктігі 1,5 м тереңдікте қазылып, солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған дуалды жағалай салған 8 бөлме ашылды. Олардың шығыс қабырғасы 4 м пахса блогынан соғылған, сыртқа шығатын терезелердің орындары жоқ, бітеу. Бөлмелер 1х0,5 м ендікте, қабырғалары пахсадан соғылған. Бөлмелердің қабырғаларында үлкенді-кішілі ыдыстарды (хұм, құмыра, шырақ, аяқ-табақ) қоюға арналған, ойылып салынған орындар (текшелер) бар. Барлық бөлмелердің еденіне Қарахан дәуірінің күйдірілген қыш кірпіштері төселген. Бәрінің есіктері батысқа (бекіністің ішіне) қаратылған. Олардың алдында ені 3 м, ұзындығы 20 м, қабырғасы 0,5 м қам кірпіштен соғылған дәліз (коридор) бар. Барлық бөлмелердің есігі осы жерге шығады.



Дәліздердің сыртында көп санды тандырлардың, диірмендердің тастары, сыпа (суфа), пеш, ошақ, бәдіребхана және сол сияқты орындар ашылды. Бұл бекіністің қақпасы шығысқа қараған. Оның сырт жағы арка тәрізді күйдірілген кірпішпен өрілген, ішкі жағы қалың етіп қам кірпішпен салынып шыққан. Оның дуалдарына қадалып қалған садақтың ұштары табылды. Төрткөлтөбенің оңтүстік-батыс бұрышынан 22x20 м (40 м<sup>2</sup>) көлемде қазба жұмысы жүргізіліп, үш бөлме ашылды. Олардың ішінен табылған заттарға қарағанда, шарап жасайтын орын деген ұғымға келуге болады. Оның басқа жеріндегі жүргізілген зерттеуге қарағанда, дуалы сонша қалың бөлмелерінің бәрі ішіне қаратылған, оларға жарық төбесінен түсетін сияқты, мықты бекініс және шаруашылыққа арналған болуы тиіс. Өйткені қолмен айналдыратын, көліктің күшімен жүргізілетін жуаз сияқты орындар көп кездеседі. Сондықтан да цитадельді азық-ауқатпен қамтамасыз ететін наубайхана (пекарня) сияқты орынға ұқсайды. Осы жерден шыққан 4 бөлменің ішінен анаша тартатын қыштан арнайы жасалған қорқор табылды. Осылардың бәрінен Төрткөлтөбенің орны цитадельді қамтамасыз ететін шаруашылық сарайы деген тұжырымға келеміз. Сыртқы бекініс қабырғаның шығыс жағынан салынған үлкен қақпа (дарбаза) бар (25-сурет). Төрткөлтөбе де қырғын соғыстан қирағанға ұқсайды. Зерттеу кезінде табылған көптеген заттарға қарағанда, Төрткөлтөбе VI–XII ғасырларда өмір сүрген үлкен бекініс орны, сарай тұрғындарының әскери, экономикалық орталығы болған.

25-сурет.  
Ақтөбенің  
Төрткөл-  
төбесінің  
шығысындағы  
қақпа  
(дарбаза)



**Қаланың суландыру жүйелері.** Ақтөбе шаһары Ақсу өзенінің төменгі ағысында өзеннің екі жағын алып жатыр. Ақсудың сол жағы оң жағына қарағанда әжептәуір биік. Сондықтан өзеннің сол жағына Ақсудың суы көтерілмейді. Сол жақтағы қаланың халқы өте тығыз орналасқан және цитадель мен шахристан да осы бетте. Бұл беттегі суару жүйелері, тұрғындардың баспаналары қамалдың ішінде де, сыртында да жақсы сақталған. Ал, өзеннің оң беткейіндегі қаланың тұрғындарының қоныстары біздің заманымызда техниканың күшімен бұзылып, бұрынғы Калинин атындағы колхоздың егістік жеріне айналып кеткен. Егістікке айналған жерлерге зер салып қарасак, оның беті тегіс емес, ойлы-қырлы. Ертедегі қоныстардың іздерін байқауға болады. Сол айдалған жерлерге колхозшылар қызылша мен бау-бақша, дәнді өсімдіктерді егіп, оларға су жібергенде, кейбір жерлерде жер астына су кетіп жатады. Соған қарағанда, өзеннің оң жағалауында да су құбырларының болуы мүмкін. Бұл болжам. Олай дейтініміз, Ақсудың оң жағалауларына салынған үлкен қоныстардың орындары ғана сақталып қалған. Олар әлі зерттелмеген.

Ендеше, қаланың тұрғындары Ақсу өзенінің оң жағалауына да каналдар арқылы су жүйелерін әкелген. Ол су жүйелері қорғаныш қызметін атқарумен бірге, тұрғындарды сумен қамтамасыз еткен. Оған қосымша кейін, Ақсудың оң жағалауында Қожай, Оразалы тоғандары салынған. Бұлай аталу себебі, ол жерді ежелден мекендеген Қожай руының адамдары қазған. Біздің заманда да осы тоғандардан Калинин атындағы колхоздың орталығы бертінге дейін су ішіп келген. Оразалы тоғаны өзінің көзін Ақсудың жоғарғы жағынан 4,5 шақырым жерден алып, өзеннің оң жағасымен колхоздың осы күнгі орталығына келген. Оның бізге жеткен ені 5 м, тереңдігі 0,7 м [26]. Соңғы 5-6 жылдың ішінде ел тоғанды тастап, қасынан жаңа су жүйесін салды. Оразалы мен Қожай тоғандарының екі жағасында қала тұрғындары баспаналарының, қора-қопсыларының орындары көптеген төмпешіктер болып әлі жатыр.

Ақсу өзенінің сол жағын мекендеген қала тұрғындарын Дода тоғаны сумен қамтамасыз еткен. Ол өзінің сағасын Ақсу өзенінен 5 шақырым қашықтықтан алып, Бозжорға биіктігінің астымен қаланы батысқа қарай айнала қазылып, ор қамалдың сыртымен оралып, оның суы төменде жатқан Қарабалта өзеніне құйған. Дода тоғанының (каналдың) сақталған арнасының ені 5 м, тереңдігі 0,7 м. Бұл тоғанның суы мол болып, шамамен 50-55 шаршы шақырым жерді сумен қамтамасыз еткен. Осынша көлемді мекендеген қала тұрғындары Дода тоғанынан үлкенді-кішілі су жүйелерін тартып, өздерінің көшелерін суландырған. Осындай




су жүйелері арқылы әуіздерді (су сақтайтын шұқыр) толтырып, ол суларды тұндырып, жердің астымен тартылған су құбырлары арқылы цитадельге, шахристанға және кейбір рабадтардың ірі қоныстарына су жіберген.

**Құбырлар.** 1974–1977 жылдары Ақтөбе қаласында археологиялық зерттеу кезінде едәуір ұзындыққа созылған орталық су құбырлары ашылды және оның құрылысы мен салу тәсілдеріне көңіл аудардық [27]. Осы еңбектің басында Ақтөбеден табылған су құбырларына байланысты үш жылда жиналған деректерді берген болатынбыз. Енді сол су құбырлары жөніндегі кейінгі жылдардағы жинақталған мағлұматтарды кеңірек көлемде көрсетпекшіміз.

1974 жылы бірінші рет су құбырлары табылған еді. Су құбырлары арқылы суды пайдалану Орталық Азияның оңтүстігіндегі ертедегі ортағасырлық қалаларды қазғанда табылғаны археологиялық әдебиеттерден белгілі. Түркілер ертеден қалалар салып, оларды суландыруда қыш құбырларды жасап, сол арқылы жердің астымен үйлерге су жеткізген. Бұндай құбырлар Отырардан, Тараздан, Баба-атадан, Парфиядан, Афрасиабтан және т.б. үлкен қалалардан кездескен. Олай болса, түркілердің қалаларды салу тәжірибесі ертеден жоғары болғаны байқалады. Бірақ та Баласағұннан табылғандай құбырлар жоғарыдағы аттары аталған ертедегі ортағасырлық қалалардан кең көлемде ашылмай, тек су құбырларының бөліктері кездескен. Біздің жазып отырған Баласағұннан ашылған құбырлармен су келтіру жүйелері ұзаққа созылған құрылыс екені байқалады.


Кейінгі жылдары олардың сырлары ашылды. Су құбырлары көп қатарлы және бір қатарлы болып екіге бөлінеді [28]. Көп қатарлы құбырлар шахристанның үстімен батыстан шығысқа, цитадельге қарай тартылған басты су жүйесі. Осы су жүйесі цитадельге, шахристанға ауыз су әкелген. Шахристанның батыс шетінде су жинайтын шұңқыр бар. Бұл шұңқырға суды жоғарыдағы Дода тоғанынан тартқан кіші арықтар арқылы әкелген. Арықтардың сақталған ені 1,5 м, тереңдігі 0,7 м. Осы жерден екі шұңқыр табылды. Олардың көлемі: 2000-2500 шаршы метр; 500-600 шаршы метр. Цитадельге баратын орталық су құбырлары өзінің сағасын әуізге жиналған судан алған. Ол әуізге 2025 м ұзындықта қазылған Дода тоғанынан сағасын алатын кіші канал арқылы толтырылып тұрған.

Әуіздің оңтүстік шетіне цитадельге баратын құбыр орнатылып, оны әуіздегі суға жеткізіп, құбырдың шетін цемент сияқты қатып қалған сазбен сылаған, құбырдың шеткі аузын ашып-жабатындай етіп істеген (26–27-суреттер).




26-сурет.  
Ақтөбенің  
шахристаны  
мен цитаделін  
суландыратын  
орталық су  
жүйелерін  
зерттеудің  
нәтижесінде  
жасалған жоба  
(1974–1977 жж.)

Осы жерден орталық құбырларға, цитадельге қарай өз екпінімен су жүретін болған. Әуізден шығысқа қарай жүргенде үлкен қоныстың орны болған биік төбе бар. Оның көлемі өте үлкен. Шамамен, 2-3 гектар жерді алып жатыр. 1968 жылы Ақсу қоймасын саларда, құрылысшылар осы төбені ортасынан қажарып канал қазған да, бұл қонысты бульдозермен қиратып жіберген. Сол кезде осы қоныстың үстімен цитадельге тартылған құбырларды да бұзған. Соған қарағанда, бұл қоныс қаланы билеушілердің орталық су жүйесін басқарған сенімді мұрабының қонысына ұқсайды. Бульдозердің қазған жерінен шашылып қалған Қарахан дәуірінің теңгелері және әртүрлі бұйымдар табылды, үзілген су құбырларының ұштары каналдың ішінде көрініп жатыр. Шығысқа, яғни цитадельге қарай жер астындағы су құбырларын қуалап қазғанда мынадай жағдайларды байқадық: су құбырларын жердің астына салу үшін өте шеберлікпен судың



28-сурет.  
Орталық су  
жүйесінде  
салынған  
үш қатарлы  
құбырлардың  
көрінісі



өзінің екпінімен жүруге қолайластырып жерді қазған. Оның бас жағы 0,8 м тереңдікте болса, қашықтықтаған сайын канал ылдилай берген. Ашылған орталық су құбырларының ұзындығы 500 м болды. Осы қашықтықтағы салынған құбырлардың ылдилап баруын тексергенде, 100 м қашықтаған сайын 1 метрден ылдилай берген [29]. Яғни, су құбырларын салғанда ерте заманнан-ақ, Орталық Азия жерлерінде жүргізілген жер асты су құбырларын құраудағы тәжірибені кең пайдаланып, инженерлік негізде жұмыс атқарылғанын байқау қиын емес.

Бұл су жүйелері Қарахан дәуірінде 3-4 қатар етіп салынған. Су жүретін қыштан істелген құбырлардың әрқайсысының ұзындығы 50-60 см; оның бір жағы кеңіректеу, екінші жағы тарлау. Кеңірек шеті 16-20,5 см болса, тар жағы 10-15 см. Құбырының кеңірек шетіне тарлау жағын кигізіп, бір-бірімен жалғастырып, екі құбырдың байланысқан жерін сарғыш түсті балшықпен дәнекерлеген (28-сурет). Су құбырларын ашқанда олардың бірнеше рет қирап, жөнделгендігі байқалды. Мұны кездейсоқ жағдай деп қарауға болмайды. Себебі екі шеткі су құбырларының күшпен қирағаны көрініп тұр. Олай болса, ортағасырда бұл үлкен қала талай рет феодалдық өзара қақтығыстар кезінде қолдан-қолға өтіп тұрған. Ол заманда қалаға келген жау алдымен жердің үстіндегі, астындағы су жүйелеріністен шығаруға ұмтылған. Осындай кезде орталық жер асты су жүйелерін қиратып, кейін қайтадан жөндеген болуы керек (29-сурет).

27-сурет.  
26-суреттің жалғасы

29-сурет.  
Орталық су жүйесінде салынған төрт қатарлы құбырлардың орналасуы





Су құбырларына арнайы қыштан жасалған құбырлар тәрізді сүзгілер қойған. Ол сүзгіш құбырлар да қыштан істелген. Бірақ құбырдың кең жағын бітеу етіп саздан істеп, содан кейін оны тескен. Сүзгіштің 19 тесігі бар. Олардың көлемі 2x2,8; 2,8x2,5; 1,6x2,2; 1,2x1; 1x1; 1,2x1 см, ортасындағы тесіктің көлемі 1,5x1,5 см. Сүзгіш құбырдың ұзындығы 51 см, диаметрі 19,5, тар жағы 12,5 см, оның кең жағының шеті өрнектелген. Келген су сол тесіктерден өтіп, сумен келген шөп-шаламдарды жинап алып қалатын болған. Оларды сол жерде жинақтайтын арнайы шұңқыр қалдырған. Кейін сол жерді әлсін-әлсін тазартып тұрған (30-сурет).

Су құбырларының орта шенінен суды екі жаққа жіберетін үлкен құмыра табылды. Осы құмыраға құйылған су екі бағытқа су құбырлары арқылы кететін болған. Біріншісі цитадельге тура тартылса, екіншісі оның сол жағымен шахристанға қарай бағыт алған. Бұл құбырлар су жинайтын үлкен құмыраға кидіріліп жалғастырылған. Құмыраның сыйымдылығы 30-40 литр мөлшерінде. Сөйтіп, орталық су жүйелері цитадельдің, оның қасындағы шахристанның тұрғындарын сумен қамтамасыз еткен. Осындай тереңдікте орналасқан құбырларда су өзінің екпінімен тез ағып жатқан. Осы орталық құбырдың сол жағынан ені 1,5 м тас жол салынған. Біздіңше, бұл тас жол орталық су жүйелерін бақылап жүру үшін және серуендеп жүруге арналған болуы тиіс.

30-сурет.  
Орталық су  
жүйесіне  
орнатылған  
қыш сүзгіш



Екінші шұңқырдан оңтүстікке қарай бірнеше су құбыры тартылған. Ол 200 м-ге дейін оңтүстік-шығысқа қарай бұрылып, шахристанның оңтүстік-батысындағы тұрғындарына су жеткізген. Бұл құбырларды әр жерден, секірмелі қазып, оның баратын бағытын білдік. Бұл құбырлардың жоғарыда сөз болған құбырлардан айырмашылығы жоқ. Бұл құбырлар алғашқы салынған күйінде жатыр. Соған қарағанда, жаугершілік кезінде дұшпандар алдымен орталық су жүйелерін істен шығарып, цитадельдің тұрғындарын сусыз қалдыруға тырысып, ал басқа кішігірім су жүйелеріне тиіспеген болса керек. Бұл бағыттағы су құбырлары жердің астында, бұрынғы күйінде жатыр. Оларды ашып, көрме етуге өте қолайлы.





Осы екі су қоймасының батысында 500-600 метрдей жердегі **қоныс-1-ді** зерттегенде, сол үйдің алдындағы көшемен су құбырлары тартылғандығын байқадық. Бұл құбырларды аздап ашып, қалғанын сол күйінде қалдырдық. Соған қарағанда, су құбырлары тек цитадельге, шахристанға ғана емес, қаланың ішіндегі (рабадтағы) тұрғын үйлерге де тартылған болуы керек. Бұл пікірдің қаншалықты дәл екендігін кейінгі археологиялық зерттеулер көрсете жатар.

Баласағұн қаласының рабадынан шахристан мен цитадельге қарай жоғарыдағы аталып өткен екі әуізден басталған құбырлар 1,5 шақырымға ашылды. Оның бір шақырымы цитадельге тікелей тартылса, қалған 0,5 шақырымы құбылаға қарай салынып, шахристанның оңтүстігіндегі тұрғындарды суландырған. Цитадельге тартылған құбырлар 800 м ашылып, 200 см жерін каналды қазғандай бұзып жіберген. Ортағасырлық қалалардың орындарынан бұндай үлкен көлемде су құбырлары ашылмаған. Баласағұн су құбырлары жоғарғы дәрежеде инженерлік тәсілдермен салынған су жүйелері. Шахристанның оңтүстігіне қарай созылған су құбырлары алғашқы күйінде жатыр. Оларды қазып, консервациялауға әбден болады. Орталық цитадельге баратын құбырлардың бір бөлігін дамбының астында қалдырдық. Оны да консервацияға айналдырса болады (31-сурет).

**Май сақталған құмыра.** Оқырмандарды тағы бір қызық жаңалықтың куәсі болуға шақырайық. 1975 жылдың жазында Калинин атындағы колхоздың диқандары сол кездегі «Октябрь» бөлімшесінің жерінде жаңадан арық қазып жатқанда, төмпешіктің үстімен су жүйесін жүргізуге тура келген. Сол биіктіктің бір шетін ала 2,5-3 м тереңдете қазғанда бір құмыраны көрген. Диқандар ашып қараса, іші аппақ сүзбе сияқты бір нәрсеге толы екен. Тапқандар таң қалып, ақ затты құмырадан шығарған. Ауа



31-сурет.  
Орталық қыш  
су құбыр-  
ларының  
орналасу реті



тиісімен әлгі зат қарая бастаған. Бұл құбылысты көрген колхозшылар, табылған нәрсені қасиетті деп құмыраны сындырып, сынықтарын өзара бөлісіп алған. Бір сынығын ағарған затымен сол кездегі колхоздың бастығы Айтжан Әбішевке әкеп берген. Ол көріп, құмыраның сынығын, оның ішінен шыққан ақ нәрсені 0,5 метрлік банкеге салып, аузын бекітіп, өзінің сейфіне салып сақтаған. Колхоз бастығы бізге бұл хабарды жеткізіп, сақтағанын бізге тапсырды. Сол кісі бұнан кейін біздерге құмыра сынығын алған адамдарды тауып беріп, құмыраны түгел жинап алдық. Құмыра ішіндегі зат қап-қара болып смолаға айналып кеткен екен. Тек, колхоздың бастығы А. Әбішев алған бойда ағарған нәрсені шыныға салып, аузын бекітіп тастаған. Сәтін салғанда, сол алғашқы күйінде сақталып қалыпты.

Әлгі ақ затты Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының органикалық және биологиялық химия кафедрасына анализге бердік. Осы кафедраның сол кездегі меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор З. Сейітовтің басшылығымен бұл зат лабораториялық жағдайда зерттеліп, құрамы толық анықталды. Анализ анықтағандай, құмырадағы ақ нәрсе органикалық, табиғи сары май болып шықты. Құрамында химиялық көміртегі, сутегі бар екені байқалды. Суда езілмейді, ал бензинде, хлороформде жақсы езілетіні анықталды. Осы органикалық затта: азот глицериннің қалдықтары 0,112 пайызға, органикалық қышқыл тотығының саны 150-ге тең, галогендердің құрамы жоқ, түсі ақ, ауада қараяды, иісі күшті, жеңіл, жұққыш келеді. Жүргізілген зерттеулердің қорытындысында бұл құмыраға салынған сары майдың қалдығы болып шықты.

Құмырадағы сары майдың үш метрге жуық тереңдікте, жер астында қанша уақыт жатқаны бізге белгісіз. Алайда май салынған құмыра өзінің пішіні мен жасалу үлгісі бойынша X–XII ғасырларға тән. Бұл қорытынды оның ішіндегі сары майдың қанша уақыт сақталғанын болжауға мүмкіндік беруге тиіс.

Сары майдың мұншалық ұзақ уақыт сақталуы – ғылымда сирек кездесетін оқиғалардың бірі. Қанша сақтаса да, сары май бір жылдан соң-ақ өзінің алғашқы қасиеттерін жоя бастайтынын мамандар айтады. Бұл сары май сапалы дәрежеде дайындалған, таза құмыра ыдысқа салып, аузын мықтап бекітіп, ауа бармайтын тереңдікке көміп тастаған соң, ол май ғасырлар бойы жата берген сияқты. Кейбір тағамдарды ұзақ мерзімге сақтаудың жолдарын халықтар ертеден білген ғой. Біздің де бабаларымыз осы тәсілдерді ертеден тұрмыста жиі қолданып келген. Бұл жәйт «Лениншіл жас» газетінің 1975 жылғы 27 сәуірдегі санында «Мың жыл сақталған сары май» деген атпен жарияланды. Оны АҚШ-





тың бір ғалымы естіп, өзінің бұл мәселеге қызығушылығын маған білдірген болатын.

**Қазба 1.** Цитадельдің батысынан 800 м жердегі биіктігі 2,5 м, көлемі 30x60 м (480м<sup>2</sup>) төбенің үстінде қазба жұмысы жүргізіліп, 6 бөлме ашылды. Оларға кіретін екі есік ашылды. Негізгі есік оңтүстік қабырғадан, яғни көше жаққа шығарылған, ені 2,7 м, батыс есіктің ені 1,3 м. Қоныстың оңтүстік жағынан көше өтіп, оның бойымен шығыстан батысқа қарай жер асты су құбырлары өтіп, зерттелген жерден батысқа қарай 150 м жерде үлкен қоныстың терең әуізіне су апарылғаны байқалады. Ол қоныс әлі зерттелген жоқ. Бұл жердегі құбырлар сол күйінде орындарында жатыр. Оларды ашып, консервациялау келешектің жұмысы. Бөлмелердің қабырғалары қам кірпіштен және пахсадан тұрғызылған. Олардың оңтүстік-батыс дуалы 1-1,5 м ендікте пахсадан салынған. Оның қалған қабырғалары көлемі 37-38x9-20x8-9 см; 55x19-20x8-9 см келетін қам кірпіштерден тұрғызылған. Бөлмелердің ішкі және сыртқы қабырғалары саман араласқан лаймен сыланған (штукатуркаланған). Бөлмелердің көлемдері біркелкі емес. Бірінші бөлменің көлемі 5,75x4,4 м; екіншісінің ені 6 м, ұзындығы анықталмады; үшіншісінікі 4,15x4,6 м, төртіншісінікі 4x4,5 м; бесіншісінікі 3,75x2 м болған [30]. Осы бөлмелерді қазғанда көптеген сырланған, сырланбаған қыштан жасалған ыдыстар: өрнектелген табақтар, аяқтар, кеселер, шырақтармен қатар, өрнектелмеген сондай бұйымдар табылды. Олардың ішінде үлкенді-кішілі хұмдар, құмыралар, дастарқан, қыш қазан және т.б. бар.

Археологиялық қазба кезінде табылған деректерге қарағанда, бұл кешеннің ауқатты адамның отбасылық қонысы екені анықталды. Одан табылған заттар X–XII ғғ. Қарахан дәуірінің мәдениетіне жатады. Бұндай қоныстар Шу, Талас өңірлеріндегі ортағасырлық қалаларды қазғанда табылғаны ғылыми әдебиеттерде жазылған [31]. Бұл өңірлердің сәулеттік құрылыс тәсілдері мен баспаналарды салатын құрылыс заттары бір-біріне жақын келетіні байқалады. Себебі жергілікті тұрғындар алдымен жақын көршілерімен тығыз байланыста болған және жерлерінің табиғи-жағырафиялық жағдайлары да біртектес.

**Қазба 2.** Цитадельдің оңтүстік шығысынан 800-900 м қашықтықта орналасқан биіктігі 9 м, көлемі 50x40 м екі үлкен төбенің шығыс бөлігінде 22x20 м (40м<sup>2</sup>) қазба жұмысы жүргізіліп, үш бөлме ашылып, олардың қабырғалары 0,3-0,5 м тереңдікте тазартылды. Қоныс 1-ден табылған заттар осы бөлмелерден де кездесті. Сондықтан шыққан бұйымдарды қайталап жатпау үшін бұл жерде арнайы тоқталмадық. Сыртқы дуалдары көлемі 1x0,5 м



32-сурет.  
 Жетіжар молаларының жалпы жобасы  
 (А. Оразбаев)



келетін пахсадан салынған. Бөлмелердің қабырғалары 40x20x10 см келетін қам кірпішпен өрілген. Олардың есіктерінің ұзындығы 20 м, ені 3 м дәлізге (коридорға) қаратылып шығарылған.

Тазартылған бөлмелердің құрылысына қарағанда, бұл үлкен феодалдың қонысы сияқты. Ол әлі кең көлемде зерттелген жоқ. Біздің байқауымызша, қоныстың шығысында үлкен тегістік жер бар, ол бау-бақша өсірілген орынға ұқсайды. Оның оңтүстігінде биіктігі 0,5 м қонысты қоршаған дуалдың қалдықтары сақталған. Оның іші алаң сияқты. Келген қонақтардың көліктерін жайғастыратын орын екенін меңзейді. Қос төбенің ортасында оңтүстіктен солтүстікке созылған ой бар. Ол екі жақтағы төбеге орналасқан баспаналарға кіретін дәліз (дарбаза) болса керек. Осы екі төбенің батысында үлкен шұңқыр сақталған, ол Дода тоғаны жағынан тартылған арықпен жалғастырылған. Біздіңше, бұл жер су жинайтын әуіз тәрізді. Оған жиналған сумен құбырлар мен қонысты суландырған көрінеді. Осы айтылған пікірлерге қарағанда, бұл жер үлкен мешіт, әйтпесе, медресе сияқты мәдени орын болуы тиіс. Осы қонысты түгел зерттегенде, бұл айтқан пікірлерімізге біршама өзгерістер енуі мүмкін.

**Қазба 3.** Цитадельдің солтүстігінде 2,5 км қашықтықта, Ақсу өзенінің сол жақ шетінде көлемі 10x8 м, биіктігі 0,9 м орналасқан төбеде қазба жұмысы жүргізілді. Зерттеудің барысында қоныс ашылды, оның дуалдары ені 0,9 м, сақталған биіктігі 0,5-0,6 м пахсадан салынған. Қоныс 4 бөлмеден құрылған. Олардың көлемі бірдей емес. Бірінші бөлме 5,1x4,1 м; екінші 3,2x1,5 м; үшінші 4,1x2,6 м; төртіншінің ұзындығы 3 м, ені 0,5 м. Олардың ішін тазалағанда 3 бөлменің қақ ортасында аузының диаметрі 49 см, биіктігі 94 см үлкен хұм, диаметрі 13,4 см, ұзындығы 0,33 м сыпа (суфа), төртінші бөлмеден көлемі 32x20x3-3,3; ???x19,5x4; 33x???x3,5 см үш күйдірілген кірпіш шықты. Бөлмелердің қабырғаларын 0,8-1 см қалыңдықта алебастрмен сылаған. Бұлардан басқа да құмыраның көлемі 9 см, қазан диаметрі 32 см, қақпақ 23 см, шырақ 8 см [32].


Осы қолға тиген заттарға, табылған баспананың құрылысына қарағанда, археологтар бұл қонысты жүзімнен шарап дайындайтын орын деген пікірге келді. Демек, екінші бөлмеде жүзімді сығып, одан шыққан шырынды 3 бөлмедегі хұмға құбырлар арқылы құйып, сол ыдыстың ішінде ашытып, өзінің бабына келтіріп ішімдік дәрежесіне әкелген. Сол бөлменің ішіндегі орнатылған сыпаның (суфаның) үстіндегі ыдыстарға құйып сақтаған. [33]. Бұл айтылған болжамның ақиқаттығын кейінгі археологиялық зерттеулер көрсете жатар. Осы қазбадан табылған жәдігерлер Х–ХІІ ғасырлардың мәдениетіне жатады. Бұндай



жүзімнен шарап істелгені туралы деректер Шу, Талас өңірлерінен бұрынырақ табылған [34].

**Жетіжар.** Қарабалта мен Тоқташ өзендерінің арасында оңтүстіктен-солтүстікке қарай созылған үсті тегістеу келген жота жатыр. Оның шығыс, яғни Қарабалта өзені жағы тік жар. Байқап қарасаң, бұл жар жеті бөліктен құрылған. Соған негіздеп, жардың астындағы ойды Жетіжар деп атаған. Бұл жерден Қарабалта мен Ақсу өзендері солтүстікке қарай ағып, Шу өзеніне жақындағанда Қырықкүй қонысының қасында қосылып, Ақсу өзені болып Шу өзеніне құяды. Қарабалта мен Ақсу өзендерінің екі арасында үлкенді-кішілі төбелер орналасқан. Олардың үстімен оңтүстіктен солтүстікке қарай қарапайым екі жол бөліп өтеді. Оның батысындағы жолдың төменгі жағы екіге айырылады.

1978 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясының (УАЭ) археологтары А.М. Оразбаевтың басшылығымен Жетіжар обаларын зерттеп, ескерткіштердің жалпы жоспарын жасады [35] (31-сурет). Обалардың алып жатқан көлемі 400х320 м. Осын-



33-сурет.  
Жетіжар  
обаларынан  
табылған  
құмыра

ша ауқымды жерде 70 оба есепке алынып, олардың үшеуінде (13, 43, 21) қазба жұмыстары жүргізілді. Обалардың жер бетінде сақталған диаметрі 10-12 м, биіктіктері 50-70 см. Көлемі 12 м келетін нөмірі 13 обаны қазғанда айтарлықтай ешнәрсе табылмады, нөмірі 43 оба қазылды, оның диаметрі 8,5 м, ортасының биік жері 70 см. Осы обадан бойы 1,8 м адамның қаңқасы табылды, марқұмды арқасынан жатқызып, ба-

сын батыс-солтүстікке қаратқан. Мамандардың болжауы бойынша, бұл европеоидтық әйелдің қаңқасы болуы керек деген болжам бар. Жерленген шұңқырдың оңтүстік-батыс бұрышынан көлемі 8 см құмыра табылған (32-сурет).

Оба 21-дің солтүстіктен оңтүстікке қарай диаметрі 11,6 м, шығыстан батысқа қарай диаметрі 10,8 м. Осы жерде қазба жұмысы жүргізіліп, ұзындығы 2,2 м, ені 1 м шұңқырдан бойы 1,8 м адамның қаңқасы табылған. Оның қасынан ешнәрсе табылмаған.

Нөмірі 43 және 21 обалардан табылған адамдардың қаңқаларының қасында айтарлықтай заттарды қоса көмбеуіне қарағанда, бұл молаларда (мүрделер) қарапайым тұрғындар жерленген сияқты. Марқұмдарды жерлеу тәртібі бізге белгілі



б.з.д. V–III ғасырлардағы сақ-үйсін дәуірлеріне жатады [36]. Жетіжардағы бір жерге шоғырланған обалар сол жерді ертеден мекен еткен, отырықшы сақ, үйсін тайпаларының қорымы болуы керек. Көшпелі тайпалардың бұндай бір жерге топталған молалары өте сирек кездеседі. Бұндай суы мол, жері құнарлы жерді мекендеген тұрғындар көшпелі өмір сүрді деген пікірлердің қисыны келіңкіремейді [37]. Сөйтіп, Жетіжар обаларынан табылған деректер Баласағұн қаласының жайласқан жерін біздің бабаларымыз б.з.д. V–III ғасырларда мекендегенін айғақтайды. Осы деректерді тілге тиек етіп, Баласағұн қаласы қола, темір дәуірлерінде пайда болған отырықшы қоныстардың үстіне салынған шаһар, ол тарихи жасаған өмірі 2000–2500 жылдарды қамтитын Тараз (Талас) сияқты ортағасырлық қалалардың бірі десек, асыра айтпаған болармыз.

**Қарауыл төбелер.** 1980–1984 жылдары университеттің археологиялық экспедициясы Қазақстанға қарайтын Шу өзенінің орта ағысында орналасқан ортағасырлық қалалардың төңірегіндегі қарауыл төбелерді зерттеді. Олардың жалпы саны 20: Ақтөбеде (Баласағұн) – 6 қарауыл төбе; Тасөткелде – 9; Новый путье – 5. Баласағұн шаһарын қорғау үшін орнатылған қарауыл төбелердің археологиялық қазба арқылы зерттелгендігіне үшінші тарауда тоқталғанбыз. Солардың ішінен Қамысбек мұнарасына және Жетіжар қонысына кеңірек тоқталмақшымыз.

**Қамысбек мұнарасы.** Цитадельдің оңтүстігінде 5,5 шақырым, Ақсу өзенінің сол жағасындағы биіктіктің үстіне орналасқан. Оның диаметрі 35 м, биіктігі 3 м. Төбе көлемі 60x55 м ормен қоршалған. Оның ені 8–10 м, тереңдігі 0,3–0,5 м.

**Жетіжар қонысы.** Ол цитадельдің солтүстік-батысында 7 шақырым жерде орналасқан. Оның диаметрі 20 м, биіктігі 3,5 м. Ол көлемі 35x25 м, ені 4 м, биіктігі 1 м ормен қоршалған. **Қырықкүй** цитадельден 8 шақырым, Ақсу өзенінің оң жағында. Диаметрі 50x50 м, ені 10 м, биіктігі 1–1,2 м. Қырықкүй қалашығы ұзындығы 7–8 м ормен қоршалған. **Тастұмсық, Тоқтас, Сабыр төбелер** толық зерттелген жоқ. Археологиялық қазбалар толық жүргізілген Тоқтас төбеде екі кезеңді құрылыс болғаны байқалған. Бірінші кезеңде биік төбенің үстіне диаметрі 7,8 м, биіктігі 1,2 м топырақ үйілген. Оның төңірегі ені 2 м, тереңдігі 0,5 м ормен қоршалған. Сол ордан шыққан топырақты ортасына үйген болуы тиіс. Екінші кезеңде, үйілген жердің үстіне диаметрі 6 м пахсадан мұнара өріліп, 1,7 м биіктікте сақталған. Оның төңірегін қоршаған орда кеңейіп 5 м, тереңдігі 2 м болған. Басқа қарауыл төбелер де осындай құрылыс кезеңдерін басынан өткерген, оларды жергілікті құрылыс заттардан тұрғызған.



Баласағұнды қоршаған қарауыл төбелер – қаланың солтүстік батысынан оңтүстігіне дейін салынған мұнаралар. Соған қарағанда, қалаға қауіп осы жақтардан болғанға ұқсайды. Баласағұнды қоршаған ұзын қамалдың да батыс жағы үш қабат екеніне жоғарыда тоқталғанбыз. Қазба жұмысы жүргізілген мұнаралардан қыш ыдыстардан құмыра, шырақ, Қарахан дәуірінің теңгесі кездесті. Бұлар салынған мұнаралардың X–XII ғасырларда пайдаланылғанын дәлелдейді. Олардың төбесіндегі ой жерлерде күл көп жиналған. Себебі түнде қалаға қауіп туғанда от жағып хабар берген. Осындай мұнараларды (қарауыл төбелерді) археологтар Амудария мен Сырдария, Талас, Шу және Жетісу өңірлерінен жиі кездестіргендері және зерттегендері туралы мәліметтер берген [38]. Бұндай мұнаралардың Орталық Азияда ен жаюы ертедегі ортағасырда мұнда жаугершілік ұдайы болып тұрғанын, әсіресе, өзара феодалдық соғыстардың жиі болғанын айғақтайды.

**Жетіжар қонысы** – Баласағұн қаласына кіретін жерге орналасқан, яғни Ақсу мен Қарабалта өзенінің екі арасында, Жетіжар жотасының жағасында тегістікке орналасқан археологиялық ескерткіш. 1978 жылы ол УАЭ-ның мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, археолог А.М. Оразбаевтың басшылығымен зерттелді. Оған Жетіжар-1 деген атама беріп, археологиялық қазба жұмысы жүргізілді [38]. Ол осы күнгі Баласағұн ауылының батысында, 1,5 шақырым қашықтықтағы кеңістікте орналасқан. Бұл жерде 70-тен астам обалар шоғырланған. Олардың алып жатқан жерінің көлемі оңтүстіктен-шығысқа 400 м, батыстан-солтүстікке 320 м. Обалардың орналасуы 32-суретте көрсетілген. Ол обалардың орта есеппен диаметрлері жердің бетінен 10-12 м, биіктіктері 50-70 см. Солай болса да, өздерінің көлемі бойынша 11, 27, 34, 35, әсіресе 70 оба әжептәуір үлкен. Олардың арасынан 13, 21, 43-обаларда қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттелген обалардан адамдардың қаңқалары, малдардың сүйектері, құмыралардың сынықтары, 33-суреттегі құмыра және т.б. заттар табылды.

Жетіжар-1 обаларының оңтүстік-батысында, Жетіжар-2 деп аталған бір топ обаларда қазба жұмысы жүргізілді. Олардың диаметрлері 30-40 м, биіктігі 3-4 м келетін ескерткіштер, көлемдері Жетіжар-1-ге қарағанда анағұрлым үлкен. Жетіжар обалары түгел зерттелген жоқ. Олардың сырын ашу үшін, кең көлемде, ұзақ уақыт археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу қажет. Осы обаларды қазған кездегі археологиялық деректерге қарағанда, ол б.з.б. V–III ғғ. түркі тайпаларының қорымдары (молалары, мүрделері), яғни Жетісу өңірін мекендеген сақ, үйсін тайпаларының ескерткіштері. Бұл этникалық топтардың





мәдениетін Жетісу, Шу және Талас өңірлерінен археологтар кен көлемде ашты. Соған қарағанда, Баласағұн (Ақтөбе) қаласының орналасқан жерінде қола және темір дәуірлерінде отырықшылық тайпалар өмір сүріп, ертедегі ортағасырда Ұлы Жібек жолында Баласағұн атты саяси, экономикалық және мәдени орталық болған.

#### **4.4. Баласағұннан табылған соғды жазуы**

Соғды (Согдиана) – ерте замандағы Зеравшан, Қашқадария өзендерінің алқаптарын мекендеген мемлекет (қазіргі кезде Өзбекстан мен Тәжікстан Республикаларының жерінде). Соғды туралы тарихи мағлұматтар ең алғаш «Авестада», кейін ертедегі парсы патшаларының тасқа басылған жазуларында, сондай-ақ I Дарий (б.з.д. 522–486) патшадан бастап жазылған. Онан кейінгі Соғды жөніндегі деректер антикалық, ортағасыр дәуірлеріндегі қытай, араб және парсы тілдес ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Біздің заманымызға дейінгі VI–IV ғғ. Соғды ертедегі ірі Парсы (Ахеменидтердің) мемлекетінің қарауында болған. Геродоттың берген мағлұматына қарағанда, Соғды, Парфия, Хорезм Арейлік Персияның XI сатрапиясы болып, Ахеменидтерге жылына 300 талант күміс ақша төлеп тұрған [39].

Б.з.д. IV–III ғғ. Грек-Бактрия патшалығына кірген, б.з. I–IV ғғ. Кушанардың ірі мемлекетіне қараған. IV–V ғғ. Соғды Хионито-Эфталиттер мемлекетінің ішінде жасаған, ал VI–VII ғғ. Соғды ертедегі Түрік қағанатына кірген. Жетінші ғасырдан бастап Орта Азияны арабтар жаулаған. Осы кездерде соғдылар бірнеше княздықтарға бөлшектеніп өмір сүрген. Соғдының орталығы ертеден бастап Самарқанд шаһары болған деген болжамдар да бар.

Соғды мемлекетін мекендеген тұрғындар – ертеден Орталық Азияның этникалық құрамаларымен аралас-құралас жайлаған тайпалар және халықтар. Негізінен олар индоеуропалық парсы және түркі тілдерінде сөйлеген. Олар жергілікті халықтармен өзара саяси, экономикалық және мәдени байланыстарда болған.

Соғдиялықтардың ұрпақтары Тәжікстанда, Өзбекстанда әлі де болса жасайды. Соғдиандар ерте кезден Орталық Азиядағы түркілермен сауда қарым-қатынасында болған.

Соғдиялық көпестер ерте заманнан бері өздерінің үстін басып өтетін халықаралық Ұлы Жібек сауда жолын өздерінің қолдарында ұстап, көрші елдерге, сондай-ақ түркілерге сауда жөнінен үлкен әсерін тигізген және сауданы халықаралық көлемде жүргізген. Соғды көпестерінің ішіндегі белгілі мамандарын



Түрік қағанатының басшылары халықаралық сауданы жүргізуге басшылыққа пайдаланған.

Орталық Азияда Түрік қағанаты ұйымдасып, VI ғ. соңында ол Шығыс және Батыс болып екіге бөлінген. Шығысын Тумын басқарды, Батысын Истем (Дизавул) билеген. Батыс қағанатының орталығына Жетісу, Шу, Талас өңірлері кірген. Истемнің үстемдігі кезінде Иран мен Батыс Түрік қағанатының арасында сауда қатынасы нашарлап кеткен соң, осы мәселені шешу үшін Истемнің бұйрығы бойынша Иранға Соғды арасындағы белгілі көпес Маниахтың басқаруымен елші жіберілген. Бірақ екі мемлекеттің арасындағы қайшылық шешілмей, Маниахтың елшілігі нәтижесіз аяқталған. Бұнан кейін, Истем Иранмен байланысты үзіп, сауданы Иранға соқпай Византиямен жүргізу үшін, 568–569 жж. жоғарыдағы аты аталған Маниахты басшы етіп, Константинопольге жіберген. Сөйтіп, Каспий теңізі, Еділ, Жайық, Сырдария өзендері арқылы Кавказ, Батыс Түрік қағанаты Византиямен сауданы қайтадан жандандыруға қолдары жетті. Шығыс Түркістан мен Солтүстік Үндістаннан батыс Каспий теңізіне дейінгі жерлерді иеленіп жатқан үлкен Эфталит мемлекетімен Батыс Түріктер соғысып, VI ғ. орталарында оны құлатып, оның орнына түркі қағандары үстемдігін жүргізген. Эфталиттерді киратуда түркілерге ирандықтар да жәрдем берген. Кейін, түркілер мен ирандықтар шекаралас болған. Олардың арасында келіспеушіліктер пайда болған. VII ғ. 30-жылдарында Орталық Азиядағы түркі, соғдылар жері арқылы Үндістанға баратын сауда жолымен қытайлық буддашы Сюань Цзянь саяхат шегіп, біздің жеріміздегі Жібек жолындағы қалаларға тоқтап, Батыс Түріктің халықтары, тайпалары жөнінде құнды деректер қалдырған.

Бұл келтірілген деректерге қарағанда, Батыс Түрік қағанатының басшылары өзінің қол астындағы халықтардың тұрмысын жақсарту үшін, өзінің ежелден көршілері болған соғды көпестерін дұрыс пайдалана білгенін байқауға болады. Себебі бұрын да, қазір де бір елдің томаға-тұйық ұзақ өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан елдердің арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыс өмірдің заңдылығынан шығатын жағдай. Бұндай заңдылықты түркі басшылары да ертеден білген.

Жібек жолының халықаралық сауда жүйесіне айналуына байланысты соғдының көпестері Қазақстанның оңтүстігіндегі Талас, Шу және Жетісу бойларындағы үлкенді-кішілі қалаларға таралып, Жібек жолындағы сауданы дамытуға өздерінің үлестерін қосып отырған. Сауда керуендері жүретін жолдағы ірі қалаларға: Мерв-Чаржуй-Бұхара-Самарқанд-Чач-Испиджаб-Талас-Сужаб-Жаркент және басқа көптеген қалаларға, одан әрі Шығыс Түркістанның



ойпатындағы Лоб-Нор көліне дейін барып, Қытай елімен жалғасқан. Осы бағыттағы қалаларға келген сауда керуендерін соғды көпестері қарсы алған» [40].

Жібек жолындағы сауданың дамуы нәтижесінде соғдиялықтар Оңтүстік Қазақстан қалаларына, Жетісу бойларына және Шығыс Түркістан жеріне тараған. Олардың көпшілігі үлкен-үлкен сауда, қолөнер кәсібі және егіншілікпен айналысқан. Бірақ соғдылардың саны Қазақстан жерінде көп болмағанға ұқсайды. Келген соғдылықтардың басым көпшілігі Талас өңіріне, Шу өзендерінің сол жағалауларындағы қалаларға көбірек шоғырланғанын көреміз [41].

XI ғ. түркілердің тілін, жағырафиясын, тарихын, әдет-ғұрпын терең білген әйгілі ғұлама Махмұд Ибн әл-Хусаин Ибн-Мұхаммед әл-Қашқари (Махмұд Қашқари). Туған өлкеміздің ортағасырлық жұлдыздарының бірі Махмұд Қашқари үш кітаптан тұратын «Түркі тілдерінің лұғатын» («Диуани лұғат ит-түрк») құрастырып, артына мәңгілік өлмес ғылыми мұра қалдырды [42].

М. Қашқаридың бізге қалдырып кеткен ғылыми мұралары ортағасырдағы қазақ тарихын, тілін, этнографиясын тереңірек білуге жол сілтейді. Өзінің бұл еңбегінде түркілердің басқа да халықтарға қайыр-қамқоршылықтарының мол екенін айтады және осы еңбегі туралы былай дейді: «Олармен бірге басқалар да пана табады. Сол себепті түркі тілін үйренудің қажеттілігін өмір талабы мен ақыл таразысы әбден дәлелдеді. Түрік, түрікмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтай білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым» [43].

Ғұламаның бұл пікірінен, түркілерді паналап келген халықтарға, тайпаларға олардың қайырымдылықтарының мол екенін, түркілердің қорларының бай екенін негізге алып, тек қана олардың тілдерін ғана емес, әдет-ғұрыптарын зерттеп, шаһарларын, ауылдарын ерінбей, талмай аралап, өзінің көп жылдық зерттеулерінен ғылыми тұжырым жасағанын байқау қиын емес.

Арғу шаһарлары тұрғындарының тілдеріне тоқталып, М. Қашқари: «Баласағұндықтар соғды және түркі тілдерінде сөйлеседі. Тираз, Байза шаһарларының халықтарының тілдері де дәл сондай. Испиджаб (Сайрам. – *У.ІІІ*) қаласынан сонау Баласағұнға дейінгі барлық Арғу шаһарларындағы халықтардың тілдерінде шұбарлық бар. Қашқарда кәнжәкше сөйлесетін ауылдар бар. Шаһар ішіндегі халықтар Хақания түрікшесімен сөйлеседі» [44] дейді.



Ғұламаның тұсында Қазақстанның оңтүстігіндегі Ұлы Жібек жолының бойындағы шаһарларда соғдылар (парсы тілдес) түркілермен аралас-құралас өмір сүргенін көреміз. Олардың көпшілігі қолөнер кәсібі, сауда, егіншілікпен айналысқан. Сондай-ақ 1974 жылдан бері археологиялық жақтан зерттеп келе жатқан ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында тұрғындар соғды және түрік тілдерінде сөйлеп, ірі сауда орындары болған шаһарларда қос тіл үстемдік еткен.

Жазба және археологиялық деректерге сүйеніп, белгілі шығыстанушы А.Н. Бернштамның айтуына қарағанда, соғдылықтар Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу бойларындағы қалаларға III–V және VII–X ғасырларда көбірек келген [45]. А.Н. Бернштам және В.А. Лившицтер Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық көптеген қалалардың негізін соғдылықтар салып, оларды түркілер басқарғанын айтқан [46].

Бұл пікір қазақ тарихнамасынан кең орын алды. Бұл Ресей отаршылары, оның көпшілік ғалымдары тарапынан түркілер, соның ішінде қазақтар көшпенді болғандықтан, олар қалалар салмаған деген сыңаржақ пиғылдың салдарынан туды. Олар Қазақстандағы ертедегі қалалар соғдылар және сол сияқты отырықшы халықтардың салып кеткен шаһарлары деген пікірлерді талай жазып қалдырған. Бұндай пікірлерді Кеңес өкіметі кезіндегі ғалымдар да жиі қайталады.

Біздіңше, бұндай пікірлерді ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мүмкін емес. Осынша ұлан-байтақ жерді мекендеген түркілер әр аймақтың табиғи ерекшеліктеріне икемделіп, өздерінің шаруашылығын дамыта білген. Олардың арасында отырықшылар да, жартылай отырықшылар да және көшпелілер де болған. Отырықшылар ертедегі ортағасырлардан бастап-ақ Испиджаб (Сайрам), Отырар, Тараз (Талас), Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Жаркенд және көптеген басқа қалаларды салған. Ондай тұрақты қоныстардың қалдықтарын Қазақстанның барлық аймақтарынан кездестіруге болады. Әр аймақтың бұл жөніндегі ерекшелігін сол жерлердің отырықшылық тұрмыс дәрежелерінің бірдей болмауынан іздеу керек [47].

Біздіңше, Қазақстан жеріндегі көп санды көне заманға, ортағасырға және одан кейінгі кезеңдерге тән архитектуралық (сәулеттік) ескерткіштер – осы жерді мекендеген ата-бабаларымыздың өз маңдай терімен, саналы еңбегімен тұрғызған мұралар. Ортағасырлық шаһарларда, әсіресе, Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларда соғдылар тұрған болса, олар сол шаһарлардың бір бөліктерінде қоныстанған, ал негізгі тұрғындар түркілер болған, соғдылар түркілерге қарағанда сан жағынан



аз болып, олар түркінің тілі, әдет-ғұрпын еркін меңгерген. М. Қашқаридың кезінде-ақ Баласағұнды мекендеуші соғдылар түркілердің киімін және әдет-ғұрпын қабылдағанын айтқан болатын. Солай болса, одан бері мың жылға жақын уақыт өтті. Соғдылар жергілікті түркілермен мидай араласып, түркі болып үлгерді. Қазіргі қазақ халқының этникалық құрамынан «біз соғдылардың ұрпағымыз» деген қазақтарды кездестіру қиын шығар.

Жоғарыда М. Қашқари Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі ортағасырлық қалаларда соғдылар түркілермен аралас тұратынын айтқан болатын. Шу, Талас өзендерінің алқаптарында ортағасырлық қалалардың орындары жеткілікті. Сол археологиялық ескерткіштердің кейбіреулері Кеңес өкіметі жылдарынан бері зерттеліп келеді.

Археологиялық зерттеудің барысында бұл шаһарлардың кейбіреулерінен соғдылардың жазулары табылып жатыр. Бұл аймақтан табылған соғды жазуларын В.А. Лившиц екі топқа бөледі: қыштан жасалған ыдыстарға және жартастарға жазылған жазулар [48]. Қыш ыдыстардың мойнына, бүйірлеріне жазылған соғды жазуларын В.А. Лившиц ІХ–ХІ ғғ. жатқызады. Олар 1941 ж. Красная речка, Ақбешім, Покровка, Якалыч, Тарас (Талас), т.б. ортағасырлық қалаларда археологиялық зерттеу кезінде табылған. Бұл жазулардың көлемдері кішігірім. Солай болса да, бұл жазулардың тарих, тіл үшін мәні зор.

1989 жылы Ақтөбедегі (Баласағұн) археологиялық зерттеу жұмысы кезінде Ақсу су қоймасының батыс жағасынан үлкен хұмның сынықтары кездесті, айрықша көңіл бөліп қарасак, хұмның мойнына толтырып жазған жазудың бар екені байқалады. Сонан кейін шашылып жатқан хұмның сынықтарын жинап, оларды тазартып, кейін құрастырғанда бес бөліктен тұратын хұмның мойны келіп шықты. Ол осы бөліктердегі хұмға жазылған жазудың басы, 35-40 см бөлігі табылмады. Ал қалған бес бөліктен тұратын жазу түгел құрастырылды. Кейіннен ол құрастырылған жазуды Ленинградтағы (Санкт-Петербург) белгілі маман профессор В.А. Лившицке оқуға жібердік. Өйткені ол соғды жазуын оқи алатын бірден-бір маман. Ол жазуды оқып шығып, төмендегі ғылыми тұжырымға келді: «Надпись имеет дату, отличаюсь по этому признаку от всех известных до сих пор согдийских надписей на керамике, в том числе от надписей на венчиках хумов, найденных ранее на памятниках Чуйской долины. Следует также отметить, что надпись из Актөбе, хотя и сохранилась не полностью, по объему превосходит все ранее известные согдийские надписи на керамике» [49].



Жазудың мазмұнына қарағанда, бұл қыштан соғылған үлкен хұм ұлы Худтак атты соғдылық кісіге сыйлыққа тартылған бұйым екені байқалады. Бірақ сыйлық алушының атағы, оның дәрежесі, атқарған қызметі жөнінде ешнәрсе айтылмаған. Бұл мәліметтер табылмай қалған бас жағындағы бөлігінде қалуы мүмкін. Ол бөлікті қанша іздесек те, әзірге табылған жоқ.

Енді Худтактың кім екенін іздестіріп қарасақ, әйгілі шығыстанушы академик В.В. Бартольд төмендегіше түсінік береді: «В языческую эпоху слово *баг*, или *фаг* (диалектически также *фуг*), подобно слову *худа* (или местному *худат*), употреблялось в Иране и иранской Средней Азии также в смысле «царь», в связи с установленным со времени Александра Македонского обожествлением царской власти... так, в Хорезме термином, сложным с *фаг*, обозначался переход царя из летнего местопребывания в зимнее» [50].

630 жылы Қытайдың саяхатшысы, буддалық Сюань Цзянь Орта Азия арқылы Үнді еліне сапар шеккенде, өзінің жүрген жеріндегі халықтар туралы көрген-білгенін жазып қалдырғанын жоғарыда айттық. Бұл саяхатшы Бұхараның төңірегін және Зеравшан алқабын мекендеген соғдылардың арасында болып, олардың бөлек-бөлек, кішігірім княздықтарда жасайтын басқарушыларын бұхарлықтар худтак деп атағанын жазып кеткен. Бұл басқарушылар түркі қағандарына бағынышты болып, оларға салық төлеп тұрғанын айтқан [51].

Осы Орта Азияны мекендеген соғдылар Қазақстанның оңтүстігіндегі, Жетісу бойларындағы қалаларға тарағанын жоғарыда айтып өткенбіз. Сюань Цзяньның жазғанына қарағанда: «Суяб қаласының батыс жағында бірнеше қала бар. Олардың әрқайсысында басқаларынан тәуелсіз, бірақ түріктерге бағынышты өзара бастығы бар. Шудан Гешуанға (Кушанияға) дейін бүкіл ел Сули (Сулиг, Согды) болып аталып келген. Тұрғындарының жартысы егіншілікпен, екінші жартысы саудамен шұғылданған» [52].

Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, Қазақстан жеріне келген соғдылар да, бұхаралық соғдылар сияқты, әр қалаларда бөлшектеніп мекен теуіп, өздерінің худаттарының басшылығы астында өмір сүріп, жергілікті түркі басшыларының қарамағында және оларға саяси, экономикалық тәуелділікте болған. Олай болса, Ақтөбеден (Баласағұннан) табылған соғды жазуы жазылған хұм осы шаһарды мекендеу соғдылардың басшысы худтакқа (ұлы худтакқа) сыйлыққа арнайы жасалған хұм болып шықты. В.А. Лившицтің тәржімесінде худак болып жазылғанмен, худат пен худтактардың түбірі бір. Ал жұрнақтарды



хұмға адам қателесіп жазуы мүмкін. Бұл хұм Баласағұнды мекендеген соғдылардың басқарушы құрметті адамына арнап соғылған ыдыс болып шығады.

Хұмдардағы жазуды профессор В.А. Лившиц орысша тәржіме жасаған. Сондықтан оқырмандарға түсінікті болу үшін сол күйінде бермекшіміз. «Таким образом, возможные даты надписи – 776/777 или 812/813. Транслитерация надписи: [53]. [около 40-50 букв р]. (I фрагмент) rst' ty 'kty dymu=dmz' ux zwbt' k pr prnxwnty srd (II фрагмент) mynk' ygwtyb (myw) [54]. <xr wsy> [55]. srb sn'=xnt' m'xw pnc smrb (III фрагмент) myb r'm rw (c) (IV фрагмент) [n]. (p)yst'y Iymxn [56]. p's' 100 20+20+20 srd brz'z=w'txwy(w) [???]. [57]. (V фрагмент) x(s'???)m(.) [.,]k 'skw't xs'n» [58].

«[... .. Этот сосуд] был изготовлен этому великому Худтаку в благословенном году, знак которого (?) – год Зайца, в месяце Малый ханда, в четверг, в день Рам-роу. Написал (А)лим-хан Аббас (?) 160 год. Да живет (Худтак) возвышенным, да пребывает питье (?) его счастливым!» [59].

Бұл хұмның мойнына жазылған соғды жазуы 776/777 мүмкін 812/813 жылдары Баласағұнды мекендеген бір топ соғдылардың басшысына (худтак) арнайы қыштан соғылған хум екенін байқауға болады. Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, шаһарда тұрушы соғдылар саудамен, бірқатары қолөнер кәсібімен шұғылданған. Осындай мамандардың өте шеберлікпен басшыларына таратқан сыйлығы көрінеді. Сюань Цзяньның айтуы бойынша, «соғдылардың әрпі 25, олар солдан оңға қарай жазады» [60]. Хумдағы жазулар да осы тәртіппен орындалған. Жазудың тәржімесінде сыйлыққа тартатын ыдысты (хұмды) өздерінің ұлы басшысына қай айда, қай жылы сыйлағанын баяндай отырып, оның бақытты болуына, көңілі көтеріңкі дәрежеге жетіп, жасай беруіне тілектерін білдірген.

Сөйтіп, ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) шаһарынан табылған хұмның мойнына жазылған жазудың тілдік, этникалық, этнография және эстетикалық, экономикалық мәні зор. Ертедегі ортағасырда Шу, Талас өңірлерін мекендеген тұрғындардың арасында Орта Азиядан келген соғдылар түркілермен араласып, заттай және рухани мәдениетті бірге дамытқан. Уақыттың өтуімен иран тілдес соғдылар түркілердің тілін, киімін, салт-санасын, әдет-ғұрпын иеленіп, жергілікті түркі тілдес этникалық халықтарға сіңіп кеткен. Міне, осындай халықтардың өзара қарым-қатынастарын дәлелдейтін хұмның мойнына жазылып қалған соғды жазуы – ғылыми мәндегі жазба дерек.

Жоғарыда қысқаша келтірілген деректер, Ақтөбедегі көп жылдық археологиялық зерттеулердің нәтижесі тарихи



Баласағұнның жасаған өмірін баяндайды. Цитадельден, шахристаннан және рабадтан табылған заттай және рухани мәдениеттің қалдықтары біздің жыл санауымыз бойынша V–XII ғасырларға жатады. Баласағұн ұзақ уақыт түркі тайпаларының құрған мемлекеттерінің басты астанасы болған. XIV ғасырда ол тарихи сахнадан түсіп, оның орналасқан жері осы күнге дейін жұмбақ болып келген. Тарихи, археологиялық, этнографиялық деректерге қарағанда, әлемге әйгілі Баласағұн қаласы феодалдық өзара соғыстардың салдарынан, моңғолдар келместен бұрын қираған. Оның тұрғындарының Шыңғыс ханның шабуылына қарсы тұратындай күштері болмағандықтан, моңғолдарға өз еркімен берілгені тарихтан белгілі. Біздің дәуірімізге Ақтөбе деген жасалмалы атпен келген қала ертедегі ортағасырлық тарихи Баласағұн екенін қолымыздағы көп салалы деректердің бәрі дерлік дәлелдейді.

### Әдебиеттер

1. *Шалекенов У.Х.* О раскопках на городище Актобе (1979–1983 гг.) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 15–29.
2. *Шалекенов У.Х.* Актобе – средневековый памятник // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 13–20.
3. *Кожемяко П.Н.* К вопросу о топографии средневековых поселений Чуйской долины // Материалы второго совещания археологов и этнографов Средней Азии (29 октября – 4 ноября 1956 г.) Сталинабад – Москва – Ленинград, 1959. С. 56.
4. *Воронина В.Л.* Элементы строительной и художественной культуры городища Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 21–24.
5. *Сенигова Т.Н.* Средневековый Тараз. Алматы, 1972; Материальная культура Казахстана. Алма-Ата, 1980; *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Жилище позднесредневекового Отрара (XVI–XVIII вв.) // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М., 1962. С. 121–130.
6. *Елеуов М.* Раскопки средневековой мастерской на городище Актобе // Материальная культура Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 60; *Байпаков К.М.* Керамика с городище Кулан // Поиски и раскопки в Казахстане. Алма-Ата, 1972. С. 95.
7. Труды Семиреченской археологической экспедиции. Чуйская долина // Материалы и исследования по археологии СССР. М.-Л., 1950. №14. С. 46–47.
8. Отчет АЭУ. 1982. С. 1–17.
9. Сонда.
10. Сонда. 18–26-бб.
11. Отчет. АЭУ. 1983. С. 7–8.
12. Сонда. 9–22-бб.





13. Сонда.
14. Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948. С. 139–141. Таб. 40–41.
15. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941. С. 54–57.
16. Хакимов А. А. Из мира образов и мотивов искусства Мавераннахра IX–XIII вв. // Общественные науки в Узбекистане. № 6–7. 1975. С. 63–72.
17. Пугаченкова Г. А. Мавзолей Араб-Ата // Искусство зодчих Узбекистана. Ташкент, 1967. С. 48–62.
18. Гаврющенко П.П., Заурова Е.З., Кожемяко П.Н., Кожамбердиев И.К. Археологические исследования Института истории АН Киргизской ССР // Археологические открытия 1966 года. М., 1967. С. 341–342.
19. Шалекенов У.Х. О раскопках на городище Актобе (1979–1983 гг.) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 15–18.
20. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алма-Ата, 1972. С. 88.
21. Шалекенов У.Х. Сонда. 16-б.
22. Алдабергенов Н.О. Раскопки шахристана на городище Актобе // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С.40–53; Брыкина Г.А. Карабулак. М., 1974. С.37; Бернштам А.Н. Чуйская долина // МИА. №14. 1950. С.39, 43; Кожемяко П.Н. Раскопки жилищ горожан X–XII вв. на Краснореченском городище // Древняя и средневековая культура Киргизстана. Фрунзе, 1967. С. 56–57.
23. Научный отчет АЭУ.
24. Бернштам А.Н. Чуйская долина... С. 37; Пацевич Г.И. Раскопки на территории Тараза в 1940 г. // ИИАЭ АН Каз ССР. Т. 1. Археология. С.82; Максимова А.Г., Мершиев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М. Древности Чардары. Алма-Ата, 1968. С. 146.
25. Бурнашева Р.З. Монетные находки о городище Актобе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 71–87.
26. Грошев В.А. Сонда. 136-б.
27. Шалекенов У.Х., Оразбаев А.М. Некоторые данные в водопроводной системе средневекового Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 24–38.
28. Сонда.
29. Сонда. 36–37-бб.
30. Алдабергенов Н.О. Жилища горожан на рабаде городище Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 39–48.
31. Кожемяко П.Н. Сонда. 55-б; Оседлые поселения Таласской долины. С. 160–166.
32. Елеуов М. Раскопки средневековой мастерской на городище Актобе // Материальная культура Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 57–61.
33. Сонда. 59–60-б.
34. Бернштам А.Н. Чуйская долина // МИА. №14. 1950. С. 73; Сенигова Т.Н. Средневековый Тараз. Алма-Ата, 1972. С. 108; Байпаков К.М.



Раскопки средневековой мастерской в Семиречье // Вестник АН КазССР. №7. 1964. С. 88–91.

35. *Оразбаев А.М.* Могильник Жетыжар // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 62–70.

36. *Максимова А. Г.* Курганы сакского времени могильника Джувантобе // КСИИМ. Вып. 80. С. 60–64; *Акишев К.А., Кушаев Г.А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963. С. 91, 98.

37. *Толстов С.П.* По следам древнехорезмской цивилизации. М. -Л., 1948. С. 249; *Воронина В.Л.* Раннесредневековый город Средней Азии // СА. 1959. №1. С. 97; *Маргулан А.Х.* Оседлые поселения VIII–XIII вв. на северных склонах Каратау // Изб. АН КазССР. Сер. археологии. Вып. 1. Алма-Ата, 1948. С. 109–110.

38. *Оразбаев А.М.* Сонда. 70-б.

39. История народов Узбекистана. Т. I. Ташкент, 1950. С. 143.

40. Сонда. 147-б.

41. *Қашқари М.* Түбі бір түркі тілі. Алматы: Ана тілі, 1993. 5-б.

42. *Қашқари М.* Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997. 10-б.

43. Сонда. 1-т. 31-б.

44. *Қашқари М.* Түбі бір түркі тілі. Алматы. 1993. 14-б.

45. *Лившиц В.А.* Согдийцы в Семиречье: Лингвистические и эпиграфические свидетельства Красной речки и Бурана. Фрунзе, 1989. С. 79.

46. Сонда.

47. *Шәлекенов У.Х.* Қазақ... көшпенді ме? // Жұлдыз. 1990. №10.

48. *Лившиц В.А.* Согдийцы в Семиречье: Лингвистические и эпиграфические свидетельства Красной речки и Бурана. Фрунзе, 1989. С. 81.

49. *Лившиц В.А.* Согдийская надпись на венчике хума Актобе. Чуйская долина. Рукопись. С. 1.

50. *Бартольд В.В.* История культурной жизни Туркестана. Соч. Т. 2. Ч. I. М., 1963. С. 215.

51. История народов Узбекистана. Т. I. Ташкент, 1950. С. 144–145.

52. Қазақ ССР тарихы. 2-т. Алматы, 1980. 346-б.

53. Система транслитерации – обычная для согдийских текстов. Круглые скобки указывают на частично разрушенные буквы, квадратные на полностью уничтоженные; дефис обозначает отсутствие соединения с последующей буквой.

54. «Зачеркнуто» – резчик попытался деформировать слово, причудливо соединив буквы, чтобы показать, что слово нанесено по ошибке.

55. Добавлено под строкой.

56. Или s'n, xsn' и т. д.

57. Или s'n, xsn', s'n, xsnn и т. д.

58. Первоначально ошибочно было «тигра».

59. *Лившиц В.* Рукопись. Ленинград. 20 ноября 1990 г.

60. История народов Узбекистана. Т. I. Ташкент, 1950. С. 148.



### **5.1. Археологиялық деректердің мазмұны**

**Б**ірінші мың жылдықтың орталарында Батыс Түрік қағанатының жеріндегі тұрғындардың арасында өзара феодалдық қатынастар пайда болып, олардың экономикасы мен мәдениеттерінде алға ілгерілеушілік болғаны байқалады. Сондай-ақ түркі қалаларында, соның ішінде Баласағұнда қолөнер кәсібі дамыған. Бұл қалада мамандандырылған көзешілер, теміршілер, тоқымашылар және тас пен сүйекті өңдеушілер өмір сүріп, олар тұрмысқа қажетті бұйымдарды шығарған. Баласағұнның V–IX ғасырлар кезеңін сәулелендіретін қыштан жасалған бұйымдардың басым көпшілігі ертеден келе жатқан тәжірибе бойынша қолмен жапсыру арқылы жасалып, онан кейін күйдірілген. Бұйымдар қолмен қалыпқа салынып шыққаннан кейін, кептіріліп, онан соң арнайы соғылған пештерге күйдірілген. Цитадельдің солтүстік-шығысынан шахристаннан осындай екі пеш, батысынан рабадтан бір пеш ашылды. Бұл жер қыш бұйым жасаушылардың қолөнер орталығы болған, қазба кезінде осы жерден екі құдық шықты және адамдардың жұмыс істейтін, демалатын бөлмелері, шатырлары ашылды. Осы жерден хұмдар, қазандар, тандырлар, қыш дастарқандар, құмыралар, шырақтар, ұршықтың бастары, есепшоттың тастары және т.б. табылды. Олардың көпшілігі Баласағұн қаласының төменгі қабатынан табылды. Соған қарағанда, қаланың негізін салған Түркеш (Сарыүйсін) қағанатының, кейін олардың орнына келген Қарлұқтардың тұрғындары болса керек. Цитадельден, шахристаннан түркештердің төрт бұрышты тесікті теңгелері табылғанын жоғарыда жазғанбыз.

Бұл кезең Батыс Түріктердің экономикасы өрлеп, қалаларда қолөнер кәсібінің мейлінше дамыған уақыты екенін көреміз. «Қалалар санының артуы, олардың аумағының кеңеюі, қала халқының өсуі қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына игі әсерін тигізді... Қолөнер өнімін тұтынушылар құрамы өзгерді, егер



бұрын VII–VIII ғасырларда олар бай көпестер мен диқандар болса, енді қатардағы тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыларға айналады» [1]. Қала және ауыл тұрғындарының қолөнер кәсібінен шыққан өнімдерге қажеттігі күшейе түскендіктен, үлкен қалаларда қолөнершілер жеке мамандықтарына сай орналасқан: қыш-құмыра жасаушы кәсіпшілер, теміршілер, зергерлер, ағаш ұсталары, т.б. Олардың өздеріне лайықты шеберханалары болған. Баласағұнда жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, шахристаннан қыш құмырашылардың шеберханасы цитадельдің солтүстік-шығысынан ашылды. Бұл жерде ертедегі шеберхана кеңейіп, X–XIII ғасырлардың қолөнер кәсібінің талабына жауап беретін қыш бұйымдарды күйдіретін бірнеше камералы (бөлімшелі) үлкен пешке айналған. Бұл пеште сол кездің хұмдарын, үлкен құмыраларды, құмғандар, су құбырларын өте жоғарғы ыстықта күйдірілгені байқалды. Цитадельдің батысында, рабадтан да қатарынан салынған қыш құмыраларды, күйдірілген кірпіштерді шығаратын пештер ашылды. Соған қарағанда, қыш бұйымдарды дайындайтын, кірпіш күйдіретін қолөнер кәсіпорындары Баласағұн қаласында бірнеше жерлерде болған көрінеді.

Тарихтың осы кезеңіне жататын қыштан жасалған бұйымдардың түрлері де, сапасы да бұрынғыға қарағанда айтарлықтай алға ілгерілегенін көреміз. V–VIII ғасырларда жапсырып жасалған қыш ыдыстар басым болса, енді IX–XII ғасырларда қыш қолөнер кәсібінде құмыраның ұршық сияқты айналатын (қыш станок) құралын кең пайдаланып, үлкенді-кішілі қыш ыдыстарды, су құбырларды шығарған. Бұндай жолмен жасалған қыш бұйымдар өте әдемі және сапалы дәрежеде жасалған. Сол кездегі қыштан заттар жасайтын айналмалы станоктардың негізінде, қазіргі фарфордан бұйымдарды жасауда техникалық прогрессивтік құралдар пайдаланылуда. Бұл кезде, жапсыру тәсілімен жасалған қыш ыдыстар бірге-бірте тұрмыстан шығып қалған.

Қыш бұйымдардың барлығы дерлік жоғарғы сапалы түрде қызуда күйдірілген. Отын ретінде пайдаланылған сексеуіл Шу өңірінде көп болған. Сол отынды жағып, оның көмірімен пештерді қыздырып, өздеріне қажетті дәрежеде қызу алуға қолдары жеткен. Сексеуілдің жалыны үлкен қызу беретіні соншалық, күйдірілген кірпіштер еріп, шлакқа (қоқысқа) айналғанын жиі-жиі кездестірдік. Бұл қаладан табылған көк түсті шлактарды ешнәрсемен сындыруға болмайды, сондай қатты, қолөнершілердің бұндай жоғары дәрежеде қыздыра ала білуі – өндірістің өрлеп өскенінің айғағы.

Көркем өрнекпен безендірілген қыш бұйымдарды жасау қолөнер кәсібінде кең орын алған. Оңтүстік Қазақстанда, Отырарда жылтыратылған қыш бұйымдар IX–XIII ғасырларда



пайда болған. Бұл кезде Орталық Азия, Таяу Шығыс арасындағы мәдени-экономикалық байланыстардың дамуы қыш бұйымдардың жаңа көркем туындыларының сәнділігін ғана емес, жетілдірілген технологиялық тәсілдерінің де тез таралуына барынша әсерін тигізді. Осы дәуірдің көркем қыш бұйымдары ортағасырлардағы қоғамның өзіндік талап-тілегіне сай болды [2].

Келтірілген бұл пікір бойынша, жақын және алыстағы көршілер ерте заманнан бір-бірімен қарым-қатынаста болып, бірінің жетістіктері екіншісіне қолайлы әсерін тигізгеніне тарих куә. Ол өмірдің заңдылығы. Солай болса да, жылтыратылған, өрнектелген қыш бұйымдар IX–XIII ғасырларда Қазақстанға кең көлемде таралды. Қолөнер кәсібі түркілердің қалаларында кең ен жайып, адамдардың қажетіне керекті бұйымдарды мол шығарды. Түркілердің кір жуып, кіндік кескен жері Самарқанд, Бұхара, Ташкент, Сауран, Отырар, Испиджаб, Тараз сияқты қалаларды түркілер тұрғызып, олар ірі экономикалық және мәдени орталықтар болды. Орталық Азия түркілері бір-бірімен тығыз байланыста жасаған. Сондықтан да көркем қыш бұйымдар түркілерде ертеректе келіп шыққан. Әр аймақ шеберлерінің өзіндік ерекшеліктері болып отырған. Оның негізгі себептері сол аймақтың табиғи-жағырафиялық өзгешеліктерінен туындаған.

Жылтыр өрнекпен сырланған қыш бұйымдар ретінде саптыаяқ, табак, тостаған, құмыралар, шырақтар, оның тұғырлары кездеседі. Олар сапасы және сыртқы көрінісінің түсіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Әсіресе, балқыған қорғасын түстес қыш бұйымдарды ақ ангобпен әшекейлеу кеңінен тараған. Бұл бұйымдардың өте ертедегі түрлеріне қара, қызыл, қоңыр түсті жылтыр ойық жазбаларымен көмкерілгендері жатады. Баласағұннан табылған жылтыр өрнекті көркем ыдыстардың ішінде қызғалдақ гүлінің суреті салынған ыдыс-аяқтар кездеседі. Кейбір сондай ыдыс-аяқтардың ішінде араб жазуымен әшекейленгендері де бар. Сондай-ақ қыштан жасалған көркем шырақтар көптеп кездеседі.

Баласағұн қаласындағы қазба жұмыс кезінде көбірек ұшырасқаны – үлкенді-кішілі тандырлар. Олардың көпшілігі бір-біріне ұқсас (стандарт түрде). Соған қарағанда, тандыр дайындайтын арнайы шеберлер болып, сол жерден тұрғындарға таратып отырған, қазірде де сол әдет түркі тектес халықтарда кездесіп келеді. Мысалы, өзбектерде, қазақтарда. Ашылған бөлмелердің ішінде тандыры жоқтары ұшыраспайды. Соған қарағанда, халқы қалың орналасқан мекендерде нанды тандырларға пісірген. Көпшілік тандырлардың сыртында ою-өрнектер, таңбалар кездеседі. Қол диірмендердің бірнеше түрлері Төрткөлтөбеден көптеп табылды.



Баласағұннан шыққан өте көркем, әрі құнды қыштан жапсырылған және қыш ұршық сияқты айналдыратын құралдар (станок) табылған. Оны пайдалану арқылы жасалған қыш бұйымдардың сол кездегі Орталық Азия қалаларынан шыққан бұйымдарға ұқсастықтары бар. Себебі Орталық Азияны мекендеген түркілер ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, өздерінің заттай және рухани мәдениеттерін бірлесе жасаған.

Олар кең-байтақ жердің иесі болғандықтан, әр аймақтағы, жан-жағындағы көршілеріне де әсерлері тиген. Мысалы, оңтүстік түркілерге Таяу Азия, Үндістан елдері жақын болса, шығыс түркілер Қытай және сол сияқты көршілермен қойын-қолтық өмір сүрген. Сондай-ақ өздерінің көршілеріне түркілер де өз әсерін тигізген. Мұндай этникалық қарым-қатынастар олардың заттай мәдениетінде өрнектелген. Осындай өзара байланыссыз бірде-бір халық өмір сүрмеген.

Цитадельдің солтүстігіндегі шахристан қышшылардың қолөнер орталығы болғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Баласағұншылар темір рудаларын Бақыртау (қазіргі Жайсан) тауынан алған. Қаладағы теміршілердің тәжірибесінің өскендігі соншалық, үлкен дәрежелі температураға қол жеткізіп, шойын, болат сияқты аса қатты темірлерді игеріп, олардан үй тұрмысына қажетгі бұйымдарды, құрал-жабдықтарды жоғарғы сапада күйдірген.


Баласағұндағы археологиялық зерттеу кезінде табылған археологиялық деректер ертедегі ортағасырда Батыс Түрік қағанаты тұрғындарының жалпы мәдениетінің, соның ішінде заттай мәдениетінің өркендеу дәрежесінің жоғары болғанына дәлел. Ертеден жалғасын тауып жатқан қыштан жасалатын бұйымдардың түрлері көбейіп, олардың сапасының артқанын көреміз. Бұрынғы қолмен жапсырып жасалатын қыш бұйымдар қолөнер кәсібінен ығыстырылып, оның орнына ұршықтай айналмалы (станок) құралдарды пайдаланып шығарған әдемі бұйымдар кең орын алған. Оның жоғарғы дәрежеде дамуының арқасында нақышталған ою-өрнекті ыдыстарды шығаруға қол жеткізген және оларды өсімдіктің гүлімен безендірген. Өсімдіктердің жапырағы және гүлімен бұйымдарды безендіру – сол халықтардың мәдениетінің өркендеу дәуіріне жеткенін дәлелдейтін дерек. Бұл кездерде түркілер түсті және қара темірлерді де кең түрде пайдаланып, олардан үй тұрмысына керекті заттармен қатар, соғыс құралдарынан семсер, қылыш, садақтың ұшы, теңгелерді және зергерлік бұйымдарды шығарған. Әсіресе, түркілердің қолөнер кәсібі, мәдениеті Қарахан әулеттерінің басқарып тұрған кезінде тамаша өскен. Сондықтан да Қарахандар кезеңі түркі әлемінің өркениетті заманы деуге толық болады.



## 5.2. V–IX ғасырлардағы жасалған бұйымдар

Баласағұннан табылған бұйымдарды ерекшеліктеріне қарай екі кезеңге бөлуге болады: V–IX ғғ. Батыс Түрік қағанаттары: Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқтар және Оғыздар кезеңінде жасаған түркілердің мәдениеті дәуірі; X–XIII ғғ. Қарахан әулеттері мен қарақытайлар (қарақидандар) үстемдік еткен уақыт. V–IX ғасырлардағы Баласағұнды сәулелендіретін қыштан жасалған бұйымдардың басым көпшілігі ертеден келе жатқан тәжірибе бойынша қолмен жабыстыру арқылы жасалған. Бұйымдарды қолмен қалыпқа салып, кептіргеннен кейін, оларды арнайы соғылған пештерде күйдірген. Бұндай пештер: цитадельдің солтүстік-шығысында шахристаннан екі пеш, батысынан рабадтан бір пеш ашылды. Бұл жер қыш бұйым жасаушылардың қолөнер орталығы болғанға ұқсайды. Себебі қазба кезінде осы жерден екі құдық шықты және адамдардың жұмыс істейтін, демалатын бөлмелері ашылды. Олардың ішінен: құмдар, қазандар, тандырлар, қыш дастарқандар, құмыралар, шырақтар, ұршықтың бастары, есепшоттың тастары және т.б. табылды. Олардың көпшілігі Баласағұн қаласының төменгі қабатынан орын алған. Соған қарағанда, қаланың негізін салған Түркеш қағанатының, Қарлұқтардың тұрғындары болған. Олардың мәдени дәрежесін сәулелендіретін бұйымдарды көзден өткерейік.

1-кесте. V–IX ғғ. Баласағұнның қыш бұйымдары



1, 2, 3, 4 – құмыралар

5, 6 – қазандар

7 – ернеуінде таңбасы бар тағара

8 – құлақты тостаған

9 – құлақсыз тостаған

10 – қазан

11 – тағара



### **5.3. IX–XII ғасырларға жататын қыштан жасалған өрнексіз бұйымдар**

Бұл кезең Батыс Түріктердің экономикасы өрлеп, қалаларда қолөнер кәсібі мейлінше дамыған. VII–IX ғасырларда олар бай көпестер мен диқандар болса, енді қатардағы тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыларға айналды. Қала және ауыл тұрғындарының қолөнер кәсібінен шыққан өнімдерге қажеттігі күшейе түскендіктен, үлкен қалаларда қолөнершілер жеке мамандықтарына сай орналасты: қыш-құмыра жасаушы кәсіпшілер, теміршілер, зергерлер, ағаш ұсталары, т.б. Олардың өздеріне лайықты шеберханалары болған. Ақтөбедегі жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, шахристаннан қыш құмырашылардың шеберханасы цитадельдің солтүстік-шығысынан ашылды. Бұл жердегі ертедегі шеберхана кеңейіп, X–XIII ғасырлардың қолөнер кәсібінің талабына жауап беретін қыш бұйымдарды күйдіретін бірнеше камералы (бөлімшелі) үлкен пеш ашылды. Бұл пеште сол кездің хұмдарын, үлкен құмыраларды, су құбырларын өте жоғарғы ыстықта күйдірілгені байқалады. Цитадельдің батысындағы рабадтан қатарынан салынған қыш құмыраларды, күйдірілген кірпіштерді шығаратын пештер шықты. Соған қарағанда, қыш бұйымдарды дайындайтын, кірпіш күйдіретін қолөнер кәсіпорындары Баласағұн қаласында бірнеше жерлерде болғанын байқадық.

### **5.4. Көркем өрнекті қыш бұйымдар**


IX–XIII ғасырлардың басында Орта Азия, Таяу Шығыс, Қазақстан арасындағы мәдени-экономикалық байланыстардың дамуы қыш бұйымдардың жаңа көркем туындыларының сәнділігін ғана емес, жетілдірілген технологиялық тәсілдерінің де тез таралуына барынша әсерін тигізді. Осы дәуірдің көркем қыш бұйымдары ортағасырлардағы қоғамның өзіндік талап-тілегіне сай болды.

Баласағұннан шыққан бай қыштан жапсырылып және қыш ұршық сияқты айналдыратын құралды (станок) пайдалану арқылы жасалған қыш бұйымдардың сол кездегі Орталық Азия қалаларынан шыққан бұйымдарға ұқсастығы бар. Ол өмірдің заңдылығы. Орталық Азияны мекендеген түркілер ежелден бір-бірімен аралас-құралас жасап, өздерінің заттай және рухани мәдениеттерін пайда еткен. Олар кең-байтақ жерді иеленгендіктен әр аймақтағы көршілерінің де әсері тимей қоймаған. Мысалы, оңтүстікте түркілерге Таяу Азия, Үндістан елдері жақын болса,





2-кесте. IX–XII ғғ. Баласағұнның қыш бұйымдары



- 1, 2, 3 – құмыралар
- 4 – қақпағы бар құмыра
- 5, 6, 8 – құмыра
- 7 – құман
- 9 – шәугім
- 10 – тостаған
- 11 – екі құлақты құмыра

- 12 – қазан
- 13 – тағара
- 14 – бүйірінде жазуы бар, ұзын мойынды құмыра
- 15, 17, 18 – тостаған
- 16 – бір құлақты құмыра
- 19 – шырақ


шығыс түркілер Қытай және сол сияқты көршілермен қоян-қолтық өмір сүрген. Сондай-ақ өздерінің көршілеріне түркілер де әсерін тигізген. Бұндай этникалық қарым-қатынастар олардың заттай мәдениетінде орын алған. Бұндай өзара байланыссыз бірде-бір халық өмір сүрмеген. Енді Баласағұннан табылған өрнектелген бұйымдарға көңіл аударайық [3].

### 5.5. Қолөнер кәсібінің темірден, тастан, сүйектен, шыныдан жасалған бұйымдары

Цитадель мен шахристанда жүргізілген қазба жұмыстардың барысында мыстан, темірден жасалған әртүрлі бұйымдар табылды: мыс, күміс теңгелер, түрлі-түсті ыдыстар, білезіктер, сырғалар, садақтың ұштары және сол сияқты тұрмысқа керекті бұйымдар. Бұл темірден соғылған бұйымдардың көпшілігі: цитадельдің оңтүстігіндегі шахристан-2-2А қазбадан мыстан жасалған шырақтар, Қарахан әулеттерінің кезінде соғылған 5000-дей мыс теңгелер, оған басатын мөр (печать), темір кетпен, болат, семсер, шот-балта, шойын қазан, пышақ және т.б. шықты. Бұндай темір бұйымдардың шахристан-2-ден шығу себебі, бұл жер темірші қолөнер кәсібінің орналасқан жері болып, теміршілер, зергершілер осы жерде еңбек еткенге толық мүмкіншілік болған. Баласағұндықтар темір



3-кесте. IX–XII ғғ. Баласағұнның өрнекті қыш бұйымдары



- 1 – қызғалдық суретті қыш табак
- 2 – эпиграфиялық өрнекпен безелген және ортасында әлем бейнесі салынған өрнекті табак ыдыстың бөлігі
- 3 – өрнекті шырақтың сынығы
- 4 – өрнекті үлкен табактың бөлігі
- 5–20 – сусын ішуге арналған өрнекті қыш ыдыстардың бөлшектері
- 21, 22 – өрнектелген қыш шырақтар

рудаларын Бақыртау (қазіргі Жайсан) тауынан алғанға ұқсайды. Қаладағы теміршілердің тәжірибесінің өскендігі соншалық, үлкен дәрежелі ыссылыққа қол жеткізіп, шойын, болат сияқты темірлерді игеріп, олардан үй тұрмысына қажетті бұйымдарды, құрал-жабдықтарды шығарған.

Кітапқа кірген Баласағұндағы археологиялық зерттеу кезінде табылған деректер ертедегі ортағасырда Батыс Түрік қағанатының тұрғындарының жалпы мәдениетінің, соның ішінде заттай мәдениетінің өркендеу дәрежесінің жоғары болғанына дәлел. Ертеден келе жатырған қыштан жасалатын бұйымдардың түрлері көбейіп, олардың сапасының артқанын көреміз. Бұрынғы қолмен жапсырып жасалатын бұйымдар қолөнер кәсібінен ығыстырып шығарылып, оның орнына ұршықтай айналмалы (станок) құралдарды пайдаланып шығарған әдемі бұйымдар кең орын алған. Оның жоғарғы дәрежеде дамуының арқасында, нақышталған ою-өрнекті ыдыстарды шығаруға қол жеткізген және оларды өсімдіктің гүлімен безендірген. Бұл кездерде түркілер түсті және кара темірлерді де кең түрде пайдаланып, олардан үй тұрмысына



керекті заттарды шығарумен бірге, соғыс құралдарынан семсер, қылыш, садақтың ұшы, теңгелерді және зергерлік бұйымдарды да шығарған. Әсіресе, түркілердің қолөнер кәсібі, мәдениеті Қарахан әулеттерінің басқарып тұрған кезінде тамаша өскен. Темірден, сүйектен, шыныдан, тастан жасалған бұйымдардың көркемдігі және сапасы төмендегі суреттерден айқындалуда.


Баласағұн қаласын көп жылдар бойына археологиялық зерттеудің нәтижесінде қолға тиген кешенді бұйымдар ертедегі ортағасырдағы түркі халықтарының заттай және рухани мәдениетінің V–XII ғасырлардағы эволюциялық даму дәрежесін сәулелендіреді. Көне замандардан бері отырықшы мәдениеттің орталығы болған алуан санды қалалар, бекіністер, сарайлар, тұрақты мекендер салынып, олар үздіксіз дамып келген. Оның гүлденген дәуірі Қарахан әулеттерінің империясы кезінде болып, сол кездегі ислам өркениетінің алға өрлеуіне түркілер айтарлықтай үлес қосқан. Сол жетістіктердің куәсі жоғарыда келтірілген заттай мәдениеттердің деректері. Осындай мәдени жетістіктер арқылы жақын және алыстағы көршілеріне түркілер өздерінің әсерін тигізгені туралы мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Үндістанның тарихи сәулеттік ескерткіштерінен мысал келтірейік: XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың бас кезінде солтүстік Үндістанды мұсылман феодалдарының жаулап алуы Үндістанның мәдени өміріне ислам өнерінің енуіне мүмкіндік тудырды. Қалаларда мешіт, медресе, мұнара, мавзолей және сарайлар салынды. XIII–XIV ғасырларда Дели мен Декан өлкелерінде Сири, Джаханйанах, Фирозабад, Даулатабад қалалары бой көтерді. Ұлы моголдар империясы (1526) кезінде Үндістан өнері қайта өрлеп, Ақбар тұсында Фатихпур-Сикри қамалы (1569–1584), Аджмер (1570), Аллахабад қамалы, Делидегі Хумаюн мавзолейі (1565) салынды. Жаһан шах кезінде сәулеттік ескерткіштерге айрықша мән беріліп, Агра қаласында Тәж-Махал мавзолейі дүниеге келді. Осылар сияқты әлемдік мәні бар ескерткіштерді Үндістанда тұрғызуда түркілер айтарлықтай істерді атқарды. Осы қалалардағы ертеден сағасын алатын Үндістан қолөнер кәсібінің өсуіне, өзгеруіне түркілер өз әсерін тигізіп келді. Ол елдің заттай және рухани мәдениетінің жетістіктерін Орталық Азияға да ендіردі. Бұндай ел аралық қатынастар өз алдына зерттеуді қажет етеді [4].

Түркілердің кезеңінде Үндістанда бой көтерген әлемге әйгілі ескерткіштер, Орталық Азияны отанына айналдырған түркілер антикалық заманнан бастап қалалар тұрғызып, оларда сарайлар, мұнаралар және ортағасырларда мешіт, медресе, мавзолей, обсерватория және сол сияқты мәдени орындарды салуға айрықша көңіл бөлгеніне дәлел. Осы салттары бойынша



4-кесте. Баласағұнның темірден жасалған бұйымдарының нұсқалары



- 3, 4 – қалпашақты темір шегелер
- 5 – темір түтік
- 6 – садақтың ұшы
- 1, 7, 9 – есікке тиісті темір заттар
- 8 – айылдың тоғасы
- 10 – айылдың ілгіші
- 2, 14, 15 – темір бұйымдардың бөлшектері
- 11 – айылдың тілі

- 16 – пышақтың сабы
- 12, 18 – ыдыстың ернеулері, тұтқалары
- 17 – пышақтың ұшы
- 19–22 – ыдыс түптерінің сынықтары
- 23 – сүйектен жасалған тиек
- 24 – моншақ тәрізді дөңгелек
- 25 – қайрақ

олар Үндістанда әлемге әйгілі ескерткіштерді тұрғызған. Бұндай мәдени орындарды дүниеге келтіруге әсіресе оғыз түркілері елеулі үлестерін қосқан. Олар Орталық Азиядағы үлкен өзен, көлдердің алқаптарын жайлап, отырықшы мәдениеттің орталықтары болған тұрақты мекендер мен қалалар салған. Ол туралы М. Қашқари мен Ж. Баласағұнның айтқандарына осы кітаптың екінші тарауында тоқталғанбыз. Тарихтың тәлкегімен оғыздардың бір бөлігі батысқа қарай қоныс аударғанда, Алдыңғы Азия жерінде, кейін Византияда ата-бабаларының салты бойынша қалалар салған және оларды безендіруге айрықша көңіл бөлген.

Оғыздардың бір бөлігі – осы күнгі Түркия мемлекетінің негізін салушылар. XIV ғасырдың басында Византия жерін, Константинопольді жаулап алып, Осман мемлекетін құрып, Константинопольді Стамбұл (1453) деп атап, осы астанасында ертедегі бабаларының салтымен сәулеттік-бейнелеу өнерлері бойынша ғимараттар: медресе, мавзолей, күмбезді монша, фонтандар, мұнаралар салды. Сол кездегі Осман түріктерінің



тұрғызған ескерткіштері осы күнге дейін Стамбұл қаласын безендіріп тұр. Сондықтан оғыздар да, олардың ұрпақтары Осман түріктері де көшпелі өмір сүрмеген. Олар барған жерінде тұрақты мекендер мен қалалар салған және оларды безендірген. Сондай-ақ ертедегі ортағасырда Баласағұн қаласында мұнаралардың, сарайлардың болғанын шығыс ғұламалары жазып кеткеніне тоқталғанбыз. Осы қаланы салушылардың ішінде оғыз тайпалары да болған.

### 5.6. Баласағұннан табылған қыш бұйымдарды талдау

Ертедегі ортағасырда бабаларымыздың құрылысқа, тұрмысқа пайдаланған құрылыс заттарының құрамын, қадір-қасиетін жасау технологиясын талдау арқылы білудің мәні зор. Бұған оларды ғылыми негізде тек химикалық, петрографиялық, рентгендік, инструменталдық, нейтронды-активациялық талдаулар арқылы қол жеткізуге болады. Баласағұннан шыққан қыш, әйнек және шлак (қоқыс) бұйымдарды белгілі ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Софья Сүлейменқызы Тәкібаеваның тікелей басшылығымен лаборатория жағдайында талдау жұмысы жүргізілді. Жұмыс барысында 220x220x50 мм қыш кірпіштер; қара, көкшіл шлактар; қыш ыдыстардың сынығы; құмыралардың тұтқалары; су құбырларының сынығы; құмыраларды қоятын қыш бұйымдар; қыштың сынықтары; жіңішке ауызды құмыра; үлкен құмыраның тұтқасының бөліктері; қыш пластиктер; кірпіштің сынығы; көкшіл түсті құмыра сияқты заттар талдау арқылы зерттелді [5].

Қыштан жасалған бұйымдардың химиялық талдауы (анализ) 1-кестеде көрсетілгеніндей берілген. Кестеде 11 элементтің қанша қатыстары бар екені цифрлармен көрсетілген. Оқырмандарға түсінікті болу үшін, келтірілген 4 кестені оригиналы (түпнұсқасы) бойынша беруді дұрыс көрдік. Қыштан жасалған заттарда тотықтардың (окись) негізгі құрамы төмендегіше: кремнезем тотығы 50,04–67,60%; алюминий тотығы 10,21–22,50%; темір тотығы 4,29–8,58%; кальций тотығы 2,8–13,44% және магний тотығы 1,41–4,63%. Қалған тотықтар –  $TiO_2$ ,  $SO_4$ ,  $K_2O$ ,  $Na_2O$  лесс тәрізді суглинкаларда сондай дәрежеде сақталған. Инструменталдық нейтронды-активациялық талдау жүргізіліп, құм, балшық, лесс сияқты қыш бұйымдарды жасайтын заттардың құрамының элементтері 4-кестеде көрсетілген. Құрылыс заттарының химиялық бөлшектерінің араласу мағынасына қарағанда, ертедегі құрылысшылар жергілікті лесс сияқты суглиндерге сапалы



сазбалшықтарды қосып, сапалы құрылыс заттарын шығарған (1 және 4-кестелерді қараңыз).

Қыштан жасалған бұйымдарды түрлері, құрамдары және технологиялық істелу тәсілдері бойынша 3 түрге бөлуге болады: долбар (грубый) қыш бұйымдары; жұқа қыш бұйымдар; аса күйдірілген қара және көкшіл-қара түсті қоқыстар (шлактар).

**I. Долбар (грубый) қыш бұйымдар.** Оған мыналар жатады: құрылыс кірпіштерінің сынықтары; ашық сарғыш кірпіштер: көлемдері 220x220x50 мм, құрамы ірі дән тәрізді қиыршықтардан құралған, олардың көлемі 0,3 мм. Олар жоғары сапалы физикалық-механикалық қасиетке ие. Барынша қатты күшпен қысқандағы мықтылығы 399 кг/см<sup>2</sup>. Пішіні дұрыс емес тандырдың 7-8 x 1-1,2 см сынығына талдау жасалды. Оның түсі ашық-терракоталық түске ие, құрамы орташа қиыршықтардан қабатталып жасалған, араларында 0,1 мм сызық тәрізді жарықтардың бар екені байқалады. Тандырдың бұл сынығы ақшыл, қоңыр түсті кварц, халцедоннан құралған. Олардың көлемі 2 мм шамасында.

Қыштан жасалған бұйымдардың сипаттамасы 2-кестеде көрсетілген; құмыраның тұтқасының құрамы ірілеу келген қиыршықтан істелген, қызыл реңді кірпіш тәрізді. Олардың ішінде көлемі 2 мм келетін кварц, шпаттар араласқан. Оларды микроскоппен қарағанда, құрамдары біркелкі қиыршықтардан тұратындары байқалған. Соған қарағанда, бірыңғай минералдық құрамалардан істелген.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесін білу үшін, поляризациялық микроскоппен және рентгеноструктуралық зерттеу жұмысының нәтижесі 3-кестеде берілген. Зерттеуге алған қыш ұнтағы плавиковтық қышқылмен жуылып, нәтижесінде таза муллит алынды. Ұнтақ плавиковтық қышқылмен 3 минут жуылды (1:8). Онан кейін ол ұнтақ сілті қышқылымен шайылды (1:1). Осы жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде қыш бұйымдардың жарық өткізу дәрежелері: 1,600–1,630, сирегірек–1,65. Шамалау бойынша, ертедегі қыш бұйымдарды күйдіру біркелкі болмағандықтан, олардың арасынан толық дәрежеде күйдірілмеген муллиттер шыққан (2 және 3-кестелерді қараңыз).

**II. Жұқа қыш бұйымдар.** Оған әртүрлі қыш ыдыстар, солардың ішінде құмыралар жатады. Олардың құрамдары өте майда қиыршықтардан құралып, жоғарғы дәрежелі температураларда күйдірілген (2-кесте). Микроскоппен қарағанда, олардың құрамдары біркелкі кіші қиыршықтардан тұратыны байқалды. Олардың құрамында 1,56 қиыршық кварцтар орналасқан.

**III. Аса күйдірілген қара және көкшіл-қара түсті қоқыстар (шлактар).** Олардың көлемі әрқилы (5-6 см). Қоқыстар өте мықты



## Көне замандағы қыш бұйымдардың химиялық құрамы

Обозначение и наименование изделий	ЭЛЕМЕНТЫ									
	SiO <sub>2</sub>	Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	TiO <sub>2</sub>	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>	CaO	MgO	Na <sub>2</sub> O	SO <sub>4</sub>	K <sub>2</sub> O	п.п.п.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Шахристан-шлаковидный материал черного цвета	56,16	11,22	0,64	6,86	11,2	2,82	2,43	0,66	0,49	2,08
Шахристан-шлак серого цвета	59,40	14,28	0,75	8,58	9,8	2,61	2,22	0,74	0,46	0,34
Актобе РШ-3, кв. 3 № 3 осколок керамики в виде 4-х угольника	59,40	16,32	0,68	8,58	4,2	4,42	0,58	0,74	1,87	4,00
Актобе-79 РШ-1 № 4 ручка керамического сосуда-кувшина	61,52	15,30	0,79	8,58	2,8	4,42	0,95	0,55	1,26	1,90
Актобе-74 РШ-3 № 5 осколок водопроводной трубы	57,98	16,32	0,75	7,72	6,2	3,01	1,02	0,94	0,94	1,68
Актобе-74 РШ-3 № 6 в виде подставки кувшина	59,72	16,32	0,75	8,58	3,64	3,61	0,82	0,81	1,87	1,96
Строительный кирпич, размером 220х220х50	60,22	12,75	0,68	5,00	9,24	2,41	2,02	0,50	0,27	2,60
Актобе-74 РУ/Г2 № 8 без форменной обломки	60,94	13,30	0,75	7,72	5,04	3,81	1,60	0,50	1,33	1,92
АЭУ-76 Ц II я II кв 3 г Круглый сосуд-кувшин с узкой горловиной, диам. 9 мм.	56,84	13,77	0,68	6,86	13,44	2,81	2,02	0,61	0,37	0,82
Актобе, РШ-3, кв. 5-3 часть ручки большого кувшина	57,22	15,55	0,77	6,86	7,28	3,21	0,95	1,17	1,17	1,94
Актобе, РШ-1, кв. 4 трапециевидная пластинка, толщиной 18-20 мм	60,82	17,85	0,75	8,58	3,36	3,42	2,22	0,41	0,42	1,18
Актобе (силикат-глыба) обломки кирпича	50,04	11,09	0,45	6,18	12,33	3,62	2,10	0,54	1,57	9,30
Сосуд серый кувшин	54,0	22,50		55,58	11,20	4,63		0,81	0,78	0,98
Включение (в силикатной глыбе) в виде конгломерата в обломках кирпича	67,60	10,21	0,48	4,29	6,60	1,41	1,77	0,25	0,57	4,16



## Баласағұннан табылған қыш заттардың физикалық-механикалық сипаттамасы

Обозначение и наименование изделий	Кислото-стойкость (в H <sub>2</sub> S <sub>4</sub> )	Твердость (кг-мм <sup>2</sup> )	Водо-поглощение (%)	Объем-ный вес (кг/м <sup>3</sup> )	Предел прочности на сжатие (кг/см <sup>2</sup> )
Шахристан-шлака водонный материал	97,3	600	8,21		200
То же, шлак черный	96,8	684	0,32		346
РШ-3 кв. 3		348	14,8		—
Осколки 4-х угольника	98,1	—	—		405—
РШ-1	97,3	—	—		411,76
РШ-3 № 6	98,3	302	—		390—434
РШ-1	97,3	—	—		1166
РШ-3	97,3				
РШ-3 труба	—	500	—		1250
					390
Азу сосуд	98,3	602	0,58		625— 791,66
РШ-3 кувшин	97,8	627	—		434
№ 13 сосуд-серый	98,2	454	0,04		447,91
№ 7 строительный кирпич, размером 220x200x50 мм	97,6	578	17,1		399
№ 12 силикат-глыба	97,3	348			
Силикат-глыба № 11 Актобе-79	97,6	312	—		223
РШ-1, кв. 4	97,3	—	10,3		—

## Баласағұннан табылған қыш бұйымдарды рентгенографиялық тәсілмен зерттеудің нәтижесі

№1		№5		№9		№14	
l	d	l	d	l	d	l	d
1	2	3	4	5	6	7	8
—	—	0,35	6,33	—	—	0,37	6,33
0,2	4,23	2	4,23	2	4,23	2,5	4,23
0,2	3,74	—	—	3	3,96	0,4	3,96
0,3	3,96	0,4	3,96	2	3,74	—	—
—	—	1	3,64	—	—	1,25	3,64
0,2	3,62	—	—	1,8	3,62	—	—
—	—	—	—	—	—	0,6	3,42
10	3,35	10	3,35	10	3,35	10	3,35
8	3,18	6	3,18	10	3,18	5	3,18
8	2,98	2	2,98	6	2,98	—	—
—	—	—	—	—	—	2	2,92
—	—	0,35	2,68	—	—	0,7	2,68
—	—	3	2,50	6	2,50	—	—
—	—	—	—	—	—	2	2,49
—	—	1	2,45	—	—	2	2,45
0,15	2,28	—	—	—	—	—	—
—	—	0,7	2,27	1,9	2,27	0,7	2,27
—	—	—	—	—	—	0,35	2,22
0,15	2,20	—	—	—	—	—	—
0,25	2,12	—	—	3	2,12	—	—
—	—	1	—	—	—	1,25	2,11
0,2	2,00	—	—	1,8	2,00	—	—
—	—	0,35	1,97	—	—	0,5	1,97
0,15	1,83	—	—	—	—	—	—
—	—	1,4	1,81	2	1,81	1,30	1,81
0,15	1,77	—	—	—	—	—	—
—	—	0,25	1,66	—	—	0,7	1,66
0,25	1,62	—	—	2	1,62	—	—
—	—	1	1,53	—	—	0,8	1,53



Баласағұннан табылған көне қыш бұйымдардың құрамындағы элементтердің сақталу дәрежесі

A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Pb	<1,5	<1,5	<1,4	<1,6	1,5	1,8	1,8		1,2		<1,2			
Na	1,8	1,7	1,45	1,4	<1,3	<0,9	<0,9	<2·10 <sup>-2</sup>	<10 <sup>-2</sup>	1,4		1,3	1,2	2,3
Sn	<10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<10 <sup>-2</sup>	<10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<2·10 <sup>-2</sup>	<10 <sup>-2</sup>
Ba	0,094	0,096	0,1	0,115	0,11	0,1	0,087	0,13	0,102	0,077	0,11	0,1	0,1	0,077
Fe	3,9	4,0	4,91	5,04	5,68	5,25	3,23		3,8	4,1		3,77	3,9	2,7
Co	3,0·10 <sup>-3</sup>	3,1·10 <sup>-3</sup>		3,8·10 <sup>-3</sup>		3,8·10 <sup>-3</sup>	2,6·10 <sup>-2</sup>	4,1·10 <sup>-3</sup>	3,7·10 <sup>-3</sup>	3,0·10 <sup>-3</sup>		3,3·10 <sup>-3</sup>		2,1·10 <sup>-3</sup>
Co				4,4·10 <sup>-3</sup>		4,4·10 <sup>-3</sup>		2,6·10 <sup>-3</sup>		3,7·10 <sup>-3</sup>		4,6·10 <sup>-3</sup>	3,3·10 <sup>-3</sup>	
Sb	1,10·10 <sup>-4</sup>		1,8·10 <sup>-4</sup>		3,1·10 <sup>-4</sup>		2,2·10 <sup>-4</sup>		2,1·10 <sup>-4</sup>		1,9·10 <sup>-4</sup>		2,0·10 <sup>-4</sup>	
Sb		1,9·10 <sup>-4</sup>		2,6·10 <sup>-4</sup>		2,7·10 <sup>-4</sup>		1,9·10 <sup>-4</sup>		2,0·10 <sup>-4</sup>		2,0·10 <sup>-4</sup>		2,1·10 <sup>-4</sup>
Br	2,4·10 <sup>-4</sup>		2,0·10 <sup>-4</sup>		4,5·10 <sup>-4</sup>	10 <sup>-4</sup>	2,8·10 <sup>-4</sup>		2,4·10 <sup>-4</sup>		1,7·10 <sup>-4</sup>		1,1·10 <sup>-4</sup>	
Br		1,5·10 <sup>-4</sup>		9,4·10 <sup>-4</sup>				4,6·10 <sup>-4</sup>		4,0·10 <sup>-4</sup>		9,2·10 <sup>-4</sup>		2,4·10 <sup>-4</sup>
As	2,8·10 <sup>-3</sup>		3,1·10 <sup>-3</sup>		3,4·10 <sup>-3</sup>		<10 <sup>-4</sup>		6,2·10 <sup>-4</sup>		2,2·10 <sup>-4</sup>		4,7·10 <sup>-4</sup>	
As			3,0·10 <sup>-3</sup>		<10 <sup>-4</sup>		<10 <sup>-4</sup>		2,0·10 <sup>-3</sup>		5,7·10 <sup>-4</sup>		1,9·10 <sup>-3</sup>	2,1·10 <sup>-3</sup>
La		4,6·10 <sup>-3</sup>		4,4·10 <sup>-3</sup>		4,0·10 <sup>-3</sup>			3,9·10 <sup>-3</sup>		3,1·10 <sup>-3</sup>			3,2·10 <sup>-3</sup>
La					4,4·10 <sup>-3</sup>		5,3·10 <sup>-3</sup>		3,4·10 <sup>-3</sup>		5,2·10 <sup>-3</sup>		4,5·10 <sup>-3</sup>	
Cs	6,4·10 <sup>-4</sup>		9,3·10 <sup>-4</sup>		8,2·10 <sup>-4</sup>		6,6·10 <sup>-4</sup>		6,7·10 <sup>-4</sup>		1,0·10 <sup>-3</sup>		7,2·10 <sup>-4</sup>	
Cs		8,0·10 <sup>-4</sup>		1,1·10 <sup>-3</sup>		1,1·10 <sup>-3</sup>		9,4·10 <sup>-4</sup>		7,7·10 <sup>-4</sup>		7,4·10 <sup>-4</sup>		2,6·10 <sup>-4</sup>





	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
A														
Rb	$1,6 \cdot 10^{-2}$		$1,8 \cdot 10^{-2}$		$2,4 \cdot 10^{-2}$			$1,7 \cdot 10^{-2}$		$1,5 \cdot 10^{-2}$		$1,9 \cdot 10^{-2}$		$1,2 \cdot 10^{-2}$
Rb			$1,3 \cdot 10^{-2}$		$1,9 \cdot 10^{-2}$		$1,9 \cdot 10^{-2}$		$1,7 \cdot 10^{-2}$		$1,3 \cdot 10^{-2}$		$1,4 \cdot 10^{-2}$	$7,6 \cdot 10^{-3}$
Cr <sub>2</sub>	$10^{-2}$	$<10^{-2}$	$1,3 \cdot 10^{-2}$	$<10^{-2}$	$1,1 \cdot 10^{-2}$		$<10^{-2}$	$<10^{-2}$	$1 \cdot 10^{-2}$	$<10^{-2}$	$<10^{-2}$	$<10^{-2}$	$<10^{-2}$	$4,3 \cdot 10^{-3}$
Cr											$9,1 \cdot 10^{-3}$			
Ag	$<10^{-4}$	$<10^{-4}$	$<2 \cdot 10^{-4}$	$<10^{-4}$	$<2 \cdot 10^{-4}$	$<2 \cdot 10^{-4}$	$<10^{-4}$	$<10^{-4}$	$<10^{-4}$	$<10^{-4}$	$<2 \cdot 10^{-4}$	$<2 \cdot 10^{-4}$	$<2 \cdot 10^{-4}$	$<10^{-4}$
Au	$5,4 \cdot 10^{-6}$		$1,5 \cdot 10^{-6}$		$5,0 \cdot 10^{-6}$		$2,1 \cdot 10^{-6}$		$2,0 \cdot 10^{-5}$		$2,2 \cdot 10^{-6}$		$2,1 \cdot 10^{-6}$	
Au		$3,7 \cdot 10^{-6}$		$2,1 \cdot 10^{-6}$		$4,2 \cdot 10^{-6}$		$3,4 \cdot 10^{-6}$		$1 \cdot 10^{-4}$		$1,7 \cdot 10^{-6}$		$1,7 \cdot 10^{-6}$
Sc	$2,9 \cdot 10^{-4}$		$6,3 \cdot 10^{-4}$		$6,2 \cdot 10^{-4}$		$3,6 \cdot 10^{-4}$		$4,3 \cdot 10^{-4}$		$5,9 \cdot 10^{-4}$		$4,3 \cdot 10^{-4}$	
Sc		$3,8 \cdot 10^{-4}$		$5,8 \cdot 10^{-4}$		$6,1 \cdot 10^{-4}$		$5,5 \cdot 10^{-4}$		$2,7 \cdot 10^{-4}$		$3,8 \cdot 10^{-4}$		$2,7 \cdot 10^{-4}$
Zn	$<6 \cdot 10^{-3}$	$<6 \cdot 10^{-3}$	$<6 \cdot 10^{-3}$	$<6 \cdot 10^{-3}$		$<6 \cdot 10^{-3}$	$<6 \cdot 10^{-3}$	$<6 \cdot 10^{-3}$		$3,2 \cdot 10^{-2}$		$<5 \cdot 10^{-3}$		$4,0 \cdot 10^{-2}$
Zn							$5,4 \cdot 10^{-2}$					$1,5 \cdot 10^{-2}$	$<7,0 \cdot 10^{-2}$	$2,6 \cdot 10^{-2}$
Hg	$<10^{-3}$	$<10^{-3}$		$<10^{-3}$	$8 \cdot 10^{-4}$		$<10^{-3}$	$<10^{-3}$	$8,4 \cdot 10^{-4}$	$<10^{-3}$	$<10^{-3}$	$<10^{-3}$	$<10^{-3}$	$8,4 \cdot 10^{-4}$
Hg				$1,8 \cdot 10^{-3}$					$9,4 \cdot 10^{-4}$					
Mn	$3,0 \cdot 10^{-2}$	$1 \cdot 10^{-2}$		$8,1 \cdot 10^{-2}$		$5,9 \cdot 10^{-2}$								
Mn					$2,1 \cdot 10^{-2}$		$3,8 \cdot 10^{-2}$		$4,8 \cdot 10^{-2}$					
V			$8,1 \cdot 10^{-2}$		$3,8 \cdot 10^{-2}$				$5,9 \cdot 10^{-2}$		$4,8 \cdot 10^{-2}$			
Cl			$<9 \cdot 10^{-2}$		$<4 \cdot 10^{-2}$				$<4 \cdot 10^{-2}$		$<6,3 \cdot 10^{-2}$			



қасиетке ие (2-кесте). Қиыршық кварц пен дала шпаттарының көлемі 50-60 микрон (3-кесте).

Осы қыш бұйымдарын талдаудың нәтижесінде, мынандай қорытындыға келуге болады: ертедегі қыш бұйымдарын және құрылыс заттарын жасайтын шеберлер (ұсталар) технологияны мықты сақтап, балшықтан заттар соғып, оларды сапалы күйдірген. Ол үшін иленген сазды басқа заттардан мейлінше тазартып жуған. Қыш бұйымдардың химиялық құрамдарын кварц, құм құраған. Ерте кезде қыш кірпіштерді 1000°-қа дейін күйдірген. Бұл зерттеудің нәтижесін төмендегі қорытындыдан байқаймыз: «В заключение следует отметить, что долговечность и высокие физическо-механические свойства древних керамических изделий в основном зависят от структуры и минералов цементитующей массы. Изменение полевого шпата, образование муллита, кристобалита и аморфизованного вещества в цементирующей массе создает более плотную, однородную структуру. Наблюдающаяся при этом высокая прочность и долговечность изделий, по-видимому, связаны с образованием вышеприведенных минеральных фаз» [6].

Жоғарыдағы үшке бөліп зерттелген Баласағұннан табылған ертедегі қыш бұйымдардың химиялық құрамы 1-кестеде; қыш бұйымдардың физикалық-механикалық қасиеттері 2-кестеде; қыш бұйымдарды рентгенографиялық зерттеудің нәтижелері 3-кестеде; көне қыш бұйымдардың құрамындағы элементтердің сақталу дәрежесі 4-кестеде берілген. Бұл зерттеулер тек ғылыми тұрғыда ғана емес, іс жүзінде пайдалану үшін аса қажетті, археологияда өте сирек қолданылып келе жатқан тәсіл. «Мәдени мұра» бағдарламасына байланысты тарихи ескерткіштерді реставрациялау және консервациялауда бұндай зерттеулердің нәтижесін пайдалану айрықша қажет.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 467-б.
2. Ортағасырдағы Отырар керамикасы. Алматы, 1991. 10-б.
3. *Алдабергенов Н.О.* Жилища горожан на рабаде городища Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 39–48.
4. Қазақ совет энциклопедиясы (ҚСЭ). Т. XI. Алматы, 1977. 428-б.
5. *Такибаева С.С., Шалекенов У.Х., Құлахметова С.У., Жанкубаева Т.А., Шулгаубаева Г.И.* Анализ керамического материала Актобе // История материальной культуры Казахстана. Алма-Ата, 1980. С. 71–80.
6. Сонда. 74-б.



## *VI тарау.* **БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР**

**Т**арихи, аты аңызға айналған Баласағұн қаласы жөнінде көбірек, нақты мағлұматты Махмұд Қашқаридің «Түрік сөздігі» еңбегінен кездестіруге болатынын жоғарыда айттық. Себебі оның әкесі Ыстықкөлге жақын орналасқан Барысған қаласынан шыққан. «Барсған: Афрасиабтың ұлының есімі. Барсған қаласын салдырған сол. Бұл Махмұдтың атасының шаһары. Бағзы біреулер «ұйғыр хақанның Барсған есімді ат бағары болушы еді. Осы жердің ауасы жақсы болғандықтан, жылқыны сол жерде бағушы еді, кейін келе соның есімі осы жердің атауына айналған деседі. Сөйтіп, Барсған аталып кетті» дейді» [1]. Махмұдтың өзі Қашқар қаласында туылғанмен, Баласағұнды және басқа да түркі қалаларын, елді мекендерін түгел аралап, осы еңбегін жазу үшін ғылыми деректер жинағанын аталмыш еңбегінің басында жазған. 1077 жылы Таяу Шығыс елдерін, Түркістанды тегіс аралап, өзінің өте құнды еңбегін түркі тілінде жазып қалдырған. Ол бауырлас түркі тілдес халықтардың данышпан ғалымы ретінде дүниеге белгілі. М. Қашқари заманында Баласағұн өзінің шарықтап, дәуірлеген кезеңінде жасаған. Ол қалада жиі-жиі болып, өзінің естігенін, көргенін және білгенін жазып кеткен. Оның жазғандарына дұрыс қарап, қалдырған мұрасын дәріптеуіміз қажет. Өйткені М. Қашқаридың бізге қалдырған мұрасы ертедегі ортағасырдағы тарихымызды шынайы мәнде жазуда көп мағлұмат беретінінде дау жоқ.

Енді Ақтөбе қаласының Баласағұн екенін дәлелдейтін ономастикалық және археологиялық деректерге тоқталайық.

### **6.1. Баласағұнның этимологиясы**

М. Қашқаридың еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық: «Сағұн: Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптерін Ата сағұн дейді» [2]. Қаланың аты екі буыннан құралған: «Бала» – деген түркі сөзі баршаға мәлім бол-



са, «сағұн» – хақан, хан, князь. Олай болса, Бала + хақан; Бала + князь; Бала + хан болып, Баласағұн деген ұғымды құрайды, яғни жас түркеш, әйтпесе қарлұқ хақанының қаласы деген сөз. Белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Бартольд те бұл қаланың этимологиясын «Бала + князьдың» атымен аталғанын айтқан болатын [3].

Шу мен Баласағұн қалаларының шығу тарихын Ескендір Зұлқарнайынға байланыстырып жазған хикаяны жоғарыдағы екінші тарауда толық келтіргенбіз. Содан осы жерге байланысты бір үзіндісін келтірейік: «Ол үлкен қосының иесі болған. Баласағұн жанындағы Шу қаласын (осы — А.Е.) Шу басып алғанда, өзі салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған... Сонан соң өзінің атымен аталып кеткен Шу қаласын салдырады. Сол жерді ырымдап тылсымдатады. Күні бүгінге дейін ләйлектер сол тылсым сиқырлы қала маңынан асып кете алмайды. Шаһар тұсына келіп тоқтап тұрып қалады. Әрі қарай өте алмайды. Сол тылсым күні бүгінге дейін бұзылмай сақталып келеді» [4].

Ғұламаның еңбегінен келтірілген үзіндіде жас Шу атты хақанның болғанын, оның Шу және Баласағұн қалаларын салдырғанын, Баласағұнды мемлекетінің астанасына айналдырып, қол астындағы бектердің мәртебелерін құрметтегенін, бұл қаланың тылсымды (загадочный), қасиетті жерге орналасқанын баяндаған. Бұл екеуін де өзінің есімімен атап, Баласағұн және Шу деп ат қойған. М. Қашқаридың бұл айтқандарына дәлел болатын археологиялық және этнологиялық деректерді Баласағұннан таптық. Енді сол деректерге тоқталайық.

Көп жылдар бойы Баласағұн қаласын археологиялық тұрғыда зерттегенде теңгелер және теңгенің қоймасы табылды. Осы жәдігерлердің бір тобын еліміздің белгілі нумизматика маманы, ғалым Р.З. Бурнашева зерттеген болатын. Оның нәтижесін 1986 жылы мақала ретінде жариялаған [5].

Шу өңірінен табылған тохсилер мен түргештердің (түркештердің) теңгелерін зерттеген, оларға талдау жасаған нумизматик О.И. Смирнова алғашқы теңгелер бұл аймақты мекендеген тохсилардікі, онан кейін түркештердікі деген пікірге келген [6]. Бұл теңгелердің бетінде соғдыларша тохсилардың лауазымы (титул) және адамның аты УWBW, әйтпесе УWB(W) сөзі жазылып, сөздің ортасына Ү таңбасы қойылған. Қытай иероглифі бойынша бұл жазу «Шу» дегенді білдіреді [7]. Бірақ «Шу» сөзінің этимологиясын О.И. Смирнова да және басқа мамандар да біле алмай, әртүрлі жорамалдаумен шектелген. Біреулер мұны «өзен» десе, В.В. Бартольд соғдыларша су (вода) деген пікірді қолдаумен келе жатыр [8]. «Ү» таңбалы тохсы монеталары Шу өңіріндегі



Ақбешім, Красноречин және Ақтөбеден (Баласағұн) табылды. Бұл теңгелерді О.И. Смирнова үш топқа (түрге) бөлген: «Тип I на лицевой стороне имеет надпись согдийским полукурсивным письмом, как на монетах тургешей: «небесного тюргеш-хакана деньги». На обратной стороне – знак «Чу» – «Ψ» тухусов и надпись «тухусский UWBW», указывающая, что носитель этого титула является главой тухусских племен. Однако надпись на лицевой стороне этого типа указывает на зависимость этих племен от тюргешского каганата.

Тип II в отличие от 1-го имеет на лицевой стороне надпись также согдийским полукурсивом «тухусский UWBW» со знаком «Чу», а обратную сторону – гладкую» [9].

Баласағұнды (Ақтөбені) археологиялық зерттеу кезінде табылған 35 дана тохсы мен түркештердің теңгелеріне Р.З. Бурнашева талдау (анализ) жасады: «Они представлены одним металлом – бронзой. 17 экземпляров являются подъемным материалом, остальные найдены в культурных слоях рабада, шахристана и цитадели. Материал разделяется в следующих хронологических рамках: VII–VIII вв., XI–XII вв.

Монеты VII–VIII вв. лучшей сохранности и представлены чеканом тюрков – тухусов (тохсы. – У.Ш.) (7 экз) и тюргешей (туркеш. – У.Ш.) (3 экз). Известно, что тухусы в X веке представляли одно из богатейших племен, живших Чуйской долине» [10].

1978 жылы Баласағұнның цитаделінің солтүстік жағынан кесу жұмысын жүргізгенде, тохсылардың 7 дана теңгесі шықты. Р.З. Бурнашева оларды зерттеп, О.И. Смирнованың көрсеткен бірінші түріне жататынын анықтады. Оның сыртқы бетінде: «небесного тюргеш-хакана деньга» деп жазылса, ішкі бетінде «тухусский UWBW» жазудың қасында Ψ таңба лауазым (титул) UWB(W) жазуы бар. Осы жылы шахристанда стратиграфиялық қазба кезінде 12 қабаттан түркештердің 3 монеті шықты. Олардың сыртқы бетінде түркештердің Ψ таңбасы салынса, оның ішкі бетінде «небесного тюргеш-хакана деньги» жазуы бар (34-сурет). Бұл монеталардың хронологиясы VIII–IX ғғ. жатады.

Баласағұннан табылған тохсы мен түркеш теңгелерін талдаудың нәтижесі – Баласағұн қаласын салушы, оны Түркеш (Сарыүйсін) мемлекетінің астанасы еткен жас хақан Шу екенін дәлелдейтін деректердің бірі. Бұл пікір М. Қашқаридың жоғарыдағы айтқанына толық дәлел. Сөйтіп, Шудың этимологиясы – Түркеш хақанның аты. Астанасына жас хақанның, яғни «Бала-сағұн» деп ат қойса, Шу қаласына өзінің нақты есімін берген. Сол кезде Баласағұнда теңгелерді шығаратын орын болған. Ол цитадельдің оңтүстігіндегі шахристаннан табылды. Ол жерде Түркештер мен Қарахан мемлекеттері кезінде ақша шығаратын сарайдан 5000-дей



қарахандықтардың теңгесі мен мөрі табылғанына жоғарыда тоқталғанбыз.

Түркеш теңгелеріндегі Шуды білдіретін Ψ белгі (знак) салынған хұмның және құмыраның қақпақтарының сынықтары табылды. Олардың ішінен хұмның қақпағының бетінде үш тармақты (шанышқы тәрізді) белгінің қастарына ай мен жұлдыздар және мүйіз сияқты белгілер салынған.

Құмыраның қақпағының үстінде үш тармақты белгі берілген. Соған қарағанда, бұл танбалардың Шу хақанның қасиетті атымен байланысы бар деген пікір ойға келеді.

Сонымен, жоғарыдағы келтірілген жазба және археологиялық деректерге қарағанда, теңгедегі «түркеш тәңір-хақанның теңгесі» деген жазу Баласағұн мен Шу қалаларын Шу жас хақанның салдырғанын анықтайды. М. Қашқари өзінің «Түрік сөздігі» еңбегінде Түркеш (Сарыүйсіндердің) мемлекеті Іле өзенінің орта ағысынан Мойынқұмға дейінгі жерді жайлап жатқаны туралы жазғанын жоғарыда келтіргенбіз. Тарихи деректердегі Түркеш мемлекеті қуатты феодалдық мемлекет болып, оны бір басқару жүйеге салып, қарамағындағы жерлерді 20 әкімшілікке бөліп басқарып, оның әрқайсысында мың түтіндері болған болса, барлық бағынған адамдардың саны шамамен 140-150 мыңға жеткен. Осын-



34-сурет.  
«Түркеш тәңір-хақанның теңгесі» және Шу хақанның есімі жазылған теңге (монета)



34а-сурет.  
Қаптама құмыра және шақша



дай күшті мемлекетті басқарып тұрған әкімдердің (бектердің) құрметіне Шу хақан Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын таңертең 360 рет дабыл қақтырып тұруы оның құдіреті күшті билеуші екенін байқататынын жоғарыда атап өткенбіз. Іле өзенінен Мойынқұмға дейінгі ұлан-байтақ жерде қазірдің өзінде де Ұлы жүздің Сарыүйсін руларының ұрпақтары жасайды. Түркеш мемлекетіне Шу өзенінің алқаптарындағы басқа да рулар кіргенге ұқсайды. Сөйтіп, бұрыннан келе жатқан тұрақты мекенді Шу хақан өзінің астанасына айналдырып, өзіне лайықты Баласағұн атын берсе, оның қасына жаңа қала салып, оны өзінің нақ есімімен Шу деп атаған. Осы күнгі Шу қаласы (станциясы) өзінің алғашқы атын сақтап келе жатқан тарихи ортағасырлық қалалардың бірі. Өкінішке қарай, бұл қаланың қалдықтары археологиялық тұрғыдан әлі зерттелген жоқ.

Біз айрықша тоқталып отырған Түркеш хақанының теңгесіндегі  $\Psi$  таңба қазіргі Сарыүйсін руының абақ-ашамай таңбасы мен Шапырашты руының  $\Psi$  таңбаларына жақын екені байқалады. Соңғы екі рудың таңбаларының бір-біріне жақын екенін С. Аманжолов өзінің «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты белгілі еңбегінде және «Қазақ шежіресі» кітапшасында жазған. Біздіңше, бұндай ұқсастықтың төркінінде генеалогиялық туыстық жатқан сияқты. Сарыүйсіндер М. Қашқари жазған тохси, шігілердің ұрпақтары болса керек.

М. Қашқаридың жазуынша, Баласағұнның қасиетті орын екенін, онда аққұтан (лэйлек) келіп тұрақтайтынын еске алып, этнологиялық деректерді жергілікті тұрғындар арасынан жинадық. Баласағұн қаласына аққұтан жыл сайын ұялап, одан әрі ұшып кетпейді екен. Ақтөбе маңайын мекендеген тұрғындарынан сұрастырсақ, шындығында да, аққұтан бертінге дейін Калинин атындағы колхоздың орталығындағы биік теректердің басына ұя салып, күзде қайтатынын айтты. Бұл құсты ислам дініндегі жергілікті тұрғындар киелі құс деп білген. Оның ел арасына келуі адамдарға қуаныш, бақыт әкеледі деген сенімде болған. М. Ноғайбаев, Ж. Болатқұлов және т.б. тұрғындар «аққұтанды соңғы көруіміз 1976 жылы болды. Содан кейін келмей қойды» дейді. Оның себебін білмейді. Біздіңше, 1972 жылдары Тасөткел, 1984 жылы Ақсу су қоймалары салынып, соның нәтижесінде Ақтөбе атырабының экологиясы бүтіндей өзгеріп, жер асты сулары көтеріліп, бұрынғы шабындықты жерлер батпаққа, көпшілік жерлер қу тақырға айналып жатқанын көріп жүрміз. Міне, осыдан аққұтан тіршілігіне қолайсыз жағдайлар пайда болған соң, олар да басқа жаққа жер ауған болса керек. Ғасырлар бойы аққұтандарға жазғы мекені болған Баласағұнға олар енді келмей қойған.





## 6.2. Ономастикалық-тарихи жер атаулары

1989 жылдың маусымында Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атауларын анықтау үшін зерттеу жұмысын ұйымдастырдым. Қасыма Шу және Талас өңірін жақсы білетін Уаж Асатов пен Ибраш Құсайыновты алып, Шу ауданын араладым. У. Асатов осы ауданның атқару комитетінде көп жыл жұмыс істеп, құрметті демалысқа шығып, аудандық мұражайдың директоры болып қызмет істейді екен. И. Құсайынов мырза Шу ауданының зооветстанциясының директоры болатын. Осы үшеуміз ел аралап, М. Қашқари айтқан Баласағұн тау (Әулиетау), Бақыртау, Юн-Арық (Жонарық) тарихи орындары Баласағұнның (Ақтөбенің) төңірегінде бар екенін анықтадық. Қатынасқан мырзаларға рақметімді айтамын. Енді соларға жеке-жеке тоқталайық.

35-сурет.  
Баласағұн  
тауының  
(Әулиетау)  
Ұлы Жібек  
жолы өтетін  
жері

## 6.3. Баласағұн тауы (Әулиетау)

Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін – осы жер аты. М. Қашқари: «Құлбақ. Түріктердің үлкен діндар, әулие адамдарының біреуінің есімі. Ол Баласағұн тауларында тіршілік етті. Айтуларға қарағанда, ол қара тасқа «Тәңірі құлы Құлбақ – Тәңірдің құлы Құлбақ» – деп жазса, ақ жазумен жазылып шығады екен, ақ тасқа жазса, қара жазумен жазылып шығады екен. Оның іздері күні бүгінге дейін сақталған деседі» [11].



М. Қашқаридың осы сөзі бойынша зерттеу жүргізсек, Баласағұн тауы (Әулиетау) жоғарыдағы аты аталған Тасөткел су қоймасының солтүстік-батыс жағына орналасқан екен. Бұл тауды қазірдің өзінде жергілікті тұрғындар «Әулиетау» десе, орыс тілдестер «Святая гора» деп атайды. Осы атпен жергілікті тұрғындар «Әулиетауды» жақсы біледі және киелі тау деп құрметтейді (35-сурет).

Әулиетау – Тасөткел су қоймасының солтүстігінде 600 метрдей жерде, Шу өзенінің сол жағасына орналасқан биік тау жотасы. Ол бірнеше биік-биік төбелерден құралған. Соның арасында Шу өзенінің сол жағына тиіп тұрған биік төбе бар. Оны жергілікті тұрғындар «Әулиетау» деп ардақтайды. Сондықтан біз ол төбені

арнайы зерттедік. Оның үстінен болжау ретінде шұңқыр қазып, оны 2 м тереңдеттік. Қазған жерден мәдени қабат шықпай, төбенің үстінде құрылыс болмағанын анықтадық. Төбенің шығысында ой жер бар. Оны қазғанда, ол да табиғи жер екенін байқадық. Соған карағанда, Әулиетаудың үстінде құрылыс болмаған. Оның үстінде қажетті уақыттарда елді басқарушылардың жиналысы және той-думан өткізіліп тұрғанға ұқсайды. Осы жиындар кезінде Әулиетаудың етегіне көптеген киіз үйлер тігіліп, той-думандардың болып жататыны жергілікті тұрғындардың естерінде әлі күнге дейін сақталған. Оның биіктігі 120-130 м, көлемі 4-5 гектар. Сол жерден Әулиетау басталып, батысқа және оңтүстікке қарай созылып жатыр. Олар ойлы-қырлы сиыр бүйректеніп, көп жерді алып жатыр. Жалпы, осы жер «Әулиетау» деген атпен аталады және оның бір шеті Ақтөбенің солтүстігіне келіп тіреледі. Әулиетаудың үстінен Ұлы Жібек жолы Тасөткел арқылы Шу өзенінің оң жағына өткен. Көптен бері сол жерді мекендеген Т. Шөмішбаев, А.Е. Хмелов, С. Битов, басқа да



36-сурет.  
Жазуы бар  
түйенің  
жауырыны

қариялармен сөйлестік. Олар Әулиетауда М. Қашқари айтқан тасқа жазылған жазу бертінге дейін сақталғанын, 1972 жылы Тасөткел су қоймасының астына кеткенін бірауыздан растайды [12].

Әулиетауды анықтайтын тағы бір дәлел – Тасөткелдегі Тасқаладан 1962 жылы табылған түйенің жауырынына жазылған жазу [13]. Осы сүйектің екі бетіне қара сиямен жазылған жазуларды Өзбек ССР Ғылым академиясының Шығыстану институтының профессоры Бөрі Ахметовке оқытқанда, мынадай сөздердің бар екені анықталды: 1-қатардағы сөздер: «Құлұқтың қызы Мийан Қабар»; 2-қатарда – «Құлұқтың баласы Чуниси»; оның екінші бетінде – «Мұхаммед Қа-



зи»; 4-қатарда – «Бар Мұхаммед Құлұқ»; 5-қатарда – «Бар Құлұқ Әлидің ұлы»; оның екінші бетінде – «Құлұқ Махр»; 6-қатарда – «Құлұқ Әлидің бір баласы» және тағы солай жалғаса береді (36-сурет).

М. Қашқариде мынандай сөз бар:

«Айттым оған сабылма,  
Құлбаққа қарай жұмылма,  
Таяз суға су болма,  
Қашты алып менің қойымды» [14].

Мұнда опасыздық істеген адам жайлы айтылған. Бұл жерде жарамсыз қылық Құлбаққа жақпайды дегенді меңзейді.

Осы сөздерге сүйенсек, Баласағұнда өмір сүрген, өз заманында әулие деген атты иеленген, Құлұқ деген әйгілі дербіш болған. Соған қарағанда, осы жауырында Құлұқ әулиенің тегі баян етілген деп болжауға болатын тәрізді. Құлұқтың есімі Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде Күлік деп дәл аталса, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрігінде» Құлбақ деп берілген. Бұл деректердің айтуы бойынша, ол кісі Баласағұн тауларын мекендеп, сол кісінің құрметіне бұл тауды «Әулиеелі» жер деп атап кеткен. Өйткені Күліктің сүйегі Баласағұн тауына жерленген. Жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, Баласағұн қаласының негізгі үлкен моласы (мүрдесі) осы Әулиетауда болған. Тұрғындардың моласы Тасөткел су қоймасының астында қалған.

Баласағұнда туған, әлемге аты кең тараған энциклопедист ғалым Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» «Еліктің Айтолдыға айтқан жауабынан» үзінді келтірейік:

«Елік айтты: – Ұқтым енді сөзінді,  
Қуант мені; ықтият бол өзің де.  
Мен айтайын, жаманатты білгейсің,  
Жақындамай, одан аулақ жүргейсің.  
Жақтырмаймын: жалғандықты жалғанда,  
Зорлық етіп, қара күшке салғанды...  
– Ісі олақ, өсек-өтірік тергені,  
Өзі ұшқалақ, көзі ұятсыз пендені.  
Дөрекілік, қызбалық та – тағаттық –  
Құлы болса қу құлқын мен шараптың.  
Ондай жандар шығыса алмас менімен,  
Айттым ашық: тең ғой әркім теңімен.  
Адал қызмет еткің келсе, кел, біліп...  
Мұндайлардан тый өзінді, ей, Күлік!




Жақын тартып, бұл көңілің тоғаяр,  
Менің де ізет, ықыласым молаяр!» [15].

Бұл келтірілген шумақтан Жүсіп Баласағұнның Күлік әулиеге сиынғанын байқау қиын емес. Ж. Баласағұн – XI ғасырдың басында жасаған ғалым. Оның өмір сүрген кезінде, Күлік әулие ретінде түркі тайпаларының арасында әйгілі адам болған көрінеді. Сондықтан ғалым Күлікке өтініш ретінде адамдарды жаман әдеттен тыя көр, сонда менің де ізет-құрметім көбейеді деген пікірді білдіреді. Сөйтіп, М. Қашқаридың жазған «Құлбак әулиесі» мен Ж. Баласағұнның «Күлік қасиетті» дегені бір адам. Күлік Баласағұн тауын мекен еткен және ислам дінін уағыздаған алғашқы батыс түркілерінің бірі болған. Күліктің атымен Баласағұн тауы «Әулиетау» деп аталып кете берген. Міне, сол тау осы күнгі ортағасырлық Баласағұнның солтүстік-батысында орналасқан. Сөйтіп, Махмұд Қашқаридың жазған Баласағұн тауы бұрынғы Баласағұн, қазіргі ортағасырлық Ақтөбе қаласының қасында екені анықталды.

Біздің сөйлескен қарияларымыздың айтуынша, Әулиетау – Шу өңіріндегі қазақ және қырғыздарға белгілі жер. Барлығы бұл тауды құрметтеп, оған тәжім етеді. Керек десеңіз, ертеде қазақ пен қырғыздардың осы өңірді жайлаған тұрғын ақсақалдары жылына бір рет Әулиетауға жиналып, таудың басына шығып кеңес құрып, халықтар арасындағы шешілмей жатқан келелі мәселелерді талқылап, бір шешімге келіп отыратындары әлі күнге дейін адамдардың естерінде сақталған. Бұл тауға жиналып, үлкен мәселелерді дұрыс шешуге Әулиетау жәрдемдеседі деген сенімнен туған болса керек.

#### 6.4. Бақырлықтау

Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін тағы бір дерек М. Қашқаридың еңбегінде жазылған. «Бақырлық (мысты): Бақырлық тағ – мысты тау; мысы көп тау. Бақырлық тағ: Баласағұнға жақын бір жердің атауы» [16]. Сонан кейін Бақырлықтау мыстың кені деп түсінік берген. Осы М. Қашқаридың айтуынша Бақырлықтауды да таптық. Бұл тауды қазір Жайсан тауы деп атайды. Ол үшке бөлініп аталады: Салажайсан, Ортажайсан және Қадыржайсан. Жайсан тауының шығысы Қордай тауымен жалғасып жатыр. Оның батыс түстігі Тасөткел су қоймасымен шектеседі. 1989 жылы Жайсан тауын аралап, оның бұрынғы Бақырлықтау (Мыстау) екенін анықтадық. Мұндай жұмысты іске асыруда жергілікті азаматтар



37-сурет. Баласағұн тауы (Әулиетау), Юн-Арық (Жонарық) және Бақырлықтау тарихи жерлерінің ономастикалық картасы



көп жәрдем көрсетті. Олардың осы қызметіне рақмет айтамыз (37-сурет). Баласағұн тауы (Әулиетау), Юн-Арық (Жонарық) және Бақыртау тарихи жерлерінің ономастикалық картасына назар аударыңыз.

Жайсан тауы табиғаты адамның тұрмысына қолайлы жер. Таудың ішінде Үңгірлі, Шатырқұл, Үшмайтас, Теректі, Бұқпан және Сүлікті өзендері бар. Осы өзендердің бойлары ерте заманнан қола мен темір дәуірлерінен бастап-ақ адамдардың қоныс еткен жері көрінеді. Оған дәлел, Жайсанда қола және темір замандарының ескерткіштері (шахталары) көп сақталған. Оларда таспен қоршалған обалар, биік-биік төбелер, өзеннің жағасындағы тастарға салынған таңбалар, суреттер және түркі кезеңдерінің тастан істелген мүсіндері кездеседі. Осылардың бәрі сол дәуірлерді айғақтайтын мұралар. Осы ескерткіштерді сақтауға, оларды зерттеуге ешкім көңіл бөліп, еске де алмаған.

Тарихтың жоғарыдағы аты аталған заманында Жайсан тауындағы мыстан жергілікті тайпалар өздерінің өмірлеріне керекті құралдарды, бұйымдарды істеп шығарып, ол мыс кенін ертедегі ортағасырларда кең пайдалана білген. Сондай-ақ қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Баласағұн қаласының темір, мыс өндіретін кені осы Жайсан тауда болған. Осы тауды ортағасырда Бақырлықтау деп атаған. Ертедегі мыс қорытқан кендердің орындары Ортажайсан тауында жақсы сақталған. Олардың көлемі шамамен 5-6 шақырым жерді алып жатыр. Бұл жер қазіргі кезде «Шатырқұл кені» деп аталады.

Жергілікті қариялармен сөйлескенде, Шатырқұл туралы ел арасында сақталып қалған аңызды естідік. Ол 1723 жылдары «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезінде өмір сүрген. Оның анасы жоңғарлардан қалып қойған екі кісінің бірі болған. Әкесі Ботпай руынан шыққан. Ортажайсанды Шатырқұл мекендеп, сол кісінің атымен осы жер Шатырқұл мыс тауы деп аталады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Шатырқұл тауынан қарахандар, қарақытайлар және жоңғарлар мыс өндіріп алған. Бұл пікірдің жаны бар. Баласағұнды мекендеген ертедегі ортағасырдағы түркілер, қарлұқтар, қараханидтер, қаракидандар және жоңғарлар Жайсандағы өте бай мыс кендерін кеңінен пайдаланған. Өйткені мыстан, күмістен және темірден істелген бұйымдар Баласағұнда мол кездеседі. Ол заттарға жоғарыда тоқталдық.

Шу өңірінде бұдан басқа ірі мыс шығатын кен орындары жоқ. Шатырқұл кенін Қазан революциясына дейін ағылшындар аздап пайдаланған. Бұл жерден алынған кенді руда күйінде түйемен Жезқазғанға жіберіп тұрған. Кеңес өкіметі жылдарында бұл кен көзі жабылып қалған. Бірақ бұл кен орнын көңілден шығармай,



Шатырқұл кенінде зерттеу жұмыстарын жүргізген. 1920–1934 жылдарда гидрогеолог Б.Г. Терлицкин, 1940 жылы геолог Н.П. Михайлов секілді мамандар Шатыркөлде (Шатырқұл) барлау жұмыстарын жүргізген. Онан кейін, 1949–1975 жылдары бірқатар геологтар кен көлемде зерттеулер жүргізіп, өздерінің пікірлерін мақалаларда жазып қалдырған [17]. Шатырқұлдан зерттеушілер қола дәуіріне жататын темір балғалар, кувалдалар, сыналар, мыс ерітінділерін, шахтыларды, мыс, темір балқытушы пештерді тапқан. Геологтар 25-30 м тереңдікке дейін қазып, жер асты суына жеткен. Мамандар солтүстіктен шығысқа қарай созылған негізгі зона тек карьерлердің көптігімен ғана емес, үзілістермен тізбек ретінде бүкіл ұзындық бойына ашылуымен ерекшеленетінін арнайы көрсеткен. Жалпы карьерлердің ұзындықтарының қосындысы 2540 м (55%). Оның орталық бөлігіндегі ең үлкен карьердің ұзындығы 200 м-ге дейін, біреуі –340 м, ені 40-45 м-ге дейін [18]. Солардың ішінде мыстың қоры мол көлемді жерді алып жатқанын анықтаған. Темір кендерін тереңнен шахта қазып алған көрінеді. Сондықтан бұл жердің кенін кейінірек пайдалануды мақұл көрген. Жайсан тауының мыс кенін өндірістік игеру қолға алынған жоқ. Біз осы жерге барғанымызда, ертедегі кен көзінің орны мен жердің бетіндегі тау-тастарына жабысып жатқан көкпенбек мыстарды көрген болатынбыз.

Жайсан тауының түсті металын Ақтөбенің тұрғындары кезінде пайдаланған. Бұл үлкен қаланың кен өндіретін орны Шатырқұл (Бақыртау) болған. Осы кеннен тек қана мыс емес, алтын, күміс, керек десеніз, шойын да өндірілген. Әртүрлі металдан жасалған бұйымдар Ақтөбедегі қазба жұмысы кездерінде жыл сайын табылуда. Мысалы, Ақтөбеден мыстан, күмістен істелген әдемі шырақтар, түрлі-түсті ыдыстар, түймелер, білезіктер, сырғалар, теңгелер, садақтардың ұштары және сол сияқты тұрмысқа керекті бұйымдар табылды. Шойыннан жасалған үлкен қазандар, темірден соғылған балғалар, кетпендер, шот балта және тағы басқа бұйымдар бар. Тек, бір бөлмені аршығанда құмыраға салынған Қарахан дәуірінің 5000 мыс теңгесі табылды деп жоғарыда айтқан едік. Оның салмағы 20 килограмнан астам. Бұлардан басқа да жыл сайын археологиялық қазба жұмысы кезінде мыс теңгелер, моншақтар табылды. Осы бұйымдардың Ақтөбеден көп табылуын кездейсоқ деп қарауға болмайды. Бұдан шығатын қорытынды: Ақтөбеде колөнер кәсібі жоғары дәрежеде дамыған. Солардың ішінде металдан тамаша бұйымдар шығаратын зергерлер, ұсталар темірді Жайсандағы Шатырқұл кенінен алған. Шатырқұл кен көзі М. Қашқаридың жазып қалдырған Бақырлықтауы екеніне күмән болмаса керек. Бұл тау қазіргі Ақтөбеден, яғни Баласағұннан 30-40 км жерге орналасқан. Сөйтіп, ол да Ақтөбенің бұрынғы



Баласағұн екеніне, бұрынғы Бақырлықтау қазіргі Жайсан тауы (Шатырқұл кені) екеніне тағы бір дәлел, куә іспетті.

### 6.5. Юн-Арық (Жонарық)

Махмұд Қашқари өз еңбегінде Баласағұнға жақын жерде оның «Юн-Арық деп аталатын жайлауы бар» екенін жазған. Юн-Арықтың этимологиясын әртүрлі сөздіктерден қарағанда, мынадай түйінге келеміз: «Древнетюркский словарь»: «Юн-Арик — географическое название летовки вблизи Баласагуна» (Махмұд Қашқари. III т. 145-б.); «Таджикско-русский словарь»: «Юн-бок – возвышенное место». Қазақша «Жонарық» дөңес жердің үстімен тартылған арық деген мағынаны береді. Олай болса, «Арық» сөзінің Қырғызстандағы Бұрана қаласының қасындағы Дон-Арық қонысымен байланысы жоқ. Бұрананың қасындағы Дон-Арықтың этимологиясы қырғыз тілінде Бұрана өзенінің төменгі бойына орналасқан ауыл деген түсінікті береді. Бұл қоныс Бұрана қаласымен шектесіп жатыр [19]. П.Н. Кожемяконың кітабындағы Бұрананың жоспарына қараңыз. Қырғыз археологтары, соның ішінде В.Д. Горячева өзінің еңбектерінде Юн-Арықты Дон-Арық деп бұрмалаған. Бұл зерттеушінің сондағы мақсаты, қалай болса да Бұрананы Баласағұнның баламасы деп дәлелдемекші. Бұл пікір еш қисынға келмейді. Осындай қаланың қасына орналасқан Дон-Арық сияқты шағын ауылдың жері дүниеге атағы шыққан, бірнеше ғасырлар түркілердің астанасы болған және онда мыңдаған тұрғындар мекен еткен шаһардың қалайша жайлауы бола алады? М. Қашқаридың еңбегінде және басқа ғылыми деректерде «Юн-Арық – баласағұндықтардың жайлауы» – деп ашық айтқан ғой. Олай болса, буынсыз жерге пышақ салуға бола ма! Ертедегі ғұламалардың айтқандарын жоққа шығарып, тек біздің пікір дұрыс деу ғылымға жараспайды. Сондықтан Бұрананың қасындағы Дон-Арық тек қана қоныстың аты және ол Баласағұн сияқты қаланың ғана емес, кішкентай Бұрана қаласының жайлауы да бола алмайды. Жайлау деген өте үлкен ұғым, әдейі кішірейтудің қажеті жоқ. Әсіресе, Баласағұнның жайлауы өзіне лайықты кең көлемді алып жатуы керек.

М. Қашқаридың сөзін қуалап, Юн-Арықты іздесек, ол – қазіргі археологиялық жақтан зерттеп жатқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының батысынан Луговойға (бұрынғы Құлан) қарай созылып жатқан жазық жер. Бұл жер Баласағұн сияқты үлкен қаланың жайлауына өте лайықты. Бұл жайлау Ақтөбеден басталып, Мерке ауданының солтүстігіндегі, Луговой ауданының шығысындағы, Шу ауданының батыс-оңтүстігіндегі ұлан-ғайыр жазықты алып





жатыр. Осы жайлаудың арғы жағы Мойынқұммен жалғасады. Жері жаз жайлауға өте қолайлы. Тоқташ, Сарғау, Қорағаты, Ойранды, Аспара, Қызтуған, Ойтал, Мүнке сияқты үлкенді-кішілі бірнеше өзендер бар. Олардың барлығы Қорағаты өзеніне құяды. Қорағаты осы күнгі Кеңес ауылының тұсынан, Шу өзеніне қосылады. Суы мол, жайылымға өте қолайлы жердің Баласағұн сияқты астаналық қаланың жазғы жайылымы болуына өте лайықты екенін байқау қиын емес. Аты аталған өзендердің бойлары жылқы, қара мал өсіруге қолайлы болса, Мойынқұм – қой, ешкі және түйенің жайылымы. Мойынқұм батысқа қарай созылып, Бетпақдаламен жалғасады. Осы жерлердің бәрін қосқанда, көп халқы бар Баласағұнның жазғы жайлауы ұлан-ғайыр жерді алып жатқанын байқауға болады. Мұндай кеңістікті Қырғызстаннан табу екіталай.

Жонарықтың тарихымен тереңірек танысу үшін, Беларық ауылындағы Болатбек Имашев, Сағаш Әшілдаев сияқты қариялармен ауызба-ауыз сөйлескенімізде, олар мынадай мағлұмат берді: «Бұл жерді ерте заманнан біздердің ата-бабаларымыз жайлаған. Біздің ауылымыз Беларық – «Тәтті» совхозының бір бөлімшесі. Ол Мерке ауданына қарайды. Беларықты кейде Жонарық деп те атайды. Себебі бұл арық жонның үстімен қазылған. Біздің түсінігіміз бойынша, «жон» және «бел» сөздерінің мағынасы бір. Бұл сөздер жоталы жер деген мағынада. Жонарық өзінің басын Мерке қаласының бергі жағынан, Ойтал өзенінен алып, жотаның үстімен келіп, Қызтуған өзеніне қосылады. Жонарықтың ағысы қатты болғаны сондай, түйені де, өгізді де ағызып кететіні туралы халық арасында сөз қалған. Жонарық бұл кезде құрғап қалған. 1989 жылы біз Жонарықтың кеуіп қалған аңғарымен жүріп, оның қазіргі сақталған тереңдігі 80-100 м, ені 4 м екенінің куәгері болдық.

Жонарықтың төңірегінде жоғарыдағы аты аталған өзендерден басқа тоғандар да бар. Оның оң жағында, 5-6 шақырым жерде Бұзаутоған, Жонарықтың сол жағында Тантай тоғандары орналасқан. Бұл тоғандар Бұзау, Тантай руларының қазған су жүйелері. Олар кейінірек қазылғанға ұқсайды. Себебі сол рулар осы күнге дейін Жонарықты жайлайды. Бұл маңның тұрмысқа өте қолайлы екенін суреттеген, ел арасында мынадай өлең шумағы бар екенін жоғарыдағы аты аталған қариялар айтып берді:

«Шары, Қорағаты, Аспара еді,  
Дәулеті талай жұрттан асқан еді,  
Мұжықтар олардағы залал тауып,  
Қарамай мал-мүлкіне қашқан еді.  
Кейінгі халық не болды деп,  
Көзіміз жасқа толған еді».




Осы келтірілген шумақта Жонарықтың бойындағы өзендердің тұрмысқа жайлы, «жері байдың – елі бай» деген сияқты бай жерлер екені, сол атамекеннен патшалық Ресейдің отаршылары жергілікті халықтарды қуып шыққаныны баяндалады. Әлбетте, патша үкіметі шұрайлы, ең жақсы жерлерді Ресейден келгендерге бергені айдан анық қой. Қазірдің өзінде, Қазан революциясына дейінгі орыс селолары суы мол, тұрмысқа қолайлы жерге орналасқаны көрініп тұрған жоқ па?! Орыстардың селолары Шу өңірінде көптеп кездеседі. Сөйтіп, М. Қашқаридың көрсеткен Жонарығы (Беларығы) қазіргі ортағасырлық Ақтөбе қаласының атырабындағы жер. XX ғ. 80-жылдарында қазір Жонарықтың бойында Мерке ауданының «Қазақстан», «Победа», «Аспара», «Мерке», «Тәтті» шаруашылықтары, Шу ауданының «Тасөткел», Абай атындағы совхоздары орналасқан. Мұндай көлемі үлкен жайлауға жарайтын жерді Ақбешім, Бурана төңірегінен табу былай тұрсын, Қырғызстаннан да табу қиын шығар [20].

### 6.6. Қарабалта

Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ бар. Арабтың ортағасырда өмір сүрген ғалымы Махмуд Ибн-Валидің Баласағұн жөнінде жазып қалдырған «Бахр әл-Асрар» деген еңбегінде Баласағұнды кеңірек суреттеп, бір қашқарлық саяхатшының сөзін келтіреді: «Мен осы кітабымды Балх қаласында жазып бітірген кезде, Қашқардан келген бір саяхатшы былай деді: «Қашқарияның басшысы қалмақтарды қуып, Моғолстанға келді. Ол қалмақтарға қираған үлкен қаланың қасында жетті. Оның үйлерінің қабырғалары топырақтан 3-3,5 м шығып тұр екен. Олардың арасында минареттер, медресенің қабырғалары сорайып, 25-30 шақырымнан көрінеді. Осы ойран болған қаланың қасында қуғыншылар мен қашқандардың (қалмақтардың) арасында шайқас болып, нәтижесінде қалмақтар жеңіліп, Қарабалта өзеніне тығылды. Сол жерден оларды ұстап, қайтадан жаңағы соғыс болған қалаға айдап келдік. Қашқарлықтар қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда: «Біздер білмейміз. Жергілікті тұрғындар қираған Баласағұн қаласы деп атайды» деген [21].

Бұл Махмуд Ибн-Валидің келтірген дерегі қашқарлықтардың келіп жеткен қаласы Баласағұн екеніне айқын дәлел. Себебі Қарабалта өзені осы күнгі Ақтөбенің батыс жағын қақ жарып, Ақсу өзеніне құйып жатыр. Қашқарлықтар қашқан қалмақтарды Баласағұн қаласының қасында қуып жетіп, осы жерде оларды ұстап, өздеріне бағындырған. Бұл дерек осы күнгі Ақтөбенің



38-сурет. Ұлы Жібек жолының картасы



Баласағұн екенін дәлелдеуге тілге тиек болатындай мағлұмат. Махмұд Қашқаридың еңбектерінде көрсетілген Баласағұнның төңірегіндегі жер атаулары осы күнгі Ақтөбе қаласының атырабынан табылды: Баласағұн тауы (Әулиетау), Бақыртау, Юн-Арық (Жонарық), Қарабалта өзені.

XIV ғасырда тарихи сахнадан түсіп, орналасқан жері белгісіз болып қалған Баласағұнның ертедегі ортағасырда Ұлы Жібек жолындағы түркілердің әлемге әйгілі ірі қалаларының бірі болғаны жазба деректерде сақталып қалған. Оның Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) мемлекеттерінің астанасы болғанына жоғарыда тоқталдық. Түркілердің осындай саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанын еске алып, шығыстанушы ғалымдар алты ғасыр бойы Баласағұнның тұрған орнын іздеумен әлектенуде. Бұл шиеленіскен мәселені шешуде осы тараудағы келтірілген деректер тілге тиек болатынына тоқталдық. Солардың ішіндегі Ақтөбеден (Баласағұннан) табылған түркеш теңгесіндегі «небесного тюргеш-хакана деньги» (аспандағы түргеш-хақан теңгесі) деген жазу мен «Ұ» Шу таңбасы М. Қашқаридың «Түрік сөздігінде» жазғанына дәлме-дәл келеді. Оның үстіне, Баласағұнды астана еткен мемлекеттердің теңгелерін жасайтын сарайының ашылғанына жоғарыда тоқталғанбыз.

Ақтөбе қаласының орналасқан жері Арғу, яғни таулардың арасына жайласқан қалалардың қатарына жататыны да М. Қашқаридың жазғанынан алшақ кетпейді. Қырғыздың Алатауының солтүстігінде Баласағұн (Әулие) және Жайсан тауларының арасында, Шу өзенінің сол жағында іздеп жүрген Баласағұн қаласы орналасқан. Қаланың солтүстік шеті Тасөткелмен жалғасқан. Тасөткел – Ақтөбе (Баласағұн) мен Шу қаласының ортасындағы Тасөткел су қоймасының қазіргі орны. Ерте замандардан бері, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы осы Тасөткел арқылы Шу өзенінен керуендер, көліктер, жаяулар кешіп өтетін болған (38-сурет). Шу өзенінің осы жеріндегі судың астында табиғи тас төселген дөңестеу жерден әрлі-берлі өтетін жол болғандықтан, оны Тасөткел немесе Иткешу деп атап кеткен. 1893–1894 жж. В.В. Бартольд зерттеу жұмысымен Шу өңіріне келген кезде, осы Иткешу туралы өзінің пікірін жазған: «Значительно севернее, на правом берегу Чу, недалеко от впадения в нее реки Курагаты, находятся развалины Ит-кичу, около брода того же имени. Этот брод в прежнее время имел некоторое значение для караванных путей; в 1859 г. Венюков с русским отрядом прошел путь от Верного к Ит-кичу; ... к Ит-кичу и по пути от Аулие-Ата, мимо Ит-кичу, к Балхашу... английский ученый Ховорс (Noworth) считает развалины Ит-кичу остатками Баласагун» [22].



Ғұламаның сөз етіп отырған Иткешуі, қазіргі біздерге жеткен Тасөткелге жақын келеді. Өткелдің бұрынғы атауы оның мағынасына лайықты қойылған. Шу өзенінің бұл өтетін жері таяз болғандықтан, жаяу да, көлікті де, малдар да, иттер де өте беретін болғандықтан осылай аталып, өткелдің оң жағасына салынған қонысқа да Иткешу аты берілген. Уақыттың өтуімен бұл қоныстың аты өзгеріп, орны бұзылып, төбеге айналған. Оны қазіргі кезде Тастұмсық қалашығы дейді. Аталмыш қоныс Тасөткел су қоймасының оң жағасында орналасқан. Оның сол жағы 32 м, оңтүстік және батыс жақтары 25 м, биіктігі 1,7-2 м. Бұл ескерткішті 1980 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары зерттеді. Тоқталып отырған қоныс қирап, тарихи ескерткішке айналып, көрсетілген көлемде төбе болып жатыр. Оның көпшілік бөлігі Тасөткел су қоймасының астында қалып қойған. Қоныстың су басқан жерінен әртүрлі бұйымдардың сынықтары мен бүтіндей заттар шығуда. Жалпы ескерткішке қарағанда, бұл жерде үлкен қоныс болып, керуен-сарайлар, қолөнер кәсіп орындары, базар сияқты орындар болғаны байқалады. Бұл ескерткіш кең көлемде археологиялық жақтан зерттелген жоқ. Ол – алдағы жұмыс.

Бұрынғы Иткешу, қазіргі Тасөткелдегі Тастұмсық қалашығы – тарихи Баласағұн қаласының жалғасы. Иткешу қалашығы Шу өзенінің сол жағындағы Қырықкүй қонысы арқылы Баласағұнмен жалғасып жатқан. Қырықкүй Ақсу өзенінің Шуға құятын сағасына орналасқан [23]. Иткешу (Тасөткел) – Баласағұн мен Шу қалаларының арасына орналасқан Ұлы Жібек жолының күрделі бекеттерінің бірі. Осы тұрғыдан қарағанда, В.В. Бартольд келтірген ағылшын ғалымы Ховорстың Иткешу қонысы Баласағұн қонысының қалдығы деген пікірін біршама қуаттауға тура келеді. Өйткені Баласағұн Тасөткелмен жалғасып жатқан. Бірақ В.В. Бартольд Ховорстың бұл пікірін білдіріп, оның еңбегіне сілтеме жасаған (Noworth, Nistory of the Mongols, pt, p. 6). Біз бұл ғалымның көрсетілген еңбегімен таныс болмағанымызға өкініш білдіреміз.

Баласағұн тауы (Әулиетау) өзі аттас атаумен аталғаны даусыз екеніне жоғарыда тоқталдық. Бұл орынның «әулие» аталуы түріктің діндар адамы Құлықтың есімімен байланысты болғаны осы күнге дейін ел арасында ұмытылмаған. Сол маңды білетіндер, Шу ауданының тұрғындары ұлттарына, жынысына қарамастан Әулиетауға құрметпен қарайды және оның үстіне малдарын жаймайды. Біздер осы сезімнің талай куәгері болдық. Әулиетаудың үстінен Ұлы Жібек жолы өткен.



### Әдебиеттер

1. Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-т. Алматы, 1998. 555-б.
2. Сонда. 1-т. 462-б.
3. Бартольд В.В. Баласағун // Соч. Т. 3. М., 1965. С. 355–357.
4. Қашқари М. 3-т. 551–554-б.
5. Бурнашева Р.З. Монетные находки о городище Актобе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата, 1986. С. 71–87.
6. Смирнова О.И. Сводный каталог согдийских монет. Бронза. М., 1981. С. 60.
7. Сонда.
8. Бартольд В.В. Соч. Т. IV. М., 1966. С. 47.
9. Бурнашева Р.З. Сонда. 17–78-бб.
10. Сонда. 73–74-бб.
11. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997. 534–535-б.
12. Университеттің археологиялық есебі. 1989 (Қолжазба). 1990. 7–25-бб.
13. Шәлекенов У.Х. Баласағұн //Қазақ әдебиеті. 1989. 12 мамыр.
14. Қашқари М. 3-т. 113–114-б.
15. Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы, 1986. 124-б.
16. Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. Алматы, 1997. 553-б.
17. Южный Казахстан. Полезные ископаемые. Геология СССР. М., 1977. Т. XI. С. 118–120; Чу-Илийский рудный пояс. Рудные полезные ископаемые. Алма-Ата, 1980. С. 73–78.
18. ҚР тарих және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002. 323-б.
19. Кожемяко П.Н. Раннесредневековые городища и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959. С. 127.
20. УАЭ. Есеп. 1990. 15–25-бб.
21. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент, 1988. С. 241–242.
22. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг. // Соч. Т. IV. М., 1966. С. 42.
23. Елеуов М. Тастұмсық қалашығы //Қазақстан Республикасының тарих және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы. Алматы, 2002. 322-б.



## *VII тарау.* ТҮРКІЛЕРДІҢ ОТЫРЫҚШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ



### 7.1. Орталық Азия түркілерінің құл иеленушілік дәуірі

**Е**уропалық тарихнамаларда: «Түркілер құл иеленушілік қоғамды бастарынан өткермей, алғашқы қоғамнан бірден феодализмге өткен» – деген «ғылыми тұжырым» осы күнге дейін үстемдік етіп келе жатыр. Олардың пікірлері бойынша, түркілер көшпелі өмір сүрген және олардың тұрақты мекендері болмаған, олардың өмірі тынымсыз көшіп-қонумен, мал шаруашылығын жүргізумен өткен, ондай жағдайда құл иеленушілік қоғамның болуы мүмкін емес.

XX ғасырда тарихи жазба деректер, археологиялық, этнологиялық, антропологиялық, жағырафиялық және тағы басқа да ғылым салалары бойынша түркілердің тарихына қатысты өте бай тарихи деректер жиналды. Осы деректерге байланысты, түркілерді көшпелі және құл иеленушілік формацияны бастарынан өткермеді деген тұжырымды қайта қараудың қажеттілігі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Түркілердің өмірі Орталық Азияның тамаша бай табиғи-жағырафиялық ерекшеліктеріне негізделіп дамыған. Орталық Азияның жер көлемі қандай үлкен болса, табиғаты да алуан түрлі. Оның адам тұрмысына жарамайтын жерлері жоқ. Отырықшылыққа қолайлы жерлерде түркілер тұрақты мекендер мен қалаларды салып, отырықшы мәдени өркениетке жетсе, шөл-шөлейттік жерлерде жартылай отырықшы және көшпелі өмір сүрген. Түркілердің тарихи дамуын олардың өмір сүрген табиғи-жағырафиялық жағдайларымен байланыстырып, өмірлеріне, соның ішінде шаруашылықтарына дифференциалдық тұрғыда (бір жақты емес, көп жақты) қарағанда ғана түркілердің тұрмысын шынайы түсіне аламыз. Осынша кең-байтақ жерді мекендеген түркілердің тарихтары, өмірлері, тұрмыс-мәдениеттері біркелкі болмаған. Дүние жүзінде, сондай-ақ Орталық Азия-



дан таза көшпелілерді табу қиын. Шөлейттік аймақтарда да тұрақты мекендердің, керек десеңіз, шағын қалалардың болғаны байқалады. Осы айтылған пікірлерді дәлелдейтін деректер топталды. Тек, сол бай мұраларды талдап, олардың мәніне тереңірек үңіліп, түркі әлемінің, соның ішінде қазақ халқының шынайы тарихын жазуымыз керек.

Ол үшін бұрынғы теріс пікірлерді қайта қарау керек. Соның бірі – «түркілер құл иеленушілік қоғамды бастарынан өткермеді» – деген концепция.

Орталық Азия алғашқы қоғамды, құл иеленушілік және феодализм қоғамдарын басынан өткерген тайпалардың және халықтардың мекені екенін соңғы ғасырларда жүргізілген археологиялық, этнологиялық, антропологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр. Бұндай зерттеулер ХІХ ғ. аяқ кезінен басталып, ХХ ғ. кең көлемде үлкенді-кішілі экспедициялар ұйымдастырылып, зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Ол зерттеулерге монографияның бірінші тарауында кеңірек тоқталғандықтан, бұл жерде тек ірі-ірі зерттеушілердің аттары мен экспедицияларын атап өтпекшіміз: Оңтүстік Сібір және Орталық Азияны зерттеген кеңес-моңғол археологиялық экспедициясы (А.П. Окладников, С.В. Киселев); көп кешенді Хорезм археологиялық экспедициясы (С.П. Толстов); Орталық Қазақстан экспедициясы (Ә.Х. Марғұлан); Оңтүстік Қазақстан экспедициясы (К.А. Ақышев); Оңтүстік Түрікменстан археологиялық экспедициясы (М.Е. Массон). Сондай-ақ Я.Г. Гулямов Өзбекстанда, А.П. Окладников Тәжікстанда археологиялық зерттеулерді кең көлемде жүргізді.

Бұл археологиялық зерттеулер Орталық Азияны түгел камтып, оның аймақтарында сақталған археологиялық және сәулеттік (архитектуралық) тарихи ескерткіштерді зерттеді. Олар ежелгі түркілердің алғашқы қоғамынан бастап, жаңа заманға дейінгі тарихын сәулелендіретін өте бай деректерді жинады. Олардың біразы түркі тілдес халықтардың тарихтарына енді және жеке монографиялар, экспедициялардың жинағы ретінде, мақалалар түрінде жарық көрді. Барлық табылған құнды деректер түгел жарияланды деуге болмайды. Олардың көпшілігі археологиялық институттардың архивтерінде, ғылыми қорларында, мұражайларда сақталған. Міне, осынша қолға түскен деректердің негізінде, Орталық Азия түркілерінің тарихын негізінен қайта қарауға толық мүмкіншілік туып отыр.

Осы деректерге қарамастан, Кеңес өкіметі кезінде түркі халықтарының тарихын мейлінше бұрмалап, оларға «көшпелілер» айдарын тағып, адам баласының бастарынан өткерген тарихи формацияларды түгел өтпеген деген, ғылымға жатпайтын





үстіртін тұжырымдарды жариялап келдік. Олар барлық түркілерді алғашқы қоғамнан феодализмге, одан кейін бірден социализмге өтті деп түсіндірді. Бұндай тарихи секірмелі қоғамдарды олардың маңдайына жазып қойған сияқты пікірлерді жалықпай жаздық. Жер шарындағы көптеген дамыған халықтар сияқты, түркілер де тарихи формацияларды басынан өткеріп, отырықшы өркениеттің негізін көне замандарда салып, оны эволюциялық даму заңдылығы бойынша дамытқан. Түркілер адамзат тарихын дамытуда айтарлықтай үлестерін қосып келген. Барлық өмірін түркілердің тарихын зерттеуге жұмсаған белгілі шығыстанушы Л.Н. Гумилев сияқты ғалымдар түркілердің мәдениеті зор болғанын жазып, өзінің пікірлерін білдірген: «Хош, сонымен, көне түркілердің адамзат тарихындағы маңызы орасан зор, бірақ бұл халықтың тарихы әлі күнге дейін жазылмаған. Ол жол-жөнекей, үстірт баяндалып келген, бұл бастау-тану, ономастикалық, этнонимдік, топонимикалық сыпаттағы қиындықтарды айналып өтуге жағдай жасады. Бұл қиындықтың көптігі сондай, осынау жұмыс оған тіл ғылымы тұрғысынан түсінік беруден именеді» [1].

Бұл ғұламаның пікірін қолдамауға болмайды. Түркі халықтарының шынайы тарихы әлі жазылмағандығы рас. Ол жазылса да, отаршылардың қолымен, ықпалымен, өздерінің елегінен өткеру арқылы жазылғандықтан, орыс емес халықтардың тарихы қисық айна арқылы күңгірттелген. Түркілердің тарихымен айналысқан ғалымдардың көпшілігі қалыптасып қалған пікірге (еуроцентризмге) сүйеніп, барлық түркілерді көшпелі (номадтар) деп тұжырым жасап, тарихи деректерді соған бұрмалап пайдаланған. Керек десеңіз, түркілерді Орталық Азияның оңтүстік-батысына шығыс жақтан келген, келімсек етіп көрсеткен. Сөйтіп, Орталық Азия, Тұран елі түркілердің Отаны екеніне күмән келтірген. Түркілерді жабайы көшпелі халықтар етіп көрсетіп, Орталық Азия жеріндегі заттай және рухани мәдениеттің жетістіктерін соғдыларға (иран тілдес халықтарға) жатқызған. Осылар сияқты бұрмалаушылыққа түркі халықтарының тарихы белшесінен батқан. Түркілердің тарихын шынайы зерттеген бірен-саран ғалымдарды шеттетіп, оларға саяси, моральдық қысымдар жасаған. Мысалы, Л.Н. Гумилевті, Г.А. Федоров-Давыдовты және тағы басқа ғалымдарды айтуға болады. Олар өздерінің мүмкіндігінше қолдарындағы ғылыми деректерге сүйеніп, түркілердің, моңғолдардың тарихын шынайы көрсетуге тырысқан. Өздерінің зерттеген халықтарының мәдени дәрежелерінің жоғарғы сатыда болғанын деректермен дәлелдеген. Л.Н. Гумилевтің мына бір пікірін еске түсірейік: «Міне, осын-



дай хал-ахуалға ұшыраған түркілер тек арадағы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, сонымен бірге өз мәдениетін де дамытып, оны Қытай, Иран, Византия, Үндістан мәдениеттеріне қарсы қоюға болады деп есептеген... Міне, сондықтан да батысевропалық ғалымдар арасында көшпелілер «адамзаттың арамтамағы» (Виолле ле-Дюк)» деген пікір пайда болған. Қазіргі таңда Оңтүстік Сібірде, Моңғолия мен Орта Азияда жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстар бұл пікірді жылма-жыл жоққа шығарып келеді, енді көп ұзамай-ақ көне түркілердің көркемөнері жөнінде әңгіме қозғайтын да күн туады әлі. Бірақ зерттеушіні материалдық мәдениетінен гөрі, түркілердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институттарының күрделі түрлері қайран қалдырады: ел, еншілік-таспиктық жүйесі, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымның болғандығы таң қалдырады» [2].

Ғұламаның бұл ғылыми тұжырымын қуаттай отырып, түркілердің тарихын ғылыми тұрғыдан қайта қарайтын уақыт енді келді дегенді мойындаймыз. Түркілердің ежелгі және ортағасырлардағы тарихын сәулелендіретін өте бай деректер жеткілікті. Олардың ішінде тек археологиялық мағлұматтар ғана емес, біздің бұрын қолымыз жетпеген көптеген жазба деректер жарық көрді. Осы бай деректерді негізге алып, түркілердің ежелгі замандардан бастап отырықшы өркениеттің негізін салғанына және оны үздіксіз дамытып келе жатқанына көңіл аударайық.

Алғашқы қоғамда жер шарындағы көне мәдениетті тудырған халықтар сияқты, Орталық Азияның автохтондық түркілері тарихтың барлық формациясын бастарынан өткерген. Олар осы аймақтың перзенттері болып, өздерінің мәдениетін тас (палеолит) дәуірінен бастайды. Өткен ғасырдағы археологиялық зерттеулердің барысында Орталық Азияның барлық аймақтарынан алғашқы адамдардың қоныстары мен құралдары табылды. Түрікменстан жеріндегі Красноводск жарты аралынан мустьер кезінде өмір сүрген адамдардың тастан жасалған құралдары ұшырасса, Самарқандтың қасындағы Аман-Құтан үңгірінен аңшылықпен, терімшілікпен айналысқан адамдардың құралдары табылды [3]. Тас дәуірінің ірі ескерткіштерінің бірі – Тешик-Таш (1930–1938 жж.). Ол Өзбекстанның Сухандария облысындағы Байсун тауындағы Зауталаш сайдағы үңгірден табылған [4]. Осындай тас дәуіріне жататын орындар Моңғолияның Тобий аймағынан ашылды [5]. Тас дәуірі Қазақстанда өткен ғасырдың 60-жылдарында кездескенмен, кейінгі жылдарда бұл дәуірдің қоныстары көп жерлерден табылды: Бөріқазған, Ке-



мер, Қызылтау, Токалы, Дарбаза, Қосқорған, Шоқтас (Оңтүстік Қазақстан); Құдайқол, Семізбұғы (Орталық Қазақстан); Шульбинка (Шығыс Қазақстан); Өнежек (Батыс Қазақстан) [6]. Әрбір аймақтан табылған және зерттелген тас дәуірінің ескерткіштері Орталық Азияның алғашқы адамдар өрбіген көне дүние екенін дәлелдейтін археологиялық жаңалықтар екеніне еш күмәндануға болмайды.

Қазақстан археологтарының жемісті еңбектері нәтижесінде тас дәуірі бойынша өте құнды деректер жиналды. Оған еліміздің геологтары да белгілі үлес қосты. Сан жағынан жиналған деректер 0,5 млн-нан астам. Ол деректер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Палеолит» (2002 ж.) мұражайында сақталған. Тас дәуіріне жататын осындай мол деректерді көптеген елдерден кездестіре бермейсіз.

Алғашқы қоғамның бұдан кейінгі қола және темір дәуірлеріне жататын археологиялық ескерткіштері Орталық Азияның барлық жерлерінен ашылды. Бұл тарихи кезеңдерде адамдар осы аймақты түгел иелеп, адам баласының заттай және рухани мәдениеттердің негізін қалап, оларды белсенді дамыта білген. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасынан I мыңжылдықтың басына жататын көптеген қола дәуірінің қоныстары Хорезм жерінен ашылды. 1938 ж. Тазабақ [7], 1945–1946 жж. Сужарған [8], 1957 ж. Амирабад [9] мәдениет орындарын Хорезм археологиялық экспедициясы тауып, оларды жан-жақты зерттеді. Бұл археологиялық мәдениеттер Амудария мен Сырдариядан, Каспий теңізінің солтүстігінен Еділ мен Орал өңірлеріне дейін таралған. Аттары аталған аймақтардан табылған археологиялық деректердің өзара ұқсастықтары бар екені байқалды [10].

Қола және темір дәуірлерінің ескерткіштері Қазақстанның барлық аймақтарынан, әсіресе оның орталығынан, оңтүстігінен, шығысынан кең көлемде зерттелді. Сондай-ақ археологтар өткен ғасырда Батыс-Сібір, Моңғолия және Шығыс Түркістан жерлерінен көптеген қола және темір дәуірлерінің мәдениетін тапты. Моңғолияның Күйтан-Бұлақ және Тамуаг-Бұлақ төңірегінде қола мәдениетіне жататын ескерткіштерді ашып, оларды зерттеді. Хангиядың маңындағы Шатыр-Чулу, Алтай, Саян жерлерінен б.з.б. II мыңыншы жылдарға жататын қола мәдениеті ашылды. Оңтүстік Сібірден табылған осы дәуірдің мәдениеті «афанасьев» деген атпен аталды [11]. Табылған деректерге негізделіп, б.з.д. II мыңыншы жылдардың соңында, I мыңыншы жылдардың басында Моңғолияда алғашқы қола дәуірінде темірді пайдалану жоғарғы сатыға жеткен деген тұжырым жасалған. Бұл тұжырымды толық дәлелдейтін қола дәуірінің ескерткіштері



Орталық Азияның барлық жерінен табылды. Соған қарағанда, бұл аймақтың тұрғындарының мәдениеті жер шарындағы көптеген тұрғындарының мәдени даму деңгейінен кем болмағаны, кейбір жағдайда алда болғаны байқалады.

Енді Орталық Азия түркілерінің бастарынан құл иеленушілік қоғамды өткергендігін дәлелдейтін археологиялық деректерге тоқталайық.

Б.з.б. VII–IV ғғ. Орталық Азияның оңтүстік, оңтүстік-батыс аймақтарындағы тұрғындардың арасында экономикалық даму пайда болып, олар қосымша күшті қажет етіп, алғашқы қоғамнан құлшылық қоғамға өте бастады. Әсіресе, Орталық Азияның оңтүстік-батыс жақтарында диханшылықтың алға өрлеу қарқыны күшейе түсті. Қолдан суару арқылы егілетін диқаншылықтың көлемін кеңейту үшін, ірі-ірі су жүйелерін қазуға рулық қоғамның күші жетпеді. Шөл-шөлейттік аймақтарда малдарды кең көлемде өсіруде қосымша күш қажет болды. Сондықтан Орталық Азияның оңтүстік, оңтүстік-батыстарында құлдық қоғам орнады. Бұндай өзгеріс түркілердің эволюциялық даму заңдылығынан келіп шыққан.

Орталық Азияның бұл аймақтары ежелден Тұран ойпаты, Тұран елі, яғни түркілердің кір жуып, кіндік кескен жері. Оның солтүстік және шығыс бөлігі осы күнгі Қазақстан Республикасына қарайды. Олай болса, түркілердің бірі болған қазақ халқы да бастарынан құл иеленушілік қоғамды өтпей, бірден феодализм қоғамына өтті деудің қисыны келмейді.

Бұл келтірілген үзінді ертедегі Қазақстанның жерін мекендеген халықтар, яғни түркілер құл иеленушілік формацияны бастарынан өткермей, олардың арасында үй құлдары болғанын баяндайды.

Бүгінгі таңда бұл пікірді қайта қарауға тиістіміз. Өйткені ертедегі құлшылық қоғамы Амудария мен Сырдарияның алқаптарында, яғни Тұран елінде болғандығын археологиялық зерттеулер дәлелдесе, бұл аймақтың үлкен бір бөлігі Қазақстанға қарайды. Б.з.б. I мыңыншы жылдарда Амудариядан сағасын алатын ірі-ірі су жүйелері мен бекіністер құлдардың күшімен іске асырылған. Ақчадария бойында отырықшылықтың орталығы болған ірі бекіністерден Қызыл-қала, Жанбас-қалалар сияқты антикалық дәуірдің мәдени орталықтары ашылды [12]. Тұран ойпатындағы антикалық түркілер Амудария мен Сырдарияның алқаптарына үлкенді-кішілі су жүйелерін тартып, Тигр, Евфрат, Нил өзендерінің суларын жергілікті диқандар егіске қалай пайдаланса, Тұран елінің тұрғындары да сондай тәсілмен егіншілікпен айналысқан. Өзендерінің суы бармайтын жерлеріне кәрез (жер



асты суынан) шығырды пайдаланған. Ондай кәрез шығырлардың классикалық түрі Түрікменстанда және басқа аймақтарда сақталған. Керек десеніз, экспедиция кезінде Қызылорда облысынан, Түркістан қаласының төңірегінен, Қаратау атырабынан кәрездің қалдықтарын кездестірдік.

Б.з.б. II – б.з. V ғғ. ертедегі сақтардың ұрпақтары Амудария мен Сырдария алқаптарында Қаңлы, Ферғана, Тохаристан құл иеленушілік мемлекеттерін құрып, б.з. I–IV ғғ. Кушан империясы, б.з. V–VI ғғ. Эфталит мемлекеті өмір сүрген. XX ғ. осы аттары аталған құл иеленушілік мемлекеттерінің жайлаған жерлерінде кең көлемде археологиялық зерттеулер жүргізілді және өте бай деректер топталды. Енді сол жаңалықтарға көңіл аударып, осы құл иеленушілік мемлекеттерге қысқаша тоқталайық.

Қаңлы мемлекеті. Б.з.б. II ғ. Қытай деректері бойынша, Қаңлы құл иеленушілік мемлекетіне Амударияның солтүстігіндегі жерлер бағынған: Бұхара, Шахрисябз, Кушан (Қатта-қорған төңірегі), Ташкент өңірі, Хорезмнің солтүстік бөлігі, Көне Үргеніш [13].

Белгілі шығыстанушы, профессор Әбдуәли Қайдар «Қаңлы» атты монографиясын 2004 жылы баспадан шығарды [14]. Қаңлы тайпасының шығу тарихына назар аудармаған бірде-бір шығыстанушы ғалым жоқ шығар. Олардың кейбіреулері тайпаның этнониміне, шығу тегіне, тарихына тоқталғанмен, бірде-біреуінде қаңлы тайпасы туралы мұндай бай деректер кездеспейді. Сондықтан Ә. Қайдардың бұл кітабының қаңлы туралы жазылған құнды еңбек екенін еске алып, ол туралы «Қаңлы тарихына қатысты еңбек» – деген пікір жазған едім. Онда қаңлылардың тарихы туралы айтылады.

Ресей отары болмастан бұрын, қазақтар дербес ел кезінде, халқымыз өзінің шығу тарихын білуге айрықша көңіл бөліп, өздерінің тарихи шежірелерін жазған және кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырып отырған. Оның айғағы – кітапханаларда том-том болып жиналып жатқан дүниелер. Мысалы, М.Х. Дулатидың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалайыридің «Жәмиғ-ат-тауарих» жылнамалары, Ш. Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», М. Шорманұлының, А. Ниязовтың, Ә. Бөжейұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері. 1911 жылы Шәкәрім Құдайбергелінің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбордан басылып шықты. Осылай өз халқының тарихи шежіресін жазу ерте заманнан әдетке айналып кеткен қасиеттердің бірі. Ол шежірелер – қазақ халқының рухани байлығы.

Ресейге бағынышты болғаннан кейін, әсіресе Кеңес өкіметі кезінде халық шежіресін оқып-білуге тыйым салынды. Рудың,



тайпаның тарихи шежіресін зерттеу былай тұрсын, бұлар туралы өзара сөйлесу де күнделікті салттан шыға бастады. Шыққан тегін сұрасқан адамды «рушыл», «жікшіл адам» деген ұғым қалыптасты. Бұл ұғым жастарды тегін білуден айырды. Кеңес өкіметі кезінде туған ұрпақтардың көпшілігі жеті атасын білмей өсті, білуге де қызықпады. Бара-бара жастар жеті атадан асып үйленетін дәстүрден айырылып, халқымыздың сапасын төмендетіп жіберді. Бұл қазақты полигамиялық үйлену салтына дейін жеткізуі мүмкін.

Ә. Қайдар қаңлы тайпасы туралы жазған монографиясында «қаңлы» этнонимінің төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолдану аясын, нұсқаларын жеке-жеке айқындап, оларды былайша талдаған: «Сүйген құлдың аты көп дегендей, қаңлы тайпасының 47-ден астам туынды варианттары бар екен. Оларға баспа-бас тоқталып, қаңлы атауы және оның көптеген (40-тан астам) түбірлес, туынды варианттары – «өзен-су» мағынасындағы бір буынды «қаң» тұлғалы гидронимдік апеллятив негізінде пайда болған, «өзен адамдары», «өзен-су бойында жасайтын тайпа», «өзенді, сулы-нулы өлкеде өскен ел» деген мағынада қалыптасқан этноним және этнотопоним».

Автордың бұл көзқарасын, қаңлы тайпасының туынды этнонимдерін жан-жақты талдауының нәтижесінде туындаған ғылыми пікірін қолдаймыз. М. Қашқаридың айтуы бойынша, Қаңлы (қаңқа) – патшалықтың аты. Оның осы атауымен аталған мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы қаңлы атымен аталған. Олар жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар болып, Амудария мен Сырдария өңірлерін мекендеген және құл иеленушілік мемлекетін құрған. Ә. Қайдар осы еңбегінде қаңлылар туралы қытай деректерін келтіреді. «Ал, қаңлылар болса, өркөкірек, айлакер, күні бүгінге дейін біздің (Қытай. – У.Ш.) елшілерімізбен амандаспай, тілдеспей қашықтап жүр. Қытай жіберген елшілер болса, бұларды үйсін сияқты елдерден барған елшілердің аяқ жағына отырғызыпты, хандармен игі-жақсылары тамақтанып болғаннан кейін ғана Қытай елшілеріне дастарқан жайыпты. Сөйтіп, біле тұра біздің елшілерге құрмет көрсетпепті».

Кезектегі екі тарауда «Қаңлы мемлекетіне» тиісті мәселелер археологиялық, тарихи, лингвистикалық, фольклорлық деректердің негізінде қаралған. Еуропалықтардың «Түркі әлемінің ежелгі Отаны – Орталық Азияда «құлдық қоғам» үстемдік етпеген» деген шындыққа жатпайтын көзқарасы осы күнге дейін өзгерген жоқ. Кейінгі кездегі археологиялық, тарихи және әдеби, тіл, т.б. ғылымдардың қол жеткізген өте бай деректері антикалық



заманда Орталық Азияда құлдық қоғамның болғанын дәлелдейді. Оның алғашқыларын құрған қаңлылар екенін автор жан-жақты айқындай түседі. Тарихтан белгілі, б.з.б. II – б.з. VI ғасырларында Тұран елінде Қаңлы, Ферғана, Тохаристан, Кушан империясы және Эфталит құл иеленушілік мемлекеттері болған, олардың негізін салушы – қаңлылар. Б.з.б. II ғасырдағы қытай деректері бойынша, қаңлы құл иеленушілік мемлекетіне Амудария мен Сырдарияның өңірлеріндегі жерлер қарағаны айтылған: Бұхара, Шахрисябз, Кушан (Қатта-қорған төңірегі), Ташкент өңірі, Хорезм өлкесі, Көне Үргеніш қаласы.

Қаңлы мемлекетінің тарихына тиісті деректердің ішінде алғашқы қытай жылнамалары мен деректерін кең пайдаланып, автор қаңлы мемлекетінің құрылымына, басқару жүйесіне, қоғамдық-саяси жағдайына, мәдениетіне, қаңлылардың тараған аймақтарына тоқталған. «Қангюи мемлекеті – түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттердің бірі. Хүн мемлекеті, Үйсін және Қангюи мемлекеттері – бір заманда қатар жасап, дәуірлеген мемлекеттер» екенін тарихи деректермен дәлелдеген. Солардың бірі, көп жылдар бойы Амудария мен Сырдария өңірлерін кешенді зерттеген академик С.П. Толстовтың ұйымдастырған және басқарған Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының өте бай деректерінен де көп мәліметтер келтірген. Автор тіл маманы болғандықтан, қаңлы тілі мен жазуына, рухани мәдениетіне ерекше мән берген.

Орталық Азияда антикалық заманда құрылған алғашқы құл иеленуші Қаңлы мемлекеті болғанын, оның өркениетті мәдениеттің, заттық және рухани мәдениеттің іргетасын қалағанын, сондай-ақ түркі өркениетінің негізін құрушылардың бірі болғанын ғылыми дәйектілікпен дәлелдеген. Қаңлы мемлекетінің өркениеті, мәдениеті С.П. Толстовтың «Древний Хорезм» (1948), «По следам древнехорезмской цивилизации» (1948), «По древним дельтам Окса и Яксарта» (1962) монографияларында да жазылған. Осы екі ұлы өзеннің алқабы қаңлы тайпасының (халқының) отаны болғаны «Қаңлы» кітабында ашық айтылады, бұл тарихи деректерге тура келеді. «Самархан (Қаңжүй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді) Битян қаласы болды...» Осы мәліметтің шындығы – қазір де қаңлы руының шоғырланған аймағы Амударияның және Сырдарияның орта ағыстары екендігінде.

III–VII тарауларда қаңлы тайпасының әлем түркілерінің арасына таралуы жан-жақты талданған. Олардың басым көпшілігі ұлы екі өзеннің алқаптарындағы қазақ, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз және басқа түркі халықтарының арасында



көбірек кездесетіні айтылған. Қаңлылардың барша түркілердің арасына кең тарағаны туралы халық аузында осы күнге дейін сақталып келе жатқан «Қарға тамырлы қазақ» атты мақалды келтіріп, автор оны былайша түсіндіреді: «Ол сөздің мәні де барша қазаққа түсінікті, ол о баста: топ-топ болып ұшып жүретін қарғалар тәрізді, біріне-бірі өте ұқсас, түр-түсі, бет-пішінімен оларды бірден айыра қою қиын болғандығына байланысты туындап, бара-бара қазақтың алыстан, жеті атаның ар жағынан қыз беріп, қыз алысуын, құдандалықтың мың жылға созылып, сүйек жаңартып тұруынан қалыптасқан туыстық ілік-шатыстығына байланысты болса керек. Ол қалың қарғадай қаулап өсуді де аңғартатын сияқты: «сұраса келе, қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты» дейтіні содан».

«Қарға тамырлы қазақ» деген мақал қазақ халқының арасына кең таралған. Біздіңше, бұл сөздің мәнін Ә. Қайдар дұрыс бере алмаған. Автор айтқандай, «қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты» – деп мәнін өзгертіп жіберген. Ежелден қазақта жақын адамға үйленбеді өте қатты сақтаған. Қазақтар: «біздер қарға тамырлы қазақпыз ғой, сұраса келе қарын бөле болып шығамыз» деп айтатын, яғни олар өзара сұраса келе туысқан болып шығады. Олардың туыстығының алыстығы бөле болып келеді, яғни екі туысқан әйелдің балалары бір-біріне «бөле» деп аталады. Осындай туыстықты білу үшін осы мақалды қолданады. Мұндай бауырлық айқыш-ұйқыш бір-бірімен байланысып жатқан қарғаның тамырлары сияқты. Қазақтар жан-жануарлардың анатомиясын өте жетік білген. Қарғаның тамырлары бір-бірімен шиеленісіп жатады. Міне, осыны мысалға алып, қазақтың шиеленіскен туыстығын білдірген. Бұл мақалды қаңлы тайпасының барлық түркілердің арасына таралуына және көрші түркі емес халықтардың іштеріне енуіне қолданудың реті келіңкіремейтін сияқты.

Біздіңше, қаңлылардың осынша көп тарауының себебін тарихи-әлеуметтік және саяси жақтан қараған жөн. Ә. Қайдар ҚСЭ-дегі «Қаңлы» атты мақаласында: «Халық арасында сақталған» «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деген қанатты сөздер, сайып келгенде, қаңлы тайпасының осылайша кеңінен тарап, мұрагерлік, аталық дәстүрге ие болғандығын көрсетеді» деген пікір де айтқан болатын. Бұл жерде автор қаңлы тайпасының осынша көп таралуының себептерін айқындауда шындыққа біршама жақын келгенін байқауға болады. Түркілердің тарихында, антикалық дәуірде Амудария мен Сырдарияның алқаптарын түгелімен иеленіп, отырықшы мәдениеттің іргетасын қалап, құл иеленуші мемлекет құрған, өркениетке ерте жеткен көптеген тайпаларды





кол астына біріктірген де – қаңлы тайпасы. Олардың арасында осы қос өзенді мекендеген оғұз тайпалары да болған. Қос өзен бойындағы аттары аталған құл иеленуші мемлекеттерін билеген. Нәтижесінде қаңлы бірлестігінің арасынан ел билейтін, дарынды, ержүрек, батыл азаматтар шыққан. М. Қашқари: «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді» дегенді тегін айтпаған. Қытай деректерінде қаңлыларға жоғары баға бергенін әлгінде айттық. Солардың тағы бірі: «Тек қаңлы елі ғана бізге оң қабақ танытпай отырғаны анық. Ал, біз болсақ, хұн қағанының (қаңлы патшасының) қол астында тұрғандай мәміле жасап отырғандай болып көрінудеміз» деген де дерек бар.

Осы деректерге қарағанда, қаңлы бірлестігіне кірген тайпалардан елдерді басқара алатын, оны қорғаудың тәсілдерін жетік білетін жайсаң ұлдары шыққанын байқаймыз. Сондықтан да түркілердің арасында ел басқарушыларды, хандарды қаңлы бірлестігінен сайлау дәстүрге айналған. Амудария мен Сырдария, олардың атыраптары қаңлылардың ежелгі мекені болғанымен, олардың ішінен шыққан жайсаң азаматтары барлық түркілердің арасына барып, ел билеген. Сол жерде өзінің ұрпақтарын қаңлы руы бойынша санаған. Сондықтан да қаңлылар барлық түркі әлеміне, басқа көрші елдерге де осындай себеппен барған. Ә. Қайдар өзінің монографиясында түркілердің бәрінің де арасында қаңлылардың болғанын дәйекті түрде көрсеткен. Бірақ автор «қаңлылар әрбір түркілердің арасына бөлшектеніп көшіп барған» деген пікірге келеді. Біздіңше, олай болмаған. Олар өздерінің ежелгі Отанында отырған. Олардың ішінен белгілі ел билеушілер басқа руларға, тайпаларға барған. Қаңлылар өздерін барған жерінде этнонимі бойынша атап отырған. Қаңлылардан хан және тағы басқа басшыларды сайлау дәстүрі Шыңғыс хан империясын құрғанға дейін сақталып келген. Енді, қаңлылардың орнына хандарды Шыңғыс ханның әулетінен сайлайтын дәстүр түркілердің арасында кейінге дейін сақталған.

Монографияның соңғы тарауында қаңлы тайпасының адамзат өркениетіне, түркі әлеміне және қазақ болмысына қосқан үлесін бай, дәйекті деректермен қарастырған. Келтірілген мәліметтерге қарағанда, қаңлы бірлестігі түркі тарихына да айтарлықтай үлес қосқанын байқау қиын емес.

Қазақстан тарихында: «Қаңлылардың этникалық мәселелерін шешу мүмкін емес» [15] – делінген. Солай болса да, көптеген шығыстанушылар «қаңлы» сөзін әртүрлі айтып және жазып та жүр. Ю. Зуев бұл сөздің «Каменное царство расположено на реке Яоша (Яксарт). Главный город в окрестности более 10 ли... Чач – это прежнее государство Канцзюй» – деп осы күнгі Ташкент-



пен байланыстырады. Бұл пікірдің қисыны келіңкіремейді. Қаңлылардың қалалары көп болғанымен, мемлекетті «тастан соғылған қалалардың» атымен атауының шындықтан алшақтау екені байқалады.

«Қаңлы» сөзінің семантикасы әлі анықталмағандықтан, ол орыс, қазақ тілдерінде әртүрлі жазылып келе жатыр. Қазақстан тарихында (1996 ж.) бұл сөз «кангюлер» деп, орыс транскрипциясында жазылса, ал Ю. Зуевтың (2002 ж.) монографиясында «канцзюй» деп алынған. Бұл сөздің семантикасы туралы: «Для них Канка, Канг – это страна и город в Туране, под которым подразумевались территории не только от Каспийского моря до Центрального Казахстана, но и значительно дальше на Восток, иногда даже до территории Внутренней Монголии» [16] – делінеді. Сондықтан әлі де «қаңлы» сөзінің семантикасын анықтай түсу керек. Қалай болса да, қазақ және т.б. түркі тілдес халықтар бұл сөзді «қаңлы» – деп келе жатыр.

М. Қашқаридың айтуы бойынша, «Қаңлы: қыпшақтардың ұлы адамдарының бірінің есімі» (3-т. Алматы, 1998. 506-б.). Оның осы атауымен аталатын мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы қаңлы атымен аталған. Соған қарағанда, жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар Амудария мен Сырдария өңірлерін мекендеп, осы құл иеленушілік құрамын құрған. Олардың жайылған мекендері көп жерлерді алып жатса, тұрғындардың сандары да көп болған. Олар ертедегі ортағасырда бөлшектеніп, өздерінің ертеден келе жатқан аттарымен аталып кетсе де, басым көпшілігі қаңлы есімін сақтап қалған. Кейін, түркі халықтары бөлшектеніп шыққанда, қаңлылар олардың көпшілігінің құрамына кірген: өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт, қарақалпақтар және т.б. Бірақ қаңлылардың басым көпшілігі бұрынғы Қаңлы мемлекетіне кірген жерлерде көбірек сақталған. Б.з.б. 329 ж. әйгілі Ескендір Сырдария бойына жеткен. Қаңлы мемлекетінің негізгі этникалық құрамы сақ нәсілді түркі тілдес тайпалардан тұрған болуы керек. Қазіргі түркі халықтарының құрамына кірген қаңлылардың антропологиялық ерекшеліктеріне байланысты сары түсті, көздері көк, жақ сүйектері ойыңқылылары көбірек кездеседі. Өздерін басқарған патшаның атымен аталуы түркілерде ертеден қалыптасқан дәстүр. Мысалы: түркеш, қарлұқ, қарахан және Осман түріктері және т.б.

Қаңлылар ұлы күш болып, шығыс көршілері Қытайға күш көрсетіп отырған. Қытай жерінде қаңлы билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде б.з.б. I ғ. аяғында Қытай деректерінде кангюй, керісінше (үйсінмен салыстырғанда), өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында бас июге



ешбір көнбейді делінген [17]. Б.з.б. 47–46 жж. (Қытай. – У.Ш.) Ферғана-Қытай соғысының барысында, қаңлылардың араласуы ғана ферғаналықтарды астанасының қиратылуынан құтқарып қалды және ферғаналықтарға тиімді бітім жасауға жәрдемдесті [18]. Сондықтан да өздерінің тәуелсіздігін бекем ұстап, үш ғасырдай күшті құл иеленуші мемлекет болған және түркілердің мәдени өркениетінің негізін салған. Аттары аталған жерлер Амудария мен Сырдарияның алқаптарында және Орталық Азияның көпшілік жеріне орналасқанын байқаймыз. Қазірде де олардың көпшілігі ежелгі аттарымен аталады. Осы жерлерден археологтар қаңлылардың дәуіріне жататын Жанбас-қала, Қорғанша-қала, Базар-қала, Өнерлі-қала, Қойқырылған-қала және т.б. ескерткіштерді ашты [19]. Бұл қалалар – құлдардың күшімен салынған үлкен бекіністер. Мысалы, Қойқырылған-қала дөңгеленіп салынған, оның жалпы диаметрі 87,5 м, тоғыз мұнарасы бар. Оның қазіргі сақталған биіктігі 8 м [20]. Осы дәуірдің басқа да аттары аталған антикалық қалалары көлемдері жағынан Қойқырылған-қаладан кем емес. Олар жан-жақты зерттеліп, Хорезм археологиялық экспедициясының еңбектерінде жарық көрген. Осы археологиялық жазба деректерге қарағанда, қаңлылардың мәдениеті құл иеленушілік қоғамда дамыған. Оның дамыған кезеңдері б.з.б. IV–V ғғ. тура келді. Осы кезде, қаңлылар Ахеменидтердің қарауынан шығып, өз алдына мемлекет болып, жеке үстемдігін жалғастырды [21].

Б.з.б. II–I ғасырларда Қаңлы құл иеленушілік мемлекетінің экономикасы өрлеп, жақын және қашықтағы елдермен саяси байланыстары кеңейген. Оған қараған жерлерде көптеген көне және жаңадан тұрғызылған тұрақты мекендер мен қалалар болған. Оларда қолөнер кәсібі дамып, сауда орталықтарына айналған. Тұрғындардың негізгі кәсібі – қолдан суару арқылы жүргізілген диқаншылық ең жайып, үлкенді-кішілі су жүйелері салынған және олар жылма-жыл тазартылып, кеңейтіліп тұрған. Қаңлы мемлекетінің арнайы шығарылған ақшасы осы зерттелген қалалардан табылған.

Әдеби деректерде «қаңлы» сөзі сол атпен аталған мемлекетті басқарған патшаның аты болып, өзінің қол астындағы халықтар «қаңлымыз» – деп аталып кеткендігі жоғарыда айтылды. Қытай деректерінің бірі «Алғашқы хан династиясының тарихында: «Самархан (Қаңжүй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді. – ауд.)» Ю. Битян қаласы болды. Қытай астанасынан (Чаңаннен) 12300 шақырым шалғай. Тұтық қарауыл мекемесіне қарамайды. Люенидиден атпен 7 күн жол жүргенде ханның жаздық астанасы Фаннға жетеді.



Бұл жер Қытай астанасына 9104 шақырым келеді. Түтін саны – 120000, жан саны – 600000, әскері – 120000 (Бан Гудың «Батыс өңір және Үйсін мемлекеті» атты еңбегінде «әскері 20000 деп жазылған». – ауд.). Бұған қарағанда, Самархан хандығының халқы ұлы йүзілерден әлдеқайда көп. Шығысындағы «Тұтық қарауыл мекемесі» қарауына дейінгі аралығы 5550 шақырым. Халқының әдет-ғұрпы ұлы яушылармен ұқсас, шығыс жағы хұндардың басқаруында» [22].

Бұл келтірілген деректерге қарағанда, Қаңлы мемлекетіне көп жерлер қараған. Оның қысқы және жаздағы астаналарындағы халықтарының санына қарағанда, сол кездегі Қаңлы мемлекетінің халқы замандасы йүзілерден анағұрлым көп болғанға ұқсайды. Олардың этникалық жақындықтары және әдет-ғұрыптарының жақын екендігі байқалады. Қаңлы мемлекеті Ұлы Жібек жолындағы ірі экономикалық және мәдени орталық болған.

Ішкі және сыртқы қарсылықтардың нәтижесінде бұрынғы Қаңлы мемлекеті үстемдігін тоқтатып, оның орнына бірнеше кішігірім құл иеленушілік мемлекеттер пайда болған. Оның бірі – б.з.б. II ғ. ортасындағы Ферғана (Дайуан) тәуелсіз мемлекеті. Оның астанасы – Қасан қаласы. «Қытай астанасы Чананнен 12550 шақырым шалғай. Түтін саны – 60000, жан саны – 300000, әскері – 60000. Бір орынбасар ханы және бір хан көмекшісі бар. Жер жағдайы, ауа райы қолайлы» [23]. Елінің әдет-ғұрпы ұлы йүзілер мен персиялықтарға ұқсас. Соған қарағанда, бұл мемлекеттерде түрікмен аралас парсы тілдес халықтар да жасаған. Жергілікті түркілер бұл мемлекеттің негізгі этникалық құрамын құраған.

Қаңлы мемлекеті ішкі және сыртқы қарсылықтардың нәтижесінде құлап, оның орнына бірнеше кішігірім құл иеленушілік мемлекеттер пайда болды. Б.з.б. II ғ. ортасында Ферғана (Парқын) тәуелсіз мемлекеті пайда болған.

Ферғананың жер-жерінде жүзімнен шарап жасалады. Байлар қоймаларында он мың күптен (олсек) артық шарап сақтайды. Ол неше ондаған жылдар бойы сақталса да бұзылмайды. Құл елі шарапқа өте құмар. Бұл мемлекеттің жеріне Ферғана кеңістігі ғана емес, оған оның ырайындағы елдер де қарағанға ұқсайды. Тұрғындары негізінен отырықшылық өмір сүрген. Сол кездің өзінде 70-тен астам үлкенді-кішілі қалалары болған [24].

Қытайдың «Ханнамасына» қарағанда, Қаңлы мемлекетінің орнында бірнеше мемлекеттердің пайда болғаны айтылған: «Батыс елдерімен қарым-қатынас қытай патшасы У Дидан кезінде (б.з.б. 140–86 жж.) басталып, бара-бара дами түсті. Батыс мемлекеттері алғашында 36 делінсе (Метенің хатында 26 мемлекет деп



жаңылыс жазылса керек), кейін келе өз ішінен бөлшектеніп 50 шақты мемлекетке айналды (Ян Шигудың мәліметіне қарағанда, 55 мемлекет болған)» [25]. Осынша көп санды мемлекеттердің Орталық Азияда пайда болуы жалпы түркілердің майдаланып, бөлшектенуіне алып келген. Бұл процесс Қаңлы мемлекетінің тарихи сахнадан түсе бастаған кезеңіне тура келеді.

Қалаларда қолөнер кәсібі дамыған болса, ауылдарда диқаншылық және мал шаруашылығы ен жайған. Осы антикалық дәуірде Ферғана мемлекетінде асыл тұқымды жылқылар өсірген. Жылқыларынан қан тәрізді тер шығатыны тарихи деректерде айтылған. Қытайдың патшасы У (б.з.б. 140–86 жж.) Ферғанаға жылқыларды сатып алуға елші жіберген. Ферғаналықтар сұрағандарын орындау былай тұрсын, елшілердің дөрекілігі үшін оларды өлтіріп жіберген. Сонан кейін 4 жыл бойы Ферғана және Қытай мемлекеттерінің арасында соғыс болып, нәтижесінде келісімге келіп, ферғаналықтар Қытайға 3000 жылқы береді және Ферғана ханы Қытайға әр жылы екі тұлпар беріп тұруға келісім береді. Қытай елшілері еліне осы жерден жүзім мен жоңышқаның ұрығын алып қайтқан. Қытай патшасы У жылқы түлегіне, әсіресе, оның тұқымын асылдандыруға айрықша мән берген [26].

Тарихи деректерге қарағанда, антикалық заманның өзінде-ақ түркілер көрші елдерге, сондай-ақ Қытайға өркениет әкелген. «Осыдан, түрік халқы жасап, кемелдендірген қола өнеркәсібі Солтүстік Қытай арқылы Оңтүстік және Шығыс Қытайға жетіп, өркендегені аңғарылады. Сөйтіп, Қытай жерінде қытайлық қола өнеркәсібі дамып, өркендеді. Қытайда бір жаңа деректер табылып жатса да, өзгермейтін ақиқат осы болатын» [27]. Бұл пікірді жалғастырып, автор былай дейді: «үш аяқты ыдыстар мемлекеттің символы болған. Тоғыз ыдыс – тоғыз елдің белгісі. Осы үш аяқты әсем ыдыстар бұл жерден (антикадан. – У.Ш.) Шан династиясына, одан әрі Жу династиясының астанасына жөнелтілген. Міне, бұдан Алтайдың қола бұйымдары ішкі Қытай қалаларына қалай барғанын білуге болады». Б.з.б. 138 ж. Қытай императоры Ву-Ди Қаңлы және Ферғана мемлекеттеріне Чжан Цянь бастаған елшісін жібереді. Елші Ферғана мемлекетіне жетіп, ондағы егіншілікті көріп таң қалған. Бұл мемлекеттің таулы, шөлдік аймақтарында көшпенділердің де бар екенін айтқан. Ферғанадан Қытайға анар, қияр, інжір ағаштарын апарған. Ферғана мемлекеті арқылы Ұлы Жібек жолының өтуінің бұл елдерге қолайлы әсері де айтылған. Қытай елшісі Ферғана мемлекетінің әлеуметтік өмірі мен экономикасына тоқтала келіп, Ферғана мемлекетіндегі құлдық қатынас Қаңлы мемлекетіндегідей екенін айтқан [28].



Б.з.б. III ғ. Мете (Моде) барлық Солтүстік, Шығыс Азияны өз қол астында ұстаған.

Б.з.б. II ғасырдың екінші жартысында Амударияның жоғарғы ағысының екі жағында Тохаристан құл иеленушілік мемлекеті ұйымдасқан. Б.з.б. I ғасырдағы грек мағлұматтарына қарағанда, тохар тайпалары көпшілік болып, олар Амударияның солтүстігінен Сырдарияның төменіне дейінгі жерлерге тараған. Олай болса, бұл құл иеленушілік мемлекетінің солтүстігі осы күнгі Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының жерлерін де өзіне қамтыған [29].

Жоғарыдағы аты аталған Қытай елшісі Чжан Цянь б.з.б. 126 жылы Тохаристанда болған. Оған осы айтылған жерлер кірген. Тұрғындары тохар тайпасы екеніне, олардың арасында матриархат үстемдік ететініне көңіл бөлген. Ерлері әйелдерінің айтқанын іске асыратынын жазған. Тохаристан да Қаңлы, Ферғана мемлекеттері сияқты құл иеленушілік мемлекет екенін атап көрсеткен.

Амудария мен Сырдарияның алқаптарындағы Қаңлы мемлекетінен кейінгі ірі құл иеленуші мемлекет – Кушан империясы (I–IV ғғ.). Оған Амудария мен Сырдария және солтүстік-батыс Үндістанға дейінгі жерлер қараған. Бұрынғы Грек-бактриялық патшасының орнында жаңадан пайда болған Кушан империясы б.з.б. I ғасырда, б.з. 78 жылдарында дәуірлеп, солтүстікке және оңтүстікке басып алушылық саясатын жүргізді. Әсіресе, бұл империя Каншике патшаның тұсында өзінің жоғарғы сатысына шықты. Бұл кезде Кушан империясына Шығыс Түркістан, Хорезм, Үндістанның солтүстігі кіріп, Пишавар қаласын астанасына айналдырды. Кушан патшасы Қытайға қауіп туғызды. Каншике Шығыс Түркістанға 60 мың әскерін жіберді. Бірақ бұл жорық сәтсіз біткенімен, патшалығының соңында, яғни 105 ж. Каншике өзіне Хотанды, Қашқарды және Жаркенді қаратады [30].

Әлеуметтік-экономикалық жақтан Кушан империясы Каншике тұсында ұлы күшке ие болған, құл иеленушілік қатынастарының шыңына шыққан. Кушан империясында құл иеленушілік қоғамның дамуы оның экономикасына және құрылысына үлкен әсерін тигізді. Тұрақты мекендер мен қалалар үлкейді. Осы дәуірге жататын ірі қалаларды, бекіністерді, су жүйелерін археологтар ашты және зерттеді: С.П. Толстов басқарған Хорезм экспедициясы; Термезде, Ферғанада (М.Е. Массон); Самарқандта (В.А. Шишкин). Хорезм археологиялық экспедициясы Амудария, Сырдария бойларынан Кушан дәуірінің ірі мәдени орталықтарын ашты: Аяз-қала, Қырық-қыз, Базар-қала, Чермен-Яб, Топырақ-



кала және т.б. Осы кезде Ұлы Жібек жолы бойында үлкен саудамәдени орталықтары өсіп шыққан [31].

III ғасырда Кушан патшалығы құлап, оның орнына екі саяси орталық пайда болды: Үндістандағы Пишаварда және Соғдыда. V ғ. ортасында Кушан империясының жерінде Эфталит мемлекеті орнайды. С.П. Толстовтың пікірі бойынша, бұл мемлекеттің этникалық құрамы Арал өңірін ертеде жайлаған сақ-массагет тайпалары, түркі тілдес халықтар болса керек. V ғ. соңында өз үстемдігін Ауғанстанға, Солтүстік Үндістанға, Шығыс Түркістанға жүргізген Эфталит мемлекетінің халықтарының негізгі шаруашылығы егіншілік болған. Үлкенді-кішілі қалалары көп болған. Бұрынғы қалалар үлкейіп, олардың ішінде сарайлар, бекіністер салынған. Ұлы Жібек жолын эфталиттер бақылап отырған. Эфталит мемлекетінің ішінде феодалдық қатынастардың кеңірек орын ала бастағаны байқалады. Нәтижеде, VI ғ. ортасында Эфталит мемлекеті өзінің ішкі күйзелісінің нәтижесінде ыдырап, бөлшектеніп, оның орнына қайта феодалдық мемлекеттер пайда болды.

Жоғарыда қысқаша тоқталып өткен құл иеленушілік мемлекеттер Орталық Азияның оңтүстік, шығыс және батысында пайда болып, олардың негізгі орталығы Амудария мен Сырдарияның алқаптарында, яғни Тұран ойпатында шоғырланған. Бұл аймақтың табиғи-жағырафиялық ерекшелігіне байланысты, аборигендер қолдан суару арқылы егіншілікті дамытқан. Б.з.б. VII–VI ғғ. Тұран ойпатындағы тұрғындардың шаруашылығы көп санды құлдарының күшімен жүргізілген. Амудария мен Сырдариядан ірі-ірі су жүйелерін (каналдарын) қазуда темірден жасалған құралдарды кең көлемде пайдаланған. Осындай жаңа еңбек құралдарының қолданылуы су жүйелерін ұзақ уақыт пайдаланатын ірі су жүйелерін кең көлемде жүргізуге әкелген. Бұндай ірі су жүйелері құлдар күшімен дүниеге келген.

Сол кездегі соғыстарда жеңген жағы жеңілген жақтың әскерлерін тұтқынға алып, олардың есебінен құлдардың санын көбейтіп отырған. Осындай үлкен күштермен қазылған су жүйелерін Хорезм археологиялық экспедициясы Амудария мен Сырдария алқаптарынан тапты және оларды зерттеді. Осы экспедицияның берген деректерінен үзінді келтірейік. Б.з.б. IV ғ. – б.з. II ғ. өмір сүрген Қаңлы және Кушан құл иеленушілік мемлекеттері тұсында су жүйелерін қазуға айрықша көңіл бөлінген және бұл жұмысты қарқындықпен дамытқан. Осы кездерде Амудария мен Сырдарияның төменгі ағыстарында қолдан суару арқылы егілетін егістің көлемі 3,5-3,8 млн га болған. Олардың 1,3 млн гектары Амударияның төменінде болса, 2,2-2,5 млн гектары



Сырдарияның орта, төменгі ағысында орналасқан [32]. Қаңлы мен Кушан мемлекеттері кезінде диқаншылықтың Тұран өлкесінде осынша ен жайылуы құл иеленушілік қоғамның айтарлықтай жетістіктері екенін тілге тиек етуіміз керек. Егіншілікке қолдары жеткен халықтар қалалар, бекіністер, мәдени орталықтар салған. Олардың осындай тамаша еңбектерінің арқасында салынған су жүйелері, қалалар мен сарайлар, тұрақты қоныстар осы күнгі Қазақстан Республикасының жерінен кездеседі. Сондықтан да түркілер, соның бір бөлігі қазақтар құл иеленушілік қоғамды басынан өткермеді деген пікір ғылыми тұрғыдан шындыққа жатпайды. Оны жоғарыда келтірілген деректер дәлелдейді.

Орталық Азияның көпшілік жерін Қаңлы және Кушан құл иеленушілік мемлекеттері өз қарамақтарына алып, шөл-шөлейттік аймақтарда мекендеген түркілердің арасында үй құлдарын пайдаланушылық кең орын алғанын бекерге шығаруға болмайды. Әсіресе, бұл жағдай ұлы Хұн империясында кең өріс алған. Ежелден Қытайдың батыс көршісі болған хұндар қытайлықтардың батысқа қарай аяқтарын бастырмаған. Соған қарамастан, Қытай империясы хұндарға қарсы талай сұрапыл соғыстар жүргізіп, олар кей кездерде уақытша табысқа жеткен, кейін хұндар оларды өздерінің шекарасына дейін қуып отырған. Екі ортадағы ұзақ антикалық дәуірде болған соғыстарда жеңген жағы жеңілгендерін тұтқындап, оларды құлға айналдырып, елдеріндегі ауыр жұмыстарды атқаруға пайдаланған. Мұндай деректер жеткілікті. Тек, солардың кейбіреулерін мысал ретінде еске түсірейік. Б.з.б. 471–444 жж. Қытайдың патшасы Ли заманында тибеттердің басшысы Вүй Ванжиен тұтқынға түседі де, құлға айналады. Соған қарағанда, Орталық Азиядағы құлшылық Қытайға да жеткенін байқатады [33]. Тұман баласының өгей шешесінің қасарыса қарсыласуы салдарынан жасы үлкен ұлы Мау Түнді (Метені) йүзілерге кепілге береді. Сөйтіп, Мау Түн йүзілердің қолында кепілдікте тұрады [34]. Б.з.б. 119 ж. Хұн-Қытай соғысы болып, бұған қатысқан қытай армиясында 140000 ат болса, соғыс аяқталғанда 30000 аттар сақталған. Ол кезде әскерлердің санын аттардың мөлшерімен есептеген. Соған қарағанда, қытайлықтар 110 мың әскерін жоғалтқан. Жалпы 119 жылы соғыста Қытай жағы 10000-нан астам әскер және 100000-нан аса атынан айрылды [35]. Қытайлықтардың осынша жоғалтқан әскерінің тірі қалғандарын хұндар қара жұмысқа пайдаланған: бекіністер салдырған, таудан өтетін туннельдер қаздырған және т.б. істерді атқарған. Қытайлықтардың батысқа ұмтылуы кейінгі жылдарда да жиі-жиі қайталанып тұрған. Мысалы, б.з.б. 119–105 жж. қытайлар батысқа әскерлер жіберген.





Бұндай жорықтарының көпшілігі сәтсіз аяқталды, қытайлықтар батысқа ұмтылуын еш уақытта қойған емес. Бірақ олар тарихта өздерінің шекарасын түркілердің жері арқылы кеңейте алмай келе жатыр. Солай болса да, бұл пікірлерінен әлі де қайтқан жоқ. Бірақ бұл аймақ өте үлкен болғандықтан, барлық түркілер бірдей нақтылы құл иеленушілік қоғамды бастарынан өткерген деуге де болмайды. Олардың ішіндегі ежелден Амудария жағасындағы жоғарыда айтылған құл иеленушілік мемлекеттерінің халықтары мен отырықшы тайпалары бұл қоғамды түгел өткерсе, жартылай отырықшы және көшпенді түркілерінде үй құлшылығы басым болған. Орталық Азияның орталық, батыс-солтүстік және шығыс аймақтарында мал шаруашылығы басым болып, егіншілік қосалқы шаруашылық қызметін атқарып, ол қардың, жаңбырдың ылғалымен өсірілген. Сондықтан суармалы егіншілік аймақтарындағыдай көптеген құлдардың күшімен атқарылатын жұмыстар бұл аймақтарда азырақ болған.

Ортағасырда түркілер енші алысқанда, антикалық заманда өз алдына құл иеленушілік мемлекетті құрған қаңлылардың басым көпшілігі өздерінің бұрынғы мекені Тұран ойпатында қалған. Олай болса, Тұран түркілері құл иеленушілік қоғамды бастарынан өткеріп, антикалық заманның мәдениетінің негізін қалап, олардың ұрпақтары **түркі халықтарын** құруда өз үлестерін қосқанын естен шығаруға болмайды.

Орталық Азия халықтары басқа да, жер шарындағы миллиондаған халықтар сияқты, б.з. V ғ. феодализм қоғамына өтіп, оны мейлінше дамытқан. Бұл қоғамда алуан санды үлкенді-кішілі мемлекеттер өмір сүрді. Олардың құрамында бұрынғы құл иеленушілік қоғамдардың халықтары көпке дейін сақталып келді. Сондай-ақ XIX ғ. Орталық Азиядағы ірі 3 феодалдық хандықтың болғаны бәрімізге мәлім. Сол ғасырдың 60–70 жж. бұл хандықтарды Ресей империясы жаулап алып, бұл мемлекеттердегі ертедегі құлшылықты жоқ ету жөнінде әдейі заң қабылдады және оны мәңгі жойды. Мысалы, 1873 жылдың мамырында Ресей империясы Хиуа хандығын алып, осы жылдың 12 тамызында Хиуа хандығы мен Ресей арасында Гандемин шарты түзіліп, оның бір тарауында Хиуа хандығында құлшылықты жою жөнінде айтылған: «Хивинский хан на вечные времена уничтожает рабство в своей стране» [36]. Сонымен, Орталық Азияда ең соңғы рет Хиуа хандығында 1873 ж. құлшылықтың қалдығы жоғарыдағы аталған шарт бойынша мәңгі жойылған. Бұның өзі арадан бірнеше ғасырлар өтсе де, феодализм қоғамында оның қалдықтары көп жылдарға дейін сақталып келгенін байқатады. Солай болса да, адам баласының тарихи эволюциялық даму жо-



лында құл иеленушілік қоғам анағұрлым алға өрлеушілікке алып келген. Ірі құл иеленушілер құлдардың күшімен экономикалық, басқару орындарының және мәдениеттің орталықтары болған қалаларды, бекіністерді салғанын көреміз. Орталық Азияның әсіресе оңтүстік, оңтүстік-батысында тұрақты қолдан суару арқылы өсірілетін егіншілік-диқаншылық мейлінше дамыған. Оның осынша алға ілгерілеуіне құлдардың күшімен қазылған ірі су жүйелері Амудария мен Сырдария алқаптарынан кең көлемде қазылғанына, оларды археология мамандарының қалай зерттегеніне жоғарыда қысқаша тоқталдық. Осынша еңбек етіп, отырықшы өркениеттің негізін салған антикалық дәуірдегі түркілердің бабалары кейінгі ұрпақтарға өмірлерінің мол тарихи тәжірибесін қалдырған. Олардың кейінгі ұрпақтарға қалдырған мұрасын феодализм кезінде де кең пайдаланып, ертеден іргетасын қалаған отырықшы өркениетті түркілер дамытқан. Бұрынғы салынған қалалар мен бекіністер үлкейген. Олар отырықшы өркениеттің орталығына айналған. Олардың табысты дамуына үстерінен өткен Ұлы Жібек жолы да қолайлы ықпалын тигізіп, шығыс пен батыстың өркениеттерін байланыстырған. Ертеден қалыптасып қалған халықтардың саяси, экономикалық және мәдени байланыстарының тәжірибесі қазіргі дербес ел болуда маңызы бар екені баршаға мәлім. Сондықтан да Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеп білу бүгінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

## 7.2. Түркілер өркениеті

Өркениет (цивилизация) – қоғамның саяси және заттай әрі рухани мәдениетінің даму дәрежесін белгілейтін ұғым. Ол адам баласының басынан өткерген эволюциялық жолмен ілгерілеуін, дамуын суреттейді. Жер шарын мекендеген халықтардың барлығы дерлік эволюциялық жолмен дамып келе жатыр. 2005 жылдың басында жер жүзіндегі адам саны 6 миллиардқа жетті. Ертедегі халықтар өздерінің мекендеген табиғи-жағырапиялық жер жағдайына және бастарынан өткерген тарихи оқиғаларға байланысты бір деңгейде дамымаған. Кейбір халықтар алға ілгерілеп, өркениеттік деңгейге жетсе, қалғандары баяу дамыған. Бұндай табиғи құбылыстарды ертедегі адамзаттың тарихынан ақ кездестіреміз. Жерорта теңізінде ежелгі Рим мемлекеті пайда болып, біздің жыл санауымыз бойынша 200 жылға дейін Рим империясы өмір сүріп, Батыс Еуропаға, Балқан түбегіне, Солтүстік Африка мен Алдыңғы Азияға өзінің үстемдігін жүргізген және көне Қытай мен Үнді өркениетімен байланыста болған. Рим, грек



антикалық өркениеті қарауындағы және алыстағы көршілеріне де әсерін тигізгеніне бағзы тарих куә [37].

Бұл тоқталған өркениет ортағасырда да өз жалғасын тапқан. Тарихтың осы кезеңінде үш ұлы өркениет дәуірлеген: Еуропа, Ислам және Қытай. 1100 және 1350 жылдары Батыс Еуропа халықтары феодализм қоғамында жасап, мемлекеттердің басты күштері құдіретті аристократтар мен кедей шаруалар (диқандар) болған. Олардың қолдарындағы күшті құрал христиан шіркеулері, діни адамдары болып, феодализм қоғамын қуаттандыруда айрықша қызмет атқарған. Феодализм қоғамындағы өмір осы діни көзқараспен қаралған. Еуропаның феодалдық мемлекеттері көрші елдерге өздерінің заттай және рухани мәдениеттерінің жетістіктері арқылы әсерін тигізген.

979–1126 жылдары Сун дәуірінде Шығыс Азияда қарқындап дамыған Қытай өркениеті қалыптасқан. Өзінің қарқынды дамуы арқылы қытайлықтар жақын және алыстағы көршілеріне үлгілі әсерін тигізген. Кітапты басып шығару тәсілдерін тауып, кітаптар баспаханаларда басылу дәрежесіне жеткен. Мылтықтың дәрісін (порох) және қағаз ақшаны шығарған. Бұл жаңалықтар Ұлы Жібек жолы арқылы әлемге, сондай-ақ еуропалықтарға таралған. Қытайдың жібек кездемесі, шыны ыдыстары (фарфор) және тоқыма құралдары сияқты заттары кең көлемде тарқаған. Ежелгі уақытта келіп шыққан Қытай жібегінің атымен шығыс пен батысты жалғастырған Ұлы Жібек жолы б.з.б. II ғасырда дүниеге келіп, ол Орталық Азияның қалаларының үстімен жүрген [38].

Ежелгі және ортағасырлардағы Орталық Азия түркілерінің қоғамдағы, жалпы мәдениеттегі жетістіктері көрші елдермен, соның ішінде Алдыңғы Азия халықтарымен тығыз байланыста дамыған. Ислам өркениетінің өрлеуіне араб, парсы халықтарымен бірге түркілер де атсалысты. Бұл өркениеттің дамуы ислам дінінің келуімен тікелей байланысты.

Бұл дін қысқа уақыт ішінде (1100–1350 жж.) Испанияның оңтүстігінен Қытайға дейінгі мекендеген көп ұлтты халықтардың мемлекеттік дініне айналды. Ертеден буддизм мен христиан діндерінің ықпалында болғандығына қарамастан, ол діндерден бас тартып, VIII ғ. басында түркілер ислам дінін қабылдап, оны мемлекеттік дінге айналдырды. Енді ежелгі бабаларымыз хұндар (гүндер) Орталық Азия арқылы шығыс елдерге тараған буддизмге қалай қарағаны туралы мәселеге келейік. Білге қағанның (725 ж.) Тоныкөк (Тонюкук) ақылшысынан буддизмді түркілерге қабылдатсақ қайтеді деп сұрағаны туралы үзіндіге көңіл аударайық: «Білгенің тағы бір ойы Таоист пұттарын жасап, түріктердің ішінде буддизмді тарату болатын. Бірақ бұған Тоныкөк



қарсы шығып, буддизмнің адам бойындағы басшылықты және билік сезімдерін әлсірететінін, күш пен соғысу жолының бұдан келмейтінін, егер түрік халқы өмір сүрсін десең, осы дін мен ұттарды мемлекетке кіргізбеу керек деген» [39].

Келтірілген үзіндіден, Көктүрік мемлекетінің ақылгөйі Тоныкөктің елбасының буддизм дінін қабылдау туралы айтқан пікіріне қарсы тұрып, буддизмнің түркі халқының адамгершілігіне, жаратылысына тура келмейтінін дәлелдеп, оны мемлекеттік дінге айналдырудың қажеті жоқ екенін баяндағанын көреміз. Оны ақылды елбасшысы Білге қаған мақұлдаған. Сөйтіп, ислам діні келгенше көктүріктер бұрынғыша тәңірге, көп дінге сенушілігін өзгертпеген.

Ислам өркениеті, жоғарыда аттары аталған өркениеттер сияқты, өзінің негізін ежелгі заманнан алады. Ислам діні түркілердің эволюциялық дамуына өзінің қолайлы әсерін тигізген. Орталық Азияның автохтондық перзенті – түркі. Оның даму жолы көрші елдермен, соның ішінде Батыс көршісі Алдыңғы Азия халықтарымен тығыз байланысты болған. Түркілердің ертедегі және орта ғасырдағы тарихи формацияларды өздерінің басынан өткергенін тарихи, археологиялық және т.б. ғылымдардың деректері дәлелдейді [40].

Орталық Азия жерінен тас, қола және темір дәуірлерінің ескерткіштері кең көлемде ашылды. Енді сол бай мағлұматтарға сүйеніп, түркілердің бастарынан өткерген тарихи кезеңдеріне шолу жасайық.

Жер шарындағы үлкенді-кішілі халықтар алғашқы қоғамды бастарынан өткергені баршаға мәлім. Онан кейінгі құл иеленушілік қоғамдық формацияны түркілер «секіріп өтіп, бірден феодализмге барды» деген жалған пікір осы күнге дейін үстемдік етуде. Қазақ совет энциклопедиясында: «Қазақстанның ежелгі халқы дамудың құл иелену сатысына соқпай өтті. Мұнда көптеген ғасырлар бойы патриархалдық үй құлдығы болғанымен, ол қоғамдық-экономикалық формация дәрежесіне көтеріле алмады» [41] делінген. Кеңес өкіметі жылдарында жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» бес томдығының 1996 ж. «Қазақстан тарихы» атты бірінші томында осы пікір қайталанған. Қазіргі еліміздің тарихын оқитындардың көпшілігінде осындай түсінікке сенетіндер әлі де бар. Бұл концепция шындыққа келмейді. Оны жиналған деректерге негіздеп қайта қарайтын уақыт жетті.

С.П. Толстов басқарған кешенді Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының атқарған қыруар зерттеу жұмыстарына келейік. Бұл экспедиция Амудария мен Сырдарияның орта ағысынан төменгі жерлердегі ежелгі,



антикалық және ортағасырлық түркілердің ескерткіштерін жарым ғасырдан артығырақ уақыт жан-жақты зерттеп, жоғарыдағы ғұламалардың өсиетін орындауда айтарлықтай зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жиналған өте бай деректер жеке-жеке монографиялар мен экспедицияның еңбектері болып жарық көрді, мысалы: «Древний Хорезм» (1948); «По следам древнехорезмской цивилизации» (1948); «По древним местам Окса и Яксарта» (1962) және т.б.

Осы еңбектердің нәтижесінде ертедегі түркілердің тарихы қайта қаралып, Амудария мен Сырдария, яғни Тұран өлкесінде антикалық заманда ежелгі мемлекеттердің болғаны дәлелденді. Б.з.б. II – б.з. V ғасырларында ертедегі сақтардың ұрпақтарының Амудария мен Сырдария алқаптарында Қаңлы, Ферғана, Тохаристан мемлекеттері өмір сүрген. Б.з. I–IV ғасырларында Кушан империясы, б.з. V–VI ғғ. Эфталит мемлекеті дәурендеген. Қаңлы мемлекетінің бас астанасы Самарқанд қаласы болған [42]. Орталық Азия түркілерінің ежелгі қоғамда жасағаны туралы автордың арнайы мақаласы жарық көрді [43]. Бұл мәселе осы тарауда кеңірек айтылған.

Аттары аталған мемлекеттердің алғашқысы және түркі мемлекеттігін құруда қаңлылар ұлы күш болғанға ұқсайды. Қаңлы мемлекетіне көп жерлер қарап, сол жерлерді мекендеген түркілер қаңлы деп аталған. Қаңлы – жиынтық этноним. Түркілер енші алысқан кезде, әр тайпаның, мемлекеттің басшылары қаңлы руынан сайланған. «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла, қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» [44] деген қанатты сөздер ел арасында әлі күнге дейін сақталған. Б.з.б. I ғ. аяғында Қытай деректерінде: «Кангюи, керісінше (усунмен салыстырғанда) өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында бас июге ешбір көнбейді. Онда наместниктен жіберілген чиновниктерді усундердің елшілерінен төмен отырғызады. Тамақты әуелі солардың князьдары мен ақсақалдарына, сонан соң барып наместниктің елшілеріне тартады» [45] делінген.

Бұл сөзді қытайлықтар тегін айтпаған. Олардың қаңлыларға берген мінездемесіне қарағанда, Қаңлы мемлекетінің басқару жүйелерінің қытайлықтардан анағұрлым жоғары болғанын байқауға болады. Олар қытай елшілеріне өздерінің жоғары екенін көрсетіп келген. Түркілердің заттай мәдениетін айтпағанда, олардың қоғамды басқару жүйелері, әлеуметтік қарым-қатынастары (институттары) жоғары дәрежеге жеткеніне қайран қалуға болатынын Л.Н. Гумилев айрықша атап өткен. Елді басқару тәртіптері, әскери өнерлері, елшілердің жұмыс атқару жүйелері, тәсілдері, қоғамдық идеологияның дамуы өркениетті



халықтардың бірінен де кем емес екенін көрсетеді. Түркілердің бұндай өркениеті антикалық заманда қалыптасып, тарихтың кейінгі кезеңдерінде алға өрлеуде болған.

Антикалық дәуірде Орталық Азия түркілері оңтүстігінде йүзілер, шығысында хұндар мемлекеттеріне бөлініп жасаған. Б.з.б. II ғасырда Хұн империясы құрылып, оны Тұман (Теоман) хан [46], оның мұрагері – баласы Мау Түн (Мете) [47] басқарған кезде Хұн империясы ұлы күшке айналған. Қытайдың батыс көршісі болған хұндар жиі-жиі оларға қарсы шабуыл жасаған. Одан қорғану үшін қытайлықтар батыс шекарасына Ұлы Қытай қорғанын сала бастаған. Чин династиясының императоры Шы Хуанди құрылысты аяқтаған: «Шы Хуанди билік басына шыққаннан кейін Ұлы Қытай қорғанын салып бітіруді тездетіп аяқтау үшін еңбек күшін де, қаржыны да аямай төкті. Оның ең негізгі мақсаты – солтүстіктен келетін шапқыншы тайпаларынан шекарасын қорғау, сол арқылы империясын аман сақтап қалу болатын» [48].

Осы келтірілген үзіндіге қарағанда, саяси, әскери жақтан хұндар Қытайға ерте заманнан-ақ ұлы күш екенін іс жүзінде көрсетіп отырған. Қытай императорының батысқа жасаған талай жорықтарын сәтсіз аяқтатқан. «Хұндардың мұрагерлері көктүріктер де қытайлықтарға осындай күшті соққы беріп, олардың шекарасын батыс көршілерінің есебінен кеңейтуге мұрша бермеген. «38 жасында Білге (қаған. – У.Х.) қыс кезінде қытайларды жаулап алды. 39 жасқа келгенде, көктемде татыбтар көктүріктерге басқыншылық жасайды. Төңкер тауында басшыларының 40000 әскерінің 30 мыңын Білге өлтірді. Сол кездерде аурудан қайтыс болған үлкен ұлы үшін өлтірілген басшы Қуға арнап Білге кесене тұрғыздырды... Білге қаған ит жылының оныншы айында 26 күні (25 қараша 735 ж.) қайтыс болды... Асына Қытайдың Лисін Тау генерал басшылығымен 500 адам келді» [49].

Хұндар мен түркілердің жүргізген ішкі, сыртқы саясаттары олардың ақыл-ойларының өте жоғары дәрежеде болып, түркі халқының Отаны – Орталық Азияны қорғап, жерін, халқын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, түркі өркениетінің жалауын жоғары көтергенін дәлелдейді.

Білге қаған түркі халқын қатты сүйген. Бұл жөнінде Қытай деректерінде де жазылған. Өзінің жазбаларында шығыста Қытайдың Шанг-Тунг даласына, ішкі Азияда Төкуз-ерсін (Қарашар) аймағына, солтүстікте Байырку жағасына (Аны өзені) және батыста Темір есікке (Сырдария өзенінің аймағында, Самарқанд-Баях жолы бойында) дейін сапар шеккенін еске салғаннан кейін,



былай деген: «Тәңірдің бұйрығы үшін халқымның көзінің көрмегені, құлағының естімегені үшін күннің шығысына, күннің батысына, күндізге, түнге жеткіздім. Алтынның сарысын, күмістің ағын, жібектің тазасын, аттың айғырын, нәжісінің қарасын, тиынның көгін түрік халқына енгіздім» [50].

Тарихи тұлғаның бұл қалдырған мұрасы оның өз халқын шексіз сүйгендігін, барлық өмірін сол үшін жұмсап, түркілердің бұрын қолдары жетпеген жеңістерге әкелгенін, Білге қағанның кемеңгер, ақылды қолбасшы тұлға екенін көрсетіп тұр. Ол небәрі 50 жасқа келіп, 735 жылы 25 қарашада өмірден өтті [51]. Сонан бері 1270 жыл өтсе де, оның атқарған ісін, жазып кеткен өсиетін кейінгі ұрпақтар шексіз құрметтейді және үйренеді. Сондықтан да 2001 жыл Күлтегін жазба ескерткішінің нұсқасы Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетіне әкеліп қойылды және сол туралы халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Білге қаған түркілерді біріктіріп, империя құрып, оны ұлы күшке айналдырғанын көтеріңкілік тұрғыдан халқына өсиет ретінде былайша білдірген: «Төбедегі аспан айналып түскенінше, жер ойылмайынша, ешкім түркі ұлтының мемлекеті мен салт-дәстүрін жоя алмайды» [52]. Адам өмірінде, сондай-ақ отбастарында да, мемлекеттерде де бірлік шешуші күш екенін бабаларымыз ертеден ұққан және соған сүйеніп ұлы істерді атқарған. Қазақ халқының күнделікті тұрмысында «Бірлік болмай, тірлік болмайды» атты қанатты сөз жиі қолданылады. Оның сағасы әріде жатқанын Білге қағанның айтқанынан ұғуға болады. Бірлік қазіргі егеменді Қазақстан Респубикасының дамуына да ауадай қажет.

Тарихи деректерге қарағанда, антикалық заманның өзінде-ақ түркілер көрші Қытайға өркениет әкелген: «Шалғайдағы Алтай мәдениеті «Иаңшау мәдениетінің» ортаңғы кезеңінен былай қарай өз ықпалын жүргізе бастағанын көреміз. Негізі, Қытайдың солтүстігінде қола мен мыс сияқты металдар өте аз еді... осыдан түркі халқы жасап, кемелдендірген қола өнеркәсібі Солтүстік Қытай арқылы Оңтүстік және Шығыс Қытайға жетіп, өркендегені аңғартылады. Сөйтіп, Қытай жерінде қытайлық қола өнеркәсібі дамып, өркендеді».

Бұл пікірді жалғастырып, автор: «Үш аяқты ыдыстар мемлекеттің символы болатын. Тоғыз ыдыс – тоғыз елдің белгісі. Осы үш аяқты әсем ыдыстар бұл жерден Шан династиясына, одан әрі Жу династиясының астанасына жөнелтілген. Мінеки, бұдан Алтайдың қола бұйымдары ішкі Қытай қалаларына қарай барғанын білуге болады. Қытайдың солтүстігінде қола рудасы



жоқ болатын. Сондықтан мұнда Алтайдың әшекей бұйымдарына еліктеп ешнәрсе жасалмайтын» [53] дейді.

Бахаддин Өгелдің бұл пікірін дәлелдейтін археологиялық деректер Қазақстан жерінен біршама табылды. Иманғали Тасмағамбетов өзінің «Ат жалындағы өркениет» атты сүбелі еңбегінде бұндай үш аяқты қазандардың суреттерін 53–55 беттерде беріп, олардың Алматы қаласының маңынан, Шығыс Қазақстаннан, Жетісу өңірінен табылған, б.з.б. V–III ғғ. жататын жәдігерлер екенін жазған [54]. Осы ыдыстарға қарағанда, сол кездегі бабаларымыздың түсті металдарды еркін игеріп, көркем, сұлу, өрнектелген бұйымдарды жасап, оларды Ұлы Жібек жолындағы елдерге, сондай-ақ алдымен Қытай көршілеріне жеткізген. Осы антикалық дәуірде Орталық Азия жерінде кеншілер кең аймақта тау кендерін меңгеріп, осы күнгі еліміздегі түсті, кейін қара металдардың негізін салған. Біздің заманымыздың даму дәрежесіне сай үлкен зауыттар, комбинаттар жұмыс істеп тұр. Олай болса, ертедегі темір кенін игерушілердің саны да аз болмаса керек. Өйткені Қазақстанның көпшілік жерінен ертедегі кендердің орындарын археологтар, геологтар тапты және зерттеді. Осындай өркениетке жеткен бабаларымыздың білегінің күшімен, маңдайының терімен жасаған темір бұйымдары бізге археологиялық дерек ретінде сақталып келген. Олар – отырықшы кеншілердің өндірген байлықтары.

Хұндар өмірдің басқа салалары бойынша да өзінің өркениеттік әсерін Қытайға тигізіп отырған. Сол кезде Ферғана (Дайуян) мемлекетінде қан терілі аттар өсірілетін. «Аттары жоңышқа жейді. Ферғанада 70-тен артық қала бар. Асыл тұқымды жылқылары көп. Жылқыларынан қан тәрізді тер шығады. Аңыздарда айтылуынша, бұл жылқылар тұлпар тұқымынан шыққан көрінеді. Ферғанада бір тауда ерекше бір жылқылар болады-мыс...» [55]. Бұндай айрықша асыл тұқымды жылқыларды өсіретін «Дүлдүл» атанған тау – осы күнгі Қырғызстанның Ош облысының Үзген (Өзкенд) ауданының жерінде орналасқан қала. Ол Қарахан әулеттері кезінде астаналардың бірі болғанын айтқанбыз. 1952 жылы археологиялық экспедиция кезінде бұл қалада болдым. Сол ауданда Дүлдүл аталған таудың бауырында бұлақтан пайда болған көл бар. Сол көлдің жағасында биік жартасқа әдемілеп салынған аттардың суреттері сақталған. Бұл кезіндегі Ферғана тұлпарларының бейнесі болса керек.

Бұндай асыл тұқымды жылқылардың қытайлықтарды қызықтырғаны сонша, б.з.б. 140–86 жылдарда Қытайдың патшасы Ферғанаға елші Жаң Шиянды аттандырып, көптеген алтын (1000 алтын), басқа да асыл заттар беріп жіберген. Ол Ферғанадан





асыл тұқымды ат сұрады. Ферғана ханы, хан патшалығы бізден өте шалғай, қалың қол бастап мұнда келе алмайды деген оймен өздері қастерлейтін асыл тұқымды жылқыларын бергісі келмейді. Сондықтан Қытай елшісі Ферғана ханын балағаттайды. Ферғаналықтар Қытай хандығының елшілерін өлтіріп, олардың мал-мүлкін сыпырып алады [56]. Онан кейін генерал Ли Гуан Лиге 100000-нан астам әскерімен келіп, ферғаналықтармен 4 жыл соғысып, нәтижесінде әскери қолбасшы У Ганы өлтіріп, оның басына қоса 300 жылқы беріп, қытайлықтарды еліне қайырады. Қытай патшасы У осынша шығынға ұшырағанына қарамастан, Ферғанадан әкелген жылқыларға риза болып, ол жылқылардың санын көбейтуге бар күшін салады және жоңышқа тұқымын еліне алдырып, оны жылқыларына беріп, Ферғана жылқыларын өсіруді ен жайдырады. Осы жылдарда жоңышқа мен жүзім де Қытайға жеткізіледі. Сол кезде Ферғанада жүзімнен шарап жасайтын. «Ферғананың жер-жерінде жүзімнен шарап жасалады. Байлар қоймаларында он мың күптен (Qlcek) артық шарап сақтайды. Ол неше ондаған жылдар бойы сақтаса да бұзылмайды. Бұл ел шарапқа өте құмар» [57].

Бұған қосымша, хұндар (түркілер) өзінің жерін басып өтіп, шығыс пен батысты жалғастырған Ұлы Жібек жолына өздерінің билігін жүргізіп отырған. Б.з.б. 140–86 жылдары Қытай патшасы У Қытай керуендерінің осы жолмен кедергісіз өтуіне айрықша көңіл бөлген. «Қытай керуендерінің батысқа қарай бет алуы хұндарды ызаландырды. Өздеріне қарасты түркістандық қалаларға олардың жолын кесіп тастауды бұйырды... Түркістандағы осынау қалалық хандықтар хұндарға тыңшылық хабар жеткізіп те тұрушы еді. Хұндар оларға бұйрық түсіріп, қытай керуендерінің жолын кескізіп тастайтын» [58].

Осы мәліметтерге қарағанда, хұндар Ұлы Жібек жолының тұтқасын ұстап, халықаралық байланысты күшейтуге, әйтпесе әлсіретуге ықпалын жүргізген. Сондықтан хұндар мен Қытай араларында келіспеушіліктер орын алған. Қытай мемлекеттері хұндарға күш көрсетіп, жүз мыңдаған әскерлерін жиі-жиі жіберген. Олар өздерінің алға қойған мақсаттарына кейбір кезде уақытша жетсе де, бірақ ұзатпай-ақ хұндар оларды келген жағына қуып салып отырған. Қытайлықтардың саны көп болса да, батыстағы көршісі хұндардың жерінің есебінен аумағын кеңейте алмаған. Бұл тұжырымға қарағанда, хұндардың ел басқару, әскер құру және соғысты жүргізу тәсілдері қытайлықтардан жоғары тұрғанын көрсетеді. Барлық жақтан, Хұн империясы өздерінің жақын және алыс көршілерінен анағұрлым өркениетті ел болғанын көреміз.



Ортағасыр – бүкіл дүние жүзі тарихының ежелгі дүние мен жаңа тарих аралығындағы тарихи кезең. Алғашқы және құл иеленушілік қоғамнан жаңа сатыда пайда болған феодалдық қоғамдық формация б.з. V–XVII ғғ. үстемдік етті. Бұрынғы бастан өткен қоғамдарға қарағанда, өндіріс күштері мен өндіріс қатынастары анағұрлым алға өрлеген кезең. Феодализмде жерге меншік үстемдік етіп, ірі жер иелері тың жерлерді игеріп, экономика алға ілгерілеп, бұрынғы қалалар іріленіп, жаңа қалалар өсіп шығып, олар қолөнер кәсібінің және сауданың, мәдениеттің орталығына айналып, феодалдық басқару орындары орналасты.

Орта ғасырда түркілердің басқару жүйелерінде айтарлықтай алға ілгерілеушіліктің болғаны байқалады. 542 жылғы мағлұматтарға қарағанда, «Қытайлар түркілерді сюннулердің (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған» [59]. Түркілер бұрынғы ыдыраған Хүн империясының орнына келіп, оны қайтадан біріктіріп, Ұлы Түрік империясын құру үшін қыруар жұмыстар істеген. Бұндай ұлы іске түркілер Білге қағанның кезінде қолдарын жеткізген. Білгенің ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – мемлекетті басқарудағы тұрақтылық. Ағасы Қапан, бауыры Күлтегін сияқты дәрекі емес, халықтың тағдырын оның мүддесіне шешетіндей жұмсақ мінезді еді. Қажет болғанда соғысудан тайынбайтын еді... [60].

Келтірілген үзіндіден Білге қағанның ақылды, кемеңгер ұлы басшы екенін және барлық 50 жылдай саналы өмірін сүйікті түркі халқына жұмсағанын байқаймыз. Бұрын халқының қолы жетпеген байлыққа күні-түні қажырлы еңбегі арқылы жеткізгенінің куәгері болып отырмыз. Бөлшектеніп кеткен түркі мемлекеттерінің басын қосып, Ұлы Түрік империясын құрып, оны ұлы күшке айналдырған.

Білге қағаннан кейін бұл Түрік империясы бөлшектеніп, ортағасырда бірнеше ұсақ мемлекеттер пайда болған: Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқтар, Оғыздар, Қимақ қағанаты, Арабтар, Қарахандар. Аттары аталған Орталық Азия түркілерінің мемлекеттерінің ішіндегі ең күштісі – Қарахан империясы. Қарахандар – ежелгі Орталық Азияда құл иеленуші түркілердің мемлекеттерін құрған Афрасиабтың ұрпақтары [61]. Жамал Қаршидың айтуынша, Қарахан мемлекеті 955–956 жылдары құрылған [62].

Қарахандықтар жоғарыда аттары аталған мемлекеттерді біріктіріп, үлкен мемлекет құрды. 999–1089 жылдарда Қарахандар Шығыс Түркістанды, Жетісу және Мәуринахрды биледі. Бұл үлкен мемлекетті 5 астана арқылы биледі: Қашқар, Баласағұн,



Үзкенд, Самарқан және Бұхара. Олардың ішінен Баласағұн бас астана болды [63].

Қарахан әулетінің негізін салушы Сатұқ Боғра хан (915–955) ислам дінін қабылдады [64]. Бұл дін Орталық Азия түркілерінің мемлекеттік дініне айналып, орта ғасырдағы үш өркениеттің бірі – ислам өркениетінің тікелей ықпалында дамыды. Бұл халықтардың қоғамдық құқықтары, мемлекеттік басқару жүйелері, өнерлері, әдебиеттері және білімдендіру салалары, салт-дәстүрлері ислам дінінің тікелей әсерімен алға өрледі. Жаңа дін ұлы күшке айналып, ислам мәдениеті көпұлттық тайпаларды, халықтарды біріктірді. Ислам дініне кірген халықтардың көп салалы өмірлерінде алға өрлеушілік болды. Мұсылман халықтарының ішінен табиғи және гуманитарлық ғылымдардың саласынан ғалымдар шығып, олар өздерінің ғылымдағы жетістіктерімен әлемді таңқалдырды. Көптеген елдердің ғалымдары ислам елдерінің зерттеушілеріндей болуға ұмтылды. Орта ғасырда Батыс және Еуропа халықтарындағы ғылыми білім христиан діні тарапынан қуғынға ұшыраған шақта, ислам дінін қабылдаған араб, парсы, түркі халықтары ертедегі Грекияның, Римнің, Византияның ғылыми жетіскендіктерін сақтап қалды. Бұл халықтардың арасынан шыққан ғұламалар сапалы, ғылыми негізде Герадоттың, Аристотельдің, Платонның және сол сияқты ғұламалардың еңбектерін өз тілдеріне тәржімелеп, оларды ел арасына кең көлемде таратты. Солардың бірі, біздің жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби «екінші Аристотель» деген атқа тегін ие болмаған.

Ислам дінінің негізі болған Құран халықтың заттай және рухани мәдениетінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Бұрын бір дінді мойындамаған түркілер ислам дініне кіріп, оның елді, халықты өркендетуге үлкен әсер ететінін түсініп, Құрандағы діни қағидаларды орындауға және ислам дінін дәріптеуге кірісті. Бұл діннің буддизмге қарағанда түркілердің болмысына, мінез-құлқына, мәдени талаптарына, жалпы менталитетіне жақын келетінін түсініп, оны қабылдап, түркі елінің мемлекеттік діні ретінде құрметтеді. Құран білімге және ғылымға сүйіспеншілікпен қарайтыны қалың халық арасынан қолдау тауып, түркілер, басқа да халықтар сияқты, перзенттерін оқуға беруге, ислам дінінің қағидаларын үйретуге айрықша көңіл бөлді. Орталық Азияда мектеп, медресе және діни, ғылыми орындар ашылды. Тек Қарахандардың бас астанасы болған Баласағұнда Махмуд Ибн-Валидің айтуынша: «діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіті, 20 ханқа және 10 медресе болған» [65].



Бұндай діни және оқу орындары ауылдарда, үлкенді-кішілі қалаларда болған. Ұлы Жібек жолындағы әлемге белгілі Испиджабта (Сайрам) Қожа Ахмет Йассауи (XII ғ.) дүниеге келген. Осы қалада оның әкесі Ибрагим, анасы Қарашаш-ананың кесенелері сақталған. Әйгілі Қожа Ахмет Йассауидің кесенесі (XIV ғ.) Түркістан қаласында салынып, ол әулиелі жер, «екінші Медине» делінеді [66]. Бүгінде халық аузында «Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет» деген қанатты сөз жиі-жиі айтылады.

Қарахан әулеттері кезінде түркілердің ислам өркениетінің жаулауын жоғары көтеріп, әлемге әйгілі ғұлама ғалымдарды Орталық Азияда дүниеге әкелген: Рудаки, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, әл-Фараби, әл-Хорезми, әл-Бируни, Ибн-Сина, Омар Хайям, Қожа Ахмет Йассауи. Араб елдерінен жинаған деректері бойынша, Ә. Дербісәлиев Қазақстан жерінде ортағасырлық қалалардан шыққан ғұламалардың еңбектеріне тоқталған: отырарлық ғалымдар – 11, Сайрам, Түркістаннан – 11, Сыр бойынан – 10, Тараздан – 6, көміліп қалған қалалардан – 13 [67]. Бұлардың саны зерттеген сайын толығы беретініне сеніміміз мол. Өйткені түркілер – ерте заманнан перзенттеріне білім беруді дәстүрге айналдырған халық. Ислам өркениетіне негізделіп, түркілер рухани жақтан да Қарахан әулеттері кезінде айрықша дамып, шарықтап өркениеттің биігіне жеткен. XII ғ. кейін, Қарахан династиясынан кейін бұл өркениет әлсірей берген. Бірақ ұлы өркениеттің оты бірден сөнбей, оның әсері кейінгі ұрпақтардың дамуына демеуші болып отырған.

Моңғол империясы кезінде де ислам өркениеті өзінің мәнін жоғалтпай, моңғолдардың мәдени дәрежесінен жоғары екенін байқатты. Соған қарамай, еуроцентристердің жазғанын біздің тарихшылар қайталаған: «Елдің саяси және мәдени байланыстарын үзіп, шаруашылығын күйретті. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысындағы отырықшы ауылдарының халқы қатты күйзелді. Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент, т.б. қалалар қиратылып, Жетісу бойындағы қалалар құрып кетті» [68].

«Қазақстан тарихының» бірінші томының «Шыңғыс хан шапқыншылығы» [69] атты бөлімінде де Шыңғыс ханның шабуылын жоғарыдағы келтірілген үзіндінің мәнінде суреттеген. Бұл пікір басылымдардың бәрінде де осы тұрғыда қайталанған. Енді Шыңғыс хан, оның әулеттерінің XII–XIV ғғ. жүргізген ішкі және сыртқы саясаттарын қайтадан қарайтын уақыт жетті. Олардың жүргізген ұлы істеріне тарихи шындыққа негізделіп баға беріп, оның көлеңкелі және сәулелі жағын ашып айту қажет.

Орталық Азиядағы бытыраңқы түркі мемлекеттерін моңғол-



дар біріктіріп, өз империясын құрған. Яғни, көктүріктерден кейін ыдыраған түркілер қайта бірлескен. Түркістанның ежелден көршісі болған, түркі тілдес емес халықтар бұл империяның вассалы (бағынышты елдері) болып қалған. Моңғолдардың қол астында жасаған Таяу Азия және Қытай елдері. Моңғолдар өздері басып алған жерлерінде басқару жүйесіне айтарлықтай өзгеріс енгізген жоқ. Басқару орындарында жергілікті халықтардың уәкілдері болып, олар алым-салық жинап, ел басқару жұмыстарымен айналысты. Өйткені Моңғол империясына кірген халықтардың ел басқару, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму дәрежелері моңғолдардан жоғары болатын. Жаугершілікпен келген моңғолдардың саны өте аз болып, жергілікті халықтар империяның негізгі тұрғындарынан құралған. Бұндай этникалық теңсіздікпен Шыңғыс хан, оның ұрпақтары санасуға тура келген. Мемлекеттік ислам діні, түркі тілдері өздерінің жұмысын атқара берген. Моңғол елшілері, басқарушылар қыпшақ тілінде сөйлеген. Қорыта келгенде, Моңғол империясына ислам өркениеті өзінің жағымды әсерін тигізген және ислам діні түркілердің діні ретінде үстемдігін тоқтатпаған. Біздің елге келген моңғолдардың ішінде ислам дінін, мәдениетін, әдет-ғұрпын қабылдағандардың түрік, қазақ болып кеткендері аз болмаған.

Моңғол империясының ішінде түркі тайпалары іріленіп, этникалық жақтан өсіп, халықтық сатыға көтеріліп келген болу керек. Бұл мәселе әлі күнге дейін түбегейлі зерттелмеген. Олардың бәрі де ислам өркениетінің негізінде алға өрлеген. Сондай-ақ Шығыс Еуропа славяндары бытыраңқылық жағдайда жасап келе жатса, оларды моңғолдар Москва князьдығына бағындырып, бірлескен Орыс мемлекетін құруға жәрдемші болғанын тарих растайды.

Моңғол империясының ел басқарудағы жағымды жақтарын пайдаланып, түркі мемлекеттері өздерінің өркениетті мәдениетін алға өрлеткен. «Өз кезінде Шыңғыс хан «Ясасының» – моңғол заңдары жинағының құрамына кірген және XVII ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында мағынасын жоғалтпаған халықтық ғұрыптың кейбір дәстүрлі нормалары қазақтардың заң ескерткіші «Жеті Жарғының» (Тәуке ханның «Жеті жарғысы», «Ережесі» немесе «Заңдары») бір бөлігі болуы ықтимал» [70].

Ислам өркениетінен сусындаған қазақ хандарының ішінен халқын алға өрлетуде айтарлықтай үлес қосқан перзенттері шыққан. Мәселен, Қасым хан (XVI), Тәуке хан, Абылай хан және т.б. Ондай ұлдарын халқымыз әлі күнге дейін құрметтейді. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті Жарғысы» деген қанатты сөздер ел арасында



жиі-жиі айтылып келе жатыр. Ел билеген азаматтар да аз емес. Олардың ішінде қара қылды қақ жарған шешендер мен әділ билер де аз болмаған. «Тура биде туған жоқ, туынды биде иман жоқ» деген мақал сөздер халық арасында кең қолданылады. Олардың ішінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқтылар аз болмаған. Бұл мақалдың мәні мәңгі жасайды. Бұлардың бәрі түркі, оның бір бөлігі қазақ халықтары ертеден өркениетті болғанын, оның тарихи дамулары жер бетіндегі жоғары дамыған халықтардан кем емес екендігін дәлелдейді. Бұның бәрі ежелден түркілер өзінің Тәңірі берген өте бай жерін иеленіп, өркениеттің негізін ерте қалаған халықтар екенін айғақтайды.

I Петрдің әйгілі «Шығыс мәселесін» XVIII ғ. Ресей іс жүзіне асырып, «Ұлы қақпа» болған Қазақстан жерін отарландырып, Орталық Азияны және Қиыр Шығысқа дейінгі жерлерді қолдарына кіргізді. Отарландырған сан жағынан азды-көпті азиаттықтардың, соның ішінде қазақ халқының жерін, жер байлығын иеленіп қана қоймай, рухани жақтан да отарландырды. Ресей отар халықтардың өгей әкесі мен шешесіндей болды. Қол астындағы халықтардың бәрін өздерінен төмен тұтып, барлық жаманатты соларға жапты: тарихы жоқ, мәдениеті нашар, көшпелі, тек төрт түлік малдың иесі, оларға «туземдер» деген ат қойды. Ежелден өркениеттің тасын қалап, Тәңір берген бай Орталық Азияны мекен еткен түркі халқы терезесі тең ел болғанын Ресей империясы 300 жылға жақын уақыттың ішінде ұмыттыру үшін қолынан келгендерінің бәрін істеді. Қазақстанға келген зерттеушілер, саяхатшылар және т.б. сияқтылардың көпшілігі шындықты қисық айнамен көрсетуге тырысты. Міне, Кеңес өкіметі кезінде коммунистік идеологияның тонын жамылып, қағаз бетінде «тең», іс жүзінде бүркемелеп, отаршылықты жүргізіп келгенін халқымыз біледі. Нәтижесінде, ғасырлар бойы қалыптасып қалған асыл әдет-ғұрпымыздан айырылды, өркениетке жеткізген ислам діні бекерленді, ана тілімізден айырылып қала жаздадық, тарихымыз ақтандақтарға толды және т.б. Бұлардың бәрінің кейінгі кездерде бет пердесі ашылуға.

1986 жылдың Желтоқсан оқиғасынан кейін, 1990 жылы егеменді Қазақстан Республикасы болып, тәуелсіздікке жеткеннен бастап, коммунистік идеологияның құрсауынан шығып, еліміздің саналы азаматтары өткен тарихын шынайы сын көзбен қарап, оның ішінде ақиқаттыққа тура келмейтін уақиғалардың орын алғанын көріп, оған «ақтандақтар» деген айдар қойылды. Рухани мәдениетімізге кірген ақтандақтардың бетін ашып, оны түзетуге ұмтылған және сол жолдан таймаған азаматтар баршылық.



2003 жылдың 22–23 мамырында ҚР Ғылым академиясында: «Урбанизация и номадизм в Центральной Азии: история и проблемы» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Оған шетелдерден ғалымдар келді. Соның ішінде А.М. Хазанов, С.Г. Кляшторный және т.б. бұрыннан өздерін «белгілі шығыстанушылармыз» деп жүрген еуроцентристер өздерінің көзқарастарын қайталаумен болды. XX ғасырда жиналған бай тарихи, археологиялық, этнологиялық деректерге сүйеніп, түркі халықтарының шынайы тарихын жазу керектігіне көңіл бөлмейтіндіктерін тағы бір рет көрсетті. Бұндай ғылыми конференцияның біздің төл тарихымызды жазуға беретін жәрдемі шамалы. Құдайға шүкір, өзіміздің ата тарихымызды өзіміз жазатын жағдайға жеттік. Біздің тарихымызды шетелден келген еуроцентристер бұған дейін жазып, оны ақтаңдақтармен толтырды. Енді, өздеріміз төл тарихымызды жаза алатынымызға сенуіміз қажет. Шетел ғалымдарына бас июді қоятын уақыт жетті. Бірақ олардың ғылымға кіргізген жаңалықтары болса, оны басқа халықтармен қатар қабылдауымыз керек. Өйткені барлық ғылымның жетістіктері әлем халықтарына ортақ. Ол – ғылымның даму заңдылығы.

Жоғарыда келтірілген тарихи шындықтарға қарағанда, Орталық Азия аборигендері көне замандардан бастап, өркениеттің негізін салып, әлемдегі басқа да халықтар сияқты эволюциялық жолмен дамып келе жатқан, көш алдында жүрген түркілер екеніне күмәндануға болмайды. Қазіргі түркі тілдес халықтар – антикалық және орта ғасырдағы ислам өркениетін бастарынан өткерген түркі бабаларының ұрпақтары. Олар Тәңірі берген тамаша бай Орталық Азияны отанына айналдырып, оның байлығын мейлінше игеріп, бастарынан тарихи формациялардың бәрін өткеріп, өздерінің заттай және рухани мәдениеттерін дамытып, мәдени өркениетті халық болғанын дәлелдейтін тарихи деректер жеткілікті. Түркілер жақындағы және алыстағы көршілерімен ұдайы байланыста болып, олардың жетістіктерін қабылдап, өзінің тарихын дамытып, оны өркениеттік сатыға көтеріп, көптеген елдерге қолайлы әсерін тигізгеніне жоғарыда деректер келтірдік. Сол тарихи шындыққа негізделе келе, Орталық Азияда түркі өркениеті дәуірлегеніне күмән келтіруге болмайды, өйткені ол – тарихи шындық.

### **7.3. Қазақ халқының тарихындағы ақтаңдақтар**

Орталық Азияны мекендеген түркілерді, соның бір бөлігі қазақтарды көшпелі деген тұжырымдама (концепция) бойынша



тарихымыз жазылып, оқытылып келді. Ол тұжырымдаманы осы күнге дейін көпшілігіміз қолдаймыз. Біздіңше, бұл тұжырымдама жалпы түркілерге, соның бірі қазақтарға тура келмейді. Бұл халықтар – ежелден отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі өмір сүріп, адамзаттың өркениетіне ерте жеткен халықтар.

Азия – жер шарының ең үлкен бөлігі және адамдардың тығыз орналасқан құрлығы. Онда әлем халқының жарымы орналасқан. Олардың этникалық құрамы да алуан түрлі. Азия құрлығы – алғашқы адамдар өрбіген көне дүниелердің бірі. Ертедегі көне заманда әлемдік өркениеттің орталықтары Қытайда, Үндістанда, Месопотамияда, Орталық Азияда, Кавказда болған. Б.з.б. IV–II мыңыншы жылдарда қолдан суару арқылы өсірілетін егіншілік пайда болып, өзендердің алқаптарында жиі-жиі қазылған үлкенді-кішілі су жүйелері салынған, таптық құл иеленушілік мемлекеттер келіп шыққан, жазу пайда болған, әдебиет, ғылым, көркем қолөнер кәсібі және сәулетті құрылыстар дамыған. Көне және ортағасырларда алға өрлеген Азия халықтарының мәдениеті Еуропа, Африка және Океания елдеріне әртүрлі жолдармен тараған және әлем халықтарының дамуына айрықша әсерін тигізген: еуропалықтар вавилондықтардың күнгізбесін, финикийлердің алфавитін, қытайдың қағазын, оқдәрісін, арабтардың, үндістердің цифрын, арабтардың ғылыми, мәдени терминдерін қабылдаған [71].

Азия өркениетінің осындай ажырамас бір бөлігі – Орталық Азия. Ол түркі әлемінің өрбіген Отаны. Ол кең-байтақ табиғи-жағырафиялық Азия құрлығының Еуропамен ұласып жатқан жеріне орналасқан. Оның батысы Шығыс Еуропамен, шығысы Қытаймен, оңтүстігі Үндістан, Ауғанстан, батысы Иран елдерімен шекараласқан. Осы көршілерімен түркілер ежелден этникалық, саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынаста жасаған.

Түркілердің өркениетті елге айналуында Орталық Азияның тамаша табиғи-жағырафиялық жағдайының да маңызы өте зор. Бұл – жер шарындағы адам баласының дамуына қолайлы аймақтардың бірі. Орталық Азияда ірі-ірі ойпаттар, тегістіктер, шөлдік-шөлейттік, жартылай шөлдік жерлер, биік-биік таулар, қыраттар, теңіздер мен көлдер, өзендер, бұлақтар баршылық. Табиғаттың мұндай түрлерінің болуы түркілердің жан-жақты дамуына, оларға икемделіп, көп салалы шаруашылықпен айналысуына мүмкіншілік берген. Оның үстіне, Орталық Азия тұрғындары Еуропа мен Азия құрлықтары арқылы жақын және алыс жатқан көршілерімен қарым-қатынас та жасаған. Осы қолайлы жағдайлар түркілердің мәдени өркениетке ерте жетуіне





себін тигізген және олар дүние жүзі халықтарының өркениетті мәдениетке жетуіне де айтарлықтай үлестерін қосып келген.

Андронов (кола дәуірі) мәдениетін Қазақстанның барлық жерінен, әсіресе, Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстаннан археологтар кең көлемде ашты. Қазақ халқы, жер шарындағы басқа халықтар сияқты, өзінің Тәңір берген бай даласында көп салалы шаруашылықтың негізін салып, тұрақты мекендер мен қалаларды құрып, мәдени өркениетке жеткенін айта келіп, Н.Ә. Назарбаев: «Осыдан екі мың жыл дерлік бұрын біздің жерімізде дамыған мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын бір-бірімен шебер ұштастырған өзіндік бірегей андронов мәдениеті пайда болды. Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кезде Үндістанға қарай бет алған тайпалар тап сол андронов мәдениетінің иелері еді. Қазақстанның сақ тайпалары андронов мәдениетін жасаушы халықтың «Авестада» айтылатын арий, тур, дах және дайлардың тікелей ұрпақтары болып табылады» [72],– деп атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаевтың еңбегінен келтірілген бұл үзіндіде, қазақ халқы да жалпы түркілердің, ертедегі Орталық Азияны мекендеген тарихи тайпалардың ұрпақтары болып, кешенді шаруашылықты шеберлікпен жүргізгені және өркениетті ел болғаны баяндалады. Елбасының бұл пікірлерін кейінгі жылдарда табылған археологиялық деректер де растайды.

Осындай ертеден өркениетке жеткен түркілердің, соның ішінде қазақтардың тарихтарын еуроцентристер мейлінше бұрмалап жазып келе жатыр. Кеңес өкіметі жылдарында жазылған бес томдық «Қазақ ССР тарихы» ақтаңдақтарға белшесінен батқан еңбектердің бірі. Сол кездегі әдет бойынша, тарихты алдымен орысша жазып, кейін қалай болса солай қазақшаға аударып жүрді. Олардың көпшілігінің авторлары қазақ тілін шала білетіндерден құрылды. Қазақ тарихын ақтаңдақтардан арылту үшін, алдымен оны қазақ тілін, менталитетін шынайы ғылыми дәрежеде білетін мамандар ана тілінде жазулары қажет. Біздің төл тарихымызды ұлтымыздың перзенттерінің жазғаны жөн. Өйткені өзінің халқының алуан салалы тұрмысын, психологиясын, сана-сезімін жақсы біледі. Қазақтың тарихын басқа бір елдің азаматтары жазып, оны ақтаңдақтарға толтырғаны шекемізге тиетіндей болды ғой. Енді сол қателікті түзейтін уақыт жетті.

Қазақстан тарихындағы басты ақтаңдақтардың бірі – көшпелілік тұжырымдамасы (концепциясы). Бұл тұжырымдама – жалпы түркі әлемінің тарихына көп уақыттардан бері отаршылдардың, әсіресе, Ресей отаршылдарының кең көлемде қолданған көзқарасы. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тілінде



жазылған үлкенді-кішілі еңбектерде қазақ халқының тарихы, этнографиясы және басқа да ғылым салалары, алуан санды өмірі осы көшпелілік көзқараста жарияланған. Ондай тарихнамаларда қазақ халқы төрт түлік малдың соңында ұдайы көшіп-қонып өмір сүргендігі айтылған. Олардың тұрақты баспаналары, қалалары, бекіністері және сол сияқты ескерткіштері болмағаны баяндалған. Тап осы тұжырымдаманы негізге алып, ежелгі заманнан Қазан төңкерісіне дейінгі тарихымыз жазылған. Көшпеліліктің анықтамасы: «Кочевничество, номадизм (от греч. – кочующий) – особая форма хозяйственной деятельности и связанного с ней образа жизни, возникающая в ходе первого крупного общественного разделения труда при выделении скотоводства в самостоятельный вид хозяйства» [73]. Осы пікір «Қазақ совет энциклопедиясында» қайталанады: «Ежелгі Геродот, Қытай, Шумер, Аккад жазбаларына қарағанда, Қазақстан жерін мекен еткен сак, үйсін, дулу, шуманак, сырманак тайпалары көне заманнан-ақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанын дәлелдейді. Олар қазіргі Қазақстан аумағында б.з.б. IX–VIII ғасырларда тұра бастаған» [74].

Осы пікірді Еуропаның ғалымдары ежелден бері еш жалықпай жазып келе жатыр. Олардың жалпы көшпелілерге, соның ішінде түркілерге берген мінездемесін қорытындылай келіп, А.М. Хазанов өзінің тұжырымдамасында былай дейді. Оны сол басылған күйінде келтірейік: «На мой взгляд, к числу важнейших особенностей кочевого скотоводства, определяющих его хозяйственную сущность, относятся: 1) скотоводство как преобладающий вид хозяйственной деятельности; 2) его экстенсивный характер, связанный с круглогодичным внестойловым содержанием скота на подножном корму; 3) связанная с потребностями скотоводческого хозяйства периодическая подвижность в пределах определенных пастбищных территорий или между ними (в отличие от миграций); 4) участие в перекочевках всего или большей части населения (в отличие, например, от пастушеского или отгонно-пастбищного скотоводства); 5) натуральный, т.е. направленный, в первую очередь, на удовлетворение непосредственных нужд, характер экономики (в отличие от современного капиталистического ранчо или молочного фермерства)» [75].

Бұл автордың жалпы көшпелілерге көзқарасы осындай. Соған қарағанда, ол мұхиттың ар жағында отырып алып, еуроцентристердің жазғандарын қайталаудан көзін шындыққа аша алмай келе жатқан тарихшы «маман».

Бұдан шамасы 30 ғасыр бұрын мал шаруашылығы бөлініп шығып, шаруашылықтың жеке саласына айналған болса, одан



бері табиғатта да, адамдардың қоғамында да айтарлықтай өзгерістер, алға өрлеушіліктер болған. Адам баласы үздіксіз эволюциялық заңмен алға ілгерілеуде, өсуде өмір сүрген болса, оның тарихы да бір қалыпта қатып қалмаған. Геродоттың, оның замандастарының қалдырған деректерін аксиомаға айналдырып, ертедегі түркілердің бабаларын шетінен көшпелі өмір сүрген деп қайталай берудің қажеті жоқ. Ол ғалым Орталық Азияны тегіс аралаған емес және бұл аймақтың табиғи-жағырафиялық ерекшелігімен жетерліктей таныс болмаған. Сақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысумен қатар, осы күнгі Қазақстан жеріндегі түсті металдарды: алтын, күміс, мыс, қорғасын және тағы басқа жұмсақ түсті металдарды кең пайдалана білген. Мысалы, Есік (Иссақ) қорғанынан, Аралтөбеден, Шілікті қорғанынан археологтардың тапқан алтын бұйымдары сол темір дәуіріне жатады. Археологтар осы дәуірге жататын түсті металдардан жасалған осы сияқты бұйымдарды көп тапты. Біздіңше, бұл бұйымдарды сақ дәуіріндегі шеберлер білегінің күшімен, маңдайының терімен жасаған, оны бабаларымыз бізге мұра етіп қалдырған.

Қола дәуірі б.з.б. 4-мың жылдықтың ақыры мен 1-мың жылдықтың басы. Әсіресе, Кеңес Одағы жылдарында археологтар қола дәуірінің ескерткіштерін Қазақстан, Сібір, Алтай жерлерінен кең көлемде ашты. «Батыс Сібір, Алтай, Қазақстан және Орталық Енисей жерінде б.з.б. 2-мың жылдықтың ортасынан андронов мәдениеті, ал Орта Азияда Хорезм жерінде тазабагьяб мәдениеті дамыды, ... б.з.б. 2-мың жылдықта Қазақстан жерінде ескі патриархалды-рулық құрылыс болды. Қазақстанның барлық жерінде – зираттарда, ежелгі мекендерде, ескі кен орындарында қола дәуірінің ескерткіштері көптеп кездеседі. Қазақстан тайпаларының осы дәуіріндегі мәдениеті андронов мәдениеті, беғазы-дәндібай мәдениеті деп аталады» [76].

Б.з.б. 2-мың жылдықта Қазақстан жерінде пайда болған қола мәдениеті кең көлемде зерттелді. Оған баға жетпейтін үлес қосқан академик Ә.Х. Марғұлан. Ол Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарып, қола мәдениетін мейлінше ашты. Ұлы ғұлама бұл дәуірдің ескерткіштерін кешенді (комплекстік) тұрғыдан зерттеді. «А.Х. Марғұлан отқрыл и описал множество памятников металлургии, рудники Джезказган, Саяк, Алабуга, Урпек, Имантау, Коунрад (Қоңырат. – V.Ш.), Шакпак, древние медеплавильные центры Джезказган, Суук-Булак, Атасу, Каркара-лы. Им обнаружены остатки гидротехнологических сооружений, плотин, запруд, огражденных искусственных водоемов» [77].

Қола дәуіріне жататын осынша ескерткіштерді Орталық



Қазақстан археологиялық экспедициясы ашқан болса, сол кездегі өмір сүрген бабаларымыз отырықшы болып, жеті қабат жер қойнауындағы кендерді тауып, одан түсті металдарды өндіріп, өркениеттің негізін қалаған болса, оларды неге «көшпелі» деп атаймыз. Көшпелілер қалай кендерді иелеп, өндірістің іргетасын қалай алады. Кеншілердің тұрақты мекендерін де Ә.Х. Марғұлан зерттеді. Оның атақты «Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана» еңбегінің 2-тарауы «Поселение эпохи бронзы Центрального Казахстана» аталады, онда Атасу-1, Бұғылы-1, Бұғылы-2, Ақкезең, Байбаса, Шортанды бұлақ, Қарқаралы тобы, Тағыбай бұлақ, Жезқазған тобы қоныстарын ашып, оларды осы еңбегінде егжей-тегжейлі жазды [78]. Оған қосымша бұл еңбектің 3-тарауы «Хозяйство и ирригация» деп аталады [79]. Бұл тарауда Орталық Қазақстанда қола дәуірінде қолдан суару арқылы егін еккенін баяндаған.

XX ғ. академик С.П. Толстов басқарған кешенді Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жарым ғасырдан артығырақ уақыт ішінде Амудария мен Сырдарияның орта және төменгі ағыстарынан кең көлемде қола мәдениетін, яғни «таза-багьяб» мәдениетін ашты. Ол деректер ғылыми әдебиеттерде жарық көрген.

Бұл келтірілген деректерге сүйенсек, қола дәуірінде өмір сүрген бабаларымыз жер асты кендері мен егіншіліктің негізін салған. Осының өзі-ақ өндірістің іргетасын қалаған адамдардың аз болмағанын дәлелдейді.

«Қола дәуірінде адам қоғамының өндіргіш күштерінің дамуында мал шаруашылығымен және егіншілікпен қатар әртүрлі рудаларды өндіру, тас пен сүйекті ұқсату аса маңызды рөл атқарды.

Қазақстан аумағында мыстың, қалайының және алтынның бай кендері бар екендігі ежелгі уақыттан белгілі болатын. Көптеген көне кен орындары – мыс (Жезқазған, Зыряновск, Қаршыға, Жалтыр, Ащылы, Ұратөбе, Күшікбай), қалайы (Атасу тауы, Қалба және Нарым жоталары), алтын (Степняк, Қазаншұңқыр, Балажал, Ақжал, Дайбай, Майқапшағай, Ақабек) кен орындары бұл аймақтың ежелгі металлургия орталықтарының бірі болғанын көрсетеді» [80].

Осындай жер астындағы байлықтарды иелеп, ертедегі қола дәуірінде кен орындарын ашып, олардан алуан санды түрлі металдарды өндіріп, ғажайып бұйымдарды істеген кеншілерді көшпелілердің қатарына қалай жатқызуға болады?! Төрт түлік малдың соңында жүрген шаруалардың бұндай кен жұмысымен айналысуға мүмкіншіліктері жоқ қой. Бұл кен орындарын та-



уып, одан мыс, қалайы және алтын өндіріп, талай ғасырлар бойы өздерінің кәсібін атадан балаға жалғастырып келген. Қола және темір дәуірінде де кеншілердің жұмысы алға өрлегеніне археологтардың тапқан деректері дәлел бола алады. Мысалы, Есік обасы, Берел, Шілікті және т.б. [81].

Алғашқы қоғамның қола және темір дәуірлеріндегі бабаларымыз көп салалы шаруашылықты пайда етіп, кеншілік, егіншілік, мал және тағы басқа қосалқы шаруашылықтармен айналысқандарын дәлелдейтін археологиялық, этнологиялық және жазба деректер жеткілікті. Сол мәліметтерге қарағанда, тарихтың аталып отырған дәуірлерінде, жерінің табиғи ерекшеліктеріне икемделіп, көп салалы шаруашылықпен айналысқан. Кеншілерде, егіншілерде, малшыларда, балықшыларда, аңшыларда бір мезгілде өмір сүрген және өздерінің өнімдерінің игілігін бірге көрген. Олар жақындағы және алыстағы көршілерімен қарым-қатынас та жасаған.

Осы отырықшылық ортағасырдағы Түркештер, Қарлұқтар, Оғыздар, Қарахандар мемлекеттері өмір сүрген кезеңдерде кең қанат жайған. Аттары аталған түркі мемлекеттерінде отырықшылармен бір қатарда, жартылай отырықшылар да кең көлемде жайлаған. Түркі елдерін сипаттай келіп, әл-Идриси: «Олар жер өңдейді, тұқым сеуіп, егін жинайды» – дейді. Хулу әл-Аламның мәліметтері бойынша, қарлұқтар тұрған аймақтар түркілердің қарауындағы жерлердің ішіндегі халық неғұрлым көбірек қоныстанған және ең бай жерлер болды, оларда қалалар мен отырықшы мекендер көп болған. Сол деректер бойынша, қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс болған [82].

М. Қашқари мен Ж. Баласағұн түркілердің ерте заманнан-ақ қалалары мен тұрақты ауылдарының болғаны туралы көптеген нақтылы деректерді береді. Жүсіп Баласағұн да адам баласының тарихына диалектикалық тұрғыдан қарай келіп, әртүрлі себептермен бұрын отырықшы мәдениеттің орталығы болған көптеген қалалардың жоқ болып кеткенін, олар құлап, жермен-жексен болғанын жазған. Сол мәдениетті өрбіткен, оны дамытқан халықтардың тегіне көз жіберген. Сондай қалаларды, халықтарды, ауыл мен тайпаларды іздеудің ғылыми мәні бар екеніне айрықша көңіл бөлген және сөзімнің шындығына көз жіберіңдер, мені естеріңе сақтандар деген өсиет қалдырған.

Ж. Баласағұн кезінде, онан кейін де ортағасырдағы түркі қалаларының көпшілігі ескерткіш ретінде бізге жетті. Олар Қазақстан жерінің барлық аймақтарынан кездеседі. Бұл ескерткіштерді ғылыми негізде археологтар зерттеп, бабаларымыздың өсиетін іске асыруда. Әсіресе, Кеңес Одағы



кезінде ірі-ірі археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, бірнеше ортағасыр қалаларын көп жыл бойына зерттеді: ҚР Ғылым академиясының Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (1969–2000), Хорезм кешенді археологиялық-этнографиялық экспедициясы (1934–2000) [83], әл-Фараби атындағы университеттің археологиялық экспедициясы (1974–2000) [84] және т. б. Нәтижесінде, Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық қалалар, ескерткіштер кең көлемде зерттелді және сол кездерде өмір сүрген бабаларымыздың отырықшылық өркениетін сәулелендіретін өте бай деректерді жинады. Бірақ Қазақстанның барлық жеріндегі алуан санды ортағасырлық ескерткіштер, олардың ішінде тұрақты мекендер мен қалалар әлі зерттеуін күтіп жатыр. Тек, соңғы жылдарда ортағасырлық қалалардың орны Шығыс, Солтүстік, Орталық және Батыс Қазақстаннан ашыла бастады. Сөйтіп, ертедегі және ортағасырдағы отырықшылардың қоныстары Қазақстанның барлық жерінде бар екенін археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр.

Ертеден келе жатқан қазақ халқының өмірінде, Ресейге бодан болған жылдарда, өзгерістердің болғанына қарамастан, олардың арасында бұрынғы отырықшылардың ізі жоғалған жоқ. Елімізге Ресей империалистері отаршылық саясатын жүргізіп, Ресейдің түпкірлерінен жерсіз шаруаларды алып келіп, Қазақстанның шұрайлы жерлерін келімсектерге алып беріп, жергілікті халықтарды жартылай шөлдік, шөлейттік жерлерге ығыстырып шығарды. Бұл мәселе туралы көп жазылған. Солай болса да, бір мысал келтірейік. XIX ғасырдың ақырында Қазақстанда жүргізілген Ф.А. Щербинаның экспедициясының берген деректерінде: 1893–1905 жж. арасында 4074180 десятина жерді Қазақстанның Батыс, Орталық, Шығыс аймақтарынан алып, көшіп келген орыс шаруаларына берген. Олардың 2550202 дес. Ақмола ауданынан, 499566 дес. Семипалатадан, 1024412 дес. Торғай-Орал өңірінен. Барлығы 18 млн десятина жерді қазақтардан алып, келушілерге берген [85]. Қазақстанның басқа да аттары аталмаған жерлерінен көп көлемде жер жоғарыдағы келушілерге берілген. Қазірде де Қазақстанның жерінде сол кезде келген орыстардың ұрпақтары отырған селолары (деревнялар) баршылық. Олардың барлығы дерлік суы мол, шұрайлы жерлерге жайласқан. Бұл байқаған қарапайым адамдарға да түсінікті. Ресейдің басқарушылары: «Ресейден келген шаруаларға бос жатқан жерлерді бердік» – деп жалған дәлелдерді көп жазған. Осындай шұрайлы жерлер орыстар келгенше бос жатты дегенге кім нанады!



Осындай Ресейдің отаршылық саясатының нәтижесінде, қазақтар ертедегі қонысынан ығыстырып шығарылды. Олар жартылай және бүтіндей шөлдік, таулы жерлерге барып, қыста паналауға болатын жерлерге қыстау салып, жазғы жайылымға қолайлы жерлерде малын бағып, күн көрді. Қыстау және жайылым белгілі аймақта болып, оны өзгертуге жағдай болмаған. Өйткені қазақтар ру-ру болып жайласып, қарауындағы жерлерді өзара бөлісіп алған. Сондықтан олар әрқайсысы тек өздерінің қыстайтын және жаздайтын жерлерінен шыға алмаған. Қыстайтын жерінде тұрақты баспана, малдарына қора салған және қысқа шөп дайындаған. Жайлауына да кішігірім баспаналар салып, соны паналап, малдарын баққан. Бұндай шаруашылық жартылай отырықшыға жатады. Олардың қыстаулары мен жазғы мекендері жер жағдайына байланысты шашыраңқы орналасқан. Шамамен олардың аралары 5-6 км қашықта болған.

Қазақтардың басым көпшілігі Қазан төңкерісіне дейін осындай жағдайда өмір кешкен. 1929 жылдардан бастап, осы бытыраңқы орналасқан шаруаларды колхозға күшпен кіргізіп, малдарын, құрал-саймандарын ортаға салып, бытыраңқы шаруаларды ұйымдасқан колхоздың орталығына жинап, «көшіп жүрген халықтарды отырықшылыққа айналдырдық» – деген ұранды қалыптастырған. Осындай саяси бос сөздер Кеңес өкіметі кезінде көп жазылды. Негізінде олар көшпенді болмағанын жоғарыда айттық. 1939 ж. бүкіл Кеңес Одағында жүргізілген халық санағына сәйкес, Қазақ КСР бойынша шаруалардың 99,3 пайызы колхозға кіріп, 100 пайыз егістік жерлер солардың қарамағында болған [86]. Бұл деректер шындыққа жатпайтын, сол кездегі саясатқа негізделген. Бұндай деректерге өте мұқият қараған жөн.

Колхоздасудың нәтижесінде барлық ауыл шаруашылық егіншілері, балықшылары бірлесіп, ұжымдасты. Олардың ішінде ежелден отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелілермен бір қатарда балықшылар да болды. Олардың басым көпшілігі отырықшылар мен жартылай отырықшылардан құралғанын баса айтқымыз келеді. Сондықтан Қазан төңкерісіне дейін қазақтар көшпелі өмір сүрді деген тұжырымдама тарихи шындыққа жатпайды. Ол – Ресейдің ғасырлар бойына жүргізіп келген отаршылық саясатын қуаттау үшін жазылған саяси тұжырымдама. Көшпелілердің мәдени дәрежесі төмен болатындықтан, қазақтарды артта қалып келе жатқан халықтардың қатарына жатқызу үшін айтылған сандырақ. Сондықтан да Кеңес өкіметі кезінде, «колхоздастыру арқылы көшпелі қазақтарды жаппай отырықшылыққа айналдырудың мәдениетін көтердік, соның



ішінде оларды жазуға, оқуға жұмылдырдық» және т.с.с. бос сөздерді жариялаумен жас ұрпақтардың басын айналдырды. Сол негізде тәрбиеленген ұрпақтардың көпшілігінде осы пікір қалыптасып қалған. Қазірдің өзінде де, кейбір қазақ зиялылары «Қазан төңкерісіне дейін 80-90 пайыз қазақ көшіп жүрген. Тек олар колхоздасу жылдарында жаппай отырықшылыққа айналды» деген шындыққа жатпайтын деректерге сүйенеді. Бұндай жалған әпсаналардан біздің ұрпақтарымыз арылуы керек. Көшпелі болып келген халықтар бұндай өркениетке жете алмаған. Қазақ халқы өркениетке ерте жеткен халықтардың бірі екенін дәлелдейтін деректер жеткілікті.

Жоғарыда келтірілген бай деректерге қарамастан, біздің кейбір тарихшылар отаршылық заманындағы әдет бойынша, қазақ халқы ежелден көшпелі болған деген «концепциядан» арылмай келе жатыр. Ол пікірлерін ақылға сыймайтын, қияли дәлелдермен түсіндіргісі келеді. Мысалы: «Б.з.б. II мыңжылдықтың аяғы мен I мыңжылдықтың басында, басқа далалық аудандардағы сияқты, Қазақстанда да климат өзгеріп, ол барған сайын қуаң тарта берді. Табиғи су көздері кеміді, оның өзі үлкенді-кішілі өзендердің жайылымдарында егіншіліктің өрістеуін тежеді, ал кейбір аудандарда оны күрт қысқартты. Уақыт өткен сайын малшылық-егіншілік үздіксіз дами түскен халық пен өндіруші күштердің арасында осы халықты күнкөріс құралдарымен қамтамасыз ете алмайтын үйлесімсіз деңгейі төмен арасында сәйкессіздік пісіп-жетіле бастады. Ежелгі тайпалар өз өндірісін тез жетілдіре алмады да, өріс алған жағдайдан шығудың жолы бір ғана нәрсе жер аумағын кеңейту деп білді» [87]. Бұл үзінді «Қазақстан тарихынан» алынған. Оның тілі өте ауыр және қисыны келіңкіремейтін, шындыққа жақындақырамайтын тұжырымдама екені байқалады. Баршаға мәлім, дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ. Бірақ табиғаттағы өзгеріс өте баяу болып, ол күрт өзгеріп кетпейді. Бұл пікір бұрыннан қалыптасып қалған көшпелілік тұжырымдаманы дәлелдеу үшін қияли, ойдан шығарылған деуге тура келеді. Келтірілген үзіндіде көшпелілер ұдайы жерін кеңейтуді мақсат ететіні айтылған. Бұл не деген сөз?! Яғни, олар жерін кеңейту үшін, ұдайы соғысып, жер бетіндегі мәдениетті қиратқан деген ұғымға сілтеп тұр.

Өткен ғасырдың аяғындағы мағлұматқа қарағанда, Қазақстан жерінің рельефі мен климатының әртүрлі болуына байланысты жер бетінің ағын сулары да біркелкі бөлінбеген. Шөл далаларда өзен өте аз да, солтүстік бөлігі мен биік таулы өңірлерде анағұрлым көп. Қазақстан жерінде 85 мыңға жуық өзен бар. Олардың 90-ы 10 км-ге жетпейтін кішігірім өзендер мен белгілі бір мау-





сымда ғана ағын су жүретін сай-жыралар, небәрі 228 өзеннің ғана ұзындығы 100 км-ден асады... Қазақстанда 48 мыңнан астам көл бар, олардың жалпы аумағы 45 мың км [88].

Бұл – 30 ғасырдан кейінгі мәлімет. Қола мен темір дәуірлерінде табиғат онша бүлінбеген. Енді б.з. XX ғ. ақырында өндіріс орындары бұрын болмаған дәрежеде дамып, жер бетінің экологиясы өзгерген кезде, әлде де су жүйелері бар екенін көреміз.

Еуропа ғалымдарында бұл пікір бұрыннан қалыптасқан. Олар қазірде де сол жабайылық пікірді дәріптейді.

А.М. Хазанов көшпелілерді төмендегідей суреттейді: «Борьба велась, как всегда, за пастбища, скот, добычу, за подчинение одних групп номадов другим. При этом создается впечатление, что внутренняя борьба в монгольском обществе XII в. выходила за рамки обычных междусобиц, присущих кочевникам... Их князья воинственны, предусмотрительны, тверды, справедливы и отличаются превосходными качествами: народ жесток, дик, груб и невежествен» [89]. Мұхиттың арғы жағасында отырып алып, А.М. Хазанов бұрыннан келе жатқан еуропалықтардың айтқандарын бүгінгі күні қайталаудан жалықпауда. Олардың жазғанындай, көшпелілер жайылым жерлерін ұдайы кеңейту үшін, олжа алу үшін, өзара және жақын-алыстағы көршілеріне шабуыл жасаған. Түркілер жабайы, тұрпайы, жалқау және т.б. деген сияқты жағымсыз сөздерді айтып та, жазып келе жатыр. Олардың көшпелілердің мемлекетіне берген анықтамасы: «Кочевые государства... характеризуются подчинением и завоеванием оседлого населения...» [90]. Бұл үзінді көшпелілердің мемлекеті отырықшылардың жерін, мекен-жайларын, қалаларын басып алып, олардың пайда еткен мәдениетін қиратушы деген көзқарасты уағыздауда.

2003 жылдың 22–23 мамырында Алматыда «Урбанизация и номадизм Центральной Азии» айдарымен халықаралық ғылыми конференция өтті. Бұл ғылыми жиынға жан-жақтан осы проблемамен айналысатын мамандар қатысты. Олардың басым көпшілігі – шетелдердің ғалымдары. Олар бұрыннан айтылып келе жатқан көшпелілер жөніндегі пікірлерін қайталады. Солардың ішінде Моңғолиядан келген ғалым «көшпенділер жабайы (варвар) емес» деп айқай салды. Бірақ оның және тағы басқа сол сияқты дұрыс пікір айтқандардың жасаған баяндамаларына көңіл қойған ешкім жоқ. Олай болса, бұндай атышулы «халықаралық конференцияға» сонша қаражат шығарып, уақыт кетіріп жатудың қанша қажеті бар екеніне түсінбедік. Көшпелі деп айдар тағылған халықтардың ішінен шыққан, өз халқының менталитетін білетін ғалымдарды тыңдамай, мұхиттың ар жағында өмір сүріп отырған А.М. Хаза-



нов сияқтылар түркілердің ғасырлар бойына тудырған өркениетін, жалпы менталитетін қайдан білсін. Олар қолдарына тиген деректерге сүйеніп, көшпелілердің тарихы туралы бал ашып жаза береді. Бұндай түркі тарихының «маманымыз» деп жүргендер сол халықтардың тілін де білмейді. Олай болса, түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тарихын солар жазып бере ме? Біздіңше, әр халықтың төл тарихын өзінің ішінен шыққан перзенттері жазу керек. Түркі тілдес халықтардың шынайы тарихын жазу үшін, сол туыстардың мамандарымен бас қосып, қиын проблемалар туралы пікір алысып, бір шешімге келу керек. Түркінің тілін, менталитетін білмейтін шет елдің ғалымдары, жалпы түркілердің тарихын ақтаңдақтарға толтырды. Енді оған тыйым салып, өз халықтарының тарихын өздері жазатын уақыт келді. Тарихты жазу үшін, алдымен қай халықтың тарихын жазатынымызды анықтап алуымыз қажет. Біздіңше, ежелден көп салалы шаруашылықты пайда еткен отырықшылардың, жартылай отырықшылардың және көшпелілердің тарихын жазуымыз керек. Өйткені Орталық Азияның табиғи-жағырафиялық жағдайына икемделіп өмір сүріп, жерінің астындағы және үстіндегі байлығын үнемдеп пайдаланып, ертеден өркениетке жеткен халық – түркілер, оның бір бөлігі – қазақтар.

### Әдебиеттер

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994. 5-б.
2. Сонда.
3. История Узбекской ССР. Т. 1. Кн. 1. Ташкент, 1955. С. 10–11.
4. Сонда. 11–13-бб.
5. История Монгольской Народной Республики. М., 1983. С. 80–81.
6. Алпысбаев Х.А. Находки нижнего палеолита в Южном Казахстане //ТИИАЭ АН КазССР. 1959. Т. 7; Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алматы, 1979; Таймагамбетов Ж.К. Палеолитическая стоянка им. Ч.Ч.Валиханова. Алматы, 1990.
7. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 47.
8. Сонда. 60-б.
9. Сонда. 68-б.
10. История Узбекской ССР. Т. 1. Кн. II. Ташкент, 1955. С. 28.
11. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алматы, 1998; Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996.
12. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 91; Қайдар Ә. Қаңлы. Алматы: Дайк-Пресс, 2004; Шәлекенов У.Х. Қаңлы тарихына қатысты еңбек //Ана тілі. 2004. 5 тамыз. № 32.
13. Сонда.
14. Қайдар Ә. Қаңлы.
15. Қазақстан тарихы. 1-т. 272-б.



16. Зувев Ю.А. Ранние тюрки: Очерки истории и идеологии. Алматы, 2002. С. 94, 96.
17. Қазақстан тарихы. 1-т. 275-б.
18. Сонда. 275-б.
19. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 117.
20. Сонда. 120-б.
21. Сонда. 135-б.
22. Бахаддин Өгел. Ұлы хұн империясының тарихы. 2-кітап. Алматы, 1998. 25-б.
23. Сонда. 26-б.
24. История Узбекской ССР. Т. 1. Кн. 1. Ташкент, 1955. С. 89–90.
25. Бахаддин Өгел. 2-кітап. 11–12-бб.
26. Сонда. 26-б.
27. Сонда. 1-кітап. 17-б.
28. История Узбекской ССР. С. 90–91.
29. Сонда. 89–90-бб.
30. Сонда. 104-б.
31. Сонда. 96–97-бб.
32. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962. С. 95.
33. Бахаддин Өгел. 1-кітап. 11–12-бб.
34. Сонда. 121-б.
35. Бахаддин Өгел. 2-кітап. 42–43-бб.
36. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент, 1966. С. 56.
37. Всемирная история в иллюстрациях. Рим и древний мир. Т. 2. М., 1994. С. 9–15.
38. Там же. Средние века. Т. 4. М., 1994. С. 28–37.
39. Білге қағанның өсиеті. Түркістан, 2001. 7-б.
40. Всемирная история в иллюстрациях. Средние века. М., 1994. С. 24–27.
41. Қазақ совет энциклопедиясы. 6-т. Алматы, 1979. 258-б.
42. Шалекенов У.Х. Орталық Азия түріктеріндегі құл иеленушілік // Отан тарихы. 2003. № 2–3. 11-б.
43. Сонда. 7-15-б.
44. Шалекенов У.Х. Қаңлы тарихына қатысты еңбек // Ана тілі. 2004. 5 тамыз.
45. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 275-б.
46. Бахаддин Өгел. Ұлы хұн империясының тарихы. 1-кітап. Алматы, 1998. 71-б.
47. Сонда. 74-б.
48. Сонда. 81-б.
49. Білге қағанның өсиеті // Түркістан. 2001. 19-б.
50. Сонда. 8-б.
51. Сонда. 20-б.
52. Сонда. 18-б.



53. *Бахаддин Өгел.* Сонда. 22-б.
54. *Тасмағамбетов И.* Ат жалындағы өркениет. Алматы, 2003. 53–69-бб.
55. *Бахаддин Өгел.* 2-кітап. 26-б.
56. Сонда.
57. Сонда.
58. Сонда. 22-б.
59. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 296-б.
60. Білге қағанның өсиеті // Түркістан. 2001. 8-б.
61. *Шәлекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы мәдениеті. Алматы, 2003. 98-б.
62. ҚСЭ. 6-т. Алматы, 1975. 510-б.
63. *Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У.* Баласағұнның жұмбағы шешіледі. Алматы, 2004.
64. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 399-б.
65. *Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У.* Баласағұнның жұмбағы шешіледі. Алматы, 2004. 13-б.
66. *Пылев А.И.* Ходжа Ахмад Ясави: суфийский поэт, его эпоха и творчество. Алматы, 1994.
67. *Дербісәлиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, 1995.
68. ҚСЭ. 8-т. Алматы, 120-б.
69. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 440-б.
70. Сонда. 448-б.
71. Очерки общей этнографии (Зарубежная Азия). М., 1959. С. 5.
72. *Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. Алматы, 2003. 81-б.
73. Советская историческая энциклопедия (СИЭ). Т. 7. М., 1965.
74. ҚСЭ. 6-т. Алматы, 1975. 55-б.
75. *Хазанов А.М.* Кочевники и внешний мир. Алматы, 2000. С. 84–85.
76. *Акишев К.А.* Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. М., 1978; Берел. Вечная мерзлота – хранительница древностей. Алматы, 2000; *Самашев З., Төлеубаев А., Жұмабекова Г.* Дала көсемдерінің қазынасы. Алматы, 2004; *Киселев С.В.* Древняя история Южной Сибири (2-изд.). М., 1951; *Маргулан А.Х., Акишев К.А., Оразбаев А.М.* Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966; *Маргулан А.Х.* Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Соч. Т.1. Алматы, 1998; *Толстов С.П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.
77. *Маргулан А.Х.* Соч. Т. 1. Алматы, 1998. С. 6.
78. Сонда. 231–310-бб.
79. Сонда. 311–328-бб.
80. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 107-б.
81. *Акишев К.А.* Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. М., 1978; Берел. Вечная мерзлота – хранительница древностей. Алматы, 2000; *Самашев З., Төлеубаев А., Жұмабекова Г.* Дала көсемдерінің қазынасы (Есік, Берел, Шілікті). Альбом. Алматы, 2004.
82. Қазақстан тарихы. 2-т. Алматы, 1980. 391-б.



83. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.
84. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. Алматы, 2003;  
Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У. Баласағұнның жұмбағы шешіледі. Алматы, 2004.
85. Қазақстан тарихы. 3-т. Алматы, 2000. 595-б.
86. История Казахской ССР. Т. 5. Алма-Ата, 1980. С. 26.
87. Қазақстан тарихы. 1-т. Алматы, 1996. 216-б; Масанов Н.Е. Кочевая цивилизация казахов. Алматы-Москва, 1995.
88. ҚСЭ. 6-т. Алматы, 1975. 252–253-бб.
89. Хазанов А.М. С. 371, 411.
90. Сонда. 366-б.



## *VIII тармау.* ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

### 8.1. Ұлы Жібек жолының тарихы

**Ұ**лы Жібек жолының тарихы, Қытай саяхатшысы Чжан Цяньның айтуынша, б.з.б. II ғасырынан басталады [1]. Бұл жол Сиань қаласынан Ланьчжоу арқылы Дуньхуа қаласына келіп, екі тарапқа бөлінген: солтүстік және оңтүстік. Солтүстік жол – Тұрфан, Қашқар, Алматы, Қарақастек, Баласағұн, Аспара, Мерке, Құлан, Тараз, Саудақент, Құмкент, Манкент, Испиджаб (Сайрам), Жаңабазар, Шарапхана, Ташкент, Самарқанд, Бұхара қалалары арқылы Мервке жетіп, ал оңтүстік жол – Хотан, Жаркент, Балх және Мервке жетіп, Ұлы Жібек жолының екі тармағы қосылған. Бұнан кейін Ұлы Жібек жолы Ниса, Гекотомпил, Акамез, Эқбатан, Бағдад, Ктесифан арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағасындағы порттарға – Антиохия, Дамаск, Тирге дейін созылып жатқан [2].

Б.з.б. I ғасырдың ортасында ғана Ұлы Жібек жолы тұрақты дипломатиялық және сауда жұмыстарын жүргізу дәрежесіне дейін көтерілген. Ол арқылы Шығыс пен Батыс елдері саяси, экономикалық және мәдени байланыстық орнатқан. Өз сағасын ертеден алатын Шығыс халықтарының мәдени табыстарын Батысқа, оның жетістігін Шығысқа таратқан. Б.з.б. 138 жылы Қытайдың сол кездегі императоры У-ди өзінің астанасынан бұрын белгісіз болған Батыс елдерге Чжан-Цзиян басқарған елші жіберген. Ол Батыс саяхатында 13 жыл жүріп, Орталық Азияның шығыс, оңтүстігін аралап, Ауғанстанға дейін барған. Елші барған жеріндегі елдермен байланыс келісім сөздер жүргізіп, Ұлы Жібек жолының күшейе түсуіне қолайлы әсерін тигізген. Бұнан кейін, Қытайдан жібек тиеген сауда керуендері Батысқа бірінен кейін бірі ағылып жатқан. Жібек саудасы Жерорта теңізіне дейін жеткен. Бұл Орталық Азиядағы көптеген қалаларды, тұрақты қоныстарды басып өткен [3]. (78-суретті қараңыз).

Ұлы Жібек жолы Шығысты да, Батысты да қызықтырған. Екі



жақтың көп салалы байланысын дамыту үшін, б.з. I–II ғасырларының арасында Қытайға, Қытайдан осы сауда жолымен, керуендермен бірге дипломаттар ерсілі-қарсылы жүріп жатқан. 97 жылы Қытай саяхатшысы Гань Ин Персия қолтығына дейін барған, ал 100 жылы македондық Май Тициан Ұлы Жібек жолы басталған Ланьчжоуға жеткен. Осы Ұлы жолмен Еуропа, Алдыңғы Азия, Оңтүстік Азия және Орталық Азия дипломаттары, саудагерлері, ғалымдары мен саяхатшылары жүріп жатқан. Ертедегі ортағасырдың VII–X ғасырларында Ұлы Жібек жолының халықаралық мәнге жетуінің нәтижесінде Қытай, Византия, Иран және Араб елдері арасындағы байланыс дамыды және ол үздіксіз күшейіп отырды [4].

Ұлы Жібек жолының Византиядан Иран арқылы Орталық Азияның батысынан шығысына дейін созылып жатқан ең ұзақ бөлігі – ежелден түркі халықтарының кір жуып, кіндік кескен жері. Түркілер бұл Отанын ертеде – Тұран (Түркістан) деп атаған. Оның жалпы көлемі туралы Махмұд Қашқари: «Қазір бүкіл Түркі елінің шекарасы Абискун (Каспий) теңізінен айналып, Рұм елі мен Өзкенттен Шыңға дейін созылады. Ұзындығы сегіз мың персек (парсақ. – *У.Ш.*)» деп жазған [5].

Осы ұлан-байтақ Орталық Азияны мекендеген түркілер өз Отанының табиғи-жағырапиялық жағдайына икемделіп өмір сүрген. Жер бетіндегі басқа халықтар сияқты, түркілер отырықшылыққа қолайлы жерлерде қалалар мен тұрақты мекендер салып, отырықшы мәдениеттің іргетасын ертеден қалаған. Жартылай шөлейтті жерде жартылай отырықшы болып, егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан. Гоби, Қызылқұм, Қаракұм, Бетпақдала, Үстірт сияқты жерлерде көшпелілік басымрақ болған. Сөйтіп, барлық түркілер, соның ішінде қазақтар шетінен көшпелілік өмір сүрмеген. Олар көп салалы шаруашылықты дамытып, өркениетті мәдениетке жеткен. Ол IX–XII ғасырлардағы Афрасиабтың ұрпақтары болған қараканидтер дәуірі.

Отырықшы мәдениетінің орталықтары болған үлкенді-кішілі қалаларды түркілердің өздері ерте заманнан бастап Тұран өлкесінде салғандығы аты аңызға айналған, тегі түркі Афрасиабпен байланысты екендігі тарихи деректерде кең көлемде суреттелген. Афрасиаб туралы иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде кең жазылған. Шығыстың атақты ұлы ғұламаларының бірі Фирдоусидің «Шаһнамасында» Афрасиабтың аса жақсы суреттелгеніне жоғарыда тоқталғанбыз.

Енді Қазақ совет энциклопедиясындағы жібек құрты, жібек иіру, жібек көбелектері, жібек құртын өсіру, жібек мата және



жібек ширатулар туралы мамандардың пікірлерін сол күйінде беруді жөн көрдік. Себебі көпшілік оқырмандар, әсіресе жастар жібек маталардың қалай дүниеге келетінін біле бермейді. Осы жібектердің негізі ертеде салынғаны, оның дүниеге ен жайғаны туралы оқырмандардың білуі қажет. Сондықтан бұл мәселе бойынша мамандардың пікірлерімен таныссын.

## 8.2. Жібек

**Жібек** – жібек құртының пілләсынан өндіріліп, тоқыма өнеркәсібінде пайдаланылатын табиғи талшық. Әдемі жалтырлығы, жіңішкелігі, беріктігі, оңай боялуы оның ерекшелігі болып табылады. Көп еңбек тілейтіндіктен, жібек ең қымбат талшық саналады. Өндірістік жібек негізінен асыранды тұт ағашы құртынан және жабайы емен құртынан алынады. Асыранды жібек құрты барлық жібектің 97-98%-ын береді.

Жалғыз пілләдан алынған талшықтым жіңішке болатындықтан, өндірісте қолданылмай, тек жібек қасиетін зерттеу үшін пайдаланылады. Техникалық жібек жіп бірнеше пілләны қатар тарқату арқылы алынады да, өз бойындағы желіммен өзара берік жабысып қалады. Бұл шикі жібек деп аталады. Бүкіл шикі жібектің жартысынан көбі ширатылған жібек өндіруге жұмсалады. Жібек өнеркәсібінің өзге барлық қалдықтары қайта өңделіп, жібек жіп алынады. Жібек бұйымдар (өңделу, боялуға дейін), ширатылған жібектің кейбір түрлері (пайдалануға дейін) және өндіріс қалдықтары (иіруге дейін) сабынды яки басқа ерітіндіде қайнату арқылы желімінен ажыратылады. Қайнатылған жібек жұмсарып, жалтырап кетеді, оңай боялады. Шикі жібек қайнатылмайды, өйткені желімнен айрылған соң жеке талшықтарға ажырап, тарқату қиындап кетеді.

Жібектің механикалық қасиеттері жоғары. Тұт ағаш құртынан алынған жібек жіп 8-10 г салмақ көтереді, 14-18%-ға созылған соң ғана үзіледі, ал дымқыл кезінде беріктігі 10-15%-ға дейін кемиді. Бұған қарағанда емен құртынан алынған жібек жіп 1,5 есе берік, созылғыштығы да 2 есе жоғары. Жібек әрі жақсы диэлектрик, 120-130° С ыстыққа төтеп береді, тек 160-170° С-та ғана ыдырай бастайды. Жібек құртын тек Шымкент облысының кейбір оңтүстік аудандары өсіреді, сондықтан республикамызда жасанды жібек өндірісі жақсы дамыған. 1970 ж. Қазақстанда 623 мың т жасанды талшық өндірілді. Жасанды жібек өндірісі 1975 ж. 1065 мың т-ға жетпек.

**Жібек иіру** – жібек өндіретін өнеркәсіптердегі жібек талшығы қалдықтарынан жіп дайындаудың технологиялық процесі.





Оған шикізат ретінде піллә қалдықтары мен жібек жіптерінің қиымдары пайдаланылады. Жібек иіру шикізатты сұрыптау, кесу, желімсіздендіру, қопсыту, тарау, шүйкелеу және иіру процестерінен тұрады. Шикізат сапасына қарай сұрыпталады; кейбірі кесіледі; былғаныш қоспалардан, жабысқақ талшықтардан, майдан ажыратылады; қайнату арқылы желімсіздендіріледі. Қопсыту кезінде шатасқан талшықтардың арасы жазылып, талшық иіруге икемді, қысқа кесінділерге (орта есеппен 150-250 мм) бөлінеді. Тарағанда талшық жігі ашылып, ұзынынан сараланады. Тарау жұмысы тарағыш дөңгелек машинамен жүргізіледі. Бірінші машинада таралған неғұрлым қысқа талшықтар екінші машинаға жіберіледі, сөйтіп 3-4 рет, кейде одан да көп таралады. Таралудан шыққан талшықтар шайырдан арылту цехында сілкуден өтеді де, тарақтап тұту машинасына беріледі. Тарау процесі өңделіп отырған талшықтан 0,02-0,03 нөмірлі, ұзындығы 1,5-3 м лента алынғанға дейін жүргізіледі. Шүйкелеу және иіру белгілі жүйе бойынша және қысқа жүнді тарақтап иіру процесінде пайдаланылатын құралдарға ұқсас жабдықтармен жүзеге асырылады. Дайын жіп әбден тазаруы үшін екі ұшынан бірдей сыдырылады да, арнаулы білікке оралады. Жібек жіп өте жіңішке болып иіріледі. Ал тарау кезінде түскен талшықтар қайта өңделеді де, одан төмен нөмірлі жіп алынады.

**Жібек көбелектері** – қабыршақ қанаттылар отрядына біріктірілетін бірнеше көбелек тұқымдасының жалпы атауы. Бұған нағыз жібек көбелектері (*Bombycidae*), емен көбелектері (*Attacidae*), піллә түзгіштер (*Lasiocampidae*), волнянкалар (*Orgyidae*), т.б. жатады. Жібек көбелектерінің бір ерекшелігі, олар қуыршаққа айналар алдында арнаулы бездері бөлетін жібек жіпше – піллә түзеді. Тұт жібек көбелектері, қытай емен жібек көбелектері таза жібек алу үшін қолдан өсіріліп көбейтіледі. Жібек көбелектерінің кейбір түрлері бау-бақша және орман шаруашылығына өте зиянды. Сақиналы жібек көбелектері (*Malacosoma neustria*) КСРО-ның Еуропа бөлігінде, Қырымда, Кавказда, Сібірде, Қиыр Шығыста кең тараған. Олардың жұлдыз құрттары жеміс ағаштарының және жалпақ жапырақты ағаштардың бұтақтарын, жапырақтарын, гүлдерін жеп зақымдайды. Тал жібек көбелектерінің (*Leucoma salicis*) жұлдыз құрттары тал, терек, көк терек, қандыағаш, жеміс ағаштарының жапырақтарымен қоректенеді. Бұл КСРО-да, оның ішінде Қазақстанда кең тараған. Қарағай жібек көбелектері (*Dendrolimus pini*) қылқан жапырақты ормандардың бәрінде де кездеседі. Қарағай, самырсын, шырша, бал қарағайдың зиянкесі. Сыңар жібек көбелектері (*Porthetaria dispar*) КСРО-ның Еуропа бөлігінің орталық және оңтүстік аудан-



дарында, Кавказда, Қырымда, Орта Азияда, Қазақстанда, Сібірде таралған. Жеміс ағаштарының және жапырақты ормандардың аса қауіпті зиянкесі. Жібек көбелектерінің зиянды түрлеріне қарсы олардың биологиясы, экологиясы, т.б. ерекшеліктеріне байланысты түрлі агротехникалық, химиялық, биологиялық әдістер қолданылады.

**Жібек құртын өсіру** – ауыл шаруашылығының тұт және емен жібек көбелектерін өсіріп, жібек піллеларын алатын бір саласы. Тұт жібек көбелегін тұт шаруашылығында өсіреді; тұт ағашының жапырағы тұт жібек көбелегіне және оның жұлдыз құрттарына қорек болады. Тұт жібек көбелегін көктемде тұт ағашында 3-5 жапырақ шыққан кезде азықтандырады. Олардың жұмыртқаларын құрғақ, таза, жарық, жылы және ауа алмасып тұратын 2-3 бөлмелі инкубаторда дамытып өсіреді. Инкубаторларды 150 жұмыртқа қорабына есептеп жасайды. Жібек құртын өсіру шаруашылығында жібек көбелегінің ұрығын және оның жұлдыз құрттарын азықтандырып, оларды іріктеп піллеларды өңдейді.

КСРО-да тұт жібек көбелегін негізінен Орта Азия және Закавказьеде өсіреді. Қытайда жібек құртын өсіру өте ерте заманнан бері жүргізілуде. Дүние жүзінде жібек піллесінің 70%-ы Қытай мен Жапонияда өндіріледі. КСРО-да жібек құртын өсіретін совхоздар тікпе және екпе тұт шыбықтарын өсіреді, тұт жібек көбелектерін қоректендіретін колхоз питомниктері бар. Алдыңғы қатардағы колхоздарда орта есеппен 1 г жұмыртқадан 2,6-3 кг, озық звеноларда 4 кг-ға дейін піллә жиналады.

**Жібек мата** – табиғи, жасанды немесе синтетикалық жібек талшықтарынан тоқылған мата. Жібек матаға жібек жұтқызылған (арнаулы – табиғи яки жасанды жібек, өріс жібі – мақта) және штапель жібектер мен жасанды немесе синтетикалық талшықтардан тоқылған маталарды да жатқызады. Табиғи жібек мата тоқуда шикі жібек, жібек өріс, жібек арқау, муслин, креп, мооскреп, жібек жіптер пайдаланылады. Жасанды және синтетикалық талшықтардан мата өндіруде қолданылатын негізгі жіп түрлері мыналар: капрон талшық, вискозадан, мысаммиактан, ацетаттан, капроннан бос иірілген жіптер, муслин, креп, мооскреп, крепгранит, түкті, спиральді, штапель жіп, т.б.

Жібек матаның технологиялық көрсеткіштері жіптің жіңішкелігі мен құрылымына, тоқылым түрі мен жіптердің орналасу тығыздығына, салмағы мен қалыңдығына, мата еніне, т.б. қарай айқындалады. Жібек матаның қалыңдығы әр алуан: мыс., шикі жібектен тоқылған мата арқауының әр 10 см-інде 500x4 (4 жіп 1 есебінде) болса, өзге жібек матада 300-ден 1000 жіпке дейін



бар. Жібек мата салмағы да әрқалай: жеңіл 20-50 г/м<sup>2</sup>; орташа 60-150 г/м<sup>2</sup>; ауырлау 150-200 г/м<sup>2</sup> және ауыр 200-300 г/м<sup>2</sup>, кейде 500 г/м<sup>2</sup>.

Жібек мата өндірудің технологиясы да басқа маталар өндірісі секілді, айырмашылығы әрлеу операцияларында. Жібек мата негізінен шикізатына, жасанды талшық түріне және тоқылым ерекшелігіне қарай топқа бөлінеді. Біздің елімізде өндірілетін жібек матаның 200-ден астам артикулы бар, мұның 60-ы табиғи жібектен тоқылады. Қазақстанда көбіне жасанды жібек мата өндіріледі. Қостанайда жасанды талшық заводы, жылына 19,7 млн м мата өндіретін жібек мата комбинаты бар. 9-бесжылдықта Өскемен жасанды жібек комбинаты, Семей мауыты иіру фабрикасы құрылыстары жүргізіліп жатыр. Бұлар да жасанды жібек мата шығаратын болады.

**Жібек ширату** – шикі жібектен яки бос ширатылған жасанды талшықтан жіп дайындаудағы технологиялық процестер жиынтығы. Алдымен шикі жібекті сабын езілген майлы суға малып, желімін жібітеді. Бұл оны жұмсартып, созылғыштығын арттыруға және электрлену мүмкіндігі мен үйкелісін кеміту үшін керек. Кейде осы жібіту үстінде жіптер сәл боялады, өйткені ол ширатылған жібек құрамындағы жіптердің түрін және санын анықтауға мүмкіндік береді. Жібітілген жібек суы сығылып, түйіні жазылып, кептіріледі де, шөлмекке төгіледі. Шикі жібекті кейде сыдырып кедір-бұдырын тегістейді, жуандау жерлерін жіңішкертеді. Жуан жібек жіп алу үшін бірнеше шөлмекті қатар қайта төгеді де, шатысып қалмас үшін шала ширатып отырады. Осыдан кейін ол ширату машинасына жіберіледі. Ширатылған жібек қайта тарқатылып кетпес үшін ыстық бумен буланады. Бұлар тоқыма және мата өндірісінде, сондай-ақ изоляциялық және хирургиялық жібек, тігін жіптері, т.б. жасауға пайдаланылады.

## Әдебиеттер

1. Советская историческая энциклопедия (СИЭ). Т.III. М., 1963. С. 146.
2. Қазақ совет энциклопедиясы (ҚСЭ). II т. Алматы, 1977. 374-б.
3. Қазақстан тарихы. I т. Алматы, 1996. 492-б.
4. СИЭ. Т.III. С. 147–148.
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993. 17-б.



## АҚТӨБЕ ҚАЛА-ЖҰРТЫНАН ТАБЫЛҒАН БАЛАСАҒҰН АТАУЫНА ҚАТЫСТЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖАЗУЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ

**Ш**ыңғыс хан империясының құрамына кірген орыс жұртының кінйәздері (бектері) жоғары дамыған мемлекеттік құрылымның әліппесін үйрене бастады. Сонымен бірге өз қатарына түркілердің жаужүрек, алғыр ақылды ұлдарын тартып сіңіруді де іске асырып, жүйелі жолға қойды. Кінйәздерінің өздері түркілердің ақсүйек тұқымдарының қыздарына үйленіп, ұрпақтарын асылдандыруды мақсат тұтты. Бұл үрдіс XV–XVI ғасырларға дейін жалғасып, Россия мемлекетін құрғаннан соң, алдымен өздерінің түркілерден тектік жоғарылығын насихаттау және мойындату саясатын жүзеге асыруды мысық табандай жылжытып орындауға кірісті. Орыстардың түркілерден тәлім-тәрбие алуы сақтар мен хұндар дәуірінен басталған болатын. Оған бір мысал келтірейік. Оларда Шыңғыс ханға дейін бір орталықтан басқарылған мемлекет болған жоқ. Тек кішігірім, өз алдына дербес кінйәздіктер ғана болған. Олардың басшысын білдіретін **кінйәз** атауы – түркі сөзі. Бұл сөз екі түбірден тұрады: біріншісі – *кін* < *кінк* (металл, темір), екіншісі – *йәз*// *йәр*// *бәр*// *мәр* (мүйіз) [1] түбірлері. Сонда *кінйәз* сөзінің мағынасы **темір мүйіз** болып шығады. Атақты, Кир патшаның басын қанға бөктірген **Томмурйыс**, сақ патшайымының аты да сол мағынаны білдіреді. Бірақ мұнда *мүйіз* мағынасын білдіретін *мұур*//*йыс* сәйкес сөздері қабаттасып қолданылған. Оның мынадай себебі бар. *Томмур* сөзі өте ежелгі *тонқ* > *тон* (металл, темір) сөзі мен *мұур* (мүйіз) сөздерінен қалыптасқан. Бұл сөздің өзі *темір мүйіз* мағынасында жиі қолданыла келе, **темір** (том//тем мұур//мір) мәнін білдіретін сөзге, одан әрі *темір* (<томмур) сөзі жеке өзі металл мағынасын білдіретін сөзге айналған. Сөйтіп, оған *мүйіз* мағынасын білдіретін **йыс** сөзі қосылып қолданылатын болған. Бұл Томмурйыс атауы әйелге де, еркекке де қатар қойыла берген. Осы есімнің тағы бір қолданысын біз Енисей ескерткіштерінің бірінен оқыдық. Ол мәтінімен қоса жарияланатын болады. Бұған қосымша дәлел ретінде итальян тіліндегі **синьор** (синйөр – мыр-



за, бек) сөзінің *кінйәз*// *кинйөр* сөзімен сәйкесетінін айтқымыз келеді. Бұл сөз де түркілік *темір мүйіз* тіркесінің мағынасын білдіреді.

Сөйтіп, орыс кінйәздіктері қорғасын оқты адам өлтіруге пайдалана бастасымен күшейіп шыға келді. Патша сайлап, жеке мемлекет құрған соң, айналасын тұтас қоршаған түркілерді тұқырту саясатын жымысқылана жүргізе бастады. Өзінің беймәлім ежелгі тарихын жазып, түркілерді тарихсыз, мәдениеттен жұрдай етіп насихаттауға бағыт алды.

Осы насихаттың уытымен мәңгүрттенген, дүниежүзін уысында ұстаған түркі жұрты өз тарихын жазбай кетті дегенге екі қолын кеудесіне қойып, басын шұлғып, күмәнсіз сенетін қандастарымыз толып жатыр. Ал бұған қарама-қарсы: «Жоқ, түркі жұрты өз ата-бабаларының шежіресін жазып, батырлары туралы жыр тудырған, заттық та, рухани да небір жауһар мәдени жәдігерлерді жасап қалдырған» деп, түркі ұрпағы болғанына қуанатын, мақтаныш тұтатын бауырларымыз да аз емес. Солардың бірі де болса бірегейі – Уахит Хамзаұлы Шәлекенов ағамыз. Оның негізгі көтерген екі мәселесі, біріншісі, түркілердің отырықшылық мәдениетпен ежелгі заманнан айналысып келе жатқаны туралы; екіншісі, соның бір дәлелі ретінде, Орталық Азияда түркілер салған, қазір топыраққа көміліп жатқан мыңдаған қалалардың біреуі – Ақтөбенің **Баласағұн** екенін дәлелдеу болды.

Уахит аға Қазақстанға, Шымкент қаласындағы Мемлекеттік мәдениет институтына археология және этнография мамандықтары бойынша ғылым докторы дәрежесінде 1970 жылы ауысты. 1973 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне археология және этнография кафедрасының меңгерушісі болып жұмысқа тұрды. Келер жылдан бастап университеттің археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Тарих факультетінің студенттері жазғы демалыс кезінде Баласағұн қаласын қазып, анықтау үшін археологиялық тәжірибе өткізе бастады. Содан бері қанша студент археологиялық тәжірибеден өтті десеңізші! Осы тұста Уахаң өз кітабында [2] археологиялық экспедицияның өтуіне, Баласағұнды аэрофотоға түсіруге үлкен жәрдем жасаған университет ректоры Өмірбек Арыстанұлы Жолдасбековке ризашылығын білдіреді. Уахаң Кеңес Одағы Ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнография институтының аспирантурасына 1950 жылы түсіп, 1953 жылдың 1 желтоқсанында этнография мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. Атақты археолог С.П. Толстов пен ғылыми жетекшісі Т.А. Жданкодан тәлім алған.



Уахит ағаның «Құм басқан қала» [3] еңбегімен бұрыннан таныс едім. Кейінгі еңбегін [4] оқып, археологиялық қазбалардан табылған жазбалардан Баласағұн атауының шықпағанына өкінішін аңғарып, ол жазуларды зерттеуге көңілім ауды. Бұның себебі соғды жазулы ескерткішті В.А. Лившиц оқыды деген мәліметті оқығаннан кейін туды. К. Ақышевтің «Курган Иссык» атты кітабындағы [5] И.М. Дьяконов, В.А. Лившиц, С.Г. Кляшторныйлардың Есік жазуы туралы: «...Бұл жазу көне түркі күл (руна) әліпбиімен оқылуы мүмкін емес...» деген негізсіз пікірін оқығаннан соң, мен олардың түркі халықтарына деген теріс пиғылын таныдым. Содан бастап бұлардың аты аталған тұста күдік-күмән қоса жүретін болды.

Профессор У. Шәлекенов Баласағұннан табылған екі жазба ескерткішті өз еңбектерінде келтірген. Үшіншісін «Орта ғасырдағы Ақтөбе» атты альбомда [6] келтіреді. Алайда бұны жазу деп есептемегені мына пікірінен байқалады: «Түркеш теңгелеріндегі Шуды білдіретін Ψ белгі (знак) салынған хұмның және құмыраның қақпақтарының сынықтары табылды. Олардың ішінен хұмның қақпағының бетінде үш тармақты (шанышқы тәрізді) белгінің қастарына ай мен жұлдыздар және мүйіз сияқты белгілер салынған. Құмыраның қақпағының үстінде үш тармақты белгі берілген. Соған қарағанда, бұл таңбалардың Шу хақанның қасиетті атымен байланысы бар деген пікір ойға келеді» [2, 170]. Уахаң бұл пікірінде «шанышқы белгі» деп қақпақ сынығының ортасындағы «Аллаһу ақбару, лә илһә иллә Аллах, Мухаммаду ррасулу Ллах...» деген мағынаны білдіретін күрделі графеманы айтып отырса керек, «мүйіз» дегені – араб әліпбиіндегі «уау» мен «қаф» таңбалары. Ескерткіште бұл екі әріп бір таңбаға біріктірілген. Ал «ай», «жұлдыз» дегендері – көне түркі күл әліпбиінің жуан С таңбасының сол жақ бөлігі мен араб әріптерінің үстіндегі нүктелер.

Уахаң еңбектерінде М. Қашқари келтірген, А. Македонскийдің бетін қайтарған Шу қағанды (Чуң қақанк) [7] Түргеш мемлекетінің астанасын салушы «жас хақан» деп санайды. Оны М. Қашқаридың түсіндіруіндегі **сағұн** (лауазым) [2, 170] сөзіне сәйкес қорытады. Біздің еңбегімізде [7] Шу қағанның б.д.д. IV ғасырдағы сақ патшасы екендігі дәлелденді. Онда біз Шу қағанның қаласы деп Суяб (Суң+йаб – /Чуң суы/) қаласын атаған едік. Осы жерде Баласағұн атауының шығу төркініне барлау жасауды жөн көрдік. Біздің ойымызша, бұл сөздегі *бала* сөзі қазіргі қазақ тіліндегі бала (жас; сәби, жеткіншек) сөзімен сәйкеспейді. Ол сөз көне түркілік **балық** (қала) сөзінен қысқарып, бала формасына ауысқан. Бұны ғылыми еңбектердегі Гобалық (моңғол



тілінде – жақсы қала) атауынан көруге болады. Яғни, Шыңғыс хан Баласағұнның қирандыларынан өткен кезде айтқан екен делінеді. Шыңғыс ханның түркі (қият) екені ақиқат. Біздіңше, ол түркі тілінде «Құқ балық болған екен» (Үлкен, биік қала болған екен) деген болуға тиіс және бұрын да солай аталған сияқты. Ал соңғы *сағұн* сөзі, М. Қашқари түсіндіргендей, лауазым емес, сақ+ұн> сағұн (сақ+тын) сөзінен туған дейміз. Яғни, «Сақұн құқ балықы» – «сақтың ұлы қаласы» деген тіркестен қалыптасқан. Ол сақтың **бас қаласы, астанасы** деген ұғымды білдірген. Бұдан Баласағұнның сақ елінің де астанасы болғанын байқаймыз.

Жалпы ғалымдар Баласағұн қаласын Түргеш, Қарахан, Қарақытай мемлекеттерінің астанасы болған деп санайды. Яғни, археологиялық деректер әзірге осындай пікірдің қалыптасуына айғақ болуда. Келешекте, мүмкін, Баласағұннан біздің дәуірге дейінгі құрылыс қалдықтары табылып қалар. Ақтөбе-Баласағұн қала-жұртының археологиялық қазбасын өзі бастап, қазірге дейін жалғастырып келе жатқан профессор У. Шәлекенов шындығында да қаланың көне Баласағұн екенін дәлелдеп шықты. Оған негізгі дәлел қаланың географиялық координаттарының ежелгі ғалымдар әл-Хорезми, әл-Бируни қалдырып кеткен деректерімен сәйкес келуі; қаланың әскери-стратегиялық қорғанысқа сай орналасуы және астанаға лайық ауқымды көлемі; сондай-ақ М. Қашқари айтып кеткен топонимикалық деректердің қазіргі Ақтөбе аймағының сипатына сәйкестігі де бұлтартпайтын деректер. Дегенмен анық Баласағұн қаласы деген жазба деректің табылмауы көңілдің түкпірінде бір күмәнді тудыратындай болатыны да рас. Енді ол күдік жойылды, жазбада Баласағұн атауы оқылды деуге төменде келтірілетін айғақтар толық дәлел бола алады. Енді профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекеновтің аты тарихта: «Баласағұн қаласын қазбадан аршып, дәлелдеді» деген анықтамамен жазылатыны да анықталды деуге болады. Яғни, Уахаңның жоғарыда айтқан екі мақсаты да орындалды десек қателеспейміз.

Өткен ғасырдың жетпіс төртінші жылынан бері зерттеліп келе жатқан Ақтөбе – Баласағұн қаласынан табылған заттық қазба байлықтар орасан зор. Соның бәрі де түркі халықтарының отырықшылық өркениетіне куә айғақтар болып саналады. Алайда еурокіндікшілдер (еуроцентристер) ол байлықтарды түркі тайпаларына қиғысы келмейді. «Жоқ, бұларды түркі тайпалары жасауы мүмкін емес, олар көшпелі болды ғой. Оларға отырықшылықты үйреткен иран тектестер ғой. Орталық Азиядан табылып жатқан заттық мәдени байлықтарды сол иран тектес халықтар жаратқан» деген пікірлерін айтудан танбай



келеді. Олар тіпті қытай жазбаларындағы ху атты халықты тек соғды халқына телиді. Ал қытайтанушы ғалымдар ху деп жалпы түркі-соғдыларды атағанын баса көрсетеді. Археологтардың жалпы соғдылық өркениет деп тайға таңба басқандай мәдени айғақтарды нақты ұсынғаны мәлім емес. Ал Қиыр Шығыс пен Солтүстік Қытайдан Шығыс Еуропаға дейінгі археологиялық қазбалардан табылған заттық мұралар түгелдей түркілік ентаңбаны бейнелейтіні мәлім.

Ал рухани мәдениетке келсек, олар да жеткілікті дәрежеде табылып келеді. Еурокіндікшілдер бет бақтырмай, табылған жазба мұраларды да түркі тілдерінде оқуға пейіл танытпай келе жатқаны да белгілі жайт. Сол жазулар Ақтөбе-Баласағұн қала-жұртынан да табылуда. Заттарға жазылған қысқа жазулар [6, 156] бірнеше мөлшерде табылған. Ал ірі көлемді жазбаның саны үшеу. Олардың біреуі хұм аузы ернеуіне соғды-түркі жазуымен жазылған да, екеуі – біріншісі, түйе жауырынына жазылғаны түгел араб жазуымен, ал екіншісі араб, көне түркі күл (руна), соғды-түркі әліпбилерімен тұтастандырыла жазылған. Яғни, ескерткіште бұл әліпбилер даралана жазылмай, бір-біріне сәйкестендіріле, күрделі графемаларша біріктіріліп түсірілген. Бұларға қосымша көне түркі күл жазуымен жазылған кәстірөл пішіндес шұңғыл ыдыстың бүйіріне жазылған бір қысқа жазудың да мазмұны ашылды. Ол туралы да түсінік бере кеткенді жөн санап отырмыз. Енді жазулардың әрқайсысының мазмұны жайында түсінік берейік.

### **Хұм қақпағына жазылған жазудың мағынасы**

Қақпақ жайындағы мағлұматқа келсек, ол 2008 жылғы 18 қараша күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих және этнология кафедрасының ұжымымен болған сұхбат кезінде алғаш рет суретке түсіріліп алынған еді. Ол күні Уахаңмен де алғаш танысып, Баласағұннан табылған жазулар жайында әңгімелестік. Содан соң кафедра музейіндегі жазу жазылған басқа заттарды да көріп, суретке түсіріп алған болатынбыз. Сонда қақпақтағы жазу жақсы түсірілген екен. Сол арқылы 2012 жылдың 10–11 ақпан күндері Уахаңмен жолығып, Баласағұн атауының шыққанын айтып қуантқан болатынмын. Ол кісі ол жаңалықты баспада жатқан кітабына енгізбекші болды. Қақпақ туралы әңгіме кезінде археолог М. Елеуов қақпақтың **Тастұмсық** елді мекенінен табылғанын айтқан болатын. Сол күндері қақпақ, хұм аузы ернеуіндегі, түйе жауырынындағы жазуларды жақсылап фотоаппаратқа түсіріп алдым. Ал хұм сынықтарын Та-





раз педагогикалық университетінің музейіне өткізген екен. Оның қызметшісі Л. Түйебаева хұмның екі сынығын ғана көрсетті. Үшінші сынығы бізде жоқ деді. Ол үшінші сынықтың (біздің қол көшірмесіздегі II сынық) қайда екені туралы ол кезде Уахаңнан сұрауға мүмкіндік болмады. Бір жерде жатқан болар, іздестіріп анықтау қажет.

Жалпы Ақтөбе-Баласағұн қала-жұртының айналасындағы топонимикалық жағдайларды Уахаң және басқа да археологтар түбегейлі зерттеген деуге болады. М. Қашқари айтып кеткен Баласағұн қаласының айналасындағы Баласағұн тауы мен Бақырлық тауы Қарабалта өзені, қазіргі Тасөткел су қоймасының солтүстік-батысында орналасқан. Тастұмсық елді мекені бұдан жүз жыл бұрын Иткешу аталған. Бұл атау өзеннің жайуат жеріне табанына тас төселіп, өткел жасалғандықтан осылай аталған. Осы жерге орналасқан мекен атауы кейде Тасқала деп те аталады.

Баласағұн қаласында мешіттер көп болған. Соның ең үлкені қаланың орталық мешіті аталған. Бұл туралы келесі әңгімеге арқау болатын түйе жауырынындағы жазуда айтылады. Қақпақ бетінде де үлкен күмбезді, мұнаралы, айқара порталды мешіт бейнесі келтірілген. Үлкен мешіттің порталының ішіне де сол мешіттің бейнесі қайта салынған. Жалпы қақпақтың бетінде мұндай бейнелер көп салынғаны байқалады. Кіші мешіт суретіне «Лә иләһә иллә Аллаһ...» тіркесі жазылған. Қақпақ сынығының ортасындағы «шанышқы» бейнесі әрі «Лә иләһә...» тіркесіне, әрі «Баласағұн балықы» жазуына ортақ оқылады. Ол әріптер қосындысы «Баласағұн» атауындағы «Ла» және «балық» сөзіндегі «лық» буындарын білдіре оқуға сәйкестендіріле бейнеленген. «Лә иләһә...» тіркесін бейнелеген күрделі графеманың үстінде «қауға» тәрізді үлкен таңба – араб әліппиіндегі Ғ әрпін және соңғы Н әріптерін бейнелей салынған лигатура. Бұның төменгі жағы көне түркі күл және араб әліпбилерінің Б таңбаларына сәйкестендіре сызылған. Сондай-ақ бұл таңба көне түркі күл әліпбиінің жуан С таңбасына да сәйкес бейнеленген. Алғашында *Баласағұн балықы* деп не себептен жазылды деген сұраққа әртүрлі болжам жасалды. Кейін мешіт суреті және *Аллаһ бірлігі* туралы сөздер ашылған соң, бұл хұм Баласағұн қаласының орталық мешітіне арналып жасалған деген ой келді. Бұл ой түйе жауырынындағы «**мәркәз мәсджід**» тіркесі ашылған соң толық бекіді деуге болады. Сонда қақпақта мешіт бетіндегі «Алла бірлігі, Мұхаммедтің (салла Аллаһ алайһи уа саллама) елшілігі» жайындағы тіркес пен «Баласағұн қаласының орталық мешіті» деген жазу келтірілген



дейміз. Өйткені «Мухаммад ар-расулу Аллах» деген жазу оқылған жерде «мәркәз мәсджиді» деген сөздер де оқыла алады. Бұл тәрізді әртүрлі таңбалар қосындысы жазылған жазуды *мәдинесі* деп те оқуға болады. Төменде қақпақтағы бейнелер мен жазудың суретін, қол көшірмесін, транскрипциясын және аудармасын келтірейік.

Сонымен қақпақтағы жазба ескерткіш – көне түркі күл әліпбиін қолданған Батыс түрік қағанаты заманынан соғды-түркі, араб жазуларын қолданған Қарахан мемлекетінің өмір сүрген уақытына дейінгі әліпбилер тоғысы дәуірін көз алдымызға алып келетін айғақ жазба деп қорытындылауға болады. Әрине, көлемі сонша үлкен, астана қызметін атқарған қалада Баласағұн атауы жазылмай қалуы мүмкін де емес. Міне, сондай жазудың бірі Баласағұн қаласының орталық мешітінің қасбетіне жазылған «Баласағұн балықы мәркәз мәсджиді» деген жазу. Бұл түркі халықтарының орта ғасырларда гүлденген қалалары болғанына бірден-бір айғақ. Түркі халықтарының отырықшылық және рухани өркениетінің куәсі ретіндегі бұл жазба мұраның бүкіл әлемге берер мәліметі осындай. Жазбада тіліміздегі қала мағынасын білдіретін түркілік **балық**, **қалға**, парсылық **шәһәр** сөздері келтірілген. Сондай-ақ *мәдинесі* деген сөз де білдіріле жазылған болуы ықтимал.

### Түйе жауырынындағы жазудың мағынасы

Түйе жауырыны да Тасөткел жанындағы Тасқаладан 1982 жылы [3, 107] табылған. Оны Уахаң Өзбек КСР-ы Ғылым академиясының Шығыстану институтының профессоры Бәрі Ахметовке оқытқан. Оның оқуындағы *Мухаммед*, *Әли*, *қаз*и сөздері біздің оқуымызда да кездесті. IV жолдың соңында **күлүк** деген сөз де жазылғаны белгілі болды. Бірақ ол, біздіңше, адам аты емес, көне түркі жазба ескерткіштерінде қолданылған **даңқты** мағынасын білдіретін сөз болуы ықтимал. Б. Ахметов оқуында адам есімдері және Құлұқтың баласы, қызы пәленше, түгенше болып сипатталады. Кейбір әріптер арқылы бірер сөзді оқығаны болмаса, Б. Ахметов жазбаның мағынасын аша алмаған. Уахаңның айтуынша, түйе жауырынының екі бетінде де жазу қара бояумен жазылған. Алайда екінші бетіндегі жазулар өшіп, оқуға жарамай қалған. Сондықтан бірінші беті ғана оқылады деп санайды. Бұл сүйек қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың музейінде сақталады. Бізге қолмен ұстап көруге рұқсат бермеді (шыны қораптың ішінде), ол үшін жоғарыдан рұқсат керек екен. Ондай машақатқа уақыт тар болғандықтан, біз шыны



қораптың сыртынан суретке түсіріп алдық. Төменде жазудың өз қолымызбен жазған көшірмесін, транскрипциясын және аудармасын келтірейік.

### Транскрипциясы

**I жол. 1-қатар.** Мухаммадкә атмаққа тұрұрлар қатилмаққа.  
**2-қатар.** Біләдірлік ‘алым мәсджідке имам аларкә әмір қылұрлар.

**II жол.** 877 миладии(ун), 262 хиджри (т)ақағу, фарқ(х)ат(ун) йылында һәр бір кафир кішілерні мәсджідте қа... кади (м)әсджідде (алар)ны (мусул)ман (қыл)ұр.

**III жол.** ...да ау ‘алым ‘Али Шер канā нāкаба ма‘а қāди.

**IV жол.** Хуш келішміш 879 милади лағзын йылында ‘алым намазгер Мухаммад ау Али Шер ‘алым күлүк...

**V жол.** Баласағұн балықы мәркәз мәсджідіке ау Мухаммад ‘Али Шер ‘алымлар біріні пір қылыб алырлымен. ‘Али Шер ‘алымны мударрис уа пір қылыб алырлымен.

**VI жол.** Баласағұн балықы мәркәз мәсджідіне Мухаммад ау ‘Али Шер ‘алымларны алырлымен... ..рāдаһу ‘ала хāджирин камā би маркабин.

**VII жол.** Али Шер уа Мухаммад мәсджідке намāз құран оқытмақкә фирман қылғалы ау ‘Али Шер Мухаммад салла Аллаһу ‘алайһи уа саллама расулу Аллаһи Хадиджа бірле ‘умри Макка...

**VIII жол.** Камā Мухаммадны ау ‘Али Шерні мәсджідке тамām ‘умру әл-‘Иқтисāди уа камā фи Макка уа фи Мадина нати Мухаммад (салла Аллаһу ‘алайһи уа саллама) бірле Хадиджат(ның) хамру(ль) хаййат... ау ‘Али Шер ау...

**IX жол.** Баласағұн мәркәз мәсджід ‘алымлары ‘Али Шер ау Мухаммад...

### Аудармасы

**I жол. 1-қатар.** (Олар) Мұхаммедке атпаққа (оқталып) тұр, өлтірмекке. **2-қатар.** ...мешітке білетін ғалым имам алуға әмір қылып отыр.

**II жол.** 877 милади, 262 хиджри, тауық, фарқат (арабша *أخرف* тауық) жылында әрбір кәпір кісілерді мешітке қа... қазы оларды мешітте (мұсыл)ман (қыл)ады.

**III жол.** ...да немесе ғалым Әлі Шер қазымен бірге (кәпірлерді) алған бағытынан тайдырды (мұсылмандыққа) түсірді.



**IV жол.** Хош келіп отырған 879 милади, доңыз жылында ғалым намазгер Мұхаммед немесе Әлі Шер ғалым даңқты...

**V жол.** Баласағұн қаласының орталық мешітіне Мұхаммед немесе Әлі Шер ғалымдардың бірін пір қылып алайын деп отырмын. Әлі Шер ғалымды мұғалім және пір қылып алайын деп отырмын.

**VI жол.** Баласағұн қаласының орталық мешітіне Мұхаммед немесе Әлі Шер ғалымдарды алайын деп отырмын. Сиынушыларына жолда демалуға арналған үй сияқты жаяу жүріп те, сондай-ақ атпен жүріп те іздейді.

**VII жол.** Әлі Шер немесе Мұхаммед мешітке намаз, құран оқытуға пәрмен қылуға немесе Әлі Шер Мұхаммед, салла Аллаһ алайһи уа саллама, Аллаһ елшісі Хадишамен бірге өмірі Мекке...

**VIII жол.** Сондай-ақ Мұхаммедті немесе Әлі Шерді мешітке бүкіл өмірі, шаруашылығы-тіршілігі немесе сондай-ақ Меккедегі және Мәдинедегі Мұхаммедпен (салла Аллаһу ‘алайһи уа саллама) бірге Хадишаның сыр-сипаты, өмірі... немесе Әлі Шер немесе...

**IX жол.** Баласағұн орталық мешітінің ғалымдары Әлі Шер немесе Мұхаммед...

Көріп отырғандарыңыздай, түйе жауырынында 9 жол жазу жазылған. Жазулардың арасы бөлініп, жол ретінде қара сызықпен сызылған. Біз сол сызылған жолдар бойынша жазуды қол көшірмемізде де 9 жол деп танбаладық. Жалпы жауырын сүйектерін жазу құралына пайдалану түркі халықтарында өте ежелгі заманнан бері қолданылып келеді. Мысалы, Қытай аумағынан табылған қой жауырындарына жазылған жазудың уақыты б.д.д. XIX–XVIII ғасырлар деп саналады. Ол жазулар әлі толық оқылған жоқ. Қысқа мазмұнды жазулар хұн, түркі замандарында қой жауырындарына жазылып қолданылғаны туралы мәліметтер бар. Міне, енді көлемді мазмұнды жазу үшін ірі түйе жауырынын пайдалану Баласағұн қаласында орын алғанын көріп отырмыз. Жауырында Баласағұн қаласының орталық мешітіне Мұхаммед және Али Шер атты ғалым-намазгер кісілердің біреуін әрі имам, әрі мударрис (оқытушы) және пір қылып алатыны жайында сөз болады. Жазба мұра өте құнды. Себебі онда григориан календары бойынша 877-ші, хижра бойынша 262, көне түркі календары бойынша тауық жылдарындағы оқиғалар суреттеледі. Онда соғыс жағдайы да айтылған. Өйткені мұсылман болмағандарды кәпір деп санап, оларды мұсылмандыққа өткізу үшін соғыстар да болғаны тарихи құжаттардан мәлім. Бұлармен қатар григориан календары бойынша 879 жылды «хош келіп отырған» деп суреттейді. Соған қарағанда, сүйектегі жазу осы



жылы жазылған. Бұл жыл да түркі календары бойынша лағзындоңыз жылы деп анық көрсетілген. Мәтінде түркілік тауық сөзінен кейін арабша тауық мағынасын біліретін **фарх(атун)** сөзі де жазылған. Жыл сандары араб санымен күрделі графема түрінде берілген. Біз бұл календарлық көрсеткіштерді тексеріп, қазіргі таблицалармен салыстырып, дұрыстығын анықтадық. Жазбада Баласағұн сөзі жазылған, бірақ оның кейбір әріптері ғана сақталған да, көбісі өшуге айналған. Дегенмен сақталған әріптері мен атаудың жазбадағы көлемінің сәйкестігі арқылы сүйекте **Баласағұн** атының жазылғандығын анықтадық. Тарихи құжаттың мәліметіне қарай, IX ғасырда Түркүстүн елінде араб жазуына өту қалыптаса бастағаны көрінеді. Жауырын сүйегі уақыт табымен бұзылуға ұшыраған. Көп жері шірігендіктен жазбалар өшкен. Әйтсе де осы мәліметтің өзі де Түркі мемлекетінің тарихы үшін құнды саналатыны ақиқат деп білеміз.

### **Хұм аузы ернеуіндегі соғды-түркі жазуының мағынасы**

1989 жылғы қазба жұмысы кезінде Ақтөбе-Баласағұн қалажұртының аумағында орналасқан Ақсу су қоймасының батыс жағынан үлкен хұмның сынықтары [4, 235–237] табылған. Сынықтарды құрастырғанда хұмның аузы шыққан. Оның әлі де 35-40 сантиметрдей бөлігі сол күйі табылмаған. Бұл хұмның құндылығы мыналар: оның ернеуіне түгелдей соғды-түркі жазуымен белгісіз мәтін жазылған. Ғалымдар ол жазуды оқытуға Ленинградтағы (Санкт-Петербург) соғды тілінің маманы В.А. Лившицке берген. Ол әріптерді құрастырып, соғды тіліне ыңғайлап, сол тіл бойынша мәтін құрастырып шыққан. Бірақ ол мәтінді баспа бетінде жарияламаған. Өйткені ол өзінің оқуының жасанды екенін сезетін болуы керек. Профессор У. Шәлеkenов оның қолжазбасын алып, кітаптарында жариялап жіберген. Шындығында В.А. Лившицтің оқуы қате оқу. Ол жазу ешқандай соғды тілінде жазылмаған. Мәтін соғды-түркі әріптерімен түркі тілінде жазылған өлең болып шықты. Өлең мазмұны өте құнды. Өйткені онда түркі елінің алғашқы атауы **Түрүкүстүн** болып жазылған. Өлең мазмұны осы Түркүстүн еліне арналған. Өлең 18 буынды, ұйқастарына қарай, әрі мазмұны бойынша екі жолға бөлінеді.

Сынықтар үш үлкен бөлікті [6, 26] құрайды. Ғалымдар екі сынықтың жігі анық болғандықтан, ол екеуін дұрыс біріктірген. Яғни, біз II және III деп белгілеген сынықтардың біріктірілуі дұрыс. Ал III сынықтан кейін келеді деген бөлігі өз орнында тұрмағаны анық байқалады. Яғни, біз бірінші бөлік деген сынық II мен



III бөліктің ортасына қарама-қарсы орналасуы тиіс. Өйткені бұл бөлік күрт иілген. Ондай жағдайда I сынықтың оң жағында II сыныққа дейін жалғасқан (шартты түрде IV деп аталады) тағы бір сынық болған. Сондай-ақ I сынық пен III сынықтың арасында келесі бір (шартты түрде V сынық деп атайық) болғаны анықталады. Сонда хұмның аузы бес үлкен сыныққа бөлінгені белгілі болады. Бұл, әрине, болжам, мүмкін, ол сынықтар майда бөлшектерге бөлініп кеткен болар. Олардың табылмауы соны меңзейді. Жалпы бес сынық орны бар. Оларда шамамен 10 жол өлең жазылған деп жобалауға болады. Қазіргі табылған үш сынықтың әрқайсысында екі жолдан өлең сақталған. Екінші сынықтың бірінші жолының басындағы үш буынды бір сөз жетіспейді. Ол табылмаған, біз IV сынық деп атаған бөліктің соңында қалған болуы тиіс. Біз ол сөзді [Инжудек] кейінгі сөздердің мазмұнына сәйкестендіріп өзіміз қостық. Жалпы ой қисынына салып салыстырсақ, сөздің дұрыс қосылғаны сезіледі. Араб өлеңдерінің құрылымы бойынша екі жол ұйқасты **бәйіт** деп атайды. Сол өлшем бойынша хұм ернеуінде 5 бәйіт жазылған деуге болады. Бізге жетіп отырғаны 3 бәйіт қана. I сынықтың екі жолынан кейін үшінші жолдың басқы үш сөзі жазылған. Бұл біз IV сынық деп белгілеген, табылмаған сынықта жазылған екі жолдың басқы бөлігі болып саналады. Жалпы өлең мазмұнына қарағанда, ежелгі түрік елінің атауы Түрүкүстүн сөзінен басталған сынықта өлеңнің ең басқы бәйіті жазылғаны аңғарылады. Өлеңнің көркемдігі ғажап, құндылығы өлшеусіз. Өйткені түркілердің еліне, Түрүкүстүнге, арналып отыр. Жазбаның суретін, түпнұсқасының қол көшірмесін келтірейік.

### Транскрипциясы

#### **I сынық**

Түр(ү)күстүн, арымсыз, елімсіз, ебімсіз, кененлік абатым,  
Абам, атам, мамам, тәтлүүүдж, джірін джүзүмүм әм наба-  
тым.

**3 жолдың басындағы үзік** (табылмаған IV сынықтағы екі жолдың басы)

Өрмен йемішлік білік...

#### **II сынық**

[Инжудек], меруертімдек, джакұттек, дүррүү гауһарым сен,  
сен, сен!!!

Күмісім ақ алтынымсыз һәм құдірет тек Түр(ү)күстүн кен,  
кен, кен!!!



### III сынық

Ердем, мәртлік, йігер, сұсұң, рахмат, мархамматың дәл сыр сандық,

Мақсат берші, йем, бір мәртебелік дем бірле дем уа илһамлық.

### Аудармасы

#### I сынық

Түр(ү)күстүн, арымсыз, елімсіз, үйімсіз, кененді абатым,

Бабам, атам, мамам, тәтті, шірін жүзімім әм набатым.

**3 жолдың басындағы үзік** (табылмаған IV сынықтағы екі жолдың басы)

Өрмін жемісті білік...

#### II сынық

[Инжудей], меруертімдей, жақұттай, дүррүү гауһарым сен, сен, сен!!!

Күмісім ақ алтынымсыз һәм құдіреттей Түр(ү)күстүн кен, кен, кен!!!

#### III сынық

Ердем\*, мәрттік, жігер, сұсың, рахмет, мархабатың дәл сыр сандық,

Мақсат берші, ием, бір мәртебелік дем бірле дем уа илһамлық\*\*.

Түркістан атты тарихи-географиялық ел атауы туралы ҚСЭ-да [8]: «VI–VIII ғасырлардағы армян және парсы деректері мен Табари еңбектерінде Амудариядан солтүстікке, Каспий теңізі мен Оралдан Алтай мен Қытайға дейінгі аралықты алып жатқандығы айтылады» деп көрсетіледі. Содан бергі замандарда бұл алып аумақ Шығыс Түркістан, Түркістан болып аталып келеді де, кейін Орта Азия және Қазақстан болып аталғаны айтылады. Жалпы түрүк елесімі Түрүк қағанаты дәуірінен бері пайда болды десек, кейін қағанат шығыс, батыс болып екіге бөлінген соң, Шығыс Түркістан және Батыс Түркістан болып аталу қалыптаса бастаған деуге болады. Түркістан атауындағы **стан** сөзі «ел қонысы» мағынасындағы парсы сөзі деп аталып келеді. Ал бұл сөзді ең ертеде қолданған түркілер екені, ерте дәуірде түркі тілі бүкіл әлемде жетекші рөлде қызмет атқарғаны

\* Ердем (көне түркі) – ердің ерлік даңқы.

\*\* Илһам (араб) – (сенім) сіңізерлік, енгізу; ұйыту; шабыттандырарлық; шабыт. Араб сөздері мына сөздіктен алынды: Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. М.: Русский язык, 1985, С. 732.



назарға алынбайды. Сөз болып отырған жазба ескерткіштегі елесімді біз **Түрүкүстүн** деп транскрипцияладық. Себебі бұл сөзде жіңішке **Ү** таңбасы жазылғаны аңғарылды. Біз бұл сөз қазақ тіліндегі **ұстүн** сөзімен түбірлес сөз деп білеміз. Ұстүн сөзі үйдің арқалық бағанына тіреу ретінде қойылған ағашты білдіретіні мәлім. Яғни, тірек деген мәнді білдіреді. Әрине, тірек негізінен орталыққа қойылатыны өзінен-өзі белгілі. Сондықтан ұстүн сөзі орталық деген мәнді де білдірген десе болады. Ондай жағдайда *Түрүкүстүн* сөзі «түрүк елінің ұстұны» деген мағынаны білдіру үшін қолданылғаны мәлім болады. Бұл жағдайда елдің ұстұны болып орталық әкімшілік ордасы орналасқан қала аталатыны аян. Орталық қала елдің тірегі, кіндігі саналатыны да түсінікті жайт. Осы тұрғыдан алғанда, елдің әкімшілік ордасы орналасқан қала **астана** сөзі де парсы сөзі емес, төл түркілік **сап** (сөз) десек жаңылыс болмайды. Түрүкүстүннің ел атына айналу жайына зер салсақ, әрбір түрүктің үйі өз ұстұны, ошағы, шаңырақ-төбесі саналатыны секілді, барша түрүктің тұрақ мекені, аумағы да жалпы Түрүкүстүн болатыны дәлелдеуді қажет етпейді.

Жазба ескерткіште келтірілген IX–XIII ғасырлардағы Түрүкүстүн ел, жер атауы XV ғасырда Йасы [8, 217] қаласының атауына да айналды. Түркістан қаласының 1500 жылдық тойына арналған конференцияға жазылған «Түркістан – Тұранның көне астанасы» атты баяндамасында профессор У. Шәлекенов: «Тарихи деректерге қарағанда, қытайлар түріктерді сюннулердің (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған. Бұл өлкеге түрік тайпалары мен халықтары ғасырлар бойы кір жуып, кіндік кескен Отаны болғандықтан Түркістан деп ат береді. М. Жұмабаев өзінің «Түркістан» өлеңінде былай дейді:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған,  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой» [9], –

деп, Мағжан ақынның отты өлеңін мысалға келтіріп, түркілердің ежелден-ақ адамзат мәдениетіне қосқан үлесінің зор болғаны туралы баян етеді. Мағжанның «Түркістан» өлеңіндегі өр рух пен сөз болып отырған жазба ескерткіштегі Түрүкүстүн туралы өлең мазмұндық жақтан неге үндесіп жатыр. Мағжан бұл өлеңді оқыған жоқ қой, бірақ түркілік өр рух Мағжанға дейін үзілместен жалғасып келді. Сондықтан да оның осындай алапат рухты өлең жазуға рухани күш-қуаты толық жетті, сондықтан да, мың





жылдық уақыт керуенінен соң да, екі ақынның өлеңдері үндесіп жатыр. Десек те, мың жыл бұрынғы беймәлім ақынның тілінің дәмі өзі тілге тиек еткендей «шырын» емес деп кім айта алады. Уахит ағаның Түркістанның 1500 жылдық тойына қатысуы, Түркістан туралы ой толғауы кездейсоқтық па? Біздіңше, мұнда, Баласағұн жазбаларынан табылған «Түрүкүстүн» өлеңі мен Мағжанның «Түркістан» өлеңі және Уаханның Түркістан туралы баяндама жасауы арасында Көк Тәңірі – Алла Тағала тарапынан жасалып жатқан бір байланыс бар сияқты көрінеді. Алла Тағала есімі мен сөздері жазылған қақпақ сынығының бізге жетуінде де бір хикмет бар ау?

Өлең түпнұсқасында келтірілген *дем бірле дем, ердем, илһамлық* сөздері қазақша аудармада өзгеріссіз қалдырылды. Өйткені көне түркілік «ердем» сөзінің қазақ тілінде сәйкес келерлік баламасы жоқ. «Дем бірле дем» тіркесі тілімізде «дем бе дем» тәрізді формалық және мағыналық өзгеріспен қолданылады, ал өлеңдегі дем сөзінің мағынасы *демеу, күш-қуат* мәнінде екені сезіледі. Араб тіліндегі «илһам» сөзі түркіліклік жұрнағымен біріктіріле, «сыр сандық» сөзіне ұйқастырыла қолданылған. Біз де солай қалдырғанды жөн көрдік.

## Көне түркі күл әліпбиімен жазылған жазудың мағынасы

### 1. Алғашқы оқылым

Профессор У.Х. Шәлекеновтің «V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» атты еңбегінің 156 бетінде 7-ші болып белгіленген, тағара деп аталған, қазіргі кәстірөлге сәйкес келетін шұңғыл ыдыстың суреті берілген. Ыдыстың жоғарғы орта тұсында ортасы ақ бөлік, оның екі жағында екі- екіден сызық түсірілген сопақша белгі бейнеленген. Бұл, біздіңше, теңдік белгісі – таразының ұғымын білдіруге арналған таңба сияқты. Бейненің сол жағына көне түркі күл әліпбиімен үш таңба жазылған. Таңбаның бірінші және үшіншісі (оң жақтан санағанда) күрделі графема ретінде түсірілген. Ыдыстың бейнесі мен жазу мағынасын келтірейік:

КГІ К - 1) К - 0; 2) У - А²; 3) К - К"У. ХЗК  
 КГІІ Х - 1) Х - Д²; 2) Х - З. ЖТТТ ХХЗКУУ  
 ТР: ӨЛ²К"НУ іД²ізі  
 Ауд. Әліпбиімен жазылған





Жазбадағы бірінші күрделі графема үш таңбаға бөлінеді. Ортадағы НЧ таңбасымен қосып санағанда барлығы алты таңба жазылған. Ыдыстағы жазу жоғарыда көрсетілгендей **ӨЛКҮНЧ іДізі** болып оқылады. Мұндағы біздің қазіргі тіліміздегі **ыдыс** сөзі көне дәуірде, Баласағұн аймағында жіңішке дыбыстармен **ідіз** болып қолданылғанын көреміз. Ал *өлкүнч* сөзіне келсек, сөз екі морфемадан, *өлкү* түбірі мен *үнч(i)* жұрнағынан құралғанын байқаймыз. Өлкү [10] сөзі көне заманда 12 зодиактық шоқ жұлдыздар атауында таразы сөзінің орнына қолданылғаны белгілі. Қазір бұл сөз қазақ тілінде жеке қолданылмайды, бірақ *өлше* етістігінен бастау алып, түрлі формада қолданыла алады.

## 2. Түзетілген оқылым

Алғашқы оқылымда бірінші күрделі графемадағы жай таңбалардың саны үшеу деп тұжырымдалды және ол  $\text{ӨЛ}^2\text{К}^4\text{Ү}$  болып оқылды. Кейінгі зерттеулер ондағы жай таңбалардың саны үшеу емес, төртеу екенін анықтады. Яғни, күрделі графемада төртінші **НЧ** таңбасы да жазылған. Ондай жағдайда жай таңбалар  $\text{ӨЛ}^2\text{ЧҮК}^4\text{Ү}$  болып оқылады. Ал алғашқы оқылымдағы *өлкү* түбірі қазіргі оқылған *өлчүкү* сөзінен қысқарған болуы ықтимал. Қорытындыда тіліміздегі *өлше* < *өлче* сөзіндегі жетіспей тұрған дыбыс-таңба оқылып, түпнұсқадағы таңбалар да толық танылды. Енді түзетілген нұсқасын келтірейік: **XXЗКҮҮ**  
Транскрипциясы:  $\text{ӨЛ}^2\text{ЧҮК}^4\text{ҮНЧ}$  іД<sup>2</sup>ізі. Аудармасы: **Өлшеуіш ыдысы.**

Ыдыстың қысқа шүмекшесі бар. Соған қарағанда, ыдыс сұйық затты өлшеуге арналған сияқты. Бұндай сыртындағы неге арналғаны туралы жазулар Венгриядан табылған «Атилла қазыналары» [11] атты ыдыстарда, Дунай бойынан [12] табылған ыдыс қақпағында жазылған. Бұдан түркі халықтарының заттық мәдениет мұраларын жасауы, олардың сыртына қандай қызметке арналғаны жазыла көрсетілуі секілді озық өркениетке ие ел болғанын айғақтайтын куәлік көре аламыз.

Қорыта келгенде, көне Баласағұн қаласының салтанат құрған орнын нақтылап анықтауда шешуші рөл атқарған жазба жәдігерліктердің маңызы орасан. Ондағы келтірілген мәліметтердің тарихи, мәдени тұрғыдан алғандағы құндылығы да аса зор. Тілдік тұрғыдан алғанда, бұл жазба ескерткіштер, басқа тілдік салаларды былай қойғанда, көне түркілік төл әліпби мен соғды-араб түркілік әліпбилер тоғысын сипаттауымен ерекшеленеді. Дін тұрғысынан алғанда, ескерткіш жазбалар көне



түркілік тәңірілік дін мен ислам дінінің үндесу, тұтастану, алмасу кезеңін тың деректермен куәлендіре бейнелейтін айрықша айғақ-дерек екендігі даусыз.

### Әдебиет

1. *Бекжан О.* Маңғыстау-Хун-Қаңлы жазуы. I Халықаралық түркологиялық конгресс материалдары. Қазіргі заманғы түркология ғылымының өзекті мәселелері және алдағы міндеттері. Түркістан, 2002. 96–108-бб.; Маңғыстау-Хун-Қаңлы жазуы // Ақиқат. 2004. № 12. 61–73 бб.
2. *Шәлекенов У.Х.* V–XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы: Жібек жолы, 2006. 6, 89-бб.
3. *Шәлекенов У.* Құм басқан қала. Алматы, 1992.
4. *Шәлекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы мәдениеті. Алматы: Қазақ университеті, 2003.
5. *Акишев К.* Курган Иссык. М., 1978. С. 59–60.
6. *Шәлекенов У., Алдабергенов Н.О.* Орта ғасырдағы Ақтөбе. Анкара, 2006. 76-б.
7. *Бекжан О.* Есік жазуына 2009 жылғы түзетпе және ондағы жаңа ұсақ жазудың мағынасы // Түркология. 2010. № 1–2.
8. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Алматы, 1977. 11-т. 218-б.
9. *Шәлекенов У.* Түркістан – Тұранның көне астанасы // Қазақстан тарихы. 1997. № 3. 29–32-бб.
10. *Исқақов М.* Халық календары. Алматы, 1980. 238-б.
11. *Байчоров С.Я.* Древнетюркские рунические памятники Европы. Ставрополь, 1989. С. 129.
12. *Бекжан О.Д.* Есік жазуының мағынасына қосымша жаңа дәлелдер мен түзетпелер // ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы. 2006. № 1. 158-б.

**О. Д. БЕКЖАН,**

**Қ.А. Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Ғылым орталығы Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты**

### Мына басылымдарда жарияланды:

1. Ақтөбе қала-жұртынан табылған Баласағұн атауына қатысты және басқа да мағыналы жазулар // Түркология. 2012. № 4. 9–28-бб.
2. Ақтөбе-Баласағұн қала-жұртындағы жазулар // Ана тілі. 2012. № 43 (қазан), 6–7-бб.
3. Надписи, имеющие отношение к названию Баласагун и с другими значениями, найденные в городище Актобе // Известия НАН РК. Серия археологическая. 2013. № 3. С. 256–269.



## ТҮЙІН

**Т**арих табиғат пен қоғамның даму процесін зерттейді. Ол екіге бөлінеді: табиғаттың және қоғамның тарихы. Өткен ғасырда Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» (Бес тарих) атты еңбегінде: «Тарих ғылымы әлемдік оқиғаларды зерттейді, ол бізге өткен қауымдардың тіршілігін жеткізумен қатар, қазіргі заман халықтарының өмір ағымын баяндайды. Ол үшін тарихтың әрбір кезеңін мазмұнына сай келтірмесе, зерттеудің құны болмайды. Айталық, грамматика тіл ғылымының тұзы болса, ал тарих – жалпы ғылым атаулының азығы. Кімде-кім тарих ғылымын қажетсіз деп білсе, ол жаны ашыған емшіден қашатын ауру адам сынды», – деп жазды.

Осындай қасиетті тарих атты ғылымды қажетсіз деп түсінетін азаматтар, әсіресе, Ресейдің Қазақстанды отар еліне айналдырғаннан кейін, тіпті Кеңес өкіметі жылдарында қазақ халқының арасында кеңінен өрісін жайды. Оның басты себептерінің бірі – Қазақстанда жүргізілген отаршылдық саясат. XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап, Қазақстанды отарландыру саясатын Ресей іс жүзіне асыра бастағаны баршаға мәлім. Оның тарихына тоқталмай-ақ, Ресей империясының жүргізген саясатынан қысқаша мәлімет келтірейік. Ресейдің бұл жұмысы Қазақстан жерін басып алумен шектелмей, оның халқын экономикалық және рухани жақтан отарландырды. Нәтижесінде, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тарихын, рухани байлығын, менталитетін қисық айнамен бейнелеу науқанын қоса жүргізді. Отаршылар өздерін Қазақстан жерін «басып алушы емес», жергілікті тұрғындарға Батыстың мәдениетін таратушы етіп көрсетті. Осындай улы оймен қазақ халқының, оның жас ұрпақтарының басын айналдырды. Бұндай саясат жер шарындағы отаршылардың бәріне тән және олардың мақсатын орындауға өте қажетті тәсіл. Мысалы, XVI ғ. Англия империалистері мұндай саясатты Үндістанда жүргізсе, Ресей Орталық және Қиыр Шығыс Азияда оны іс жүзіне асырды. Бұндай жүргізілген жоспарлы



саясат отарландырылған халықтардың ұлттық санасына өзінің зиянын тигізіп, жергілікті жас ұрпақтардың әсіресе, орыс тілінде оқыған ұлттық зиялы қауымның менталитетін төмендетті.

Әсіресе, бұл тәсіл Кеңес өкіметі жылдарында коммунистік идеологияның көлеңкесінде, бұрынғы Ресейдің отарландырған жерлерінде құрылған «туысқан» республикаларда жүріп жатты. Қағаз жүзінде «терезесі тең, құқықты республикалар» деп айтылғанмен, іс жүзінде «туысқан халықтардың» экономикалық жетістіктерін бұрмалау былай тұрсын, олардың ғасырлар бойғы рухани байлығын жоққа шығарды. Бұл халықтардың жазу-сызуы болмаған, тек Кеңес өкіметі жылдарында пайда болған деген негіздегі «ғылыми» еңбектер аз емес. Нәтижесінде, қазақ тілінің атқаратын қызметі орыс тіліне алып берілді.

1991 жылы, Тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін қазақ тілінің тарихындағы дағдарыс егжей-тегжейлі, жан-жақты қолға алынды. Заң түрінде қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тіліне айналды. Осы тілде жас ұрпақтарымыз мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында еркін білім алуларына жол ашылды. Ана тілімізде ғылыми зерттеулер кең көлемде жазыла бастады.

Қазақ халқының тілі мен тарихын бір-бірінен ажырату мүмкін емес. Екеуі де халқымыздың рухани байлығының жинақтаушысы (синтезі). Кеңес өкіметі жылдарында ана тіліміз қандай қиыншылықтарға душар болса, «Қазақстан тарихы» да сондай ауыр халде болды. Ана тілімізбен бірге тарихымыз бұрмалаушылыққа, ақтандақтарға белшесінен батты. Кеңес өкіметі жылдарында жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» орыс тіліндегі деректерге негізделіп орыс тілінде жазылған және коммунистік идеологияның шеңберіндегі көзқараста сәулеленген.

Ресейге бодан болған жылдардан бастап Қазақстан жеріне келген саяхатшылар, саяси-ғылыми қызметкерлер, басқару жүйелері адамдарының жазғандары жеке кітап болып, арнайы журналдарда, газеттерде мақала болып жарық көрген. «Қазақ ССР тарихы» солардың деректеріне негізделіп жазылды. Ол тарихтың төл аты берілмеді. Шындығында «Қазақ халқының тарихы» деп атау керек еді. Тарихқа қатысты сонша бай деректердің ішінде шындыққа жататын да, жатпайтын да жақтары бар. Оларды бір-бірінен ажырату үшін тарихын жазып отырған халықтың басынан өткерген өмірін жетік білетін нағыз ұлттық рухтағы тарихшылар болу керек. Өйткені шет елдерден, сондай-ақ Ресейден келген авторлардың, соның ішінде арамыздан шыққан «шалақазақтардың» қазақ халқының тілі, өмірі, салты туралы жеткілікті хабарлары болмаған. Олардың қасындағы



тілмаштарының білім деңгейі айтарлықтай емес еді. Олардың ғылыми тұжырымдары қазақ халқының өмірінен алшақ жатты. Оған қосымша, отарлаушы елдің кейбір ғалымдары жергілікті халыққа үстемдік көзбен қарап, көрген-білгенін соған негіздеп жазған. Соған қарамастан, қазақ тілін білмейтін тарихшылар орыс тіліндегі деректерге аксиома ретінде қараған және қазір де солай қарайды. Бұндай соқырлық көзқарастан бас тартып, орыс деректеріне мейлінше терең қарап, олардың тек қажетті жағын пайдалануымыз керек.

Сондықтан Кеңес өкіметі жылдарында жарық көрген бес томдық «Қазақ ССР тарихы», онан бұрынғы бір томдық тарих оқулықтары қалыптасқан әдет бойынша алдымен орыс тілінде жазылды, кейін қазақ тіліне аударылды. Осы тарихтың 1–3 томдары 1996, 1998, 2000 жылдары жоғарыдағы әдет бойынша қайта басылып шықты. Бірақ бұл томдардың мазмұнының бұрынғы шыққан томдардың мазмұнынан айырмашылығы шамалы. Оны нағыз «Қазақ халқының тарихы» деуге ауыз бармайды. Өйткені бұрынғы енген ақтаңдақтардың көпшілігі сол күйінде қайталанған.

Бұрынғы тарихымызда орын алған ақтаңдақтарды түзетуде ҚР Үкіметі бірқатар шараларды іске асырды. «Қазақстан тарихы» атты пән мектептердің, орта және жоғары оқу орындарының бағдарламасына енді. Жоғары оқу орындарындағы басқа мамандықтармен қатар, барлық студент тарихты оқып, екінші курста мемлекеттік емтихан тапсыратын болды. Мектептерде оқылатын «Қазақ тарихы» жаңарып шығып жатыр. Бірақ олардың сапасы айтарлықтай емес. Тарихи оқулықты жазатын мамандар сүйенерліктей ғылыми деңгейге негізделген «Қазақ халқының тарихы» әлі жоқ. Олар да жоғарыда аталып өткен «Қазақ ССР тарихын» назарда ұстап, ондағы ақтаңдақтарды қайталайды. Оның үстіне, ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен жоғары оқу орнына арналған «Қазақ халқының тарихы» бойынша оқу құралы жоқ. Бұндай тарих бойынша оқулық екеу болу керек.

Мен арнайы уақыт бөліп, ҚазҰУ-дің тарих факультетінің оқу залына барып, ондағы әдебиеттермен танысқанда, бұл басылымдардың көпшілігі Кеңес өкіметі кездеріндегі басылымдар екенін байқадым. Солардың ішінде «Қазақ ССР тарихы» да бар. Бұл еңбектердің ішінде қазақ халқының тарихын дұрыс сәулелендіретін жақтары да, қисық айнамен көрсетілетін жерлері де жеткілікті екенін жоғарыда айттық. Осыларды студенттердің барлығы дерлік ажырата беруге білімі дәрежелері, тәжірибелері жетпейді-ау деген тұжырымға келемін. Оның үстіне, қазіргі сабақ беріп жүрген оқытушылардың басым көпшілігі жастар.



Олардың арасында осындай қиыншылыққа кездесіп жүргендері баршылық.

Бұндай рухани қиыншылықтан шығу үшін қазақ халқының шынайы тарихын мемлекеттік тілде жазып шыққан жөн. Бұл оңай мәселе емес. Өйткені бұрын жарық көрген тарихымыздағы ақтаңдақтардың беттерін ашып, олардан тазарып, жиналған өте бай деректерді талдап, қазақ халқының тұрғысынан ойдың елегінен өткеріп, ана тілімізде «Қазақ халқының тарихын» жазып шығу көпшіліктің қажырлы, ұйымдасқан жемісті еңбегінің арқасында ғана іске асары сөзсіз. Өйткені тарих қазақ халқының алуан қырлы өмірін қамтиды. Осы тұрғыдан қарағанда, «Қазақ тарихын» жазу жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салаларындағы талантты мамандарының тізе қосып еңбек етуі арқылы шешілетін күрделі мәселе. Себебі ғылымның барлық саласының өздеріне лайықты пайда болу және даму тарихының жиынтығы қазақ халқының азаматтық тарихын құрайды.

Ғылымның әр саласында халқымыздың төл тарихын жаза алатын, ұлттық менталитеттері бар мамандар баршылық. Бірақ олардың басын қосып, төл тарихымызды жазуға жұмылдыратын үлкен күш керек деген ойға қаламыз. Біздіңше, бұндай күшті Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жемісті жүргізіп жатқан іс-қимылынан көреміз. Өзі басқарып, алға өрлетіп келе жатқан алғашқы егемен Қазақстан Республикасының төл тарихын дүниеге келтіруге Елбасының құдіретінің жететініне сенеміз. Еліміздің көне және жаңа тарихы дербес Қазақстан Республикасына лайықты алғашқы тарих болуы тиіс.

Осындай ұйымдасқан басшылықтың нәтижесінде «Қазақ тарихы» жарық көрсе, қазақ халқының рухани байлығына қосылған құнды еңбек болатыны сөзсіз. Бұқара халық, соның ішінде мектеп оқушылары, студенттер, барлық зиялы қауым төл тарихына қолдары жетіп, өздерінің ата-бабаларының атқарған тарихи еңбектеріне, ерліктеріне, рухани байлықтарына, жалпы ұлттық менталитеттеріне бағдарланып өсер еді.

Енді «V–XIII ғғ. Баласағұн қаласы» еңбегін қысқаша қорытындылайық.

Қазақстан Республикасының жеріндегі археологиялық ескерткіштердің басым көпшілігі – ертедегі қалалардың, тұрақты мекендердің және қорымдардың орындары. Мұндай тарихи ескерткіштер еуроцентристердің түркілерді көшпелілер деп жалықпай айтып келе жатқан, ғылымға жатпайтын теріс пікірлерін әшкерелейді.

Еуроцентристердің пікірлерінің жалған екенін кейінгі кездерде табылған жазба және археологиялық деректер теріске шы-



ғаруда. Түркілер антикалық замандардан бері тұрақты мекендер мен қалаларды, камалдарды салған. М. Қашқаридың (XI ғ.) «Түріктер ертеден қалалар салып, олардың атауларына «қанд» деген сөзді қосып айтады» деген пікірін жоғарыда келтірдік.

Қанд – оғыздар және оларға жақын маңда тұрған жұрт тілінде «қыстақ» деген мәнде, түркі халықтарының көпшілігінің тілінде «шаһар, қала» дегенді білдіреді. Осыған байланысты, Ферғананы Өз-кенд деп атаған. Бұл «Өз шаһарымыз» дегені. Сол сияқты үлкен қала болғандықтан, Семіз-кенд аталған шаһарды парсылар Самарқанд деп өзгертіп жіберген.

Қытай деректерінің бірінде, «Алғашқы хан династиясы тарихында»: «Самархан – Қанжүп хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті хандығының қыстық астанасы» делінеді. Бұл дерек Қаңлы мемлекеті көп жерлерді иеленгенін және халқы да көп болғанын көрсетеді. Оның қыстық астанасы Самарқанд болса, жаздығы Фан қаласы болған. Самарқанд қаласы антикалық дәуірде де астаналық қызметін атқарып, Ұлы Жібек жолындағы ірі экономикалық және мәдени орталық болған. Қаңлы мемлекеті мен Үйсін мемлекеті бір дәуірде өмір сүріп, көрші аталғаны тарихтан мәлім. Міне, түркілердің Ұлы Жібек жолындағы осындай ірі қалаларының бірі – Баласағұн. Бұл қала ортағасырлық тарихта көп жазылған. V–XII ғғ. Баласағұн Батыс Түрік қағанатындағы Түркештердің, Қарлұқтардың, Қарахандардың және Қарақидандардың астанасы, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанын ашық, айқын дәлелдедік. Осындай үлкен қала түркілердің өзара феодалдық соғыстарының нәтижесінде XIV ғ. тарихи сахнадан түсіп, уақыт өте келе, оның орны ұмытылып, белгісіз болып қалған. Сонан бері алты ғасыр бойына шығыстанушылар Баласағұнның орнын таба алмай келеді. Академик В.В. Бартольд бұл қала жөнінде пікір білдіріп, оны Шу бойынан іздеу керектігін айтқан. Қырғызстандағы Ақбешім мен Бұрана Баласағұнға тура келмейтінін тілге тиек еткен.

Баласағұнның ірі мәдени орталық болғаны туралы кітаптың тиісті тарауларында деректерді келтірдік.

Баласағұн – көптеген ғұлама ғалымдардың өсіп шыққан ұясының бірі. Иакут Ибн-Абдуллах ар-Румиал Хамава (XIII ғ.): «Баласағұннан бір топ ғұламалар шықты. Олардың ортасынан Абу Абдаллах Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Баласағұн есімі ерекше аталады. Ол кісі Ат-Турк деген есіммен белгілі. Ол Бағдадтағы Абу-Абдаллах ад-Дамағани ханифатында оқыған. Одан кейін Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-ал-Мукаддас кади қызметін атқарған. Онан соң ол Дамаскіде қызмет еткен», – деп жазды.





Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде Баласағұн қаласы туралы айтқанына екінші тарауда тоқталғанбыз. Солай болса да, бұл құнды деректі осы қорытындыда қайталағанды жөн көрдік: «Қарақытайлар келгенге дейін Баласағұн Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасына айналдырған. Тоқсан бес жыл бойына Баласағұн қарақытайлардың (қаракидандардың) астанасы болған, Джейхунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға салықтарын (харадж) төлеп тұрған. Моғолдар Баласағұнды Қаралиг деп атаған... Менің әкем Баласағұндағы Хафиздардан шыққан. Ол өзінің «Мулхакат-и сурах» («Дополнения к «Ясности языка») деген еңбегінде әр қалалардан шыққан ғалымдардың аттарын келтіре келіп, Баласағұннан шыққан көптеген ұлы адамдарды және ғалымдарды атап өтеді және олардың кейбіреулері туралы сөйлеп берді. Осынша көп ғалымдардың бір уақытта және бір қалада болғанына адамның ақыл-ойы жетпейді. Қазір Баласағұн туралы ешнәрсе жоқ. Мен Қаралиг деп аталған қоныстар туралы ешнәрсе естімедім». Әл-Макдасидің айтуынша (X ғ.): «Баласағұн сулы және халқы көп үлкен қала». Махмұд Ибн-Валиди (XIV ғ.) «Баласағұн қорғанының ені 2,5 гяза (біздіңше 5-6 м. – У.Ш.)» болғандығына куәлік етеді.

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерінде Баласағұнды осынша әспеттеп жазғандарына қарағанда, ол мемлекет астанасына лайық ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанын аңғару қиын емес. Осындай «Ақтөбе» деп аталатын ортағасырлық үлкен қаланың орнын Шу өзенінің орта ағысынан әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің археологтары 1974 жылы тауып, осы жылдан бастап университеттің археологтары экспедиция ұйымдастырып, қаланы зерттеп келе жатыр. 2014 жылы бұл жұмыстың басталғанына 40 жыл толады. Осы жылдардың ішінде цитадельде, шахристанда және рабадта қазба жұмыстарын жүргізіп, бай деректерге қол жеткіздік. Оның нәтижелері монографияларда, көптеген мақалаларда жарық көрді. Тарих факультетінде 1983 жылы «Археология музейі» ашылды. 1980 жылы 200 метр биіктіктен ұшақпен қаланың орталығы суретке түсірілді. Сол дерек бойынша «Ақтөбенің» картасы жасалып, қаланың жалпы көлемі белгіленді. Оның орталығы 70 шаршы шақырымды алып жатыр. Орналасқан жері біркелкі тегіс, өте құнарлы жер. Қорғанның қазіргі сақталған биіктігі 6-7 метр.

Жоғарыдағы ғұламалардың айтқанындай, Баласағұн Шарғау, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ сияқты төрт өзеннің Шуға құятын



төменгі ағыстарында орналасқан. Сондықтан да бұл аймақта құрғақшылық болмайды. Суы мол, егіншілікке, қала тұрғындарына өте қолайлы жер. Ақтөбе түгел ормен қоршалған. Оның жалпы ұзындығы 52 км, сыртында су жүретін тоған (канал) салынған. Қала тұрғындары қамалдың ішіне шоғырланған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда, олардың сыртында да адамдардың тұрғанын көрсететін қоныстар ашылды. Бұндай бекіністердің салынуына қарағанда, Мақдасидің жазғанындай, қала тұрғындарының саны өте көп болған.

Қаланы зерттеудің барысында табылған деректерге, аэрофотоға сүйеніп, қаланың гүлденген кезінде өмір сүрген тұрғындардың санын шамамен белгіледік.

